

Самет Окан

ҮКІМ АЯТТАРДЫҢ ТӘПСІРІ

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға
қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу»
тақырыбы бойынша грант аясында жарық
көрген монографияның

№15 томы

Астана, 2018



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ



«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КК



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі

«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоғам «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының көзқарасын білдіруі міндетті емес жарияланымдардың мазмұны үшін жауапты. Осы жинақтағы авторлар көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ҮКІМ АЯТТАРДЫҢ ТӘПСІРІ

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның №15 томы



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру және грант бөлуші ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Ұйымның негізгі қызметі мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ҮЕҰ-ға бөлу және олардың іске асуын қадағалау болып табылады.

Астана, 2018 жыл
Басылым - 300 дана.

ӘОЖ 28(035,5)
КБЖ 86.38
О-47

**БАСПАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КОМИТЕТІНІҢ
САРАПТАМА БӨЛІМІ ҰСЫНҒАН,
2018 жылы**

О47 С. Оқан
Үкім аяттардың тәпсірі: Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 120 б., **«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 15 томы**

ISBN 978-601-80766-4-0

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.

Кітапта жарық көрген материалдар Грант берушінің көзқарасы болып табылмайды.

ӘОЖ 28(035,5)
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-80766-4-0

© «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КҚ, 2018

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
I. ҚҰРАН ЖӘНЕ ФАТИХА СҮРЕСІ	
1) «Әғузу биллә»-ның тәпсірі.....	7
2) «Бисмиллә»-ның тәпсірі.....	14
3) «Фатиха» сүресінің тәпсірі.....	21
4) Құран неге «Әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен басталған?.....	28
5) Құран аудармасына да Құран деліне ме?.....	31
6) Құран қиссаларының тарихи маңызы қандай?.....	33
II. ИСЛАМДАҒЫ ҚҰЛШЫЛЫҚТАР	
1) Ықылас – ғибадаттың рухы.....	35
2) «Дәреттің парызы» туралы аяттың тәпсірі.....	37
3) «Намаз» жайлы аяттың тәпсірі.....	40
4)«Зекет» туралы аяттың тәпсірі.....	45
5) «Ораза» туралы аяттың тәпсірі.....	52
6) «Қажылық» туралы аяттың тәпсірі.....	56
7) Әдет-ғұрып төреші.....	61
III. ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1)«Бір тектен таралу және көбею» жайлы аяттың тәпсірі.....	67
2) «Некелесуге тыйым салынған әйелдер» туралы аяттың тәпсірі.....	72
3) «Қызға сөз салу» туралы аяттың тәпсірі.....	78
4) «Мәһір» туралы аяттың тәпсірі	81
5) «Ер мен әйелдің өзара міндеті» туралы аяттың тәпсірі.....	85
6) «Ер мен әйелдің арасын жарастыру» туралы аяттың тәпсірі.....	91
7) «Талақ» туралы аяттың тәпсірі.....	93
8) «Ғиддәт мерзімі» туралы аяттың тәпсірі.....	98
9) «Хиджаб» туралы аяттың тәпсірі.....	102
10 «Көп әйел алу» туралы аяттың тәпсірі	105
IV. ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР	
1) Білгенді жеткізу – әркімге міндет.....	109
2) Сиқырлық жасау – ауыр күнә.....	114
Қорытынды.....	117
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	119

КІРІСПЕ

Ислами зерттеу тұрғысынан тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігі. Қазақстан мемлекеті рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қарт тарихымыздағы рухани құндылықтарға зер сала отырып, бүгінгі жүдеу тартқан руханиятымызды толықтыру жұмыстары жасалуда. Оның басты себебі, Ислам дінінің атын жамылып, шарифат нормаларын бұрмалап пәтуа беретін түрлі деструктивті ағымдардың бой көтеруі деуге болады. Ислам діні Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келген рухани бағыты, сол негізде салт-дәстүріміз қалыптасты. Міне, осы тұрғыдан ислам дінін терең зерттеу, әсіресе, үкім шығарылатын аяттардың мәнін ашып түсіндіру алдымыздағы басты мәселеге айналып тұр. Өйткені, деструктивті ағымдар Құрандағы үкім аяттардың мәнін өздеріне бейімдеп бұрмалау арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін жоққа шығарып жүр. Сондықтан, деструктивті ағымдардың алдын алып, көпшілік халыққа дұрыс бағыт-бағдар көрсетудің басты шарты үкім аяттарға ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізе отырып, Ханафи мәзһабы негізінде фикһи мәселелердің үкімін ашып түсіндіру болып табылады. Әрі бұл халқымыздың дәстүрлі ұстанымы мен ислам шарифаты арасындағы сабақтастықты анықтауға көмектеседі.

Халқымыз фикһта Әбу Ханифа мәзһабын ұстанып келуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі, Ханафи мәзһабының әр мәселеге ақили тұрғыдан сараптау жүргізе отырып, сол елдің әдет-ғұрпы аясында үкім шығаруы болып табылады. Сондай-ақ, бұл еңбекте Құрандағы үкім аяттарға тәпсір жасау арқылы құлшылық, отбасы және қоғамдағы кейбір даулы мәселелерге Ханафи мәзһабы бойынша зерттеу жасалады. Әрі аталмыш мәселелерге Ханафи мәзһабы аясында жауап бере отырып, радикалды ағымдардың қате пікірлеріне ғылыми тұрғыдан жауап беріледі.

Зерттеудің теориялық, методологиялық және деректік негіздері. Исламдағы фикһи мәселелерге үкім беруде әуелі Құрандағы үкімдік аяттар негіз саналатындықтан, кейбір ғалымдар Құранды түсіндіру барысында тек үкімдік қырын негіз етіп тәпсір жасауы содан. Сондай-ақ, имам әл-Жассас әл-Ханафидің (370 h), «Ахкамул Құран» (Құрандағы үкімдер), имам Құртубидің (671 h), «Әл-Жәмиғ ли ахкамил Құран» (Құрандағы үкімдер жинағы), Мұхаммед Әли әс-Сайсдың, «Тәфсиру әятил ахкам» (үкім аяттардың тәпсірі), Мұхаммад Әли Ас-Сабунидің, «Тәфсиру әятил ахкам» (үкім аяттардың тәпсірі) деген сияқты еңбектер міне осындай бағытта жазылған. Басқа да тәпсір кітаптарының барлығы үкім аяттар төңірегінде фикһи мәселеге соқпай өтпейтіні де белгілі. Классикалық еңбектер зерттеу жұмысының негізгі саналып, онымен қоса отандық ғалымдардың ҚМДБ-дан шыққан «Дін және дәстүр 1-2», Бас мүфти Серікбай қажы Ораздың «Тәпсір тұнығы», Алау Әділбаев, Шәмшат Әділбеваның «Әбу Ханифа және Ханафи мәзһабы», Мұхитдин Исаұлының «Құран кімнің сөзі», Қайрат Жолдыбайұлының «Дін мен Діл 1-2» деген сынды тәпсір ғылымы мен діни үкім мәселелері төңірегінде жазылған еңбектері де зерттеу жұмысында бірге қарастырылды.

Зерттеу жұмысында көзделген мақсатқа нәтижелі қол жеткізу үшін жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, құқықтық мәселелерді аят пен әдет-

ғұрыпты салыстырмалы зерттеу әдістері: тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, статистикалық әдіс және т.б. әдістер қолданылды. Сондай-ақ, ғылыми зерттеу жұмысында кеңінен таралған диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдісі қолданылды. Немесе ғылыми жұмыста ақиқатқа жетуде объективті баға беріліп, жалпы мемлекеттік даму, адам құқықтарының құрметтелуі басты назарға алынды.

Зерттеуді ғылыми негізде тұжырымдау барысында қолданған ұстанымдық және мақсаттық бағдарлар (инструменттер). Ислам дініндегі үкім аяттардың мәнін зерделеу барысында шарғи үкім мен қазіргі таңдағы түрлі мәселелердің арасындағы ара-қатынасты айқындау.

Классикалық шарғи деректер мен кейінгі ғасырлардағы зерттеушілердің тұжырымдаған немесе ғылыми сарапталған ой-қорытындыларының маңыздылығын ашып көрсетуге талпыныс жасалды. Осы мақсатқа зерттеудің міндеттері негізгінен төмендегідей бағытта қарастырылды: Құран аудармасы, Фатиха сүресі, парыз ғибадаттар, отбасылық және қоғамдық мәселелерге қатысты аяттардың үкімдік қырларын, сол аяттың аясына кіретін өзге де мәселелердің үкімін Ханафи мәзһабы негізінде түсіндіріп, мәнін ашу арқылы Қазақстанның төл исламтану мектебінің негізгі ерекшеліктерін тұжырымдау мен бағдар көрсету басты ұстанымдық жүйеге кірді.

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және практикалық маңызы. Жалпы Қазақстанның төл исламтану мектебінің қара шаңырағы саналатын Әбу Ханифа мәзһабын Құрандағы үкім аяттарға терең бойлау арқылы тануға, күнделікті мұсылмандық тәжірибедегі парыз ғибадаттар, отбасылық және қоғамдық мәселелердің мәнін түсінуге және қазақ халқының руханиятына айналған Ислам дінін тәжірибелік тұрғыдан бір ізділікке түсуіне ықпал етеді. Өз кезегінде зерттеу жұмысы тәпсір, дін тарихы, теология, құқық, дінтану және антропология пәндері бойынша оқытылуына болады.

I. ҚҰРАН ЖӘНЕ ФАТИХА СҮРЕСІ

«Әғузу биллә»-ның тәпсірі
أعوذ بالله من الشيطان الرجيم

Алланың рақымынан қуылған шайтаннан (сақта деп)
Аллаға сиынамын!

«Әғузу» сөзінің мағынасы: «أعوذ بالله من الشيطان الرجيم» дұғасындағы «أعوذ» (Әғузу) сөзі Құранда «إستعاذة» (Истиғаза) және «مَعَاذَ اللَّهِ» (МәғәзАлла) түбір сөздерінен туындаған етістіктің бірінші жағы болып – сыйынамын, пана тілеймін сынды мағына береді.

Адам баласы – әлсіз жаратылыс. Әлсіздігі оның қабілеті мен күш-қуатының шектеулілігінде. Ал Алла Тағаланың құдіреті, ілімі шексіз. Ешнәрсеге мұқтаж емес, мұңсыз. Бәлки, күллі жаратылыс Оған мұқтаж. Біз екі әлем бақытына Рахман-Рахим болған Алла Тағаланың көмегі болмаса, қол жеткізе алмайтынымыз ақиқат. Тіпті, біз қас-қағым сәт тіршілік ету үшін де Оның рахымына зәруміз. Яғни, әлсіздігімізді пайымдадық, сезіндік делік. Ендеше, бар тілегімізді әлемдердің Раббысы болған Құдіреті күшті Жаратушы Иемізден сұрамаған да, кімнен сұраймыз?! Алла Тағала: **«(Әй, Расулым!) Сен оларға: «Егер жасаған дұғаларың болмаса, Раббым сендерді қалай бағаласын?» – деп айт!»** (Фурқан сүресі, 77-аят) деген. Сонда адамзатты мәңгі бақытсыз етуді мақсат еткен, қас дұшпанымыз Ібіліс шайтанның шәрінен Аллаға сыйынуға қаншалықты мұқтаж екеніміз айтпасақ та түсінікті жағдай.

Шайтан – ол адам баласы мен жындар әлемінің ішінен ақиқатқа қарсы шығып Ібілістің жетегіне ерген күнәкар жаратылысқа берілген атау. Имам Құртуби: Шайтанның «مَعَاذَ اللَّهِ» деп аталуы, оны ақиқаттан алыстатқан бойындағы тәкаппарлығы мен тоңмойындығы – деген [1, 1/90 б.]. Адам бойынан тозаңның түйіріндей «Мен-мендік» көрінсе, ол Алла Тағалаға қарсы шығуға жеткілікті болған қауып болып табылады. Бұның мысалын Адам ата (а.с) мен Хауа ананың өмірінде тыйым салынған ағаштың жемісін жеуден болған жазатайымдық ісінің жүз беруінен көруге болады. Қолымен істегенін мойнымен көтеру пайғамбар сүннеті екенін Адам (а.с) тәубесіне келіп, Жаратушысынан кешірім сұрап, адамға тән кішіпейілдік танытуымен кеңшілікке ие болса, ал Ібіліс Алланың: **«Адамға сәжде (құрмет) қылыңдар»** (Бақара, 34-аят) деген әміріне қарсы келіп, қателігін танудың орнына мен-мендігі арта түсті. Бұл ісі оны Алланың азабына ұшыратып, мәңгілік құрдымға жіберді. Адамзат өмірінде алғаш көрініс тапқан бұл оқиға бізге кішіпейілдік пайғамбар жолы, тәкәппарлық Ібілістің жолы екенін ұқтырды.

«Әш-шайтан» сөзі «Әлиф-ләм» әріптерімен келгендіктен тобы көп екенін көрсетеді. Адамдарды аздырып, жамандыққа шақыратын адамдар да сол шайтанның тобына кіреді. Қасиетті Құранда: **«Осылайша әр пайғамбарға адамдар мен жындардың шайтандарын дұшпан қылдық. Олар бір-біріне жылтыраған алдамшы сөздерді сыбырлайды. Егер Раббың қаласа, олар оны жасай алмас еді. Оларды жасанды сөзімен қалдыр»** (Әнғам сүресі, 112-аят) делінеді. Бұл аятта

Алланың пайғамбарлары және мүмін құлдарына әрдайым қарсы дұшпан болатын шайтандардың адамзат және жындар қауымының арасынан болатыны айтылып тұр. Олар дұшпандық мақсатына жету жолында ақиқатты көлегейлеп, көңілдерге күдік салу арқылы түрлі жолдармен азғырады. Шайтан кейде, жақын туысымыз бен қимас досымыз болуы да мүмкін. Біз нақты шайтанды немесе кімнің қандай ісі шайтани іс екенін Құран аяттары мен хадистердің негізінде бірде ажыратып жатсақ, кейде ажырата алмай күнәлі іске кетіп қаламыз. Сол себепті, күллі әшкере-көмескіні білуші, құдіретті Жаратушы Хақты пана тұту арқылы ғана ақиқат жолынан адаспаймыз.

Бірде әділетті халифа Омарды (Алла одан разы болсын) қол астындағы кісілер арғымақ атқа мінгізген сәтінде (ойнақтаған тұлпардың үстінде) өзін өзгеше сезінген халифа былай деген екен: «Мені тез түсіріңдер. Аллаға ант етейін, әлбетте бойымды мен-мендік бйлеп, шайтан құрықтай бастады» [2, 1/17 б.] деген. Әрине, арғымақ шайтан емес. Алайда, адамға берілген байлық, мансап-даңық сол адамның бойына мен-мендік сезімін тұтандыратын болса, онда ол байқатпай салған шайтанның шалмасы болмақ.

Құран оқу – құлшылық. Соған қарамастан Алла Тағала бізді, Құран оқыған сәтімізде де Аллаға сиынып, шайтанның шәрінен сақтануға міндеттейді. Бұл Жаратушы Иеге әлсіз жаратылыстың әрдайым мұқтаж екенінің бір көрінісі. Қасиетті Құранда: **«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сиын»** («Нахыл» сүресі, 98-аят), – делінген.

Құран оқудың алдында «Әғузү»-ны айтудың тағы себебін Жағфар ибн Сиддық (р.а) былай түсіндіреді: «Басқа тағат-ғибадаттай емес. Құран оқудың алдында әғузүні айту керек. Өйткені, адам баласы өтірік немесе ғайбат айту себепті тілін (нәжіс) ластайды. Алла Тағала пендесін тілін тазарту үшін әғузүні айтуға әмір етті. Сонда ғана мүмін Құран аятын Раббісінен түскендей, таза тілімен оқиды» [3, 1/75 б.]. Яғни, Құран оқығанда пенде Раббысымен сөйлеседі. Жүрек ісінен хабардар Жаратушысымен сөйлескен адамның жүрегі таза болуы тиіс. Ал жүрек, кірден Аллаға сиыну арқылы ғана тазарады. Себебі, адам жүрегінде лағынет шайтанның азғыруын қабылдайтын осал тұсы болғанындай, Алланың мәңгі мейіріміне бөлейтіндей рухани кемел жағы да бар. Ол рухани кемелділік – Аллаға сиынып (أعوذ بالله من الشيطان الرجيم) ды айтумен ерекшеленеді.

Күллі пайғамбар өзезіл шайтаннан Аллаға сыйынған

Құран қиссаларында пайғамбарлардың шайтанның шәрінен Аллаға сыйынып (استعاذة) сөзін қолданғанын көреміз. Содан бірер мысал бере кетейік.

► Нұх пайғамбардың (а.с) Аллаға сыйынып, пана тілеуі: Адам ата дүниеден өткен соң ұрпақтары аталарының үйретіп кеткен дінімен жүріп, тура жолды ұстанып келді. Алайда, уақыт өте келе адамдар тіршілік ету мен жан бағудың қамына кірісіп, Құдайға құлшылық етуден алыстай бастады. Тіпті, қолдарымен жасаған Уәд, Суағ, Йағус, Йағуқ, Нәсір деген пұттарға табына бастады. Қоғамда имансыздық кең етек алып, өзара алауыздық, опасыздық, ата-ананы құрметтемеу сынды сан-алуан келеңсіз жағдайлар аяқ алып жүргісіз

хәлге жетті. Міне, осы кезде Алла Тағала олардың күнәларынан тыйылып, ақиқатты табулары үшін Нұх пайғамбарды жіберді. Халқы Нұхтың насихатын тыңдаудың орнына мазақ етіп, естиярларын былай қойғанда бала-шағалары да қарсы тұрып, шайтанның сойылын соқты. Нұхтың (а.с) қауымына Алланың әмірімен бұрын-соңды болмаған топан су апаты келді. Аспаннан нөсер жаңбыр жауып, жерден су атқылай бастады. Топан судың деңгейі тез-тез көтеріліп, кәпірлер қимас алтын-күміс, дүние-мүліктерімен бірге қас-қағым сәтте суға кетті. Қара бастарын құтқарып қалуға мұршасы болмады. Нұх (а.с) көппен бірге топан судың астында қалған ұлына жаны ашып, жүрегі езілді. Сонда Нұх (а.с) Раббысына: **«Уа, Раббым! Шынында ұлым жанұямнан еді. Сенің уәдең хақ. Сен үкім етушілердің данасысың»**, - деп дұға етті. (Алла Тағала): **«Әй, Нұх! Ол сенің жанұяннан емес, оның ісі жақсы амал емес. Менен өзін білмеген нәрсені сұрама. Мен сені надандардан болмауға шақырамын»**, - деді. (Нұх): **«Уа, Раббым! Сенен өзім білмейтін нәрсені сұраудан Өзіңнің атыңмен сыйынамын...»** (худ сүресі, 45-47аят) деп күнәліге жақтасу Жаратқанға жақпайтын, шайтани жаман іс екенін ұқтырды. Тарихтан тағылым алмай дүниеге құлданып, Құдайдың әмірін ұмытқандар үшін сол дүниелері аталмыш қауымдардың қолдан жасап табынған пұттарынан кем түспес ақиқат.

► Юсуф пайғамбардың (а.с) **«مَعَاذَ اللَّهِ»** (Алла сақтасын!) сөзімен шайтанның шәрінен Аллаға сыйынып, пана тілеуі:

Зина – ислам дінінде ғана ауыр күнә емес, өзге діндерде де тыйым салынған арсыз істердің бірі. Зина адамдардың ар-намысын, қоғам бүтіндігін бұзатын ауыр қылмыс. Нақтырақ айтсақ, ұлттың, нәсілдің бұзылуына, жанұя шаңырағы шайқалып, жетім жеткіншіктер мен тастанды балалардың көбейуіне, туыстық ара-қатынастың үзілуіне, жұқпалы аурулардың таралуына және адамдардың адамгершіліктен ауытқып тәрбиесіздікке бейімделуіне т.б. ұрындыратын қатерлі дерт. Қасиетті Құрандағы: **«Содан Юсуф тұрған үйдегі әйел онымен ашына-жай болуды қалады. Оны азғыруға тырысып, есіктердің бәріні іштен іліп алды да, «Қане, келші маған!» – деді. Ол: «Алла сақтасын! Расында, (сіздің күйеуіңіз) менің қожайыным маған пана болып, көп қамқорлық көрсетті (оған қалайша опасыздық жасамақпын). Опасыз залымдар әсте мақсат-мұратына жетпейді һәм онбайды»**, – деді» (Юсуф сүресі, 23-аят) деген қиссада Юсуф (а.с) пайғамбардың **«معاد الله»** сөзімен шайтани жолдағы зинақор әйелдің жамандығынан Алла Тағалаға сыйыну арқылы иманында берік тұрғанын көреміз.

► Муса пайғамбардың (а.с) Аллаға **(استعاذة)** сыйынып, пана тілеуі:

Адам баласын екі дүниеде бақытсыздыққа апаратын қасіреттің бірі тәкаппарлық. Тәкаппарлық – араб тіліндегі «кибр» сөзінен шығып, «менмендік», «паңдық» және «өзін өзгеде артық көру» сынды адамдыққа жатпайтын жағымсыз сипатты білдіреді. Бұл Алла Тағала сүймейтін, ауыр күнәға жатады. Құдды Ібіліс шайтан тәкаппарлығымен Алла Тағаланың қаһарына ұшырап, мәңгілік азабына лайықты болғаны сияқты адам баласын да құрдымға жіберетін осы тәкаппарлық. Әрі бұл жағымсыз қылық шайтанның азғыруы себепті адам

бойында қалыптасады. Сол себепті, адам бұл қылығынан Алладан кешірім тілеуімен, әрдайым кішіпейілдікті ұстануымен жан дүниесін тазарта алмақ. Қасиетті Құранда: **«Сонда Муса: «Мен жауапқа тартылатын күнге сенбейтін әрбір тәкаппар озбырдың кесірінен сақтану үшін менің де Раббым, сендердің де Раббыларың болған Аллаға сиынамын», – деді»** (Мүмін сүресі, 27-аят) деген аятта, Муса (а.с) пайғамбар адамның бойынан көрініс беретін «Мен-мендік» жиіркенішті қылықтан Аллаға сыйынған.

► Гимранның әйелі Аллаға (استعاذة) сыйынып, жәрдем тілеуі:

Дана халқымызда: «Адам мың жасамайды, ұрпағы мың жасайды» демекші, салихалы ұрпақ адамның қияметке дейін жалғасын табатын сауапты бірден-бір ісі. Оған Гимранның әйелінің Алладан дін қызметінде болатын ізгі ұрпақ сұрауы дәлел. Ол Ібіліс шайтанның ұрпағын азғыруынан Алла Тағалаға сыйынғаны жайлы Құранда былай баяндалады: **«(Ол құрсағындағы баласын Раббысына басыбүгін атап қойғаны үшін ұл босанармын деп ойлаған еді). Сөйтіп ай-күні толып, баласын босанғанда (өзі күткендей ұл емес қыз тапқандықтан): «Уа, Раббым! Мен қыз босандым!» – деді. Алла оның не тапқанын, әлбетте, жақсы біледі. Әрине, (ол күткен) ұл бала (біз берген) осынау қыз бала сияқты бола алмас еді. «Мен оның атын Мәриям деп қойдым, сондай-ақ мен оны һәм ұрпағын рақымыңнан қуылған шайтаннан сақтай көр деп, бір Өзіңе сиынамын»** (Гимран сүресі, 36-аят). Бұл жерде ата-ананың ұрпағы үшін нені тілегені абзал екенін байқаумен қатар сол жасалған тілектің жемісін бергенін де көреміз. Демек, әрбір ата-ананың артынан сауабы үзілмей барып тұратын ізгі ұрпақ қалуы үлкен ғанибет. Бұл Ібіліс шайтанның қаламайтын ісі. Оған Аллаға сыйыну арқылы ғана төтеп бере алмақпыз.

► Мәриям бинт Гимранның Аллаға (استعاذة) сыйынып, жәрдем тілеуі:

Мәриям анамыз өзіне Алла тарапынан жіберілген Жәбрейіл періштені алғашында бөтен ер кісі деп ойлап Аллаға сыйынып, дұға жасаны былай баяндалады. Қасиетті Құранда: **«Мәриям (күтпеген жерден пайда болған ер кісіні көргенде, шошып кетіп): «Мен сенен (яғни, сенің жамандығыңнан сақтай көр деп) Рахманнан пана тілеймін. Егер Алладан шынымен қорқатын тақуа жан болсаң (маған тиме)», – деді»** (Мәриям сүресі, 18-аят) делінеді. Бөгде еркектің кесірінен Аллаға сыйыну, өзін таза ұстау тақуа, пәк әйелдердің сипаты. Осындай тақуалықты әдетіне айналдырған Мәриямді Алла Тағала әйелдердің ардақтысы етіп, әдеттегі жағдайдан тыс Өз қалауымен ер адамның дәнекерінсіз бала нәсіп етті. Дүниеге Хақ діннің жанашыры болған Иса (а.с) пайғамбарды әкелді. Яғни, ұлы тұлғаларды ар-намысты, рухы таза аналар ғана дүниеге әкелмек.

Құрандағы аталмыш қиссалардан, Ібіліс шайтанның адам баласын шалыс бастырып, мәңгілік құрдымға жіберу үшін түрлі айла-тәсіл қолданатынын көруге болады. Қасиетті Құран: **«Егер сені әзәзіл шайтан түртіп азғырса, дереу Аллаға сиынып, Оны пана тұт! Шүбәсіз, Ол – Сәмиғ (бәрін естуші), Алим (бәрін білетін шексіз ілім иесі)»** (Әғраф сүресі, 200-аят) деп, Өзінен ғана көмек сұрауға шақырады. Тіпті, Құран – бүгіндей шайтанның шәрінен сақтандырып, екі әлем бақытына

бастайтын иләһи кітап. Құрандағы ең соңғы Фәләк (Таң) және Нәс (Адамдар) сүрелері де «Муғаууазатайн» (шайтанның кесірінен Аллаға сыйыну) деп аталуы да кездейсоқтық емес. Құранды тәмамдап тұрған дұғалық мәні бар бұл екі сүре адам баласының туралықты берік ұстанып, екі дүние бақытына қауышуы үшін түрлі бәле-қазаның келуінен Аллаға сыйынып, жәрдем тілеуге зәру екендігін аңғартады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) әзәзіл шайтаннан Аллаға сыйынған

Жаратылыстың абзалы болған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) өмірі мен әрбір іс-әрекеттері үмметінің ғұмырлық қыбланамасы, тыныс-тіршілігі болып табылады. Адамзат өзінің қас дұшпаны әзәзіл шайтанның шәрінен Алла Тағалаға сыйыну мәселесінде де пайғамбар (с.а.с.) сүннетіне ерекше мән беретіні ақиқат. Осы тұрғыдан пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) әзәзіл шайтанның шәрінен Алла Тағалаға қалай сыйынғандығы жайлы келген хадис шәрифтердің кейбірін бере кетуді де жөн көріп отырмыз.

√ Алланың көркем есім және сипаттарымен күллі жаратылыстың кесір-кесапатынан Аллаға сыйынамын!

√ Уа, Алла Тағалам, мені күпірліктен және пақырлықтан сақтай гөр! Уа, Алла Тағалам, мені қабір азабынан сақтай гөр! Сенен басқа тәңір жоқ!

√ Уа, Алла! Дәрменсіздіктен, жалқаулықтан, қорқақтықтан және қалтыраған қарттықтан сақтай көр! Қабір азабынан, өмір мен өлімнің бүлігінен сақтай көр!

√ Уа, Алла! Пайдасы жоқ ілімнен, үрейі жоқ жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл болмайтын тілектен сақтай көр!

√ Уа, Алла! Қарызға батудан, жауымнан жеңілуден және дұшпанның табасынан сақтай көр!

√ Әжетханаға кірерде, Бисмиллаһи! Иә, Алла! Еркек-ұрғашы жын-шайтандардың жамандықтарынан сақтай көр!.

√ Алланың атымен! Уа, Жасаған Ием, Сенен осы базардың әрі осы базардың ішіндегілердің қайырын тілеймін. Сондай-ақ, осы базардың әрі осы базардың ішіндегілердің жамандығынан да сақтай көр!

√ Сәби балаға арналған: Түрлі шайтаннан және улы жәндіктердің, түрлі сұқ көздердің кесірінен (сақтай көр деп) Алланың мінсіз сөздеріне сиынамын.

√ Ауырған кезде: үш рет «Бисмиллә» дегеннен кейін былай айтылады: «Осы мазасыздық пен сырқатымның жамандығынан (сақтай көр деп) Алланың ұлылығы мен күдіретіне сиынамын».

Біз бұл жерде, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) Аллаға сыйынып жасаған дұға-тілектерінің «Сыйынамын» және «Сақтай гөр» деген мағынадағы сөздер «أعوذ» (Әғузү) сөзінің қазақшаланған түрі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шайтанның шәрінен сыйынған том-том кітап боларлық дұға-тілектері болғандықтан қысқаша тоқталып өттік. Мақсатымыз, азда болса «Әғузү» дұғасының мәнін түсіндіру. Әрине, адам баласы әуелі «Әғузү» дұғасының мәнін ұғыну арқылы Алла Тағалаға шынайы құл болу

қасиетіне ие болады. Құлдық деңгейге көтерілген жанның «Әғузү» сөзі үйреншікті әдетіне айналып, құдды қалқанның ролін атқарады деуге болады. Сол кезде адам баласының арқа сүйер тірегі Алла Тағала ғана болып, ол адамға Ібіліс шайтан зарарын тигізе алмайды. Міне, бұл мүміннің аңсаған арманына қол жеткізуі болмақ.

Қазақ халқы сөзінің әл-Қиссасы – Әғузү

Адамзаттың қадірін арттырып, мәртебесін көтеретінігі ғибадат-құлшылықтарның арасында дұға-тілектің де орны ерекше. Дуалы ауыз қарияларымыздың ел арасында көп жасайтын дұға-тілектерін әуелі, Алла Тағалаға Ібіліс шайтанның шәрінен сиынып бастайды десек артық айтқан болмаймыз. Сол тілектердің арасындағы ел ішінде кең таралған мыналарды атап айтуға болады.

Шайтанның шәрінен сақта.
Патшаның кәрінен сақта.
Шаянның зәрінен сақта.
Қауып, қатердің,
Бәле-жаланың бәрінен сақта [4].

Жарлығы екі болмас хақ Құдайым,
Жанында серігі жоқ тақ Құдайым.
Жанымды алсаң, Құдая, иманмен ал,
Шайтанның қазасынан қақ, Құдайым [5].

Қазақ даласына Ислам дінінің кеңінен таралуына діни дастандар мен өлең-жырлардың да зор ықпал еткені шындық. Сол діни дастандар мен өлең-жырлардан да бірер мысал келтірер болсақ, Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы былай басталады:

«Әуелі сиынамын бір Құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын.
Пайғамбардың мирасқор үмбетінен,
Бір жақсыны жазуға ойланайын» [6, 16/105 б.].

Қазақ жырауларының дүниетанымы жалғыз Жаратушы Хаққа сыйынып, Құран және хадис ілімінен сусындаған. Сонымен қатар, қазақ даласынан шыққан Яссауи сынды ғалымдардың хикметтерін де терең меңгерді деуге әбден құқылымыз. Соның бір мысалы Қарасақал Ермекбеттің:

«...Әуелі әғузу биллә Хаққа сәна,
Салауат пайғамбарға айттым жаңа.
Сәруарі сансыз бабтың Қожа Ахмет,
Назар сал ер Бабама келсе шама...» [7] – деп жырлайды.

Ислам діні адамзатты екі әлем бақытына қауыштыратын хақ дін. Біздің де бүгінгі бейбіт қоғамда бақытты ғұмыр кешіп жатауымыз ата-бабаларымыздың осы Ислам дінін ұстанып келуімен, қазақ халқының рухани мұрасының негізі Ислам дінінде жатқанына ашық дәлел. Бүгінге дейін таза қалпында жалғасып келген Хақ дінді келешек ұрпаққа сол қалпында табыс ету бүгінгі буынның міндеті саналмақ.

Әғузү дұғасының үкімі

«Әғузү» дұғасының шарғи үкіміне тоқталар болсақ, жәмағатпен оқылатын парыз намаздарда имамға ұйыған кісі «Әғузү» дұғасын оқи ма, әлде оқымай ма? деген сұрақ төңірегінде Ханафи мәзһабының ғалымдары арасында екі түрлі көзқарас бар. Мәселен, Әбу Ханифа және имам Мұхаммедте «Әғузү» намаздың қирағаты (намазда Құран аяты оқылған) үшін оқылады. Ал Құранда: «Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сиын» (Нахыл сүресі, 98-аят) деп әмір етілді. Намаздағы қирағат болса, Құран аятынан тұратындықтан «Әғузү» айтылады деген. Ал Әбу Юсуф де, «Әғузү» дұғасы намаз үшін оқылады. Өйткені, «Әғузү» дұғасы намаздың қирағаты үшін оқылатын болса, онда намаздың әр рәкағатында оқылатын қирағаттың бәрінде «Әғузү» қайталанып оқылуы керек еді. Алайда, бір намаздың әр рәкағатында қайталанып оқылатын әр қирағатпен бірге «Әғузү» қайталанып оқылмайды. Міне, бұл «Әғузү»-нің намазды бастаған үшін оқылатын дұға екенін көрсетеді.

Айт намазын бастаған адам «سبحانك اللهم و بحمدك» дұғасын айтқаннан кейін, «Әғузү» дұғасын айт намазының тәкбірлерінен бұрын айта ма, әлде тәкбірлерден кейін айта ма? деген мәселеде де аталмыш көзқарастарға сәйкес жауап берілген. Әбу Ханифа және Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, «Әғузү» дұғасы тәкбірлер айтылғаннан кейін, қирағат қылған кезде оқылады. Ал Әбу Юсуфте «Әғузү» дұғасы айт намазының тәкбірлерінен бұрын айтылады [3, 59 б.]. Сондай-ақ, Әбу Ханифа және Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, имамға ұйыған адам «Әғузү» дұғасын қирағат қылмайтындықтан айтпайды. Ал Әбу Юсуфте намаз үшін оқылатындықтан имамға ұйыған адам «Әғузү» дұғасын айтады. Намаздан тыс уақыттарда Құран оқыған адам, Құран оқудың алдында «Әғузү» дұғасын айтуы мұстахаб. Намаздағы кісі болса, фатиха және қосымша сүренің алдында «Әғузү»-ні айту мәселесінде Ханафи мәзһабы бойынша, «Әғузү» әр намаздың әуелгі ракағатында ғана айтылады. Ал «Бисмиллә» дұғасы әр ракағаттың басында оқуылуы – сүннет делінеді [8, 1/45 б.].

Сөзіміді қорытындылар болсақ, ақылды адамға иман парыз. Иманды жанға сол иманына дақ түсірмей, таза күйінде сақтап қалуы парыз. Алайда, адам баласына ақылмен бірге нәфсі де берілген. Бұл адам баласының осал тұсы. Ібіліс шайтан, адам баласының осы әлсіз жағын тиімді пайдаланып тура жолдан тайдыру үшін бәріне әзір қас дұшпанымыз. Сол себепті, дініміз әрдайым Алла Тағалаға сыйынып, Одан ғана жәрдем сұрауды міндеттейді. Алла Тағала барлығымызды шайтанның шәрінен сақтасын!

«Бисмиллә»-ның тәпсірі

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

«Бисмиллә» – сөзі бір істі Алла Тағаланың көркем есім-сипаттарын зікір ете отырып бастауды білдіреді. Араб тіліндегі «إِسْم» сөзі «سمو» сөзінен шығып, жоғары және мәртебелі деген сынды мағыналарды береді. Бұл сөздің көпше түрі «أَسْمَاء» (есімдер) деген сөз. Яғни, «بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзіндегі «بِسْمِ اللّٰهِ» (Алланың есімімен) деп бірлік түрінде келсе, Құран аяттары мен хадис шәрифтерде негізінен көпше түрдегі «أَسْمَاء» сөзі көп қолданылады.

Ал енді, «بِسْمِ اللّٰهِ» дағы Алла сөзі болса, Алла Тағаланың барлық кемел сипаттары мен көркем есімдерінің мән-мағынасын қамтитын жиынтығы. Бұл турасында имам Құртуби: Алла – сөзі ғана Алланың ең ұлық есімі. Ол, қалған көркем есімдерінің мағынасын қамтыған жеке-дара есімі дейді [1, 1/102 б.].

«بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзіндегі «Рамхман» және «Рахим» ерекше мейірімдік мағынасында болып, «Рамхман» сөзі «Рахим» сөзіне қарағанда мағынасы ауқымды екені айтылады. Әбу Сағид әл-Худрий және Ибн Масғуд жеткізген бір риуаятта Алла елшісі (с.а.с): «Рахман – дүние-ақыреттің Рахманы, Рахим – ақыреттің ғана Рахимы» [9, 1/63-64 бб.] – деген. Кейбір тәпсірші ғалымдардың көзқарасы бойынша, кейде «Рахамн» сөзі «Раззақ» яғни, рызык беруші мағынасын да білдіреді. Яғни, Алла Тағала дүниеде әрбір тіршілік иесіне ісіндегі ықыласына сай рызықтандырады. Мүмін немесе кәпір деп алаламайды. Мысалы: кәпірдің жүрегі күпірлікке толы болғанымен, оның ісіне деген ықыласы мен оған жұмсаған қажыр-қайратының қарымжысы ретінде сыйын алады. Ал өз ісіне салғырт қараған мұсылман жүрегі иманға толы болса да, ісі оңға баспайды. Себебі, жалқаулық – Аллаға ұнамайтын жағымсыз сипат. Қазіргі таңда мұсылмандардың артта қалып, кәпірлердің өркендеуі осының белгісі [10, 256 б.].

Алла Тағаланың «بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзіндегі «Алла», «Рахман» және «Рахим» есімдерінің рет-ретімен келуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі Құранның – пайғамбар қауымы түсінетін араб тілінде түсуімен де байланысты. Арабтар бір затты таныту үшін әуелі сол заттың атын айтып, содан кейін сол заттың өзге заттардан ерекшеленетін сипаттарымен түсіндіретін еді. Тура сол сияқты Құран Жаратушы Хақты танытуда әуелі «Алла» есімімен атап, содан кейін тек Жаратушыға тән «Рахман» есімімен сипаттап отыр. Дінде «Рахман» есімімен жаратылысты сипаттауға болмайды.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) заманында саяси мақсаттарына жетуді көздеген топтардың бір бөлігі өздерін «Пайғамбармын» деген жалған пайғамбарлық атпен ортаға шыққан еді. Ислам туының астында басы біріккеніне ұзақ уақыт болмаған мұсылман қоғамының сеніміне селкеу түсіріп, бірлігін ыдыратуды көздеген аталмыш топтар адамзат келешегіне, қоғам тыныштығына үлкен қауіп төндірді. Атап айтар болсақ, өздерін «Пайғамбармын» деген жалған пайғамбарлардың бірі Мусайламату әл-Кәззаб деген кісі еді. Ол өзіне «Рахману Йамама» (Йамаманың Рахманы) деген ат беріп, пайғамбар екенін жария етеді. Әрине

сол кезде Мусайламадан басқада жалған пайғамбарлар болған болатын. Алайда, Алла Тағалаға ғана тән «Рахман» сипатын, Мусайлама өзінің атына қосып айтқаны себепті мұсылмандар оған «әл-Кәззаб» (Суайттықта шектен шыққан) деген лақап ат беріп, күні бүгінге дейін Мусайламату әл-Кәззаб атымен танымал болғаны айтылады.

Ал, «Рахим» есімі Алла Тағаланың мүмін құлдарына ғана тән ерекше мейірімділігімен дараланады. Қасиетті Құранда: **«Сондай-ақ, мүміндерге ерекше мейірімді»** (Ахзаб сүресі, 43-аят) делінсе, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (саллалаһу ғәлейһи уасәллам) бір хадисінде: *«Алла Тағала көктер мен жерді жаратқан күні жүз рахымдылық жаратты. Рахымдылықтың біреуін жерге таратты. Сол арқылы ана баласына, жан-жануарлар, құстар бір-біріне сүйіспеншілікпен қарайды. Тоқсан тоғызын қиямет күніне сақтады. Алла қиямет күнін осы қалған рахымдылығымен толықтырады»* – деп, мүмін құлдар үшін ақыретте үлкен сый бары сүйіншіленген. Адам нәфсісін тізгіндеп, бойындағы туа бітті рахымдылық сезімін оңды пайдалана білсе, қияметте Алла Тағаланың таусылмайтын рахымына бөленбек. Ақыл иесі адамзат санасында ақырет сенімі болмаса, мейірімділік зұлымдыққа, достық дұшпандыққа айналар ма еді?! Кім біледі.

«Бисмиллә» - Алланың ең ұлық есімімен бастау

Алла Тағаланың көркем есімдері Жаратушы Алланы танытатын дәлелдер. Ақыл иесі болған адам баласы Оның көркем есімдері арқылы Алланың ұлылығын, күдіреттілігін, хикмет иесі екенін сезіне алады. Әрі сол көркем есімдері арқылы рухани кемелдікке көтеріліп, Аллаға жақындайды. Қасиетті Құранда: **«Алланың көркем есімдері бар, солар арқылы Оған дұға қылыңдар. Оның есімдерін теріске шығарғандарды қоя беріңдер, олар қолекі істегендерінің сазайын тартады»** (Ағраф сүресі, 180-аят) делінсе, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с): *«Алланың 99 есімі бар. Кімде-кім сол есімдерді жаттап, соларға лайық амал жасайтын болса - жәннатқа кіреді»* [11, Шуруд, 6957.] – деген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) әрбір ісін «Бисмиллә» мен бастап, үмметіне сүннет етіп қалдырды. Бір хадисте: *«Адам үйіне кірерде және тамақ ішерде «бисмиллә» деп айтса, шайтан: «Бұл жерде қонақтай да, тамақтана да алмаймыз», – дейді. Егер ол адам үйіне кірерде «бисмиллә» деп айтпаса, шайтан: «Түнді өткізетін жерді таптыңыздар», - дейді. Егер ол адам тамақ жеуден алдын «бисмиллә» айтпаса, шайтан тағы да : «Паналайтын, әрі тамақтанатын жер таптыңыздар», - дейді»* [12, 1280 б.] деп, күнделікті көп қайталанатын үйге кіріп-шығу, тамақ ішіп-жеу сынды істерімізбен қатар, ерлі-зайыптылардың төсек қатынасы кезінде де шайтанның адам іс-әрекетіне араласатыны жайлы Алла елшісі (с.а.с): *«Егер сендердің біреулерің әйелімен жыныстық қатынас жасағысы келсе: «Бисмилләһи (Алланың атымен). Уа, Алла! Бізді шайтаннан аулақ ет және Сенің бізге беретініңнен де (баладан) шайтанды аулақ ет», - деп айтса, әрі (сол) ерлі-зайыптыларға балалы болу нәсіп етілсе, шайтан ешқашан оған зиян тигізе алмайды»* [11, 4830 х.] – делінеді.

Пайғамбар сүннетін ғұмырлық қыбланамаға айналдырған дана халқымыз да, әрдайым бүкіл ісін Жаратушысына жалбарына отырып «*بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ*» дұғасымен бастағаны һәммаға аян. Халқымыз «Бисмиллә» дұғасын шайтан жамандығынан сақтанудың бірден-бір жолы деп білген. Мысалы: халқымызда түнде тағамның бетін ашық қалдырмау дәстүрі кеңінен тараған. Аналарымыз ыдыстың бетін жабатын қақпағы болмай қалған жағдайда, бетіне «Бисмиллә» деп жіңішке ағаш сиқты нәрсені болса да көлденең қоятын еді. Сол аналарымыздың осы бір істерінің төркінін хадис шәрифтерден кездестіруге болады. Жәбир (р.а) жеткізген хадисте Алла елшісі (с.ғ.с): *«Бідыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар, есіктеріңді (түнде) ашық қалдырмаңдар және шырақтарыңды сүндіріңдер. Ақиқатында, шайтанға сусын беру, оған есіктерді ашу және ыдыстарды ашық (алдына тамақ жәйіп қою) қалдыру халал емес. Біреулерің ыдыстың бетін жабатын нәрсе таба алмаса, «Бисмиллә» деп ыдыстың бетіне көлденең бір нәрсені қойсын...»* [12, 1270 б.] десе, тағы бір хадисте: *«Бідыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар. Расында бір жыл ішінде оба ауыруы жүретін бір түн бар. Бұл оба ауыруы тек ашық ыдыстағы тағамдарға түседі»* [12, 1279 б.] деген.

Хадистерде түнде тағамның бетін ашық қалдырудың екі түрлі кесірі баяндалады. Әуелісі: лағынеті шайтанды адал асқа араластырмау. Екіншісі: жылдың бір түнінде тарайтын оба ауыруынан сақтандыру. Яғни, түнде беті ашық қалған тағамды «бисмиллә» деп бетіне көлденең бір зат қою арқылы мұсылман адам басына келетін түрлі бәле-қазадан аман қалмақ.

«Бисмиллә, бисмилләсіз іс қылма» деген Қазақ халқының руханиятын жалпы жұртқа мұра етіп қалдырған ұлы тұлғалардың жыр-шумақтарынан бірер мысал бере кетелік. Мәселен, Жүсіп Баласағұни (Шамамен 1020 жыл – қайтыс болғаны белгісіз) өзінің «Құтадғу білік» (Құтты білік) дастанын:

«Алла атымен бастадым сөз әлібін,

Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!» [13, 1/79 б.] – деп, жыр шумақтарын қасиетті Құранның 113 сүресінің басында қайталанатын «Мейірімді және аса қамқор Алланың атымен бастаймын» сөзімен, яғни, Құран тәсілімен бастайды. Қожа Ахмет Яссауи да (1093 ж.ш. дүниеге келген) жырларын:

«Барлық арман-тілектерді қабыл алушы,

Алла Тағаланың мейіріміне мінәжат.

Мінәжат қылды міскін Қожа Ахмет,

Иә, Алла! Бар пендеңе рахым ет!» [13, 1/94 б.] – деп, әрбір істерін Алла мінәжат етумен бастағанын көреміз.

Түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғатәт-Түрік» («Түрік сөздерінің жинағы») атты іргелі еңбектің авторы Махмұд Қашқари да (1029-1101):

«Атымен тәңірімнің білім жидым,

Өмірдің көңіліме сырын түйдім.

Гүліме тудың таза суын құйдым,

Мәртебем содан менің биіктепті» [13, 1/110 б.] –деп, адамзат үшін сіңірген ерен еңбегін Жаратушы Хақтың сыйы ретінде баяндайды.

Атақты Ахмед Иүгінеки де (XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басы):

«Иә, Алла! Көп мінәжат етем саған,
Рахметіңді үміт етіп мен аңсағам» [13, 1/120 б.] – деп, өмірін Алланың рахметінен үміт етіп, мінәжат қылып жалбарынумен өткізгендігін тілге тиек етеді.

Қазақтың XIX-XX ғасырларда өмір сүрген, ағартушылықпен айналысқан Ыбырай Алтынсарин (1841-1889):

«Кел, балалар оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры,

Бастасаңыз Аллалап» [14, 2/6 б.] деп, Алланың атымен бастап, ықылас қойған істің ғана қайыры болатынын жас ұрпақтың санасына сәуле етіп түсіруді мақсат етеді.

Хәкім Абай Құнанбайұлы (1845-1904) «Бисмиллә» сөзін Аллаға шынайы көңілден жалбарыну арқылы жемісін беретінін былай топшылайды:

«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес» [15, 2/13 б.].

Қазақ халқының руханиятын жалпы жұртқа мұра етіп қалдырған ойшыл, ғалым ата-бабаларымыздың ізінен еріп, ескіні жаңғыртып жүрген діндар, ақын ағаларымыздың бірі Құл-Керім Елемес, өзінің «Жарық» атты имани жыр жинағын:

«Бисмилләһпен көзімді аштым – көр екем!..
Бисмилләһсыз «төр» дегенім «көр» екен!..
Бисмилләһпен екі әлемімді анықтап,
Бисмилләһпен кірді қашқан берекем!..
Солай, анық болды адам Құл – Керекең!
Шүкір!» [16, 3 б.] – дейді.

Міне, аталмыш қазақ халқының бір туар көзі ашық, көкірегі ояу, халқына жаны ашитын ұлы тұлғалардың жыр-шумақтарынан пайғамбар сүннетіне берік болғандарын көреміз. Әрі әрбір істерін Аллаға мінәжат етпестен бастамағанын, істің құт-берекесі де «Бисмилләсіз» (Алланың атымен басталмай) болмайтынын ашық айтып отыр.

«Бисмиллә»-нің ғылымилығы

«Бисмиллә» сөзі 19 әріптен тұрады. Тозақ періштелері жайлы Алла Тағала: **«(Тозақтықтың) басы-қасында он тоғыз бірдей (азап періштесі) бар»** (Мүддасир сүресі, 30-аят) деген. Ибн Масғудтан жеткен бір риуаятта: *«Кім-кім өзін Алла тозақтың он тоғыз періштесінен құтқаруын қаласа, «بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ» деп айтсын. Расында ол он тоғыз әріптен тұрады. Алла «бисмилләнің» әрбір әрпін тозақтың әрбір періштесінен қорғанатын қалқан қылады»* [1, 1/92 б.] деген. Яғни, тозақ періштелерінің саны «بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ» сөзінің әріптеріне сәйкес болып, адамдар әрбір істерінде «بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ» арқылы күш алатыны, періштелер де «بِسْمِ اللَّهِ» сөзінің

құрметіне азапты жеңілдететіні айтылады.

Құран кәрімнің астрономия, биология, физика, зоология, ботаника, космология, жағрафия, психология, математика және т.б жаратылыстық ғылым салаларына қатысты кейбіреуі тікелей, кейбіреуі жанамалай баяндайтын аяттардың мұғжизаларын ғұламалардың көзқарасы негізінде, «Құран кәрімдегі ғылыми негіздер, таңдамалы хадистер» атты еңбек жазған ғалым Ғазез Ақытұлы да «بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзінің математикалық қырын ашып көрсетеді. Ғалым Ғазез Ақытұлы: «1980 жылы дүниежүзі ислам елдерінің кеңейтілген конференциясында Халифа-Рашид, Ахмет-Дәурат және Әдіп Йүксел қатарлы ғалымдардың, «Құран ең ұлы мұғжиза» деген тамаша баяндамалары жарық көрді. Осы шығармаларда көбінесе Құранның математикалық мұғжизалары өзек етілді. Құранның математикалық мұғжизасын ашқан Халифа-Рашид, Құранның математикалық мұғжизасын түсінген үш Америкалық ғалымның бірі мұсылман болғанын, қалған екеуі де дәлелдерге ден қойғандығын айта келіп, бұл мұғжизаны болашақта бүкіл дүние мойындайды деп түйіндейді» [17, 49 б.] – дейді.

Ғалым Ғазез Ақытұлы: «Мүддасир сүресінің 24, 25-ші аяттары мүшріктердің Құранды «үйретілген сиқыр», «адамның сөзі» деген сөздері жала екендігін әшкерелей отырып, 26, 27, 28-ші аяттар мұндай жалақорды Алла Тағала тозаққа тастайтынын ұқтырды. Енді, осы сүренің 30-аяты «Онда он тоғыз бар» дейді. Сонда бұл «Тозақта он тоғыз бар» деуден гөрі «Құранның өзінде он тоғыз бар» деп атап айтқанда, Құран Алланың сөзі екендігін дәлелдейтін «он тоғыз» санды негіз еткен математикалық тамаша мұғжиза бар деген сөз деп межелеуге болады» [17, 50-51 бб.] – деген жорамалын жасайды. Қалай десекте, Құрандағы 114 жерде қайталанып келетін, он тоғыз әріптен тұратын «بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзі құдіретті Алла Тағаланың шеберлігін көрсететін математикалық қырымен қатар дүние - ақыретіміз үшін дұғалық мәнге ие рухани күш екені де ақиқат.

«Бисмиллә»-нің шарғи үкімі

Ғұламалар, Нәміл сүресіндегі: «**Ол Сүлейменнен: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен (бастаймын деді)**» деген аят Құранның бір аяты екеніне бір ауыздан келіскен. Ал, Фатиха және Құранның басқа сүрелерінің басында қайталанып келетін «بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ» сөзі, сол сүрелердің бір аяты болып саналама, әлде аят болып саналмай ма? – деген сұраққа қатысты әртүрлі көзқараста болған. Мәселен, Шафиғи мәзһабының ғалымдары, Әнас ибн Мәлік (Алла одан разы болсын) Алла елшісінің (саллаллаһу ғәлейһи уа сәллам) қирағаты жайлы сұралғанда: «*Намазда бисмилләһир рахмәнер рахим, әлхамдү лилләһи раббил ғәләмин, ар рахманир рахим*» [18, 1/34 б.] деп дауысын созып оқыды деген хадисіне негізделіп «бисмилләни» фатиха және басқа сүрелердің де бір аяты дейді. Ханафи мәзһабының ғалымдары болса, Пайғамбарымыздан (саллаллаһу ғәлейһи уа сәллам) жеткен: «*Құранда отыз аяты бар сүре иесін кешіргенге дейін шафағат етеді (تبارك الذي بيده الملك)*» деген хадисті дәлел қылады. Ғалымдар, «Мүлік» сүресінің «Бисмиллә» дан басқа отыз аяты бар. Егер

«бисмиллә» аят есептелсе, онда отыз бір аят болады. Бұл Пайғамбарымыздың (саллаллаһу ғәлейһи уә сәллам) сөзіне қайшы деген көзқараста бір ауыздан келісілді делінеді [19, 1/9 б.]. Яғни, Ханафи мәзһабында «Бисмиллә» аят есептелмейді. Бәлкі, таза сенімде болып құлшылықты бастау алдындағы рухани дайындықты білдіретін дұға-тілектің қатарына жатады. Ол «Сүбханәка, әғузү және әмин» дұғасы сияқты іштен айтылады. Қасиетті Құранда: **«Раббыларыңа жасырын түрде жалбарынып, тілек тілеңдер»** («Ағраф» сүресі, 55-аят) деп дұға-тілектің іштен айтылауын әмір етсе, Ибн Мәсғұдтан (р.а) жеткен риуаятта: *«Имам төрт нәрсені іштен оқиды: Әғузү, бисмиллә, әмин және тахмид (раббәнә ләкал хамдү)»* [8, 1/57 б.] делінген.

«Бисмиллә»-ға қатысты, ұсулул фықһ (фықһ негіздері) ғылымынан бірер мәселені келтіре кеткен жөн. Мәселен, Ахад (азғана кісілердің жеткізген хадис) жолымен жеткен хадистің дәлел саналуы үшін, ондай хадистің Құранның **хас** – жалқылық, **ғәм** – жалпылық мағынасын білдіретін үкімдеріне қайшы келмеуі шарт. Себебі, Ханафи мәзһабы ғалымдарының көзқарасы бойынша, Құрандағы хас немесе ғәм сөздер қатғи (кескін) дәлел болып, сол сөзге толықтай амал ету міндет болады. Ал ахад жолымен жеткен хадис сахих болғанына қарамастан, занни (кескін емес) дәлел болғандықтан Құранның хас, ғәм сөздерінен шығатын үкімді мәнсух ете (үкімін жоя) алмайды. Бірақ, ахад хадиске Құрандағы хас және ғәм сөздерінің беретін үкімі төңірегінде қосымша амал етуге болатын жағдайда әр екеуіне де өз деңгейінде амал етіледі.

Құрандағы «Хас» сөздің мәніне қайшы болмаған ахад хадисті Құран үкімімен байланыстырып амал етудің мысалы: **«Ей, иман еткендер! Қашан Намазға тұрсаңдар жүздеріңді және қолдарыңды шынтакқа дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартып, аяқтарыңды екі тобыққа дейін жуыңдар»** (Майда сүресі, 6-аят) делінген.

Ханафи мәзһабында бұл аятта әмір етілген төрт іс дәреттің парызы. Ал, ахад хадистерде (занни дәлелдерде) келген: дәретке ниет ету, дәретті тәртібімен алу, дәрет істерінің арасын үзбей жуу және «Бисмиллә...» сөзін айту секілді мәселелердің үкімі сүннет болып есептелінеді. Құранның қатғи (кескін) дәлелі мен занни дәлелі болған ахад хадистің арасында қайшылық болмағандықтан, әр екеуіне де өз деңгейінде амал етіледі. Шафиғи мәзһабында болса, ахад хадистың дәлелдік күші Құрандағы хас, ғәм сөздердің дәлелдік дәрежесімен тең болып есептелгендіктен, ахад хадисте келген дәретке ниет ету, дәретті ретімен алу, дәретті үзбей (бірінен соң бірін) алу және «Бисмиллә...» сөзін айтудың үкімі де парыз болып табылады. Яғни, Шафиғи мәзһабында дәреттің парызына Құрандағы үкімге ахад хадистерге келген «Бисмиллә» сынды амалдар да дәреттің парыздарына қосылған.

Құранның «Ғәм» сөзінің мәніне қайшы келген ахад хадиске амал етілмейді. Мысалы: қасиетті Құранда: **«Және Алланың аты аталмаған нәрседен (бауыздалған малдан) жемендер. Күдіксіз арам нәрсе»** (Әнғам сүресі, 121-аят) деген аятқа байланысты мәзһаб ғұламалары арасында мұсылман кісінің әедейі немесе ұмытып кетпестен Алланың есімін (Бисмилләні) айтпай бауыздаған малының еті харам ба, әлде харам емес пе? деген түрлі пікір туындап отыр.

Ханафи мәзһабы бойынша, аяттағы «мә» (нәрсе) сөзі ғәм. Бұл сөздің үкімі қатғи болғандықтан, оған амал ету шарт. Ханафи ғалымдары: «Егер мұсылман немесе кітіп иесі әедейі, біле тұра Алланың атын айтпай малды бауыздаса, аңшылық кезінде

де әдейі Алланың атын айтпай аңға итін, қыранын жіберсе немесе атса өлген хайуан өлексе саналады, жеу харам. Ал ұмытып кету бір басқа» [20, 176 б.] деп, ұмыту үзіріне кеңшілікпен қараған. Бұл жерде Ханафи мәзһабының ғалымдары, Құран үкіміне сәйкес келмейтін: «Одан (Алланың аты аталмай бауыздалғаннан) жеңдер. Расында әр мұсылманның көкірегінде Алланың есімі бар» [21, 16 б.] – деген ахад хадисті дәлел ретінде қабыл етпейді. Ал Шафиғи мәзһабының ғалымдары болса, осы ахад хадиске сүйеніп Алланың аты аталмай бауыздалған немесе ауланған хайуанның етін жеуге болады деп есептейді. Себебі, олардың көзқарасында бұл ахад хадистің дәлелдік күші Құрандағы хас немесе ғәм сөздердің дәлелдік күшімен бірдей.

Ханафи мәзһабының ғалымдары үкім беруде әуелі Алланың қасиетті кітабы Құранға толық жүгінген. Ал, ахад хадистерді болса мәні мен мағыналық жағынан болсын, жету тізбектері немесе дәлелдік қуаттылық жағынан болсын Құраннан кейін тұратынын көзде ұстаған. Сондықтан, Ханафи мәзһабында мәселелерге ахад хадистермен үкім шығарудан гөрі Құранның әрбір хас немесе ғәм сөздерінің мағынасына терең үңіліп, шешіміне тоқтаған.

Қорыта айтар болсақ, күнделікті айтатын «Әғузү» дұғасы арқылы сенімге кереғар, шарифат талаптарына қайшы іс-әрекеттерді жасап қоюдан Алла Тағалаға сыйынып, зияндылардың шәрінен пана талап етеміз. Ал «Бисмиллә» дұғасы арқылы әрқандай бір игі амалдың сауапқа айналып, дүние-ақыретіміз үшін берекелі болуын тілейміз. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде Ибн Аббас жеткізген бір риуаятта Жәбрейіл (а.с) Мұхаммедке (с.а.с) ең алғаш түскен кезде: *«يا، محمد (صلى الله عليه وسلم)!* *أستعِذ بالله السميع العليم من الشيطان الرجيم*» ді, содан кейін: *«بسم الله الرحمن الرحيم»* ді айт деді» десе, тағы бір риуаятта: «Оқысаң да, отырсаң да және орныңнан тұрсаң да Алла еске ал» [9, 8 б.] делінген. Бұл риуаяттан пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с) Құран аяттары түсуден бұрын «Әғузү» және «Бисмиллә» дұғаларын Жәбрейіл (а.с) арқылы пайғамбарымызға (с.а.с) үйреткенін көреміз. Жаратылыстың абзалы болған пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) Алла Тағаланың әмірімен *«بسم الله الرحمن الرحيم»* дұғасын Құрандағы сүренің алдына кіргізіп, бұл сүрелерді әр оқыған сайын *«بسم الله الرحمن الرحيم»* дұғасын да бірге оқуды үмметіне жол қылды. Сондай-ақ, әрбір игі істің басында *«بسم الله الرحمن الرحيم»* дұғасын айту арқылы адам баласы сол ісінің нәтижелі болуы үшін Алла Тағаланың көмегіне мұқтаж екенін сезінуі тиіс. Исламда Алланың есімін ұлықтап, Ұлылығы дәріптелмей жасалған әрқандай бір істің соңы тыянақсыз, баянсыз. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: «Әрбір мағыналы істі бастағанда Алла еске алынып, *«بسم الله الرحمن الرحيم»* айтылмаса, ол іс баянсыз» деген. Демек, «Бисмиллә» екі дүниелік істеріміздің берекелік ұйытқысы болған қасиетті сөз.

«ФАТИХА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ رَبِّ الْعَالَمِیْنَ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ مَالِكِ یَوْمِ الدِّیْنِ
اِیَّاكَ نَعْبُدُ وَاِیَّاكَ نَسْتَعِیْنُ اِهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِیْمَ
صِرَاطَ الَّذِیْنَ اَنْعَمْتَ عَلَیْهِمْ غَیْرِ الْمَغْضُوْبِ عَلَیْهِمْ وَلَا الضَّالِّیْنَ

Қазақша мағынасы:

1. Бар мадақ, шүкіршілік атаулы әлемдердің Раббысы – Аллаға тән.
2. Ол – Рахман әрі аса рақымды,
3. Дін (қиямет) күнінің иесі.
4. (Уа, Жаратқан!) Бір Өзіңе ғана құлшылық етіп, Өзіңнен ғана медет тілейміз.
5. Бізді (разылығыңа жеткізетін) тура жолға сала көр!
- 6-7. Қаһарыңа ұшырағандар мен адасқандардың жолынан сақта, Өзің нығметіңе бөлеген ізгі құлдарыңның жолына сала көр!

«Фатиха» сүресі – Құранның мәйегі, күллі тіршіліктің қысқаша мазмұны. Алла Тағаланың Аршының астындағы қазынадан түсірілген сарқылмас рухани бұлағы. Фатиха сүресінде сенім, ғибадат және ғұмырлық ұстанымдар қамтылған. Имам Әбу Бәкір әл-Жассас: «Фатиха» сүресі Алланың ұлылығын, Оған ғана ғибадат-құлшылық жасалып, Одан ғана жәрдем болатынын үйретеді. Фатиха сүресі екі дүние бақытына бастар жол» [18, 1/24 б.] – деген.

«Фатиха» сүресі пайғамбарымыз Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уа сәллам) Меккеде түскен. Хижр сүресінің 87-аятында: «**Ант етейік! Біз саған «Сәбғу мәсәни» мен осынау ұлы Құранды бердік**» – деген аяттағы «Сәбғу мәсәни» сөзі бұл сүренің жеті аяттан тұратындығын білдіреді. Бұл сүресінің жеті аяттан тұратындығы жайлы ғұламалардың ижмасы бар [18, 1/11 б.].

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) сахабаларымен бірге отырған уақытта сырттан дабылдындаусы естіледі. Пайғамбарымыз (с.а.с.):

- Мекке тұрғындары неге шулап жатыр? - дейді.
- Уа, Алла елшісі! Қалаға сауда керуендері кіріп келеді. Адамдар соған қуануда, - дейді сахабалар.

- Онда, тұрындар. «Біз де көріп келейік» деп барлығы сыртқа шығады.

Қалаға бір-бірден жеті керуен кіріп келе жатыр екен. Пайғамбарымыз (с.а.с.) байлыққа малынған саудагерлерді көріп: «Алла Тағала бұл саудагерлерге мол байлық берген екен. Сахабаларымда оның бірі де жоқ» - деген ой келеді. Расында, Алла елшісі (с.а.с.) мен сахабалары өте жұтаң тұратын. Кейде тіпті аш жататын күндері де болушы еді. Осы сәтте Жәбірейіл (а.с.) пайда болып:

- Уа, Алла елшісі! Алла саған, саған жеті аяттан тұратын «Фатиха» сүресін жеткізуді бұйырды. Оны үнемі оқитындарға тозақтың жеті есігі жабық. Өлімнен басқа барлық ауруға ем болады», - дейді.

Бұл сүре түсіп жатқанда шайтантандардың дауысы шыға бастайды. Сонда

басшылары: «Не болды?» - деп сұрағанда, олар: «Бүгін Мұхаммедтің (с.а.с) үмметіне бір сүре түсті. Оны оқығандар жұмаққа кіреді. Оны оқитын адамға қарсы біз ешнәрсе істей алмаймыз. Біздің азғыруымыздан бір нәтиже шықпайды», - дейді.

- Жәбрейіл: Уа, Мұхаммед! «Жеті аяттан тұратын бұл сүре, қалаға кірген жеті керуеннен артық емес пе?», - дейді.

- Алла елшісі (с.а.с): «Әрине, бұл сүре әлдеқайда артық», - дейді.

- Жәбрейіл: «Олай болса сен оның қасиетін ұғынып, құрмет көрсет» дейді. Осыдан кейін Пайғамбарымызға (с.а.с): «Кәпірлердің бір бөлігіне берген дүниелік өткінші нығметтерімізге қызығып көз сүзбе. Сондай-ақ (иман етпеді, ақиқатты түсінбеді деп) олар үшін мұнайма. Мүміндерге жанашыр, кішіпейіл әрі қолғанат бол!» (Хижр сүресі, 88-аят) деген аят түседі.

Фатиха сүресі– Жаратушы Хақ пен құлы арасындағы сырласу, қайтарылмайтын тілек. Әбу Һурайра (р.а): «Расында, мен Алла елшісінің (с.а.с.): *«Алла Тағала: Мен намазды өзім мен пендемнің арасында екіге бөлдім. Пендеме сұрағаны нәсіп болады», - деді. Егер құлым: «Әлемдердің Раббысы Аллаға мақтау болсын!» - десе, Алла Тағала: «Құлым Мені мадақтады», - дейді. Құлым: «Аса мейірімді, ерекше Рақымды», - десе, Алла Тағала: «Құлым Мені дәріптеді» - дейді. Құлым: «Қиямет күнінің Иесі», - десе, Алла Тағала: «Құлым Менің даңқымды асырды» - дейді. Құлым: «Өзіңе ғана құлшылық етеміз әрі Өзіңнен ғана жәрдем сұраймыз», - десе, Алла Тағала: «Бұл – Мені және құлым арасындағы нәрсе. Құлыма сұрағаны нәсіп болады», - дейді. Және: «Бізді тура жолға бастай гөр! Ашуға ұшырағандар мен адасқандардан қылма, бәлкі өзің нығметке бөлегендердің жолына сала гөр», - десе, Алла Тағала: «Құлыма сұрағаны нәсіп болады», - дейді», - деп айтқанын естідім», - деген [12, намаз/40].*

«Фатиха» сүресінің атаулары

Фатиха сүресінің бірнеше мәшһүр атаулары бар. Имам Әлуси өзінің «Рухұл мағани» атты еңбегінде: ғұламалар «Фатиха» сүресін жиырма неше атпен атағанын айтады [23, 1/37 б.].

1. Фатихатул Китаб: «Фатиха» сөзі ашып беруші деген мағынада. Құран кәрім фатиха сүресімен басталса, әрі намазда да бірінші оқылатын сүре, «Фатиха» сүресі болғандықтан осы атаумен аталған. Яғни, Құранның кілті тәрізді. Сонымен қатар, бұл сүре Құран сүрелерінің арасындағы алғаш толық түскен сүре деп те айтылады.

2. Үммул Құран: Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәллам): *«Алла Тәурат және Інжілде үммул Құранның ұқсасын түсірмеді. Алла Тағала былай деді: Ол (Фатиха сүресі), Мені мен құлым арасындағы бөлісуден тұратын сүре. Әрі құлымның сұрағаны беріледі»* [24, 3125 б.] деген.

3. Әл-Уафи және әл-Кафи: Фатиха сүресі Құранның мазмұнын, яғни, сенім, ғибадат, дүние-ақырет істерін және бұрынғы қауымдардың жағдайын толықтай қамтығандығын білдіреді.

4. Сәбғумәсәни: Жеті аяттан тұратын Фатиха сүресі күнделікті құлшылықтарымыз бен дұға-тілектерімізде әрдайым қайталанып тұратындықтан «Сәбғул мәсани» деп

аталған.

5. Әш-Шафи: Ішкі және сыртқы аурулардың емі, дауасы деген мағынада. Фатиха сүресінің мәнін тереңдей түсініп, рухына бойлау түрлі психологиялық ауруларға ем болады. Әбу Сағид әл-Хұдрий (р.а) жеткізген хадисті келтіреді: *«Алла елшісі (Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сапарда болған сәттерінің бірінде сахабаларының бір тобы жол-жөнекей бір Араб қабиласынан сол елді мекенде қонақ болуын өтінеді. Бірақ олар қабыл етпейді. Осы кезде Араб тайпасының басшысын шаян шағып алады. Олар ешқандай бір ем таба алмаған соң, олардың кейбірі осы өңірге келіп қонақтап жатқан жолаушылардан бір сұрап көріңдер. Мүмкін солардың арасында аурудың емін білетін біреуі шығар дейді. Сонымен олардың бір тобы сахабаларға келіп: Уа, жамағат! Басшымызды шаян шағып алды. Ешбір емін таба алмадық, біреулеріңіз емдей аласыздар ма? – дейді. Әбу Сағид әл-Хұдрий: Иә, (мен бармын), Алла атымен айтайын, мен дұға етемін. Бірақ сіздерден қонақ болуды өтінген едік қабыл етпедіңіздер. Енді ақысын төлемесеңіздер мен де емдей алмаймын – деді. Әлгі тайпа халқы сахабаларға бір топ қой беруге келіседі. Содан кейін сахаба (Әбу Сағид әл-Хұдрий) басшыға барып, «Әлхамдү лилләһи раббил ғәләминді (Фатиха сүресін)» соңына дейін оқып, ауыруға дем (сүнілеп үрлеп) салады. Қатты ауырудан сейілген патшаның бойында ешбір ауыру қалмайды. Әбу Сағид әл-Хұдрий сөзін жалғап: Сол тайпа халқы (сүремен дем салғанның) ақысына берілетін қойларды жеткізіп бергенде, сахабалардың бір тобы: бұл қойларды бөлісейік деді. Ал дем салған сахаба (Әбу Сағид әл-Хұдрий) жоқ, бұл болған жағдайды Алла Елшісіне айтайық, Оның рұқсатынсыз бөле алмаймыз деп айтады. Алла Елшісіне бұл болған іс айтылғанда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу ғәләйһи уә сәлләм) асхабына: «Фатиханың соншалықты қасиеттілігін саған кім үйретті» деп сұраған, сосын «дұрыс істедіңіздер» деп бөлісуге рұқсат етеді және Мағанда бір бөлігін беріңдер» деп жымыяды» [12, 1374 б.].*

Тағы бір риуаятта: сахабалардың кейбіреулері Алла Тағаланың кітабына ақы алдың ба? – деп наразылық білдіреді. Сахабалар Мәдинаға келген кезде, бұл істерінің жөнін сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.с): «Расында ақы алуларыңа ең лайықты болғаны Алла Тағаланың кітабы» деген [22, 21/392 б.].

Имам Нәуауи сахих Мұслимге жазған шархында: «Құран және зікірлермен дем салғаны үшін ақы алу дұрыс» деп арнайы бір бөлім арнайды. Имам Нәуауи: «Фатиха және зікірмен дем салу себепті ақы алғандығы, ақы алудың дұрыстығына ашық дәлел. Ол (ақы алу) халал, мәкруһ емес. Құран үйреткенге ақы алу да сондай (халал)» [12, 1375 б.] – деген.

6. Әд-Дұға: Имам Матуриди, «Фатиха сүресі адам баласына Жаратушы Хактың даралығын, ұлылығын дәріптейді. Туралықты көрсетіп, көмек сұраудың жолдарын үйретеді. Әрі Фатиха сүресінің дұғалық мәні терең. Оның соңында «Әмин» (қабыл ет!) сөзінің айтылуы өзге сүрелерден ерекшелігін көрсетеді. Сүренің соңында айтылатын «Әмин» сөзі аят болмағандықтан, намазда әшкере айтылмайды. «Бисмиллә һир рахманир рахим» да тура солай іштен айтылады» [25, 1/8-9 бб.], - дейді.

Имам Матуриди сенімдік және құқықтық мәселелерді түсіндіру барысында Ханафи мәзһабы негізінде түсіндіреді. Оған дәлел дұға-тілектің жасырын түрде жасалуына көбірек мән береді. Тіпті, адам өмірін дұғалық мәні бар Фатиха сүресі

негізінде түсіндіруге тырысады. Яғни, адам баласы игі істерін сыртқы көзге көрсетіп істеуі шарт емес. Ішкі болмысың, ниетің таза болуы маңызды деп қарайды.

«Фатиха» сүресінің тәпсірі

«Фатиха» сүресінде сенім мәселесі, ғибадат-құлшылық, дұға-тілек, бақыт және бақытсыздық мәселелері қамтылған. Сүренің құрылымдылық стилі адам өмірінің сатылық кезеңдерімен үндеседі.

«الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ»: Сүренің «әл-Хамду» сөзімен басталуы Құранның иләһи кітап екенінің дәлелі. Өйткені, адамға берілген сансыз нығметтер көзі ашық, көкірегі ояу жанды Раббысына бас идіріп, «әл-Хамду лилләһи» деп айтқызыбауы мүмкін емес. Фатиха сүресі немесе Құран кәрім толығымен «Әл-Хамду» сөзінің мәнін түсіндіреді деуге болады.

Фатиха сүресінің: **«Күллі мадақ, әлемдердің Раббысы – бір Аллаға тән»** деген аятына түсіндірме берген Имам Матуриди: «Адам баласының бәрі күйбек тіршіліктен қол үзе алмақ емес. Бұл әлсіздіктің, пенделіктің белгісі. Жапалы өмірде кемшілігі жоқ адам жоқ. Ұлылық, пәктік Аллаға ғана тән сипат. Аллаға мадақ, шүкіртек сөзбен болмайды. шынайы ғибадат-құлшылық, ізгі амал және дін талабына сай өмір сүруден тұрады. Алла елшісі (с.а.с.) түнімен құлшылық жасайтын кездері көп болатын. Соның бірінде Оның аяқтары ісіп кеткенін көрген Айша (р.а) анамыз: «Уа, Алланың елшісі! Алла Тағала Сіздің өткен-кеткен күнәларыңыздың барлығын кешірді емес пе, неге өзіңізді сонша қинайсыз?», – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Уа, Айша! Алланың сол кешірімі үшін көп шүкір етуші құл болмаймын ба?», – деп жауап берді» [25, 1/12-13 бб.] – делінген.

Алла Тағала рухымызды жаратқан «әл-Мисақта» уақытта: **«...Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»**, - дегенде, **барлығы бір ауыздан: «Әлбетте, біз бұған куәлік етеміз!»** -деп жауап берді» (Әғраф сүресі, 172-аят) делінеді. Раббымыздың сұрағына, «әл-Хамду лилләһ» мұсылманбыз дедік. Қазақ даласында жатталып оқытылатын, «Иман шарт (қырық парыз)» атты кітаптың басында: «Қашаннан бері мұсылмансың?» – деген сұрақ келеді. Оған: «әл-Хамду лилләһ, әл-Мисақтан бері мұсылманмын» деп жауап беріледі. Қазақ халқының дүниетанымындағы бұл сенімдік жүйенің түп-төркіні имам Матуриди көзқарасымен сәйкес келеді. Имам Матуриди сеніміне қатысты еңбектерден, мұсылмансың ба? деген сұраққа «әл-Хамду лилләһ, мұсылманмын» деп нақты жауап беріледі. Екі ұшты «Иншә Алла» деген сөзбен жауап берілмейді. Ал, Әшғари мәзһабы бойынша, бұл сұраққа «Иншә Алла, мұсылманмын» – деп жауап беріледі.

«Иншә Алла» сөзі Алла қаласа мағынасын береді. Әрбір мұсылман ниет еткен бір ісін істейтінін айтарда «Алла қаласа» деп Алланың қалау еркіне тапсыруы міндет. Себебі, бізді жаратқан, біздің ісімізді де жарататын, дұғамызды қабыл ететін де бір Алла. Қасиетті Құранда: **«Еш нәрсені: “Осыны ертең істеймін” деп айтпа. Тек: “Алла қаласа (жасаймын)” де»** – (Кәһф сүресі, 23-24 аят) делінген.

Ал иман мәселесіне келсек, имам Әбу Ханифаның өсиетіне түсініктеме берген

имам әл-Бабурти: «Мен мүмінмін. Иншә Алла» – деп өзінің сеніміне екіленіп, сөйлеудің дұрыс еместігін айтады [26, 68 б.]. Дұға жасаған кезде де мұсылман екенімізге нық сеніммен «әл-Хамду лилләһмен» бастап, екіленбей, қабыл болатынына сеніммен жасау керек.

«الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ»: «Ол – Рахман әрі аса Рақымды» «Рахман» және «Рахим» болған Алла бізді көркем бейнеде жаратып, саналы тіршілік етудің мүмкіндіктерін берді. Пайғамбарлар жіберіп, Құран түсірді. Тура жол көрсетті. Адам тәбиғатына қиын сәттерде Құдіретті күштен көмек күтетін сезімі мен түйсігін берді. Құлшылық етуге бейім қылды. Бұның барлығы Алланың шексіз рақымдылығын көрсетеді. Алланың есім-сипаттарының ішінен, «Рахман және Рахим» есімінің зікір етілуі құлдың Раббысына жақындығын білдіреді. Бұл сөздерді оқыған кез-келген адам өзін Жаратушысына жақын сезінеді. Білместікпен қандайда бір күнә жасап қойған болса да, үмітсіздікке түспейді. Раббысына бет бұрып, бағдарын дұрыстай бастайды.

«مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ أَيُّكَ»: Әуелі адам өзіне берілген сансыз нығметтерге шүкір етуін және Алланың шексіз мейрімділігін білген соң күнәдан тыйылманған жанға жаза бары «Дін күнінің Иесі» аятымен топшыланады. Яғни, адам бұл дүниедегі әрбір ісі үшін жауапқа тартылып, әділ үкім шығарылатын күннің Иесі Алла. Бұл дүниеде жәбір көріп, зұлымдыққа ұшырағандар ақыретте есесін алады. Біреу дүниедегі атағы мен байлығын жеке мүддесі үшін пайдаланып қылмыс жасап, оны таныс-тамыры немесе пара беріп жасырып кеткенімен ақыретте сол ісінен құтылмақ емес. Бәлкі, екі есе азап көреді. Өйткені, бір күнәсін тағы бір күнәлі іспен жасырып отыр. Әділет күні ешқандай мақам-мансап, байлық ес қатпайды. Алланың құзырында барлық адамға бірдей әділ үкім шығарылады. Сол себепті, әркімнің бұл дүниедегі әр күнін ғанибет біліп, сауапты іспен өткізуге тиіс. Қасиетті Құранда: *«Кімде-кім зәредей жақсылық жасаса, соның қарымын алады. Ал кімде-кім зәредей жамандық жасаса, соның жазасын тартады»* (Зилзәлә сүресі, 7-8 аят) деген.

«إِيَّاكَ نَعْبُدُ»: **«(Уа, Жаратқан!) Бір Өзіңе ғана құлшылық етеміз»:** Ғибадат – тек Аллаға ғана жасалады. Оның разлығы мұрад етіледі. Әрдайым рухани кемелдену арқылы мінез-құлқын түзету, құлдық мәртебесіне жету көзделеді. Адамның әрбір ісін игілікке айналдырып, өмірге деген құлшынысын арттырады, өмірін ретке келтіруші рухани күш. Мысалы: намаз үнемі бір бейнеде жасалатын құлшылық болғанымен оның адам өміріне тигізер ықпалы ерекше. Қасиетті Құранда: **«(Уа, Мұхаммед!) Өзіңе Кітаптан уахи етілгенді оқып, өзгелерге жеткіз және намазды кемеліне жеткізіп оқы. Өйткені намаз – адам баласын арсыздықтан һәм жамандық атаулыдан тыяды...»** (Анкәбут сүресі, 45-аят) делінген. Яғни, әр намаздың уақыты кірісімен адам масылдықтан арылып, жуынып-тазалану арқылы Алла Тағалаға құлшылық етуге кіріседі. Өмірге жаңа бір рухани күшпен қайта кіріседі. Үнемі өзін жанартуға, алдыға қарай қадам басуға ғибадаты арқылы күш алып отырады.

«وإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ»: **«Өзіңнен ғана медет тілейміз»** сөзінде Алла Тағаладан ғана медет тілеу бұйырылып тұр. Адам баласы әлсіз жаратылыс. Өмірдегі әрбір тыныс-тіршілігі Оған тәуелділіктен тұрады. Адамға шектеулі қабілет, күш-қуат берілген. Сол қабілетін, мүмкіндігін дұрыс пайдалана білу үшін Алла Тағаланың көмегіне мұқтаж. Сондай-ақ, адам бойындағы қабілетімен өзгенің қажетінен шығып жатса, қуанарлық

іс. Мұны жасаған тілегінің қабыл болған көрінісі ретінде түсінуге болады. Әрі Аллаға жалбарынып, дұға-тілекте болу адам бойындағы қабілетіне, іскерлігіне мастанып, тәкаппарланып кетудің де алдын алады. Адам қанша қабілетті, іскер болса да әлсіз жаратылыс. Шаршайды, ашығады, ауырады және жеке дара өмір сүре де алмайды. Немесе Алланың көмегіне мұқтаж. Адам әрбір ағза-мүшелерінің қалыпты жұмыс істеуін, күллі жаратылыс адамның өмір сүруіне ыңғалы жаратылуын, т.б. бәрі Алланың шексіз рақымы. Бұл Оған ғана ғибадат етуге зәру екенімізді білдіреді.

Аятта әуелі Аллаға ғибадат ету келеді, содан кейін Одан көмек сұрау зікір етіледі. Мұны қалай түсінуге болады? – деген сұрақтың туындауы мүмкін. Оның бірнеше сырын қысқаша ашып көрелік.

√ Мүмін адам өмірін ғибадатқа айналдыруды мақсат етеді. Шайтан Ібіліс әрдайым оның ықыласын бұзуды көздеп тұратыны белгілі. Сол себепті, мүмін адам ғибадатының баянды болуын, жол ортадан үзіліп қалмауы үшін Аллаға сыйынады, жалбарынады.

√ Күнделікті бес уақыт намазымыз сияқты ғибадат-құлшылығымызды жасап болған соң Алла Тағаланы ұлықтап, зікір етеміз. Қол жәйіп көмек сұраймыз. Демек, әуелі Аллаға ғибадат арқылы жақындап, кейін ұлы мақсатқа жету үшін тілек тілейміз. Мұның өзі құлдық тәрбие, адами қасиет.

√ Ғибадаттың өз мақамдары (дәрежелері) бар. Мысалы: Күнәдан тыйылу, қиындыққа сабыр ету, қанағатшыл болу, тәубе ету, тәуекелшіл болу, әрдайым Алланы еске алып, зікір ету. Міне, ғибадаттың осы дәрежелеріне адам жету үшін Алла Тағаланың көмегіне зәру. Сондықтан, Оған жалбарынып, көмек сұрайды.

√ Аятта, «Саған ғана ғибадат етеміз» деу арқылы шарифат мәселелесі сөз етіліп отыр. Ғибадаттағы адамның сыртқы үкімдік көрінісі «Шарифат» болса, өзін-өзі жетілдіру арқылы «Тарикат» сатысынан да өтеді. Соңында «Сенен ғана көмек сұраймыз» деу рухани «Хақиқат» мәртебесіне қауыштырады. Бұлай түсіну арқылы сопылық іліміндегі рухани даму жолдарын да қамтығанын көреміз.

«**اهدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ**»: «**Бізді тура жолға сала көр!**»: Тура жолдағы мұрад, Хақ дін– Ислам. Алла разы болып, ұнатқан істі істеуге лайық болу. Дүние-ақырет бақытына қауыштыратын таза сенім, пайдалы тіршілік. Араб тіліндегі «Һидәя» сөзі жанашырлық, мейрімділік мағынасын өз ішіне алады. Яғни, бізге мейрімділік танытып тура жолыңа сал және сол жолдан тайдырма мағынасында. Алланың адам көңіліне илһәм (жақсы идея салу) беру арқылы тура жолға салуы қарымтасын қайтару мүмкін болмаған шексіз нығметі. Мейірімі мен рақымы.

«**صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ**»: «**Өзің нығметке бөлегендердің жолына (сала көр!)**»: Алланың нығметіне бөленген кімдер? деген сұрақ туындауы мүмкін. Фатиха сүресінің алғашқы аяттары бұл сұрақтың жауабы деуге болады. Яғни, Рахман-Рахим Жаратушы Иесін бәрінен жақын көретін, мұсылмандығын «әл-Хамду лилләһи» сөзімен қабыл ететін иманды жан. Қасиетті Құранда: «**Кімде-кім Аллаға және расулына тиісінше мойынсұнса, міне, солар (пейіште) Алланың шексіз нығметіне бөленген пайғамбарлармен, сыддиқтармен, шейіттермен және ізгі жандармен бірге болады. Бұлар қандай керемет жолдастар десеңші!**» (Ниса сүресі, 69-аят) делінеді. Шүбәсіз сенім мен риясыз құлшылық адам бойынан үндестік тапқанда ғана Аллаға нығметке

бөленгендермен бірге болмақ.

«غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ»: «Қаһарыңа ұшыраған және адасқандардың жолына сала көрме». Кейбір тәпсір ғалымдары былай түсіндіреді, «әд-Даллинды» - білімнің аздығынан адасты. «әл-Мағдуб» - біле тұрып, әдейі Аллаға қарсы шығып, тыйғанынан тыйылмағандар. Міне, бұл істері оларды Алланың қаһарына ұшыратып, адасуға апарды. Ал, Алланың нығметіне бөленген мүміндер болса, білгендеріне амал етуге тырысқан жандар. Сондай-ақ, аятта сипатталған үш топ белгілі ұлтты немесе бір дін өкілдерін білдірмейді. Өйткені, Құран жалпы адамзатқа түсірілген иләһи кітап. Оның үкімдерін кім қабыл етіп, соған лайық өмір сүрсе, оларға Алла Тағаланың мол сый-сияпаты бар. Ал, кім Құран үкімдерін қабыл етпесе, соған лайық өмір сүрмесе, міне солар Алланың қаһарына ұшырап, азапқа лайық болғандар. Алла Тағала бақытсыз жандардың қатарынан болып қалудан бәрімізді сақтасын! (Әмин!).

«Фатиха» сүресіне қатысты үкім

Намазда «Фатиха» сүресін оқудың үкіміне келер болсақ, Шафиғи және Мәлики мәзһабы бойынша, намазда фатиха сүресін оқу парыз. Фатиха сүресі оқылмаған намаз дұрыс болып саналмайды. Олар, Убада ибн Самиттың (р.а) жеткізген: «*Кімде-кім Кітаптағы фатиханы оқымаса, намазы жоқ*» [11, 723 х.] деген хадисін дәлел қылады. Ал, Ханафи мәзһабы бойынша, Құраннан кез-келген қысқа үш аят немесе ұзын бір аят оқу парыз. Намазда «Фатиха» сүресін оқу уәжіп, парыз емес. Ханафи мәзһабы, Құрандағы: «**Ендеше, өздеріне Құраннан жеңіл болғанын оқыңдар**» (Мүззәммил сүресі, 20-аят) деген аятты және пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с) намазын дұрыс оқымаған кісіге: «*Намазға тұрған кезінде дәретіңді толық ал. Жүзіңді қыблаға бұрып, тәкбір алған соң, қиямда тұрған кезінде өзіңе Құраннан жеңіл болғанын оқы*» [27, 1/366 б.] деген хадисіне сүйенеді. Бұл аят, хадистерде әркімнің өзіне Құраннан жеңіл болғанын оқуға ерік берілген.

Ханафи мәзһабының ғалымдары әуелі, «*Фатиханы оқымағанның намазы жоқ*» деген хадистен фатиха сүресі оқылмаған жағдайда намаздың сауабы кемиді, намаздың толығымен дұрыс емес деген мағынаны білдірмейді дейді. Өйткені, Убада ибн Самиттен жеткен басқа бір хадисте: «*Мешітке көрші кісінің намазы мешітте ғана дұрыс болады*» деген. Ғұламалар үйде оқылған намаздың сауабы, мешітте жәмағатпен оқылған намаздан аз болатындығын айтады. Әрі ғалымдар, мешітке көрші кісі намазын тек мешітте оқуы парыз демейді. Бәлки, намазды жәмағатпен оқудың үкімі сүннет екеніне келіскен. Сондай-ақ, намазда «Фатиха» сүресін оқуды білдіретін хадис аталмыш хадис сияқты сауыбы жағынан аз болатындығын білдіреді дейді.

Екіншіден, хадис Құранның жылпы мағынада келген аятының үкімін насих ете (жоя) алмайды. Бұл жерде Ханафи мәзһабының ғалымдары, Құранның үкіміне сүйене отырып, намазда Құранның кез-келген аятын оқу парыз десе, сүннетке негізделе отырып, фатиха сүресін оқуды намаздың уәжібіне жатқызады.

Қирағат, намаздың парыздарының бірі болғандықтан Құран әріптерін махражынан

(әріптің шығатын жерінен) шығарып оқу шарт. Құран әріптері халқымыздың төл тілі болмағандықтан, адам кейбір әріптерді махражынан шығаруда қиналуы мүмкін. Соған қарамастан, исламда Құранды дұрыс оқуды міндеттеуі ыждағаттылық көрсеткен адамға Құран аяттарын дұрыс оқып кетуге мүмкіндігі барын білдіреді. Фахруддин әр-Рази өзінің «әт-Тәфсирул кәбир уәл мәфәтихүл ғайыб» атты еңбегінде: «Біздің таңдаулы көзқарасымызда «ضاد» әрпін «ظاء» әрпіне ұқсатып оқу намазды бұзбайды. Себебі, екі әріптің дыбысталуы мен шығатын жерінде ұқсастық өте жақын болғандықтан ажырату қиынға соғады» [3, 1/60 б.] деп, шарифатымыздағы кейбір жеңілдіктерді атап өтеді.

Фақиһ ғұламалар, (شاذة) аз оқылатын қирағатпен намазда қирағат қылудың дұрыс еместігін, намазды бұзатынын бір ауыздан келіскен. Мысалы: «الحمد» әлхамду сөзіндегі «Дәл» әрпін даммамен оқымай, аз оқылатын қирағатпен «الحمد» әлхамди деп кәсрамен оқудың және «الله» лилләһи деп кәсрамен оқылатын сөздің, ләм әрпін «الله» лоллаһи деп даммалы оқудың намазды бұзатынын айтады. Өйткені, намаздың қирағаты парыз болғандықтан, Оны қазіргі таңда қолымызда болған Құранның «التواتر» жолымен орындалуы қажет. Аз оқылатын (شاذة) қирағатпен оқу «التواتر» көп тізбекке кереғар болғандықтан дұрыс емес делінеді [3, 1/60 б.].

Қорыта айтар болсақ, қасиетті Құран күллі иләһи кітаптардың үкімін толық қамтыған соңғы Кітап болғаны тәрізді Фатиха сүресі де Құранның мағынасының жиынтығы. Бұл сүреде иман, ғибадат, дұға-тілек, дүние-ақырет мәселелері қамтылып, екі әлем бақытына қауыштыратын тура жол көрсетілген. Әрі күнделікті тыныс-тіршілігіміз құлшылық, дұға-тілек және аурудың емі тәрізді адам өміріндегі мәні мен маңызы да қамтылған. Міне, бұл Фатиха сүресі қасиетті Құранның мәні мен рухы екенін көрсетеді.

Құран неге «Әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен басталған?

Қасиетті Құранның «әл-Хәмду лиллаһ» (Аллаға мақтау болсын) сөзімен басталуының өзіндік мәні бар екені ақиқат. Сондай-ақ, Күнделікті бес уақыт намазымызбен қатар әрдайым қасиетті Құранды оқыған сайын беташар ретінде басталатын «Фатиха» сүресінің алғашқы сөзі болған «әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен бастаймыз. Құранға зер салған әрбір жанның санасына Хақтан түскен осы бір мағыналы Ұлы кітап(Құран) неге «әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен басталып тұр, мұның адам баласы үшін көрсетер бағыт-бағдары қандай? – деген сұрақтардың туындауы әбден мүмкін.

Адам баласы өзін жоқтан бар етіп, күллі жаратылысты игілігіне тарту еткен Жаратушы Иесіне рахметін «әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен жеткізеді. Күллі жаратылыс да өз тілімен Жаратушы Хақты «әл-Хәмду лиллаһ» сөзімен ұлықтайды, шүкірін білдіреді. Демек, «әл-Хәмду лиллаһ» сөзі саналы адамға өзіне берілген сансыз нығметтердің Иесі болған әлемдердің Раббысын сүюді, сол нығметтер үшін қарыздар екенін сезінуді, нығметтердің рахметі ретінде сауапты, игілікті істерді жасауға міндетті екенін білдіреді. Әрине, адамзат өзіне берілген сансыз нығметтердің шүкірін толық өтеуі мүмкін емес. Алайда, қасиетті Құранды толығымен «әл-Хәмду лиллаһ» сөзінің түсіндірмесі, Жаратушыға шүкір етіп ғұмыр кешудің қағидаттарын қамтыған Ұлы

кітап. Сол себепті, әркім шамасы жеткенше Құранның сырына бойлап, мәніне лайық өмір сүруге күш салуы керек.

Мұсылмандық дүниетанымды берік ұстанған халықымыз хәл-жағдай сұраса қалса, «әл-Хамду лиллаһ», «Аллаға шүкір», «тәубе» деген сынды шүкірлік мағынасын білдіретін сөздермен жауап беріп жатады. Туадан сүекке бітіп, қанға сіңген мұндай әдет-ғұрпымыздың тамыры Құран тәлімімен үндесіп жатқанын да аңғару қиын емес. Сондай-ақ, қасиетті Құранда көп қайталанылатын «әл-Хамду лиллаһ» және «Шүкір» сөздері Аллаға шүкір етуді, барға қанаға, тәубе деуді білдіретін синоним ұғымдар болып табылады. Аталмыш терминдер өзара мағыналас болғанымен, «әл-Хамду лиллаһ» сөзі «Шүкір» сөзіне қарағанда мәнісі терірек, мағынасы ауқымды. Мақаламызда, «әл-Хамду лиллаһ» және «Шүкір» сөздерінің негізгі мәні болған Аллаға шүкір ету түсінігі аясында тоқталамыз.

Қасиетті Құрандағы: **«Әр қауымның бет бұратын құбыласы, ұстаған жолы һәм көздеген мақсаты бар. Ендеше, (сендердің құбылаларың, жолдарың һәм мақсаттарың белгілі, сондықтан жұдырықтай жұмылып) жақсылықта жарысындар һәм жетістікке жетіндер. Қай жерде болсаңдар да, күндердің күнінде Алла бәрінді бір жерге (яғни ғарасат майданына) жинайды. Шүбәсіз, Алла тағаланың құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді»** (Бақара сүресі, 148-аят) деген аятқа түсіндірме берген имам Матуриди: «Қай жерде, қандай кәсіп істесеңдер де бір-бірлеріңді қолдай отырып, істеріңнен нәтиже шығару жолында жарысындар. Егер бұлай істейтін болсаңдар, міндетті түрде Алла береке-бірліктеріңді арттырып, жетістікке жеткізеді. Күмәнсіз, Алланың әрбір іске құдіреті жетеді» [25, 1/268 б.] – деген.

Имам Матуриди, адамның Аллаға деген шүкірінің, рахметінің екі түрі барына ишарат жасайды. Біріншісі, адам істеген істерінің пайдасын жеке мүддесімен шектеп қоюы. Мысалы, бір мұсылман жасаған парыз құлшылықтары арқылы Алладан тек өзінің кешірілуін ғана мақсат етуі. Өзге мұсылмандардың игілігі үшін жасалып жатқан қоғамдық істерге белсене атсалыспауын айтуға болады. Ал, енді бір мұсылман күнделікті парыз құлшылықтарымен қатар адамзаттың бақыты үшін жасалып жатқан игі істерге, Ислам дінінің көркем түрде насихатталуына да атсалысып, жіті көңіл бөледі. Бұл адамның сауабы әуелгі адамға қарағанда неше мың есе артық. Себебі, Аллаға шүкіршілік етуде, рахметін білдіруде адамға жазылатын сауапты істің бұлағы бұлағы көбірек болғаны өте маңызды.

Алла елшісі (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм): *«Кімде-кім Исламда бір ізгі іске бастамашы болып, сол істі кейін басқалар істесе, сауапты істі жасаған кісілердің сауабы еш кеміместен бастамашы болған адамға да тура сондай сауап жазылып тұрады. Ал кімде-кім Исламда бір күнәлі іске бастамашы болып, сол істі кейін басқалар істесе, күнәлі істі жасаған кісілердің күнәлары еш кеміместен бастамашы болған адамға да тура сондай күнә жазылады»* [12, китуб ғилм/15.] деген. Яғни, Кімде-кім сауабы тірі кезінде де, өлгеннен кейін де үзілмейтін жақсы бір істің қоғамда үрдіске айналуына себепкер болуы Аллаға болған шүкіршілігінің арта түсуіне себеп болмақ.

Имам Матуриди, қасиетті Құрандағы: **«Сондай-ақ Раббыларыңның «Егер шүкіршілік етсеңдер, нығметімді арттырамын...»** (Ибраһим сүресі, 7-аят) деген аятты тәпсірлеу барысында: «Бұл аятта адам баласына берілген нығметтер шексіз

болғандықтан «Егер шүкіршілік етсеңдер, нығметімді арттырамын» деп, жалпылама айтылып тұр. Адамға берілген нығметті бөліп-жарып айтпағаны тәрізді шүкір ету мәселесін де жалпылама айтты. Бұл адамдар үшін жеңілдік, шүкір етудің жолдары көп екенін көрсетеді. Сондай-ақ, осы өмірде сендерді жоқтан бар етіп, түрлі нығметтерге бөлеген Аллаға ортақ қоспай, шынайы шүкір етер болсаңдар, ақыретте де таусылмайтын мол нығметке бөлеймін деді» [25, 461 б.] – деген.

Алла елшісі (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм): «*Адамдарға рахметі болмағанның Аллаға рахметі болмайды*» – деген. Адамдардың өмірі, тіршілік етуі өзге жандармен қарым-қатынастан тұрады. Сол себепті, адамдар бір-біріне қолұшын беруімен, жанашырлық танытуымен, адамзаттың игілігі үшін пайдалы істерді бірігіп істеуімен өз рахметін білдіре алады. Адамның отбасындағы және қоғамдағы адамдар тарапынан қолдау тауып, солардың разылығына бөленуі Жаратушы Хақты да разы ететін іс. Жаратушы Алланы разы ету шүкіршіліктің, рахметтің ең ұлысы. Міне, бұл қасиетті Құранның әуелгі «әл-Хамду лиллаһ» сөзінің мәні деуге болады.

Құран аудармасына да Құран деліне ме?

ال تعالیٰ: { إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ قُرْآنًا عَرَبِيًّا لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ }

Қасиетті Құранда: «Сендер ой жүгіртсін, түсінсін деп, Біз ол Кітапты арабша Құран түрінде түсірдік» (Юсуф сүресі, 2-аят) делінеді.

Құранның алты жерінде «Арабша Құран түсірдік» делінсе, үш жерінде «Араб тілінде түсірдік» деп келеді. Бұл аяттардан араб тілі Құранның ажырамас бір сипаты екенін көреміз. Әрі қасиетті Құран пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) арқылы араб тілінде жетті. Содан бері қаншама ғасыр өтсе де, күллі мұсылман қауымы намаздағы қырағат сынды міндетті кейбір амалдарды араб тілінде орындап келеді.

Ислам дінінде мән берерлік тағы ерекшелік, адам баласы Құранды түсінбеген күннің өзінде Оны бетіне қарап оқуының өзі құлшылық болып саналады. Яғни, оқылған Құранның әрбір әрпіне мол сауаптың жазылатындығы туралы пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) хадистерінде келеді. Бір хадисінде: «Кімде-кім Алланың кітабынан (Құраннан) бір әріп оқитын болса, оған бір жақсылық жазылады. Ал әрбір жақсылық он еселенеді. Мен әлиф, ләм, мимді (бәрін қосып) бір әріп демеймін, әлиф – жеке әріп, ләм – жеке әріп, мим – жеке бір әріп. (Әрқайсысына жеке сауап жазылады)» делінген (Тирмизи).

Ал енді, Құран аудармаларын қастерлеу мәселесіне келер болсақ, халық арасында: «Құдайдың жазуына адамның сөзі араласқан жағдайда діннің тұтастығына сызат түседі. Бұрынғы иләһи кітаптар сол себепті өзгеріске ұшыраған» деп, Құранды өзге тілге аударуға мүлдем қарсы шығып жататындар да кездеседі. Әрине, бұл дұрыс көзқарас емес. Өйткені, әуелі пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) көзі тірісінде сахаба Салман әл-Фарисиге (Алла одан разы болсын) Фатиха сүресін аударуға рұхсат берген [28, 1/37 б.]. Содан бері Құранның түрлі тілдерге аударылуы мұсылмандар тарапынан бір құптарлық іске айналды. Тіпті, «Ижмәғұл үммә» үмметтің ижмәғы бар десек де болады. Екіншіден, аударма дегеніміз, түп нұсқасына шетін көзқарас кіргізуді білдірмейді. Керісінше, түп нұсқаның мәнін толық жеткізу мұрат етіледі.

Қоғамдағы бәзі біреулердің, «Құранды араб тілінде оқуды қойып, қазақ тіліндегі аудармасын оқуды қолға алу керек» деген көзқарасының да дұрыс еместігін айта кету керек. Өйткені, Құран күллі адамзатқа тура жолды нұсқау үшін түсірілген кітап болғандықтан, араб тілін білмеген бір халыққа Құранның мән-мағынасы түсіндірілу мақсатында ғана өзге тілге аударуға рұхсат етілген. Алайда, Құран әрдайым араб тілінде оқылады. Түп нұсқа ретінде араб тілінде қала бермек. Сондай-ақ, бүгінде «Құран кәрімнің» қазақ тіліне аударылған ондай нұсқасы бар. Яғни, Қазақ халқының зиялылары да Құранның мән-мағынасын түсіндіру үшін ұзақ жылдардан бері ізденістер жасап келе жатыр деген сөз.

Қасиетті Құрандағы: «Оны (Құранды) таза (дәреті) болғандар ғана ұстайды» (Уақиға сүресі, 79-аят) деген аятқа да тоқтала кеткен жөн. Сондай-ақ, бұл жерде

Құранның аудармасын да дәретпен ұстау шарт ба? деген сұрақ туындайды. Жоғарыда, «Аудармада түп нұсқаның мәнін толық жеткізу көзделеді» дегеніміздей, Құранның аудармасын да дәретсіз ұстауға болмайды. Әли Жұмға, «Діннің жеңілдігі негізінде Құран оқығысы келіп судың суықтығы немесе басқа себептер салдарынан дәрет алуға киындық тудырса, дәретсіз Құран оқуы дұрыс» десе [29, 2/23 б.], Факих ғалымдар да Құранның сырты қатты қабпен қапталған болса, дәретсіз ұстауға болады деген. Демек, Құранның аудармасын да осы шарттар негізінде дәретсіз ұстауға, оқуға болады. Сондай-ақ, Құранды компьютерден, телөфоннан оқуды да Құранды қатты қабымен ұстап оқығанға ұқсатуға болады.

Қорыта айтар болсақ, Құран араб тілінде түскен. Араб тілі Құранның ажырамас бір сипаты есептеледі. Құранның өзге тілге аударылуы белгілі бір қажеттіліктен туындаған. Яғни, араб тілін білмеген бір халыққа Құранның мән-мағынасын түсіндіру көзделген. Сонымен қатар аудармадағы басты шарт, түп нұсқаның негізгі мәнінен ауытқымау болғандықтан, қасиетті Құран мен Құран аудармасының үкімі бірдей. Құранға қандай сый-құрмет көрсетілсе, аудармасына да сондай сый-құрмет көрсетілу керек.

Құран қиссаларының тарихи маңызы қандай?

قال تعالى: {نَحْنُ نَقُصُّ عَلَيْكَ أَحْسَنَ الْقَصَصِ بِمَا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ هَذَا الْقُرْآنَ وَإِنْ كُنْتَ مِنْ قَبْلِهِ لَمِنَ الْغَافِلِينَ}

Алла Тағала: «(Уа, Мұхаммед!) Біз саған бұл Құранды уахи ету арқылы өткеннің ғибратқа толы деректерінің ішіндегі ең керемет бір қиссаны баяндап береміз. Анығында сен бұрын-сонды бұдан бейхабар едің» (Юсуф сүресі, 3-аят) деген.

Арабтіліндегі, «قصص القرآن» (Құрандағы қиссалар) деген сөз бұрынғы пайғамбарлар мен олардың үмметтері жайлы жүз берген оқиғаларды баян етуін білдіреді. Бұл аяттың мәнісінен Құрандағы әрқандай бір қиссаның өмірде шынайы болған іс екенін көруге болады. Немесе Құрандағы кез-келген бір қиссаны ойдан тоқылған әпсана әңгімелер мен хикаяларға салыстыру дұрыс емес.

Қасиетті Құранда Адам ата және Хауа ана, олардың екі баласы, Нұх, Салих, Ибраһим, Исмағил, Исхақ, Лут, Яғқуб, Юсуф, Шуғайб, Дәуіт, Сүлеймен, Әйюб, Юнус, Закария, Яхия, Муса, Һарун және Иса сияқты пайғамбарлар, Мариям, Ғузайр, Зұлқарнайн, Лұқман және Асхабул Кәһф сынды салихалы адамдардың қиссаларымен қатар өз пайғамбарларына қарсы шыққан Намурд, Ферғауын, Ад және Самуд қауымдарының оқиғалары да баяндалады. Тіпті, кейбір сүрелер пайғамбарлардың есімімен аталып, Құранда қиссаларға көлемді орын берілген. III ғасырда өмір сүрген атақты тәпсірші имам Әт-Табари, Құранның үштен бірі (3/1) қиссалардан тұрады деп болжам жасайды.

Адамзат тарихы мыңдаған ғасырларды бастан өткізгенімен ғұмыр кешу үрдісі өзгермек емес. Танымдық-тәрбиелік мәні бар тарихи қағидаттар мен ұстанымдарға мұқтаж. Құрандағы қиссалар өткен замандағы оқиғаларды баяндай келіп, адамдардың көңіліндегі ұмыт болып кеткен немесе күйбең тіршілікпен ескермей, ғапылдықта жүрген істерін есіне салады. Мысалы, Адамның (а.с) жаратылуы, оған көптеген білімнің (есімдердің үйретілуі) берілуі, періштелердің сәжде (құрмет көрсетуі) етуі және шайтан Ібілістің Алланың әміріне бойсынбай, адамзаттың қас жауына айналуы, т.б.

Құран – Алладан түскен қасиетті кітап болса, Оны адамзатқа жеткізуші елшісі Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәллам). Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәллам) пайғамбардың ең ұлы мұғжизасы, ол – Құран. Осы тұрғыдан, Құрандағы бүкіл қиссалар Мұхаммедтің (саллаллаһу әлейһи уә сәллам) Алланың соңғы елшісі әрі пайғамбары екендігін дәлелдейтін айғақтар деуге болады. Өйткені, оқу-жазуды білмеген бір үмми пайғамбардың бұрынғы үмметтер жайлы егжей-тегжейлі хабар беруі мүмкін бе?! Әрине, мүмкін емес. Әрі бұрынғы үмметтер жайлы Мекке халқының да көп білімі жоқ еді. Мұның барлығы Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәллам) пайғамбардың хақ пайғамбар екенін растайды. Қасиетті Құранда: «(Уа, Мұхаммед!) Міне, бұлар – ғайби хабарлар, Біз саған оны уахи арқылы жеткізудеміз. Өзің де, қауымың да бұдан бұрын олар жайлы еш нәрсе білмейтін едіңдер. Ендеше, (Алла жолында басыңа

түскен ауыртпалықтарға мойымай) сабырлылық таныт. Шүбәсіз, жеңіс Алладан шын именетін тақуаларға тән» (Һуд сүресі, 49-аят) делінеді.

Демек, Құрандағы қиссалар бәзі біреулердің айтқанындай мән-мағынасыз, бос сөздер емес. Керісінше, әрбір қиссаның өзіндік мәні маңызы бар иләһи шындық. Күллі адам баласына дұрыс бағыт-бағдар көрсетудің басты қағидаттары. Мысалы: Аллаға және Оның елшісі Мұхаммедке (саллаллаһу әлейһи уә сәллам) иман еткен мүміндердің сенімін шындаса, соңғы пайғамбар Мұхаммедті (саллаллаһу әлейһи уә сәллам) пайғамбар ретінде қабыл етпейтін бұрынғы үмметтердің ұстанымының дұрыс еместігін өзге де пайғамбарлардың қиссасын баян ету арқылы тура жолға шақырады. Сонымен қатар, Жаратушы Алланы және Оның елшілерін мойындамаған қауым үшін үлкен азаб барын да ескертеді. Сондай-ақ, Құрандағы қиссалар күллі адамзаттың бір сенім, бір мақсатта өмір сүру керектігін тарихи қырынан қарастыратын иләһи ілімнің қайнаркөзі болып табылады.

II. ИСЛАМДАҒЫ ҚҰЛШЫЛЫҚТАР

Ықылас – ғибадаттың рухы

قال تعالى: { وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ }

Алла Тағала: «Олар да хақ дінді шын көңілден қабылдап, «таухид» сенімімен бір Аллаға риясыз құлшылық етуге, намазды кемеліне келтіріп оқуға және зекеттерін толық өтеуге бұйырылды. Міне, осы нағыз тура дін!» («Бәйинә» сүресі, 5-аят) деген.

Ислам дінінде әрбір істі шынайы көңілмен, беріліп істеу өте маңызды. Тіпті, Алла міндеттеген намаз, ораза, зекет және қажылық сынды барлық парыз құлшылықтардың қабыл болуының басты шарты таза ниет, кіршіксіз ықылас болып табылады. Омар ибн Хаттаб (Алла одан разы болсын) жеткізген бір хадисте, Алла елшісі (саллаллаһу ғәлейһи уә сәллам): «Ақиқатында амалдар ниетке сай іске асады. Әркім нені мақсат етсе, табысы сол болады. Кімнің һижреті (тауысқан қажыр-қайраты) Алла және елшісінің діні үшін болса, оның һижреті Алла және елшісінің (разылығына қауышады) діні үшін болды. Ал, кімнің һижреті дүниеге қол жеткізу болса, дүние ениісіне тиеді немесе бір әйелге үйлену болса, ол әйелге қосылады. Демек, һижреті көздеген мақсатына сай іске асады» [11, Бәдул-уахи,1.] – деген. Яғни, ықылас – құлшылықтың, сауапты амалдардың қабыл болуының басты шарты болып саналады. Алла разылығы көзделмей, ықылассыз немесе көзбояушылық, дүниелік бір мақсатпен жасалған құлшылық яки қандайда бір игі істің бұл дүниеде қайтарымы болғанымен, ақырет күні сауап берілмейтіндігі айтылып тұр.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам) тағы бір хадисінде: «Менің үмметім үшін ең қорқатыным – Аллаға ортақ қосуы. Бұл үмметімнің қайтадан күнге, айға немесе пұттарға табынады дегенім емес. Бәлкі, істеріне рияшылдық араластыруы» – деп, ықыласымызды ірітіп, амалымызды жойып алудан сақтандырады. Сондай-ақ, Алла разылығын мұрат еткен адамның тұрақты ықыласы, ол – Алла мен құл арасындағы құпия сыр деуге болады. Оның сауабы Алланың құзырында мәңгі сақталып, адамның мәңгі өмір сүрсем деген арман-тілегіне жеткізеді. Ал, атақ-мансапты, рияқорлықты немесе дүниелік бір пайданы мақсат ете отырып жеткен жетістік құтты өзегіне құрт түскен ағаш тәрізді ғұмырлы болмақ емес. Әркім ыждаһатпен жасаған істерінің қызығын бұл дүниеде көруі мүмкін. Алайда, Алла разылығы мұрат етілмегендіктен ақыретте еш пайдасы болмайды.

Ханафи мәзһабы бойынша, намаздың дұрыс болуының бір шарты – тазалық. Дәрет, ғұсыл, мәсіге мәсих тарту істері намазға дайындалу, тазалану болғандықтан ниет шарт емес. Ал, тәяммүмде топырақ (тәбиғаты кірлететін, тазартпайтын) зат арқылы тазару болатындықтан, ниет шарт етіледі [30, 1/174 б.]. Сондай-ақ, ғибадаттарды ажырату мәселесінде, бесін намаз уақыты кіріп намаз оқығысы келген адам, «бесін

намазын оқуды ниет еттім» деп нақты оқитын намазын ниет етуі шарт. Өйткені, бесін уақытында бірнеше намаз оқу мүмкін болғандықтан, қандай намаз оқығалы тұрғанын нақты ниет етуі керек. Нәпіл құлшылықтарда нақты ниет ету шарт емес, жалпы ниет жеткілікті [31, 28 б.]. Сол сияқты, ғибадат қатарына жататын Аллаға иман, Құран оқу, зікір-тәсбихтар, қарызды өтеу, аманатты иесіне қайтару және жолдағы зиянды заттарды алып тастау істерінде ниет шарт еместігіне ижмәғ бар. Бұл істерде Алла разығы мұрат етіліп, орындалуы себепті сауап жазылады. Ғибадат категориясына кіреді [22, 1/65 б.].

Қасиетті Құранда: «Шын мәнінде сендер үшін малдарда ғибрат бар. Сендерді малдың қарнындағы қаны мен жыны арасынан шыққан таза сүтпен сусындатамыз» («Нахыл» сүресі, 66-аят) делініп, ықыласпен адам баласының Аллаға жасаған құлшылығы және сауапты істері арқылы өзіне де, өзгегелерге де бақыт сыйлауын құтты қан мен жыннан сүзіліп шығып, адам бойына қуат берген нәрлі сүтке ұқсатады. Бұл аяттың мәнін екінші қырынан қарайтын болсақ, адам баласы қан мен жын араласқан сүтті көрсе жиіркеніп, көңілі айнып бірден төгіп тастайтыны сияқты Алла разылығы мақсат етілмеген құлшылық пен өзге амалдарды да Алла қабыл етпей, қайтарып тастайтындығын ұғуға болады. Сол себепті, мүмін адамның әрбір құлшылығы мен іс-әрекеттерінің ихсан дәрежесінде (мол сауапқа лайық болып) орындауы тікелей ықыласына байланысты екендігін көреміз.

Дінімізде ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған әрбір адамның парыз құлшылықтарды бұлжытпай орындауымен қатар, игілікті істерді молынан жасауға әмір етілген. Ислам шариятында намаз, ораза, зекет және қажылық сынды парыз құлшылықтарды өтеудің алдында, *«Уа, Аллаһым! Өз разылығың үшін осы құлшылығымды өтеуге ниет еттім»* деп ниет етіледі. Яғни, парыз құлшылықтардың алдындағы әрдайым жасайтын ниетіміз, бізді әрбір ісімізде ықыласты болуға тәрбиелейді. Сол арқылы мүмін өмірін толығымен ғибадат түріне айналдыра алмақ.

«Дәреттің парызы» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ
وَأَمْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ }

Алла Тағала: «Уа, мүміндер! Намазға тұрар алдында беттеріңді жуындар, қолдарыңды шынтаққа дейін (яғни, шынтақты қоса) жуындар, бастарыңа мәсіх тартындар және аяқтарыңды тобыққа дейін (яғни, тобықты қоса) жуындар» («Мәйда» сүресі, 6-аят) деген.

Имам Матуриди, Құрандағы: «Уа, мүміндер! Намазға тұрар алдында беттеріңді жуындар, қолдарыңды шынтаққа дейін (яғни, шынтақты қоса) жуындар, бастарыңа мәсіх тартындар және аяқтарыңды тобыққа дейін (яғни, тобықты қоса) жуындар» деген аяттың тәпсірінде: «Аяттың заһири (сыртқы) мағынасына қарайтын болсақ, Алланың парыз еткен әр намазына тұрған сайын (дәрет бұзылсын, бұзылмасын) дәрет алу міндет болады. Бірақ, үкім аяттың астарлы мағынасы негізінде, яғни, намазға тұратын кездерінде «дәретсіз болсаңдар», онда «беттеріңді жуындар, қолдарыңды шынтаққа дейін (яғни, шынтақты қоса) жуындар...» делініп тұр. Сондай-ақ, кейбір адамдар аяттың заһири мағынасын алып, әр намаз үшін дәрет алуды міндеттеген. Алла елшісінің (с.а.с.) әр намаз үшін дәрет алғандығы жайлы Әбу Бәкір, Омар, Осман (р.а.) сынды сахабалардан жеткен риуаяттар бар. Алайда, Алла елшісінің (с.а.с.) Меккені азат еткен күні, бір дәретпен бес уақыт намаз оқығанын көрген Омар (р.а.): «Уа, Алла елшісі! Бұрын істемеген істі жасадыңыз-ғой», - дейді. Сонда Алла елшісі (с.а.с.): «Уа, Омар! Мен бұл істі әдейі істедім» (Мүслим, 277; Ахмад, 5/358) деген. Ал, Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадисте Алла елшісі (с.а.с.): «Үмметіме қиындық туғызбағанда, әр намаз үшін дәрет алуға және миуак қолдануға әмір етер едім» (Ахмад, 2/460) деген. Біздің көзқарасымызда, әр намаз үшін дәрет алуға қатысты риуаяттар, әр намаз үшін дәрет алудың міндетті іс екендігін білдірмейді. Бәлки, мүстахаб (ерікті) амал екендігін ұқтырады. Оған дәлеліміз, Алла елшісінің (с.а.с.): «Уа, Омар! Мен бұл істі әдейі істедім» деген сөзі» деп, дәретке қатысты кейбір жаңсақ пікірлерді түсіндіре келе, «аяттың жалғасындағы, { وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ } сөзін біреулер, { وَأَرْجُلَكُمْ } деп фәтхамен оқып, аяттың басындағы «فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ» сөзімен байланыстыра отырып, жүзді және қолды шынтақпен бірге жуу парыз болғаны сияқты аяқты да жуудың парыз екендігін айтады. Енді біреулер, { وَأَرْجُلَكُمْ } деп кәсрамен оқып, алдындағы «وَأَمْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ» сөзімен байланыстыра отырып, дәретте басқа мәсіх тартылатыны сияқты аяққа да мәсіх тартылады деп біледі. Бірақ, бұл «дәретте аяққа мәсіх тартылады» дегендердің көзқарасы дұрыс емес» [25, 4/166-169 бб.] – деген.

Имам Матуриди, аятты түсіндіру барысында, әуелі, дәреті болмаған адам үшін намазға тұрарда дәрет алуын парыз десе, екіншіден, аяқты жуу да дәреттің бір парызы екендігін баса айтады. Әрі аятты бұрмалап түсіндірген белгілі бір ағымдардың қата көзқарасын ашып көрсетіп, одан сақтандырады.

Дәреттің төрт парызының бірі болған басқа мәсіх тарту – су қолымен немесе басқа жерде қолданылмаған судың ылғалымен басты сипап өту. Ханафи мәзһабы

бойынша, дәрет алған кісі басының төрттен біріне мәсих тартуы – парыз. Құранның: «Бастарыңа мәсих тартыңдар» аятындағы тигізу мағынасын білдіретін «Бә» әрпіне Мұғира ибн Шұғбаның (р.а.): «*Пайғамбарымыз (с.а.с.) (насияға) бастың алдына мәсих тартты*» деген хадисіне негізделіп түсіндірме берген. Яғни, бас – алды, арты және екі жаны болып төрт бөліктен тұрады. Бір бөлігі болған алдына мәсих тарту арқылы парыздық міндеті түседі.

Ал, әйел адамда дәрет алғанда ерлерге ұқсас басының төрттен біріне мәсих тартуы – парыз. Дәретте басқа су өткізбейтін сәлденің үстіне мәсих тарту дұрыс болмағаны сияқты орамалдың үстінен де мәсих тарту дұрыс емес [32, 1/71 б.]. Бір хадисте: «*Расында Айша (р.а.) анамыз қолын орамалының астына кіргізіп, басына мәсих тартып жатып: «Мені Алла елшісі (с.а.с.) осылай істеуге бұйырды – деді*» [33, 283 х.] делінген.

Ханафи мәзһабы бойынша, дәреттің парызы төртеу болса, басқа мәзһабтар дәретке қатысты бір бөлім хадистерге сүйене отырып, «Дәретті ретімен алу», «оңнан бастау» сынды кейбір амалдарды да дәреттің парызына жатқызады. Мұның сыры неде деген сұрақтың туындауы әбден мүмкін. Бұл жерде Ханафи мәзһабының кез-келген мәселеге үкім беруде әуелі Құран аяттарын басшылыққа алатындығын көреміз.

Яғни, Ханафи мәзһабы **Ахад** (азғана кісілердің жеткізген хадисі) жолымен жеткен хадистің дәлел саналуы үшін, ондай хадистің Құранның хас – жалқылық мағынасын білдіретін үкімдеріне қайшы келмеуі шарт. Себебі, Құрандағы хас сөздер қатғи (кескін) дәлел болып, сол сөзге толықтай амал ету міндет болады. Ал, ахад жолымен жеткен хадис сахих болғанына қарамастан, занни (кескін емес) дәлел болғандықтан Құранның хас сөздерінен шығатын үкімді мәнсух ете (үкімін жоя) алмайды. Бірақ, ахад хадиске Құрандағы хас сөздерінің беретін үкімі төңірегінде қосымша амал етуге болады. Соның бір дәлелі, Құрандағы: «Уа, мүміндер! Намазға тұрар алдында беттеріңді жуыңдар, қолдарыңды шынтаққа дейін (яғни, шынтақты қоса) жуыңдар, бастарыңа мәсих тартыңдар және аяқтарыңды тобыққа дейін (яғни, тобықты қоса) жуыңдар» деген аяттағы әмір етілген төрт іс дәреттің парызы болып табылады.

Ал, занни дәлел саналатын ахад хадистерде негізінде келген: дәретке ниет ету, дәретті тәртібімен алу, дәрет істерінің арасын үзбей алу және «Бисмилләһ...» сөзін айту секілді мәселелердің үкімі сүннет болып есептелінеді. Құранның қатғи (кескін) дәлелі мен занни дәлел болған ахад хадистің арасында қайшылық болмағандықтан, әр екеуіне де өз деңгейінде амал етіледі.

Асты дәрет алу да парыз ба?

Дәрет сындырған адам өзін еркін ұстап кіші дәрет қалдықтарын тас, кесек немесе тазалық қағаздарымен құрғатуы керек. Себебі, дәрет алып болғаннан кейін іркілген бір тамшы зәрдің шығуы дәретті бұзады. Бұл фықһта «истибра» деп аталады. Истибра дәрет алмай тұрып бірер қадам жүру арқылы жасалады. Бірде Алла елшісі (с.а.с.) екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып, қатты егіліп жылайды. Қасындағылар не үшін жылағанын сұрағанда: «**Олар азап шегуде. Азабы үлкен бір күнә үшін емес.**

Біреуі кіші дәрет сындырғаннан кейін истибра жасамайтын, екіншісі адамдардың арасына өсек таситын...» [11, Уду/218 х.] – деп истибраға селқос қарау қабір азабына себеп болатынын айтады.

Ханафи мәзһабы бойынша, үлкен дәрет сындырған кісінің астын сумен жууы – сүннет. Егер сындырған үлкен дәреті сұйық болып, дәрет шыққан жердің айналасына жәйілу ықтималы болған жағдайда, сумен жуу – уәжіп (парыз). Ал тек кіші дәрет сындырған адамның истибра жасағаннан кейін астын сумен жууы – мүстахаб [34, 1/154-155 б.].

Ескерту: бір хадисте: *«Истинжа (истибра) жасағанда тезек пен сүйекті қолданбаңдар, бұлар – бауырларың болған жандардың азығы»* [12, Таһара/263 х.] – деген. Яғни, жындардың азығымен дәрет құрғату олардың сол адамға қастық жасауына себеп болады.

Бірнеше мәзһабтың болуының хикметі не?

Ислам – жеңілдік діні. Бір дінде бірнеше (яғни, төрт) мәзһабтың болуы Алла Тағаланың адам баласына тарту еткен кеңшілі екендігін ғылыми мәселелерден байқау қиын емес. Содан бір мысал келтірер болсақ, Шәфиғи мәзһабында, бөгде ер-әйелдің денесі бір-біріне тиіп кетсе, дәреттері бұзылады. Ал, Ханафи мәзһабында дәрет бұзылмайды [34, 1/60 б.]. Шәфиғи мәзһабы бойынша, қажылық парызды өтеушінің тауапты дәретпен жасауы да шарт [34, 2/214 б.]. Алайда, қазіргі кездегі теңіздей толқыған миллион халықтың арасында ихрам киіміндегі (білек, балтырлары ашық) адамдардың бір-біріне сүйкенбей тауап етуі де өте қиын. Өзара денелері тиіп кеткен жағдайда дәреті бұзылумен қатар, тауаптары да дұрыс болмайды. Бұл, әсіресе жасы егде тартқан адамдар үшін қайта-қайта дәрет алу қиындығын тудырады. Міне, осындай қиындық сәттерде екінші бір (Ханафи) мәзһабының пәтуасын ұстануға дініміз рұқсат етеді. Алланың пендеріне жасаған жеңілдігі деп білгеніміз жөн.

Демек, бір дінде Ханафи, Мәлики, Шәфиғи және Ханбали атты төрт мәзһабтың болуы олардың біреуі адасуда екен дегенді білдірмейді. Бәлки, төрт мәзһабтың барлығы дұрыс, Әһлу сунна уәл жәмәға хақ жолындағы мәзһабтар.

«Намаз» жайлы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { وَأَقِمِ الصَّلَاةَ طَرَفِي النَّهَارِ وَزُلْفًا مِنَ اللَّيْلِ إِنَّ الْحَسَنَاتِ يُذْهِبْنَ السَّيِّئَاتِ ذَلِكَ ذِكْرَى لِلذَّاكِرِينَ }

Алла Тағала: «Күндіздің екі уақытында және түннің күндізге таяу уақытында намаз оқы. Шынында, жақсылықтар жамандықтарды жояды. Бұл – ойланып, ғибрат алатындар үшін бір насихат» («Һуд» сүресі, 114-аят) – деген.

Дінімізде әрбір ақылды, балиғат жасына толған ер, әйелге күніне бес уақыт намаз оқу парызекендігін білдіретін көптеген аят, хадистер келген. Әрі Ислам ғұламаларының ижмәғы бар. Ғұламалар, намаздың парыздығын мойындамаған адамның діннен шығатынын айтады. Ал, намаздың парыздығын мойындап, бірақ намазға немқұрайлық танытып оқымаған адам күнәкар мұсылман болып саналады [30, 2/5 б.] .

Имам Матуриди, Құрандағы: «Күндіздің екі уақытында және түннің күндізге таяу уақытында намаз оқы» деген аяттың тәпсірінде: «Аятта үш намаз зікір етілді. Күндіздің алғашқы бөлігіндегі таң намазы мен соңғы бөлігіндегі екінті намазы. Және түннің күндізге жақын болған уақыттағы ақшам намазы. Ал қалған намаздар, «Рум» сүресі, 17-18 аятындағы: «Кеш батырған кезде» деген сөзі екінті намазын, «таң атырғандарында» деген сөзі таң намазын, «ғәшиян» деген сөзі құптан намазын және «түскі уақытта» деген сөзі бесін намазын білдіріп тұр. Бұл аятта ақшам намазы айтылмағанымен, ақшам намазы «Һуд» сүресі, 114-аятындағы «түннің күндізге таяу уақытында» деген сөзінде айтылған. Әбу Һурайра (р.а.), Алла елшісінің (с.а.с.): «Намаз – күнәлардың кешірілуіне себеп болады. Қаласаңдар: «Ақмқатында, жақсылықтар жамандықтарды жояды» аятын оқыңдар», - деді» деген хадисін риуаят етті. Бұл аяттағы «жақсылықтар» бес уақыт намазды меңзеп тұр. Бес уақыт намаз – адамды күнәлі істерден қайтарып, тазаруына себеп болатындығы жайлы риуаяттар көп» [25, 7/249 б.] деп, бес уақыт намаздың Құранда көрсетілгенін айтып, «Құранда бес уақыт намаз туралы келмеген, аяттарда тек күніне үш уақыт немесе тек таң намаз жайлы ғана айтылған» дейтін кейбір ағымдардың қате көзқарасының дұрыс еместігін айтады.

Намаз – адам баласының ақыретте алғаш сұралатын істерінің бірі. Сол себепті, намазға селқостық танытып, оқымай қоюға болмайды. Имам Бұхари және имам Мүслимде жеткен бір риуаятта, Алла елшісі (с.а.с.): «Егер сендердің бірің намаз уақытында ұйықтап немесе ұмытып намазын оқымаса, есіне түскенде дереу оқысын» – деген. Яғни, мұсылман адамның Алла алдындағы парызы болған намаз ғибадаты ұйықтап қалу немесе қатты қарбаластықтан ұмытып кетусебепті оқылмай қалуы мүмкін екен. Мұнан тыс намазды оқымай қоюға бір себептің жоқтығын көреміз. Қасиетті Құранда: «Жұмақтықтар жұмақта жүріп, тозақтықтардың жағдайы жайлы бір-бірінен сұрасады. Сонда тозақтықтардан: «Сақар жаһаннамына кірулеріңе не себеп болды?» – деп сұрайды. Олар: «Біз намаз оқымайтын едік», – деп жауап қатады» («Мүддәссир» сүресі, 40-43 аят) – делініп, намаз оқымаған адамдар үшін қияметте ауыр азап бары ескертіледі.

Ал, намазына берік тақуа құлдарға мол сауаптың білдіретіндігі жайлы көптеген риуаяттар кездеседі. Соның бірінде қияметтің қиын сәттерінде нәпіл намаздың өзі парыз

намаздың орнын толтыратындығы айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы, ол – намаз» деген. Ұлы Раббы-мыз хабардар бола тұра періштелеріне былай дейді: «Құлымның парыз намазына қараңдар. Оны толық орындап па, кемістігі бар ма»? Егер оның парыз намаздары толық болса, намаз сауабы толықтай жазылады. Егер парыз намаздарында нұқсандық болса, Алла Тағала былай дейді: «Құлым нәпіл (сүннет) намаздарын толық оқыған ба екен?». Егер ол сүннет намаз-дарын толық оқыған болса, Алла Тағала: «Құлымның нұқсан парыз намаздарын нәпілдермен толтырыңдар», – дейді. Одан кейін парыз болған басқа амалдар да осылайша есепке тартылады» [24, Салат/118 х.] деген.

Алла елшісі (с.а.с.) тағы сөзінде: «Намаз – мұминнің мигражы» деген. Яғни, намазына берік болған адамның тәні мен рухы әртүрлі кірлерден тазарып, Жаратушысы алдындағы мәртебесінің өсуін ұқтырады. Намаз оқыған адам күніне бес уақыт Жаратушысы алдында, «Аллаһу әкбар» (Алла ұлық), «Субханаллаһ» (Алла кемшіліктерден пәк) және «Әлхамдулилләһ» (Аллаға шүкір) деп, Жаратушысын ұлықтап, өзінің күнәкар әлсіз құл екенін сезінеді. Бір Аллаға ғана құлшылық етіп, Одан ғана көмек сұрайды. Бір намаздан кейін екінші намазға дейін түрлі күнәлардан сақтанып, таза өмір сүруге тырысады. Міне, осылай адамның әрдайым өзін жамандықтан қайтарып, ізгілікке ұмтылуы Алла алдындағы мәртебесін асқақтата түседі.

Ортаңғы намаз қай намаз?

Мүминнің намазына мұқият, ұқыпты болуы екі дүние істеріне бірдей ұқыптылығын арттырады. Қасиетті Құранда: «Намаздарға, әсіресе ортаңғы намазға өте мұқият болыңдар. Алланың алдында (намазда) барынша кішірейіп, құлдық ұрып тұрыңдар» («Бақара» сүресі, 238-аят) делініп, ұлы Жаратушы Хақ пен пенде арасындағы байланысты күшейтетін намазға селқостық танытып, жүрдім-бардым орындаудан сақтандырады.

Имам Матуриди, аталмыш «Бақара» сүресі, 238-аятын туралы: «Намазды сақтау – намаз парыз етілгендей уақытында кемеліне келтіріп оқу (яғни, қиямет күні үшін сақталған мол қазына хәліне келтіру). Тағы бір аятта: «Намаз – адам баласын арсыздықтан һәм жамандық атаулыдан тыяды» («Анкабут» сүресі, 45-аят) делініп, ықыласпен оқылған намаз адамды рухани кемелдендіретін күш екендігін білдіреді. Ал аяттағы, «Ортаңғынамазға мұқият болыңдар» дегені туралы әртүрлі көзқарас бар. Біреулер, «Ортаңғы намаз, ол – екінті намазы. Себебі, Алла елшісі (с.а.с.): «Ол – екінті намазы» (Термизи: 181) деген» десе, енді біреулер, «Ибн Аббас жеткізген риуаятта: «Ол – таң намазы» делінген, яғни, ортаңғы намаз – таң намазы», - делінеді. Ибн Омардан жеткен риуаятта: «Ол – бесін намазы» делінген. Бұл мәселеде қиясқа жүгінетін болсақ, ортаңғы намаз – ақшам намазы болуы керек. Өйткені, күннің әуелгі уақыты бесіннен басталады, екінті намазы күннің екінші уақыты. Ақшам намазы күннің ортасы болып табылады. Бірақ, ақшам намазы деп ешкім айтпаған. Демек, аталмыш аятта әрбір парыз намаз өз алдына бір төбе, ұқсасы жоқ екендігі білдіріліп тұр. Сонымен қатар, намаз –

діннің орта белі, тірегі. Діннің жоғары сатысы – тәухид (иман). Адамның көңіліндегі сенімін ешқандай бір үзір, қиындық кетіре алмайды, көңілінде мәңгі сақталады. Өзге ғибадаттар болса, кейбір жағдайларда, үзірлі хәлеттерде адам мойнынан түседі. Ал намазға тұрған адам, дүниедегі бүкіл ісінен қол үзіп Аллаға ғана беріледі. Міне, осы тұрғыдан иманға ұқсайды» [25, 2/120-123 бб.] десе, имам әл-Жассас: «Алла Тағала: «Намаздарға, әсіресе ортаңғы намазға өте мұқият болындар» – деп, намаз оқуға және оған мұқият болудың керектігін ескертті. Олар – бір тәулікте оқылатын бес уақыт парыз намаздар. Оған дәлел «намаздар» сөзі «әлиф-ләм» жалғауының жалғанып келуі» [19, 1/536 б.] – деген.

Демек, бес уақыт намаздың әрбірі мұқият болу керектігі ескертілген ортаңғы намаз болу ықтималы бар деуге болады. Бұл жерде пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.): «*Сендер әрбір намаздарыңды соңғы намаздарың ретінде сезіне отырып, мұқият оқыңдар*» деген сөзінен де әр намаздың өзіне тән қасиеті мен ерекшелігі барын көре аламыз. Әрі мүмін адамның бес уақыт намаздарын Алланың құзырында тұрғандай мұқият оқып, ұқыптылық танытуы өмірін бір жүйеге келтіруге, әрбір ісін ұқыпты, тыянақты істеуге көмектесетін рухани бір күш болып табылады.

Намазға қатысты кейбір жеңілдіктер

Дінімізде намаз оқыған адам үшін өмірдегі кейбір жағдайларға байланысты жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы: тұрғылықты адам намазын толық оқуға міндеттелсе, жолаушы адамға намазын қысқартып оқу жеңілдігі берілген. Қыбланы таба алмаған адам көңілінде қыбыла деп білген жағына қарап оқуға және көлікте болса көліктің бет алып бара жатқан жағына қарап оқу жеңілдігі берілген. Ал, адам намазын тұрып оқм алмаса, отырып оқуына, отырып оқи алмаса, жатып ишарамен оқуына болады.

Қасиетті Құрандағы: «**Алла сендерге жеңілдік қалайды және ауырлықты қаламайды**» («Бақара» сүресі, 185 аят) – деген аятты имам Ибн Кәсир былай түсіндіреді: «Алла Тағала құлының бір амалды қиналмай орындауын, жағдайына қарай жеңілдікті ұстануын қалайды. Ислам дінінің маңызды тіректерінің бірі болған намазды тұрғылықты адам толық оқыса, жол қиындығын көретін жолаушы адамның қысқартып оқуын, қыбланы таба алмаған адамның мөлшерлеп қыбыла тарапына қарауын, тұра алмаған адамның отырып, отыра алмаған адамның жатып ишарамен оқуын қалады. Міне, бұл Жаратушы Иеміздің құлдарына деген кеңшілігі» [2, 1/23-24 бб.].

Намаз оқу барысында кейде адам қанша рәкәғат оқығаны жайлы жаңылып, үш немесе төрт рәкәғат оқыдым ба? – деген күмән пайды болады. Міне, осындай кездене істеуге болады деген сұқра туындайды.

Ханафи мәзһабы бойынша, намазда қанша рәкәғат оқығандығы жайлы күмән бірінші рет болып тұрса, намазды қайта оқу керек. Ал бұл күмән бірнеше мәрте қайталанса, дұрысырақ деп ойлаған ойына амал қылады. Себебі, дұрысырақ деп ойлаған ой нақты сенім болып саналады [35, 67 б.]. Пайғамбарымыз (Саллаллаһу ғәлейһи уәсаллам) бір хадисінде: «*Кімде-кім намазында төрт немесе үш рәкат*

оқығандығынан күмәнданса, ол күмәнін ойламай, дұрыстыққа басым болғанына қарай амал қылып, намазын тамамдасын. Сәлем бермей тұрып, екі сәжде жасасын. Егер бес рәкат оқыған болса, бұл сәжделер намазына шапағатшы болады, ал егер намазын дұрыс оқыған болса, бұл сәжделер шайтанның масқара болуына себепші болады» [11, Саһу/6-7] – деген.

Ескерту: егер адам төрт рәкәғат намаздың төртінші рәкәғаттан кейінгі отырыста (қағдатул ахирада) отырмай, бесінші рәкәғатқа тұрып кеткен болса намазы дұрыс болмайды. Себебі, соңғы отырыста отыру намаздың парызы болғандықтан, оның орнын сәһу сәждесі (Сәлем бермей тұрып, жасаған екі сәжде) орнын толтыра алмайды.

Кейде адам намазын оқыған яки оқымағанына немесе сол намаздың парызы болған рүкуғ, сәждесін орындаған яки орындамағанына күмәнданса, намаз уақыты әлі шықпаған болса намазын қайта оқиды. Намаз уақыты шыққан жағдайда намазын қайта оқымайды. Өйткені, уақыттың шығуы ғибадаттың толықтығын білдіреді. Яғни, ғықһта «Сенім күмәнмен күші жойылмайды» – деген қағида бар.

Діндегі намаз бен зекеттің орны

Имам Матуриди, Құрандағы: **«Олар да хақ дінді шын көңілден қабылдап, «таухид» сенімімен бір Аллаға риясыз құлшылық етуге, намазды кемеліне келтіріп оқуға және зекеттерін толық өтеуге бұйырылды. Міне, осы нағыз тура дін!»** («Бәйинә» сүресі, 5-аят) деген аятты түсіндіру барысында: «Әне, сол кітаптардағы (Иләһи кітаптардағы) әуелгілері де, кейінгілері де таза болған (бұрмаланбаған) Ислам дінімен өмір сүріп, тек Алла Тағалаға ғана ғибадат етуге, яғни, намаз оқуға және зекет беруге әмір етілген. Оған Алланың: «Мен жындар мен адамзатты тек қана (Мені танып) Маған құлшылық етсін деп жараттым» («Зәрият» сүресі, 56-аят) деген сөзі дәлел. Сондай-ақ, намаз – Аллаға тәслим болу, жалбарыну мағынасын берсе, зекет – нәфсіні (рухты) тазарту мағынасын береді. Сол себепті, ешқашан намаз бен зекет мәнсұқ етілмеген (үкімі жойылмаған)» [25, 17/287-288 бб.] деген.

Алла елшісі Мұхаммед (с.а.с) дүниеден қайтуымен саяси мақсаттарына жетуді көздеген топтардың бір бөлігі «Намаз оқимыз, алайда зекет бермейміз» деп, Ислам негіздерінің бір бөлігін мойындамаумен ортаға шықса, енді бір бөлігі өздерін «пайғамбармын» деген жалған пайғамбарлық атпен пайда болды. Ислам туының астында басы біріккеніне ұзын уақыт болмаған мұсылман қоғамының сеніміне селкеу түсіріп, бірлігін ыдыратуды мақсат еткен аталмыш топтар қоғам тыныштығына үлкен қауіп төндірді. Сол кездегі бұл саяси бөлінушіліктің алды алынуы кезек күттірмейтін маңызды істер болып табылды.

Профессор. Д. Әли Токсары: «Исламның алғашқы кезеңінде Жәзиратул-араб түбегінде ру-тайпалық түсінік үстемдік етті. Мұндай ортадағы бір адамның өз ру-тайпасының әдет-ғұрпы мен сенімінен бөлінуі өз тайпасын сатып, дұшпанға жақтасқанмен бірдей есептелді. Сол себепті, көбінесе қарапайым адамдар тайпа басшысы қандай сенімді таңдаса соған еруге мәжбүр болатын еді. Міне, бұл мұсылмандардың бірлігін бұзуға жетерлік мүмкіндік болып табылды. Яғни, әділетті

халифалар кезеңінде жүз берген мұртадтік оқиғалар бірер адамның өз қалау-еркімен Ислам дінінен бас тартуы емес. Керісінше, мемлекетті бөлшектеуді көздеген саяси-идеологиялық соғыстың бір түрі еді» [36, 47-74 бб.] – деген.

Демек, бүгінгі демократиялық зайырлы елдердің заңында да мемлекет бүтіндігін бұзу ауыр қылмыс болып саналады. Тура сияқты халифа Әбу Бәкірдің (р.а.) кезеңінде жүз берген «Намаз оқимыз, алайда, зекет бермейміз» деген сынды оқиғалардың да мемлекетке қарсы ұйымдастырылған саяси топтық қылмыс екендігін көруге болады. Өйткені, сол кездегі халифат тарапынан арнайы адамдар тағайындалу арқылы зекет жию мәселесі бүгінгі зайырлы елдердегі міндеттелген салық жүйесімен салыстыруға болады.

«Зекет» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: {خُذْ مِنْ أَمْوَالِهِمْ صَدَقَةً تُطَهِّرُهُمْ وَتُزَكِّيهِمْ بِهَا}

Алла Тағала: «Олардың дүние-мүлкінен садақа (зекет) ал да, сол арқылы оларды күнәларынан тазарт әрі сауаптары мен ықыластарының арта түсуіне дәнекер бол» («Тәубе» сүресі, 103-аят) деген.

Исламдағы бес парыздың бірі зекет болып табылады. Ол хижреттің екінші жылы Рамазан оразасынан кейін Шәууал айында парыз болды. Парыздығы аталмыш аят және басқа да көптеген аят, хадистер негізінде бекітілген. Ислам ғұламалары, зекет ғибадатының парыздығына бір ауыздан келіскен. Зекеттің парыздығын мойындамаған адам діннен шығады. Ал, зекеттің парыздығын мойындай отырып, сараңдық танытып байлығынан зекет бермеген адам күнәхар болады.

Шариғаттағы нисап көлемінде байлыққа иелік еткен, ақыл-есі толық мұсылман адам байлығының белгілі бір мөлшерін Құранда көрсетілген адамдарға беруі міндет. Немесе отбасы мүшелерінің күнделікті тіршілік-тегі тамағы, киім-кешегі және тұратын үйі сияқты негізгі қажеттіліктері мен қарыздарынан тыс дүние-мүлкі шариғатта белгіленген нисап көлеміне же-тіп, бір жыл өткен жағдайда, одан зекет шығару парыз болады. Зекет беруші зекетін берген кезінде *«Осы дүниемді малымның зекеті ретінде беруді ниет еттім»* деп ниет етуі шарт. Ал, зекет алушы адамның өзіне беріліп жатқан дүниенің келесі адамның зекеті екендігін білуі шарт емес.

Зекеті берілетін байлықтың түрлері мен зекет беруді парыз ететін нисап көлемі төмендегідей мөлшерден басталады:

1. Алтында: жиырма динар, яғни, 85 грамм
2. Күмісте: екі жүз дирхам, яғни, 595 грамм
3. Түйеде: бес
4. Сиырда: отыз
5. Қой мен ешкіде: қырық
6. Сауда заттарында: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса.
7. Ақшада: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең бол-са
8. Бау-бақша және егіс өнімдерінің барлық шығындары шығарылған соң 1/10 (оннан бірі) беріледі.

Бұл көрсетілген мөлшер әрбір зекет берілетін байлық түрлерінің басталу нисап көлемі болса, дүние-мүлктің көлемі артқан сайын берілетін зекеттің мөлшері де арта түседі [37].

Зекет – араб тілінде «көбею», «өсу», «тазару» деген сынды мағыналарды білдіреді. Алла Тағала зекетін берген адамның өмірін берекелендіріп, күнәсынан тазартатындығы айтылады. Әбу Нурайра жеткізген хадисте, Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Әр күні пенделер ұйқысынан оянған уақытта екі періште түсіп, оның біреуі: «Уа, Раббым! Жақсылыққа жұмсаушының дүниесін есесімен қайтар», - десе, екіншісі: «Уа, Раббым! Сараңды шығынға ұшырат», - деп тілейді»* деген. Ал, зекетін беруге сараңдық танытқан адам

күнәкар болуымен қатар, қиямет күні ауыр азапқа ұшырамақ. Әбу Һурайра жеткізген тағы бір хадисте, Алла елшісі (с.а.с.): *«Зекетін бермеген адамның байлығы ақырет күні ірі жылан пішініне кіреді. Екі көзінің үстінде (қорқыныштылығының белгісі ретінде) қап-қара екі домалақ дағы бар. Осы жылан қиямет күнінде иесінің мойнына оралады. Сосын аузымен иесінің екі жағынан ұстап: «Мен сенің дүниедегі (жақсы көрген) байлығыңмын, мен сенің қазынаң-мын», – дейді»* деп, мына аятты оқиды: «Алланың кеңшілігімен өздеріне берілген нәрселерде сараңдық істегендер, сол істерін өздері үшін қайырлы деп ойламасын. Жоқ, ол істері өздері үшін ең үлкен жамандық. Ақырет күні сараңдық жасаған дүниелері мойындарына оралады» (Әли – Имран сүресі, 180-аят).

Аллаға болған құлшылықтың басты мақсаты – адам өзі қалаған ісін емес, Аллаға ұнаған істі істеуі. Яғни, Алланың әмір еткен ісі көңіне қатты жақын, қимас дүниесі болуы мүмкін. Алайда, адам сол ең жақсы көрген дүниесін Алла жолында бөлісуімен құлдығы шынайыланбақ. Пайғамбары-мыз (с.а.с.) «Зекет – Исламның көпірі» – деу арқылы әлеуметтік өмірдегі теңдікті сақтаудың негізі екендігін айтқан. Зекет – кедейлерді өмірдің тепершілігінен арылтып, байлармен тең өмір сүрулеріне көмектеседі. Өз кезегінде бұл байлардың мейірімін тереңдетіп, кедейлердің де байларға болған құрметін арттырады. Өзара бауырмалдық сыйластықты қалыптастырады. Нәтижеде, мұқтаж адамдардың өмір сүрулеріндегі материалды қиындықтары жеңілдегендіктен, қоғамдағы ұрлық-қарлық, кі-сі өлтіру және өсімқорлық сияқты жаман қылықтардың жайылуына себеп болады.

Зауыт, фабрика және жалға берілетін пәтер сынды табыс көздерінен зекет беріле ме?

Исламдағы ғылыми мәзһабтар алғаш қалыптасқан дәуір мен қазіргі ғылым-технология дамыған кездегі қаржылық кіріс көздерінің арасында көп айырмашылық бар деуге болады. Классикалық еңбектерде бүгінгі таңдағы жеке адамдардың үлкен зауыты, фабрикасы, қонақ үйі, қоймасы, ұшағы, жолаушы тасымалдайтын көліктері және т.б. құны неше миллиондаған соманы құрайтын кіріс көздері жайлы көп сөз етіле бермейді. Сондай-ақ, Ислам ғұламалары аталмыш зауыт, фабрика, қойма, ұшақ, жолаушы тасымалдайтын көлік және т.б. кіріс көздерінің өздерінен емес, олардан түскен «таза табыс» зекет мөлшеріне толатын болса, содан зекет берілетіндігіне бір ауыздан келіскен. Ал енді, сол зауыт, фабрика, жолаушы тасымалдайтын көлік, жалға берілген контейнер, қойма және пәтер сынды кіріс көздерінің таза табысымен бірге өздерінің (ғимаратының, ішіндегі қолданыстағы заттардың немесе көліктің өзінің) құны есептеліп, зекеті беріле ме? деген сұрақ төңірегінде екі түрлі көзқарас кездеседі.

Әуелгі топтағы ғалымдар, классикалық ғылыми еңбектердегі, *«Адам тұрып жатқан үйінен, мініс көлігінен және кәсіп етіп отырған құрал-жабдықтарынан зекет бермейді»* – деген көзқарасқа негізделі отырып, аталмыш зауыт, фабрикалардың ғимаратының және қолданыстағы заттарының құны есептелінбейді, зекет алынбайды деген пікірді ұстанады.

Енді бір бөлім ғалымдар, мысалы Ханбали мәзһабының белді ғалымы Ибн Ғұқайл әл-Ханбали: «Пайда кірген барлық нәрседен зекет уәжіп (парыз) болады. Бұл жалға берілген жерлерді, әрбір құрал-жабдықтарды қамтиды. Әр жылы осы дүниелердің құны шығарылып, сауданың зекеті (қырықтан бірін, яғни, %2.5) сияқты зекеті беріледі» [38, 3/1948 б.] – деген. Және де Мәлики мәзһабының ғалымдары да, «*Маслахатул мурсала*» (шарғи бір дәлел) негізінде үмметтің игілігін басты назарға ала отырып, аталмыш зауыт, фабрика, қойма, жолаушы тасымалдайтын көліктер және т.б. (ғимараттың, ішіндегі қолданыстағы заттардың немесе көліктің) құны есептеліп, зекеті беріледі» – деген көзқарасты ұстанады. Бұл көзқарас қазіргі шарт-жағдайларға лайық деуге болады [39, 114 б.].

Екінші көзқарас негізінде аталмыш кіріс көздерінің зекеті қалай беріледі? – деген сұраққа байланысты заманымыздың Әбу Заһра, Уахбатуз Зухайли, Абдулуаһһаб Халлаф, Абдуррахман Ахсен және Юсуф Қардауй сынды факих ғалымдар екі түрге бөліп қарастырған. Біріншісі, жылжымайтын мүліктер: зауыт, фабрика және жалға берліген қойма, пәтер сынды заттардың зекетін егіндік дақылдарының зекетіне қияс қыла отырып, таза табыстың %10 (кірістің оннан бірі) зекет ретінде беріледі. Яғни, егіндіктің зекеті топырақтан алынбайды. Шыққан өнімнің барлық шығындары шығарылған соң ғұшыры, яғни, %10 (кірістің оннан бірі) зекет ретінде алынады. Бұл да тура солай болады. Екіншісі, жылжымалы заттар: жалға берілетін ұшақ, кеме, автобус және камаз сынды көліктердің зекеті сауда заттары сияқты сол көліктердің құны есептелініп, %2.5 (қырықтан бірін) зекет ретінде береді деген [40, 1/476-479 бб.].

Бұл жерде тағы бір мәселеге де тоқтала кеткен жөн болар. Қазіргі күніміздегі қалталы кейбір азаматтардың бір басында бірнеше үйі, машинасы бар. Немесе бір үйінің яки бір машинасының өзі неше жүз мың долларды, миллионды құрайды. Осындай өте қымбат үйде тұру немесе өте қымбат машина міну асли қажеттілік өлшемінен артық деуге болады.

Имам Әбу Ханифа (р.х.) көлік ретінде мініске арналмаған және алып-сату мақсатында болмаған әр жылқыға бір динар (сол заманғы алтын ақша) зекет беруді міндеттеген. Дәлелі, Әбу Һурайраның (р.а.) (Бұхари және Мұслимде келген) жеткізген, Алла елшісінің (с.а.с.): «*Жылқы иесіне байланысты үш түрлі үкімде болады. Әуелгісі, атын Алла жолында байлып, қараған адам. Оған сол ісі үшін сауап жазылады. Екіншісі, атына қажеті түспеседе, байлап қараған адам. Ол кісі атында және оның арқасында Алланың ақысы барын (Алла жолында қолдануды) ұмытпады. Мұның аты ол кісіге (күнә жазылмауға) бір перде болады. Үшіншісі, атын мақтанымш және көз-көз қылу (қажеті болмасада өзгелермен бәсекелесу) үшін байлаған адам. Оған күнә жазылады*» – деген хадисі. Бұл хадистегі «*Алланың ақысы, ол – зекет*» – деп түсіндірген [34, 2/96-98 бб.]. Демек, бүгінгі күннің аты саналатын темір тұлпардың шектен тыс қымбатын мінудің де сұрауы барын білген жөн.

Қорыта айтар болсақ, Ислам дініндегі зекеттің көптеген хикметі бары ақиқат. Зекет берудегі басты мақсат – әуелі Алланың парызын екі етпей орындауды және өзіне берілген мол нығметке шүкір етуді білдіреді. Сонымен қатар, бай адамның дүние-мүлкінде басқалардың да алар ақысы бар екендігін ұмытпау керек. Яғни, өзгелердің Ислам дінімен танысуы, адамдардың саналы ғұмыр кешуі және кедейлердің

қажеттілігін өтеу сынды қоғамның әр саласымен астасып жатқан сансыз хикметтері бар. Сол себепті, **асли қажеттіліктен артып, өзін ақтаған зауыт, фабрика, жолаушы тасымалдайтын көліктер және т.б.** миллиондаған құны бар кіріс көздерінің тек қана таза табысының зекетін берумен шектелмей, өзінің де (ғимараттың, ішіндегі қолданыстағы заттардың және көліктің де) құнын есептеп, зекетін беру керек деген ғалымдардың көзқарасы күніміздегі шарт-жағдайларға лайықты айтылған көзқарас деуге болады. Тіпті, өте қымбат үйі немесе өте қымбат машинасы бар адамдар да сол дүниелерін есептеп, орта бағадан артық болған құнының зекетін бергендері дұрыс. Біз қиямет күні «Не үшін сол дүниенің зекетін бердің?» деп сұралмаймыз. Керісінше, мол сауап алуымыз мүмкін. Ал, зекетін бермеген жағдайда, «Неге зекетін бермедің» деп сұраққа тартылуымыздың ықтималдығы көп екендігін ұмытпайық!

«Муәлләфәтул қулуб» тобына зекет беріле ме?

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Маған зекет бер»* – деген адамға былай жауап береді: *«Ұлы Алла зекеттің берілетін орындары жайында пайғамбарының да, басқаның да үкіміне разы болмай, өзі берді. Оны сегіз топқа бөлді. Егер сол сегіз топтың ішінде болсаң, саған есеңді беремін»* (Әбу Дәуд, Зекет, 24.).

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) атаған бұл сегіз тобы Құрандағы Тәубе сүресінің 60-аятында зікір етілген. Ислам ғалымдарының басым көпшілігі пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) дүниеден қайтқан соң, кескін дәлелмен бекітілген шарифат үкімдерінің насх болмайтынын айтса, бір бөлім ғалымдар Құрандағы «Муәлләфәтул қулубқа» (мұсылман еместерді Исламға тарту немесе дінге дұшпан болмаулары үшін көңілдерін аулау көзделген жандарға) зекеттің берілмеуі ижмәғ негізінде насх етілді (үкімі жойылды). Бұған Омардың (р.а) *«Бүгін ислам діні күшейді, оларға (мұсылман еместерге) зекет беруге мұқтаждық қалмады»* деген ижтиһады негізінде зекет берілетін сегіз топтың біріне зекет беру тоқтатылды дейді. Омардың (р.а) бұл көзқарасы күні бүгінге дейін Ислам ғұламалары тарапынан қолдау тауып келгендігі де айтылады.

Имам Матуриди, «Тәуилатул Құран» атты еңбегінде Омардың (р.а) көзқарасына сүйене отырып, Құранда бір үкімнің «ижтиһад жолымен насх етілуі» деген атау береді. Ол, Құрандағы: **«Зекет-садақалар тек қолы қысқа пақырларға, мұқтаждарға, зекет жинаушы қызметкерлерге, Исламға тарту немесе жоқ дегенде дінге дұшпан болмауы үшін көңілдерін аулау көзделген жандарға...»** (Тәубе сүресі, 60-аят) деген аяттың тәпсірінде: «Бұл аят алдыңғы: *«(Уа, Мұхаммед!) Араларыңнан бәзбіреулер садақадан түскен дүние-мүлікті үлестіру мәселесінде сенен бір нәрсе сұрайды. Егер оларға мал-пұлдан бір нәрсе берілсе, мәз болады. Ал оларға еш нәрсе берілмесе, бірден ашуланып шыға келеді»* (Тәубе сүресі, 58-аят) деген мүнәфиқтар жайлы аяттың жауабы тәрізді. Сондай-ақ, зекеттен үлес алуға мұсылман пақырлар, мұқтаж-мискіндер, зекет жинаушы қызметкерлер, құлдықтан азат етілетіндер мен қарызға батқан жандар және

муәлләфәтулқулубтаржатады. Аятта аталған топтардың қайсы біртүріне зекет берілсе де дұрыс. Хұзайфа (р.а): *«Бұлардың (аятта айтылғандар) барлығы зекет алуға лайықты болғандар. Қайсы түріне берсеңіз, зекетіңізді өтеген боласыз»*, – дейді. Ғұламалар да зекетті аталмыш топтардың кез-келген бір түріне берумен мойындағы парыздың түсетінін айтады. Алла елшісі (с.а.с) өзге елдің (мүнәфықтың) басшыларына көңілдері жұмсарып Исламды қабыл етер, ең болмағанда Исламға қарсы дұшпан болмай, жақсы көзқараста болар деген ниетпен оларға зекеттен бергендігі туралы риуаяттар бар. Бір риуаятта Алла елшісі(с.а.с): *«Пәленшеге жүз түйе, пәленшеге мынандай берді»* делінсе, тағы бір риуаятта: *«Яманнан келген топырағынан әлі тазартылмаған (Адим мақрузадағы) алтынды Әлиге (р.а) жібереді. Және ол алтынды Әлидің (р.а) Ақраг ибн Хабис және пәленше, пәленшеге бөліп беруін тапсырды...»* делінген. Алайда, зекет алуға лайықты болған «Муәлләфәтул қулуб» тобына Басында хазреті Әбу Бәкір де беріп, кейін Омардің (р.а) ұсынысын қабыл етіп, оларды зекеттен тыйып тастағаны жайлы риуаяттар келеді [22, 18/9 б.].

Омардың (р.а) Құранда үкімі анық болған әрі оны Алла елшісі (с.а.с) атқарған істі орындамауына келер болсақ, бұл аяттың үкімі белгілі бір қажеттілікке қатысты екенін көрсетеді. Оған Омардың (р.а) мына оқиғасы дәлел. Бірде Ақра ибн Харис және Уяйна ибн Фулан Әбу Бәкірге (р.а) келіп: *«Уа, Алла елшісінің (с.а.с) халифасы! Расында Сабиха жері егін егілмей, пайдаланусыз жатқан жер. Қаласаңыз бізге бер»*, - дейді. Әбу Бәкір (р.а) ол екеуіне бір қағаз жазып беріп: *«Омарға (р.а) апарып көрсетіндер»*, - дейді. Олар Омарға (р.а) келіп жағдайды айтқан кезде Омар (р.а) олардың қолындағы қағазды алып оқыған соң, жазуларды өшіріп тастайды. Олар Омарға (р.а) жаман сөздер айта бастайды. Сол кезде Омар (р.а): *«Алла елшісі (с.а.с) сіздерді Исламға келулеріңді және де дінге дұшпан болмауларыңды қалады. Ол кезде мұсылмандардың топаны аз, Ислам әлі аяққа тұра қоймаған болатын. Алла Тағала Исламды ұлық етті. Барыңдар жұмыс істеп, тіршілік етіңдер»* [41, 7/20 б.] деп қайтарып жібереді. Әрине, олар шалқыған мүшрік байлардың қатарындағы адамдар болатын.

Омардың (р.а) бұл ісін де, сөзін де Әбу Бәкір (р.а) теріс көрмеді. Бәлки, Оны құптады, қолдау көрсетті. Бізге дәлел ретінде бұл екі халифаның сөздері жеткілікті. Хадисте зікір етілгендей, мұсылмандар аз болғандықтан Алла елшісі (с.а.с) мүшрік қауым басшыларына зекеттен беріп көңілдерін аулауды керек деп ұқты. Ислам діні кең таралып, көркеюімен оларға зекеттен берудің бір қажеті қалмады. Аяттағы «Муәлләфәтул қулуб» сөзінде мұрат етілген мағынаның ортадан көтерілуі үкімнің «ижтиһад арқылы насхтың» дұрыс екендігіне дәлел болады» [25, 6/ 283-292 бб.] – деген.

Имам әс-Сарахси: *«Кейбір ғалымдарымыз, ижмәғ нас (Құран, сүннет) сияқты кескін дәлел саналғандықтан, онымен (Құранның бір үкімі) насх етілуін дұрыс деген. Ижмәғ мәшһур хабардан әлде қуатты. Сол себепті, ижмәғ негізінде насх етілудің болғанымен, көпшілік ғалымдарымыз ижмәғ негізінде бір үкімнің насх етілуін дұрыс санамайды. Сондай-ақ, ижмәғ – бір істе ауыз бірлікке келуді білдіреді. Әйткенмен, Алланың құзырындағы бір нәрсенің жақсы яки жаман екенін ақыл толық біле алмайды. Әрі Алла елшісі (с.а.с) тірі болған уақыт, насхтың соңғы кезеңі екеніне де ижмәғ бар»* [42, 2/66 б.] дейді.

Омаяттардың халифасы болған Омар ибн Абдулазиздің (М. 717-720) «Муәлләфәтул кулубқа» зекеттен үлестерін бергендігі туралы риуаяттар бар. Алайда, фақиһ ғалымдардың көбі Омар (р.а) шығарған үкіміне қарай пәтуа беруді жөн көреді. Тіпті, Ханафи мәзһабының фақиһы әл-Маусули бұл мәселе туралы сахабалардың ижмәсы барын айтады [43, 1/118 б.].

Талип Өздеш, имам Матуридидің аталмыш аят туралы көзқарасын түсіндіру барысында, аяттағы насх үкімі белгілі бір мәселеге тән болғандықтан жағдайға байланысты өзгерді. Ол үкім бүкілдей жойылып кетті дегенді білдірмейді. Егер Ислам діні үшін қайтадан бір қажеттілік туындар болса, аяттағы «Муәлләфәтул кулубқа» зекеттің берілу үкімі қайтадан іске аса береді десе, Юксел Мажид де, егер ижтиһад жолымен Құрандағы үкімдер жойыла беретін болса, онда Құрандағы үкімдер бірте-бірте өзгеріске ұшырап кетпей ме? деген сұрақ көптеген мұсылмандардың қабырғасын қайыстырады. Бұдан Құранның бүкіл үкімдері ижтиһад жолымен насх бола береді деген мағына шықпайды. Ғибадаттар сияқты сыры беймәлім болған үкімдер өзгермейді. Белгілі бір қажеттілікпен қатысты болған үкім, сол қажеттілік шешілуі себепті ижтиһад негізінде үкімі насх етіліп, мәтіні (аяттың сөзі) қала береді. Мұқтаждық болған жағдайда сол үкім қайтадан іске аса береді» [44, 123-137 бб.] дейді.

Имам Матуриди Құрандағы «Муәлләфәтул кулубқа» зекеттің берілу үкімінің Омардың (р.а) ижтиһадымен насх етілгенін айтады. Имам Матуридидің көзқарасын зерттеген бүгінгі таңдағы кейбір ғалымдар, аяттағы ««Муәлләфәтул кулубқа» қатысты үкімнің насх етілуі белгілі бір себеппен қатысты болғанын, алғашқы халифалар кезеңіндегі Омардың (р.а) атқарған үкімімен Умауїлердің халифасы болған Омар ибн Абдулазиздің «Муәлләфәтул кулубқа» зекеттен үлестеріп бергендігі туралы риуаяттарды да салыстыра отырып, Ислам үшін бір қажеттілік болған жағдайда «Муәлләфәтул кулубқа» зекеттен беру үкімнің қайтадан іске аса беретінін айтады.

Зекетті ғылым ордалары мен емханалар салуға беруге бола ма?

Зекет ғибадатының дұрыс болуының бір шарты «Тәмлик» яғни, зекетті алған адам сол затқа толық иелік етіп, жеке қажетіне жарата білуі тиіс. Сол себепті, көпшілік ғалымдар қоғамдық істердің қатарына жататын ғылым ордаларын ашу, емханалар салу сынды істерге берілген дүние-мүлік зекет саналмайды, ол жай ғана садақа болып есептелетінін айтады. Ал енді, Мысыр араб республикасы «Дәрул ифтә әл-Мысырия» ғұламаларының фәтуасы бойынша, «Тәубе» сүресі, 60-аяттағы зекет берілетін «пақыр», «мискин» сөздері жайлы ғұламалар түрлі анықтамалар берген. Алайда, біз «пақыр», «мискин» сөздерін қажеттілік иесі деп аламыз. Көпшілік халықтың ғылым-білім үйренуіне, ауруларына дұрыс ем жасалуына қоғамдық қажеттілік бар. Сондықтан, қолы қысқа бір бөлім халықтың қажеттілігі шешілетін болса, онда ғылым ордалары мен емханалар салу жолына зекеттің бір бөлігін беруге болады. Қасиетті Құранда: «Қолдарындағы дүние-мүліктен Алла жолында жұмсаңдар және өз бастарыңды қауіп-

қатерге тікпендер» («Бақара» сүресі, 195-аят) деген. Сонымен қатар, зекет алуға лайықты болғандардың қатарындағы «*Алла жолында болғандар*» деген сөздің мәнісіне көңіл аударатын болсақ, жеке бір тұлғаның пайдасы ғана көзделмей, қоғамдық игіліктің, яғни, діннің, мемлекеттің келешегі үшін қоғамдық орындарға жұмсалып тұрғанын көреміз. Сол себепті, зекетті ғылым ордалары мен емханалар салуға және сол мекемелердің қажеттіліктеріне беру дұрыс деген [45, 3/21-22 бб.].

Қасиетті Құранда: «Шын мәнінде садақалар (зекеттер), Алла жолындағыларға берілуі Алла тарапынан парыз етілді» («Тәубе» сүресі, 60-аят) деген аяттағы «Алла жолы» сөзіне қатысты имам әл-Касани: «Алла разылығы көзделген бүкіл жақсы амалдар кіреді» [32, 2/154 б.] – деген. Демек, Алла жолындағы ең мағыналы іс жас ұрпақтың ғылым мен рухани тәрбиені қатар алу жолындағы сіңірілген еңбек деуге болады. Абай Құнанбайұлы: «Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбірі ғибадат орнына бармайды» [15] – деген мағыналы сөзін де ескере отырып, зекетті ғылыми-технологиялық зерттеу орталықтарын, білім беру ордалары мен емдеу мекемелерін ашу және оны жандандыру істеріне беруге болады. Өйткені, адамды саналы ететін ғылым ордалары мен денсаулығын қорғайтын емдеу мекемелері, адамдырдың кедейлік кебін шешуіне, меңдеткен түрлі аурулардан айығуына септігін тигізетін сауапты да, игілікті іс деуге болады.

«Ораза» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ أَيَّامًا مَّعْدُودَاتٍ فَمَن كَانَ مِنكُم مَّرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِّنْ أَيَّامٍ أُخَرَ وَعَلَى الَّذِينَ يُطِيقُونَهُ فِدْيَةٌ طَعَامُ مَسْكِينٍ فَمَن تَطَوَّعَ خَيْرًا فَهُوَ خَيْرٌ لَهُ وَأَن تَصُومُوا خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنتُمْ تَعْلَمُونَ شَهْرَ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ هُدًى لِّلنَّاسِ وَبَيِّنَاتٍ مِّنَ الْهُدَى وَالْفُرْقَانِ فَمَن شَهِدَ مِنكُمُ الشَّهْرَ فَلْيَصُمْهُ... }

Алла Тағала: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы тақуалыққа жетерсіңдер.

Парыз ораза санаулы әрі белгілі күндерде ғана өтеледі. Араларыңнан әлдекім ауырып қалып немесе сапарда жүріп ораза ұстамаса, (қаза болған күндерін) басқа уақытта ұстасын. Ораза ұстауға шамасы эзер жететіндер (яғни, қарттар және созылмалы дертке шалдыққан науқастар қаза болған әр күнге) підия ретінде бір жарлының (бір күндік екі мезгіл) тамағын (немесе соның құнын ақшалай) беруі керек. Ал енді кімде-кім асыра қайырымдылық жасаса, онысы өзі үшін қайырлы. Біле білсеңдер, ораза ұстағандарың өздеріңе жақсы.

Рамазан айы – адамзатты тура жолға бастаушы, айқын дәлелдерді һәм ақиқат пен жалғанның ара-жігін ажырататын өлшемдерді қамтыған қасиетті Құран түсе бастаған ерекше ай. Араларыңнан кімде-кім Рамазан айына аман-есен жетсе, оны ораза ұстап өткізсін...» («Бақара» сүресі, 183-185 аят) деген.

Аяттың тәпсірі

Ораза – шамасы жеткен адам үшін таң сәриден ораза ұстау ниетімен күн батқанға дейін ішіп-жеуден, нәпсі қалауларынан тыйылуы шартымен орындалатын ғибадат. Балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылман адамға Рамазан оразасын ұстауы – парыз. Бұл аят Рамазан оразасы – Исламдағы бес парыздың бірі екендігін білдіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед де (с.а.а.) бір хадисінде: *«Ислам бес нәрседен тұрады: Алладан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келгендерге қажылыққа бару»* [11, иман/34]– деген.

Қасиетті Құранда: **«Араларыңнан кімде-кім Рамазан айына аман-есен жетсе, оны ораза ұстап өткізсін»** («Бақара» сүресі, 185-аят) делінсе, Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Жаңа туған айды көрген кезде ораза ұстаңдар, екінші жаңа туған айды көрген кезде оразаларыңды тоқтатыңдар. Егер аспан бұлтты болса, Шағбан айын отызға толық-тырыңдар»*, – деген (Бухари, Саум,5). Яғни, Рамазан оразасы аспанда жа-на туған айды көрумен немесе бұлтты күнде Шағбан айын отыз күнге тол-тырумен ұсталады. Шағбан және Рамазан айының жиырма тоғызыншы күнінен бастап, мұсылмандарға жаңа туған айды іздеу – уәжіп.

Оразаға қатысты жеңілдіктер

Ислам – жеңілдік діні. Дінімізде міндеттелген құлшылықтарға байланысты жеңілдік жақтары да көптеген аят, хадистерде баян етіледі. Рамазан оразасына қатысты жеңілдіктердің бірер мысалын жоғарыдағы «Бақара» сүресі, 184-аятынан да көруге болады. Енді сол жеңілдіктерге және өзгеде оразаға қатысты жеңілдіктерге қысқаша тоқталып өтелік.

Әуелгісі, салмақты ауру немесе білікті дәрігерлердің айтуы бойынша, ораза ұстауы денсаулығына зиянын тигізетін болса, ораза ұстамауға болады. Алайда, кейін мүмкіндігі болғанда тек бір күн оразасының қазасын өтейді.

Екіншісі, шамамен 90 шақырым алыстық жолға шыққан адам жолаушы болып есептеледі. Түнде ораза ұстауға ниет етіп, күндіз жолға шыққан жағдайда, ниет еткен оразасын бұза алады. Жолаушы адам жол сапарынан қиналса, ауызын ашып жібергені абзал. Ал жол сапары өте жеңіл болса, оразасын ұстағаны абзал. Бір хадисте: «Алла елшісі (с.а.с.) Меккені азат етуге бет алған сапарында, Қураул-Ғамим деген жерге барғанша ораза ұстады. Жанындағылар да тегіс ауыз бекіткен болатын. Пайғамбарымызға (с.а.с.): *«Оразадан жұрт қиналып кетті, бәрі не істерін білмей сізге қарауда», – деген сөзді естігенде, бір бақыр су алдырып екінті уақытында су ішті. Мұны жанындағыларға көрсетіп істеді. Оразаға жанындағылардың көбі шыдай алмағандықтан, өзі оразасын бұзып, әрі басқаларға да бұзуды бұйырды. Осыған қарамастан әлдекімдер ауыздарын ашпағандығы айтылғанда, «Олар бағынбағандар», – деді»* (Мүслим) делінген.

Соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с) келген шарифат үкімінің мәні мен мақсаты қияметке дейін өзгермейді. Ғылым-техниканың дамуына қатысты кейбір мәселелерде жаңа үкім шығарылуы мүмкін. Алайда, дініміздің жеңілдіктері қазіргі техника дамыған кезде де сол қалпында қала бермек. Яғни, Рамазан айында жолаушы адам 100 яки 200 км жолды бұрын ат-көлікпен 3-4 күн жүрсе, қазіргі уақытта машинамен 3-4 сағат жүреді. Міне, осындай жағдайда да шарифат үкімі өзгермейді. Себебі, Жолаушы адам қарны ашып, шөлдемесе де диттеген жеріме қашан жетер екенмін, жол сапары қалай болар екен деген көңілінде күпті ойдың болары анық. Міне, бұл да өз елінде жәйбірақат жүрген адамға қарағанда бір қиындық болып саналады. Бұл жағдайда да тек бір күн оразасының қазасын өтейді.

Үшіншісі, ауруларының айығуы үміт етілмеген ауру жандар мен ораза ұстауға шамасы келмей қалған қарт кісілер, ұстамаған әр күнгі оразасының төлемі ретінде (фидиясын) бір кембағалды тәңертең, кеш тойғызады. Ал, бұл адамдар фидия төлеуге де, яғни, кедейлерді тамақтандыруға да шамалары келмесе, онда Аллаға жалбарынып кешірім тілейді.

Төртінші, ауыр аяқ әйел мен бала емізіп жүрген әйелдер, ораза ұстауы өз денсаулығына немесе іштегі яки емшектегі баланың денсаулығына зияны болатындығын өзінің тәжірибесі негізінде немесе сенімді дәрігердің кеңесі арқылы пайымдаса, Рамазан оразасын ұстамай-ақ қоюына болады. Алайда, кейін ұстамаған әрбір күндерінің қазасын өтейді. Фидия берудің қажеті жоқ. Алла елшісі (с.а.с.) : *«Алла Тағала жүкті әйелдер мен бала емізетін әйелдерді ораза ұстаудан босатқан»* (Термизи, Сауым, 715.) деген.

Бесіншісі, ауыр жұмыста жүрген адамның ораза ұстау мәселесі. Ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы Ибн Абидин рамазан айында ауыр жұмыс істеп жүріп, ораза ұстауы өміріне яки денсаулығына қауіпті екені (дәрігердің кеңесі керек) айтылса, өзін және отбасын асырау мақсатында ораза тұтпауға болатыны айтылады. Алайда, мүмкіндігі болған уақытта қазасын өтейді. Қазасын өтеуге мүмкіндігі болмаса, підия (әр күні үшін бір міскінді тамақтандырады) береді. Кәффарат міндет емес. Рамазан оразасын ұстау да, отбасын асырау да – парыз. Бір-біріне қарама-қайшы емес. Екеуінің бірін ғана орындауға шамасы келетін кісінің тіршілігін сақтап қалуы үшін жұмыс істеуі маңызды делінеді [45, 3/226-234 бб.].

Ескерту: Ауыр жұмыстағы адам Рамазан айында жеңілірек жұмыс істеуге немесе жұмысын тоқтата тұруға мүмкіндігі болып, отбасылық өміріне тікелей қиындық келмейтін болса, оразасын ұстамай қоюына болмайды.

Кімде-кім Рамазан айында ешқандай бір себепсіз оразасын бұзса, оның кәффаратын төлейді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): *«Кімде-кім Рамазанда оразасын бұзса, оған зиһар жасаған адамға тиісті (кәффа-рат) жүктеледі»* деген. Яғни, зиһардың кәффаратының өлшемі «Мұжадала» сүресі, 1-4 аятында, бір құл азат ету, егер оған шамасы келмесе, екі ай үзбей ораза ұстау, егер оған да шамасы жетпесе, онда ал-пыс кедейді тамақтандыру керектігі айтылады. Бұл тек Рамазан оразасына ғана қатысты. Рамазан оразасынан тыс оразаларды бұзған адам тек қазасын өтейді.

Оразаның өзге ғибадаттардан қандай ерекшелігі бар?

Хадисте: *«...Алла Тағала: «Ораза Мен үшін ұсталды. Оның сауабын Өзім беремін», - деді»* (Бухари, Саум, 2) делінеді.

Әуелі, Алла Тағаланың разылығы мұрат етілген әрбір ісіміз ғибадат-құлшылық санатына жататынын білгеніміз жөн. Ораза құлшылығындағы құпия сырдың мәні де осында деуге болады. Немесе ораза құлшылығына берілетін сауап Аллаға ғана мәлім. Одан періштелер де бейхабар. Өйткені, ораза – риясыз ғибадат. Адам өзге ғибадаттарын халықтың көз алдында жасағандықтан, өзгелердің әңгіме етіп, «Пәленше тақуа екен, құлшылығына берік екен...» деген сынды мақтаулар адамды желпіндіріп, өзін керемет сезіндіруі мүмкін. Міне, бұл адам баласының осал тұсы. Ібіліс шайтан да мұндай сәтте қарап қалмасы ақиқат. Ораза ғибадаты болса, Ібіліс шайтанның азғыруына төтеп беру үшін риясыз жасалатын бірден-бір құлшылық деуге болады. Өйткені, оразаны кім қалай ұстап жүр, ол жағы Жаратушы Хақ пен құл арасындағы құпия сыр ғана.

Екіншісі, адам баласы бұл дүниеде қанша көп сауапты іс істеседе, Алланың шексіз нығметтерінің қарымтасын қайтара алмақ емес. Алланың рахымына мұқтаж. Сол себепті, Алла Тағала: *«Оразаның сауабын Өзім берем»* деп, құлына деген рахымының шексіздігін оның риясыз ғибадат етумен байланыстырды деуге болады. Күннің ұзақтығына, ыстықтығына қарамай Алла разылығы деп оразасын ұстағн жандардан сүйіншіленген сол риясыздықты көруге болады.

Үшіншісі, Алла Тағаланың: *«Оразаның сауабын Өзім берем»* деген сөзінен кез-келген адам Жаратушысына жақындығын сезеді. Оған ғана ғибадат етуге ынтасы арта

түседі. Өзінің оразалы болуын тіршілікпен астасқан ғибадатта болуым деп ұғады. Сөйтіп, күні бойы жұмысын істей жүріп, оразасын кешке дейін аман-есен аяқтағаны үшін қуанады. Әрі ұстаған оразасын қияметте Жаратушысының дидәрін көруге апарар бірден-бір себеп деп біледі. Себебі, бір хадисте: *«Ораза ұстаған адамның екі қуанышы бар. Бірі ауыз ашқан кезі. Екіншісі, қияметте Алланың дидәрін көрген сәті»* (Бухари, Саум, 2) делінеді. Яғни, Алла Тағаланың дидәрін көру мәртебесі ораза ұстаған адамға тиесілі етіліп тұр.

Төртіншісі, Алла разылығы үшін ораза ұстаған адам, бойындағы нәпсісінің құмарлық сезімін әлсіретіп, өзін сабырлыққа тәрбиелейді. Осы сәтте адам бойындағы рухани күші, ар-ожданы басым орынға шығады. Әрі сәресіден кешке дейін ораза ұстап, аш жүрген адам бір тойып жейтін тамаққа зәру жандардың да хәлін түсініп, оларға деген жанашырлық сезімі ояна бастайды. Бұл қоғамдағы байлар мен кедейлер арасында өзара бауырмалдық қалыптастырып, бақытты өмір сүруге серпін беретін игілікті істердің молынан атқарылуына жол ашады.

Ораза – күнделікті күйбең тіршілік қойнауынан бүр жарып шыққан риясыз құлшылық дедік. Сол сияқты, өзге құлшылықтар да терең сенімнен қуат алып, риясыз жасалса оларға да есепсіз сауаптың берілері хақ. Ондай құлшылықтардың барлығы Алла мен құл арасындағы құпия сыр сандығы тәрізді. Негізінде, парыз құлшылықтардың қабыл болуы үшін таза ниет, ықылас шарт етіліп, бүкіл ғибадаттар Алла разылығы үшін жасалуы керектігі міндеттеледі.

Тағы айта кететін мәселе, Рамазан айында әлде кімнің, *«Мен оразамын»* деп жауапты ісіне селқостық танытып, жақын-туысқандарға қолғабыс тигізбеуі, көбірек Құран оқып, уақытты тиімді пайдаланудың орнына артық ұйықы немесе теледидардан футбол көру сияқты алданыш нәрселермен шұғылдануы қасиетті айдық қадіріне жетпегендік. Немесе мұны шайтан Ібілістің: *«Сен ыстыққа төзіп ораза ұстап жүрсің, ұйықта, теледидар көре бер»* деп азғыруы екенін ұққанымыз жөн. Себебі, Алла елшісі (с.а.с): *«Кімде-кім сөзі мен ісінде жалғандықтан (алданыштан) тазармаса, Алла үшін деп ішіп-жеуден тыйылудың бір пайдасы жоқ»* (Бұхари, 1804 х.), – деген.

Ескерту: Рамазан айында уақытының көбін ұйқы немесе теледидар қарау сынды істермен өткізген кісінің оразасы қабыл болмайды деуден аулақпыз. Айтпақ болғанымыз, оразаның сауабын кемітіп алудан немесе қабыл болмай қалуынан сақ болу керектігін ескерту.

«Рамазан» айы не үшін Құран айы делінген?

Алла Тағала: **«Рамазан айы – адамзатты тура жолға бастаушы, ақиқат пен жалғанның ара-жігін ажырататын дәлелдерді қамтыған қасиетті Құран түсе бастаған ерекше ай...»** («Бақара» сүресі, 185-аят) деген.

Рамазан айы –Құран айы, руханият айы, зекет және пітір садақасы берілетін қайырымдылық айы деген сынды атаулары бар. Бұл айда адамдар ақ пен қараны ажыратып, Жаратушы иесі Аллаға кемел түрде бойынулары үшін Құран түскен берекелі ай. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) Құран негізінен толығымен түсіп болған кезде, яғни, өміріндегі соңғы Рамазан айында қасиетті Құранды Жибрәйілмен (а.с.) бірге басынан соңына дейін екі рет хатым еткен (толық оқыған) еді.

Құран – соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) ең ұлы мұғжизасы. Ол – күллі адам баласына мұра етіліп қалдырылған қасиетті кітап. Оның ең алғашқы аяты, «Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен (оқы)!...» («Әлақ» сүресі, 1-аят) делініп әмір түрінде келген. Осы бір Иләһи әмірдің орындалуын екі негізде түсінуге болады.

Әуелгісі, адам Құранды түсінбесе де шамасы келгенше арабшасынан оқуы. Бір хадисте: *«Кімде-кім Алланың кітабынан (Құраннан) бір әріп оқитын болса, оған бір жақсылық жазылады. Ал әрбір жақсылық он еселенеді. Мен әлиф, ләм, мимді (бәрін қосып) бір әріп демеймін, әлиф – жеке әріп, ләм – жеке әріп, мим – жеке бір әріп. (Әрқайсысына жеке сауап жазылады)»* делінген (Тирмизи). Яғни, адам ықыласына сай Рамазан айында оқыған Құранының әрбір әрпіне он еседен сансыз еселенген сауап алады. Бұл айда жақсы ниетпен жасалған әрбір игі іс үшін шексіз сауап беретіндігі өзге хадистерде де білдіріледі. Сонымен қатар, Ислам үмметінің Рамазан айының тарауых намазында Құран хатым етуді дәстүрге айналдыруы хатым сауабынан Құранды оқыған адам мен Оны тындаған адам бірдей сауап алатындығын көрсетеді.

Екіншісі, Кейбіреулер Құранды арабшасынан оқи алмағандықтан сауапты үміт ете отырып, қазақша яки орысша аудармасынан оқуы немесе Құранды түсіну, оның талаптарына лайық өмір сүру мақсатында өзге де кітаптарды (тәфсір, хадис, ақида, фықһ және т.б.) оқиды. Бұл адамдар да Құран оқығанның сауабын алады. Неге десеніз, әркім Құранның өзін оқып, ішіндегі терең мағыналарын жете түсініп кете алмайтыны белгілі. Міне, осы тұрғыдан Құран бізге пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистерімен, әр ғасырда жазылған том-том діни еңбектер арқылы түсіндіріліп келді. Сол себепті, күні бойы Құранды түсінбей оқи бергеннен гөрі, бір аят оқысаңыз да соның мәнін ұғуға тырысу өте маңызды. Оқыған сол бір аятыңыз сізге қандай бағыт-бағдар көрсетуде, сізден күтілген нәрсе не? деген сұрақтарды өзіңізге қоя отырып, оқығаныңызды түсіну дінімізде ең маңызды іс болып табылады. Тіпті, Рамазан айының Құран айы деп аталуының мәні Құранның мәнін түсіну болса керек.

Алла елшісі (с.а.с.) бір хадисінде: *«Сендердің ең жақсыларың – Құранды үйреніп және оны басқаларға үйреткендерің»*, - деген. Бұл хадиске негізделі отырып, жоғарыдағы ойымызды мына бір маңызды мәселемен толықтыруға болады. Бүгінгі мұсылман әлемінің ғылым-технологияда артта қалып, өзара алауыздыққа түсу себепті, күшін әлсіретуін Құранның мәнін түсінбеуден туындап отыр деуге болады. Кешегі

атынан ат үркетін алып елдердің халқы бүгінде босқынға айналып үлгерді. Әрине, мұның басты себебі мұсылмандар үшін Рамазан айы неге қастерлі? Бұл ай не үшін Құран айы деп аталды? деген сынды сұрақтарға толық қанды жауап іздестірмеудің қасіреті болса керек. Егер бұл айда қасиетті Құранның мәніне өзгеше бір үніліп, сол руханиятпен келесі Рамазан айына дейін Құран кәрімді зерттеп, зерделеу ісі қолға алынар болса, екі әлемде де мәртебеміз асқақ болары анық.

«Қадір түні» қай түні болады?

Рамазан айының қадір түні құпия, сыр ретінде білдірілмеген делінеді. Қадір түні рамазан айының 21, 23, 25 және 27 күндері болатындығы жайлы Пайғамбарымыздан (с.а.с) жеткен түрлі риуаяттар бар. Әбу Сағид әл-Хұдри Пайғамбарымыздың (с.ғ.с): *«Сендер оны (қадір түнді) соңғы он күннің тақ күндерінен іздеңдер»* деп әрбір тақ күннің қадір түні болуы мүмкін екендігін айтады. Алайда, бұл айдың 27-сін қадір түні ретінде ерекше атап өту көптеген мұсылман елдерінде дәстүрге айналғанын көреміз. Осыған байланысты қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Көпшілік ғұламалар, бұл қасиетті түн рамазан айының 27-ші түні деп қарастырады. Бұл түн жайлы Мұхаммед ибн Кәғб әл-Қарзи Ибн Аббастан жеткізген риуаятта: *«Омар ибн Хаттаб (р.ғ) бір топ мүһәжир сахабалармен болған бір отырыста әңгіме қадір түні туралы болды. Әркім білгендерін айтып жатты. Бірде Омар: «Уа, Ибн Аббас! Неге сөйлемей отырсың? Қанеки сен бұл түн жәйлі не айтасың?», - деді. Мен: «Уа, мүміндердің басшысы! Ақиқатында Алла дара, тақ. Тақты (санды) жақсы көреді. Дүниеніңкүндері (санауы) жеті санда айналады. Ризығымыз жеті нәрседен тұрады. Адам баласының жаратылуы жеті сатыдан өтеді. Төбемізде жеті қат аспан, астымызда жеті қат жерді жаратты. Қайталанып оқылатын жеті аятты (фәтиха сүресін) берді. Өзінің Кітабында жеті түрлі жақын туысқандарға некелесуден тыйды. Өз Кітабында мирасты (мұра) жеті түрлі адамға бөлді. Сәждеде жеті мүшемізді жерге тигізді. Алла елшісі (с.ғ.с) Қағбаны жеті рет тауап етті, Сафа мен Маруа арасына жеті рет жүгірді және шайтандарға жеті рет тас атты. Сол себепті, қадір түні Рамазан айының соңғы күндерінің жетіншісі деп білемін», - дедім. Омар (р.а.) таңғалыспен: «Маған бұл жас баланың көзқарасы ғана сәйкес келді», – деді» [46, 1/236 б.] делінген.*

Ал, Ханафи мәзһабының белді ғалымы, имам Әбу Бәкір әл-Жассас болса: *«... Бұл хабарлар бәрі сахих саналады. Қадір түні бір жылы рамазан айының соңғы он күнінде кездессе, басқа бір жылы ортанғы он күнінде немесе алғашқы он күнінде болады. Тіпті, жылдың рамазан айынан басқа белгісіз бір түндерінде де болады... Сол себепті, біздің асхабымыз (Ханафи мәзһабының ғалымдары): «Бір адам әйеліне: Сен қадір түні талақсың» десе, бір жыл толық өтпейінше әйелі талақ болмайды. Өйткені, қадір түннің нақты бір уақыты белгілі болмағандықтан күмән бар. Күмән бар жағдайда талақ түспейді. Бір жыл толық өтуімен күмән кетеді, талақ түседі» [19, 3/640-641 бб.] – деп әрбір түнді қадір түніндей қадірлей білу керектігін ескертеді. Әрбір иманды жанның мән беруге тиісті ісі де осы болса керек!*

«Қажылық» туралы аяттың тәпсірі

{قَالَ تَعَالَى: {وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا

Алла Тағала: «Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Алла үшін **Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз**» («Әл-Ғимран» сүресі, 97-аят) деген.

Араб тіліндегі «Хаж» сөзі қасиетті мекенді зиярат ету мағынасын білдіреді. Ал терминологияда, арнайы уақытта қажылық ғибадаты ниетімен Қағбаны тауап ету және басқа да амалдарын орындау арқылы атқарыла-тын құлшылықтың бір түрі.

Ислам ғұламалары, қажылық ғибадатының парыздығын білдіретін аят, хадистерге негізделіп отырып, балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс және қажылық ғибадатын өтеуге шамасы жететін әрбір мұсылманға ғұмырында бір рет қажылық жасаудың парыз екендігіне бір ауыздан келіскен. Қажылықтың парыздығын мойындамаған адам діннен шығады. Ал, қажылық жасауға шамасы келе тұра, қажылық ғибадатын кешіктірген адам күнәкар болады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Қажылықты орындауда асығыңыздар! Өйткені, сендердің ешқайсыларың өлімнің қай уақытта келіп жететінін білмейсіңдер»* (Әбу Дәуд, Мәнәсиқ,5) – деген.

Қажылық ғибадаты ихрамға (қажылық киімін киіп, ниет етумен) кі-румен басталып, қажылықтың парызы саналатын Арафат тауында тұру және зиярат тауабын немесе «ифада» тауабын орындаумен негізгі міндеті орындалады. Бұл екеуінің бірін орындамаған адам қажылық парызын өтеген есептелмейді.

Қажылық – таухид (Жаратушыны бірлеу) сенімінің рәмізі және мұсылманшылық береке-бірліктің нышаны. Төрткул дүниедегі әр тілде сөйлейтін, әр түсті және бай мен кедейден құралған миллиондаған халықтың бірдей аппақ ихрамға оранып Қағбаны тауап етулері, мұсылман жұртшылығының сенімі мен бірлігін нықтай түспек. Міне, осындай терең түсінік, ықыласпен орындалған қажылық ғибадаты адам баласын күнәдан құлан таза тазарып, екі дүние бақытына қауыштырады.

Имам Матуриди, жоғарыдағы «Әл-Ғимран» сүресі, 97-аятының тәпсірінде: «Алла Тағала бұл аятпен қажылықты парыз етті. Бірақ, қажылық жасауға шамасы жететін кім екендігін баяндамады. Алла елшісінен (с.а.с.) аяттағы: «Иститаға» (шамасы жету) және «сәбил» (жол) сөзі туралы сұралғанда: *«Әз-зад (тамақ, қаражат) және рахила (көлік)»* деп жауап береді (Термизи, 813). Біздің ғалымдарымыз да, Алла елшісінен (с.а.с.) жеткен риуаят негізінде түсіндіреді. Кейбіреулер аяттың заһири (сыртқы) мағынасына көңіл бөліп, «қажылық пен қажылық жасайтын адам арасында теңіз болса, ондай адамға қажылық парыз емес», - дейді. Ал, біз қажылық жасауға теңіз сияқты кедергілерді үзіп ретінде қарастыра отырып, ол адам күнәлі болмайды әрі парыздық мойнынан түспейді дейміз. Сондай-ақ, әйел адамның қаражаты мен және көлігі болғанына қарамастан, оны көлікке мінгізіп, түсіріп жүретін махрам адамның (некелесу харам болған туысы немесе күйеуі) болуы шарт. Сол себепті, махрамы жоқ әйел көлігі жоқ адам тәрізді. Бұл әйелдерге тән ғұрып (яғни, сол заманғы жағдай) болып табылады. Сонымен қатар, бірде бір кісі Алла елшісіне (с.а.с.) келіп былай деді: *«Уа, Алланың елшісі! Менің әкеме қажы-лық ғибадаты парыз болды. Бірақ, қажылық*

жасауға шамасы жоқ. Оның орнына қажылыққа барсам бола ма?», - деді.

– Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Оның біреуге қарызы болса өтейтін бе едің?», - деді.

– «Иә, өтеймін», – дедім.

– Олай болса, Алла Тағала әкеңнің қажылығын өтеуіңе ең лайықты зат» (Бұхари, Хаж,1). Біздің ғұламаларымыз, қажылық парыз болған біреу қажылығын өтеуге шамасы келе тұрып кешіктірсе (қартайса немесе ауру болып қалса), қажылық парызы мойнынан түспейді. Өкілдікке адам жіберіп болса да өтеуі тиіс. Негізінде, қажылық ғибадатын өтеуге шамасы келген адам, оны өзге намаз, ораза және басқа ғибадаттар сияқты кешіктірмей, бірден өтеуі керек» [25, 2/365-368 бб.] деген.

Имам Матуриди, аятты түсіндіру барысында екі-үш мәселеге тоқталып, кең түсінікпен қарауға шақырады. Мәселенің әуелгісі, «кейбіреулер аяттың заһири (сыртқы) мағынасына көңіл бөліп, «қажылық пен қажылық жасайтын адам арасында теңіз болса, ондай адамға қажылық парыз емес» деген көзқарасын сынға алып, мұндай кедергілерді үзір ретінде қарастырады. Сондай-ақ, бүгінгі техникалық қатынастар дамыған дәуірде қажылық жасағысы келген адам үшін теңіз немесе т.б. жол қиындығының жоқтығы белгілі. Әркім әуе жолы арқылы қалаған еліне барып, келе алады. Екіншісі, «махрам адамның болуы әйелдерге тән ғұрып...», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Әйел адам өзімен бірге махра-мы болмаса, үш күннен артық сапар шеге алмайды» деп, әйел адамның жалғыз сапарға шығуына рұқсат етпей, қажылыққа әйелмен бірге баратын күйеуі немесе махрам туыстарынан біреуі болуы керектігін айтады. Алайда, Шафиғи мәзһабында әйел адамның қасында бірнеше тақуа әйел-дер болса, махрамсыз қажылық жасай алады деген. Бірақ, оның тек парыз қажылықта екенін баса ескерткен [37, 580 б.]. Қазіргі таңда қажылық компаниялары, әйел адамдардың бірінғай бөлек жүруі, бөлек қонақ үйде жатуы сынды заманауи шешімін тауып, бұл мәселенің де бір жақтылы шешімін тапқанын көреміз. Үшіншісі, қажылықтағы өкілдік мәселесі. Біреу қажылық ғибадаты мойнына парыз бола тұра бұл дүниеден парызын өтемей кеткен болса, қажылық парызы мойнынан түспейді. Ол адам тірі кезінде біреуге өсиет еткен болса, өсиеті орындалады. Ал, ешкімге өсиет етпеген болса, артында қалған туысқандарына өкіл ретінде басқа біреуді жіберуі міндет емес. Жіберген жағдайда да сол адам атынан жасалған нәпіл қажылық болады, парыздық міндеті түспейді.

Парыз қажылықты қайта-қайта өтеу шарт ба?

Қажылық – Ислам дінінің бес парызының бірі. Оны мүмкіндігі болған адам өмірінде бір рет орындауы парыз. Қасиетті Құранның мына бір аятында: «Адамдарға **«Қажылыққа келіндер»**, – деп жар сал. Олар саған мейлі жаяу-жалпылы, мейлітүйелерге мініп болса да дүниенің түкпір-түкпірінен келсін» («Хаж» сүресі, 27-аят) делінсе, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Ислам діні бес негізден тұрады: Алладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед (с.а.с) Оның елшісі екендігіне куәлік ету, намаз оқу, зе-кет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажылыққа бару» (Мүслим, иман, 21) деген. Яғни, бұл аят, хадистерден шамасы жеткен адамның өмірінде

бір рет қажылық жасауы парыз екендігін ұғамыз. Ал, екінші рет жасаған қажылығы нәпіл қажылық болып саналады.

Қажылық міндетін өтеу әрбір мұсылманның арманы. Тіпті, бір рет қажылық жасаған адам қасиетті Қағбаға тағы да баруды көксеп тұратыны сөзсіз. Алайда, құлшылықтағы мақсат Алланың разылығы болғандықтан, қолында қаражаты бар адам тағы да қажылық жасасам деген ынтызарлық, сол қасиетті жерге болған сағынышын басты мұратына айналдыруға болмайды. Адам қолындағы қаражатын, мүмкіндігін Алланың берген аманаты деп білу, сол негізде құлшылық-ғибадат өтелу керек. Әрине, бұл адамның нәпсісіне жақпауы мүмкін. Өйткені, қайта-қайта қажылық жасап елдің қошаметіне бөлену, ел қатарлы Меккеде болып қайту өз алдына бір тартымды іс. Алайда, бір рет қажылыққа барып, парыз міндетін өтеген адам үшін өзге де кезекте тұрған парыз құлшылықтарды әуелі орындау міндет екенін естен шығармаған жөн. Яғни, екінші рет қажылыққа бару – нәпіл амал (еркіті амал). Жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю – парыз айн (әркім қолынан келгенше орындауы тиіс парыз) амал. Бұл екі ғибадат қатар келсе, екіншісінің үкімі парыз әрі сауабы мол болғандықтан әуелі парыз орындалады. Мұсылман адам нәпіл қажылық ғибадатын орындағаннан гөрі сол қаражатын Хақ Исламды насихаттау жолына жұмсау керек. Сондай-ақ, әлем мұсылмандары үшін мерекелі де, берекелі Құрбан айт күндерін өзгелердің Хақты танып, тура жолға түсуі үшін бір мүмкіндік ретінде тиімді пайдалануға болады. Мысалы: нәпіл қажылық үшін дайындаған қаражатына Ислам дінін көркейту жолына жұмсау, құрбан шалып экономикалық жағдайы төмен адамдарға, ағайын-туыстарына және өзге дін өкілдеріне де тарату арқылы олардың көңілдерін жібіту, Ислам дініне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, т.б. игі шараларды істеуі жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю ісіне, яғни, мұсылмандық парыз міндеті болып табылады.

Мұсылман – екінші күні әуелгі күніне ұқсамаған жан. Әрдайым Алла разылығын мұрат ете отырып, Жаратушы Хақты таныту, адамдарды Ислам құндылықтарынан хабардар қылу идеалымен өзгелердің иманға келуіне себепкер болудан, көптің қызметіне жараудан бағалы игі іс жоқ. Ал, жеке мүддесін өзгелердің бақытынан жоғары қою таза мұсылмандыққа жатпайды. Сол себепті, қайта-қайта қажылыққа барудың орнына қолындағы сол қаражатын дін насихаты жолына сарп еткені жөн.

Әдет-ғұрып төреші

قال تعالى: {خُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ}

Алла Тағала: «**Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал**» (Ағраф сүресі, 199-аят) – деген.

Бүкіл мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да әдет-ғұрыптары мен тарихы, мәдениеті мен әдебиеті ислам дінімен тығыз байланысады. Ислам діні қазақ халқының дүниетанымы мен тыныс-тіршілігі ретінде қазақ даласында кеңінен тарады. Тарих парақшаларына көз салар болсақ, көнеден келе жатқан тәңіршілдік, иудаизм мен христиандық, буддизм мен зороастризмдік діндердің әсерінде сіңген әдет-ғұрыптар ислам діні әкелген ұлы өркениет ағысына тоғытылып, өз ықпалдарын жоғалтты. Қазақ халқының рухани философиялық дүниетанымы, мақал-мәтелдері, эстетикалық әдет-ғұрыптарының негізі Құран және сүннет тағылымыясында қалыптасты. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлттық рухани болмысы мен философиялық дүниетанымының өзегін ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары құрайтынын ескерер болсақ, Ислам діні халқымыздың ғұмырнамасының бағдары екендігін көреміз.

Әдет – қайталану, жалғасын табу мағынасын берсе, **ғұрып** – таным, түсінік мағынасын білдіреді. Яғни, әдет сөзі де, ғұрып сөзі де араб тілінен қазақ тіліне енген діни атаулар. Ал, терминдік анықтамасына келер болсақ, имам Жүржәни, Ғаззали сынды ғалымдар: «Ғұрып – ол, адамдардың ақыл-парасатының құптауымен көңілдерге орныққан, таза табиғат тарапынан құпталған іс» [47, 2/104 б.] деген.

Әдет-ғұрыптың анықтамасы, діни дәлелдері, түрлері, шарттары мен шарифаттағы мән-маңызы секілді тақырыптар және оның дәлелдік қуаттылығына қатысты ең алғаш ауқымды еңбек жазған Ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы – Ибн Абидин (1783/1836). Ол өзінің «Мажмуғату әр-рәсаил Ибн Абидин» атты трактаттар жинағында «Нәшру әл-ғұрып» деген атаумен ғұрып тақырыбына ауқымды орын берген [48, 53 б.].

Ислам ғұламалары әдет-ғұрыпты Ислам құқықтық методологиясының дәлелдік негіздерінің бірі ретінде белгілеуде әуелі аталмыш Құран аяты мен хадистерге сүйенеді. Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен хадисте: «*Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында да жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың құзырында да ұнамсыз*» [31, 101 б.] – деген.

Ислам дінінде құқықтық мәселелерге қатысты жалпы бес қағида бар. Бұл бес қағида бүкіл ислам ғұламалары тарапынан бір ауыздан мақұлданылған дәлелдік күшке ие. Сол бес қағиданың бірі: «**Әдет-ғұрып – төреші**» деген қағида. Яғни, Құран, сүннет және ижмағ (ислам ғұламаларының бір мәселеге келісуі) мәселелеріне тыс нақтылы дәлелі болмаған кейбір мәселелерде адамдар арасында қалыптасқан әдет-ғұрыпқа жүгініп, солнегізінде үкім шығарылады.

Фикһ ғұламалары әдет-ғұрыптың шарифатта дәлел саналуы үшін бірнеше шартын белгілеген. Олардың негізгілерін атап көрсетер болсақ, Құран, сүннет және мұсылман ғұламаларының ортақ ұйғарымдарына кереғар келмеуі тиіс. Мысалы: әуелі, бір елде кең етек алған өсім беру, құмар ойыны, арақ ішу сынды әдеттер Ислам дінінде тыйым

салынады. Бұлар Ислам шариғатында «бұрыс» әдет-ғұрып саналып, шарғи дәлелдік күші бар әдет-ғұрыпқа жатпайды.

Әбу Һурайрадан жеткен өсім туралы бір хадисте: *«Алтын алтынға, күміс күміске, бидай бидайға, арпа арпаға, құрма құрмаға және жүзім жүзімге тең болып, қолма-қол есеп айырысу шартымен қалай саудаласуларың өз еріктеріңде»* – деген.

Ханафи мәзһабы бойынша, бұл хадистен екі түрлі үкім шағады.

1. Бір халықтың арасындағы өсім беру, өсім алу әдетке айналған болса, ол насқа қайшы келгендіктен жарамсыз.

2. Бұрынғы кезде арпа, бидәйді дағар, қалтамен өлшейтін болса, ал қазіргі күнімізде таразыға салып килограмм немесе тонналап сату әдеті қалыптасты. Адамдар арасындағы заттарды өлшеп сатудағы әдет-ғұрыптың бұл түрінің өзгеруі шариғатқа қайшы емес. Алайда, шариғат саудаға қандайда бір жолмен болсын өсім араластыруға рұхсат етпейді [49, 175 б.].

Халық арасында: *«Дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар»* деген мәтел де қазақ халқының дүниетанымында шариғат тыйым салған күнәлі істерді әдет-ғұрып қатарына жатқызуға болатынын ұқтырса керек.

Екіншісі, әдет-ғұрып үкім шығарылған уақытта халық арасында кең қолданылатын болуы тиіс. Тарихта болып, кейіннен жойылған әдет-ғұрып шариғатта дәлел болып саналмайды. Әрі жекелей адамдар арасындағы әдет-ғұрыпта заңдылық күші жоқ. Фикһ ғұламалары әр заманға сай қалыптасқан әдет-ғұрып негізінде кейбір тармақ мәселелердің де үкімдері өзгеріп отыратындығын айтқан [47, 2/120-122 бб.].

Ғұрып – Ислам құқықтық методологиясының дәлелдік негіздерінің бірі болуымен қатар, Ханафи және Мәлики мәзһабы ғұрыптың дәлелдігін өзге мәзһабтарға карағанда өте кеңінен қарастырады. Ханафи мәзһабы бойынша, Құран кәрімнің әрбір аятынан үкім шығаруда адамзат өмірімен тығыз байланыстыра отырып, құлшылық, қоғамдық сауда-саттық, отбасы және ант ішу сияқты мәселелерде де бір халықтың әдет-ғұрыптық түсінігін ескерусіз қалдырмайды. Содан бірер мысалдар бере кетелік.

Құлшылық: Қасиетті Құранда: *«Таза топыраққа тәяммүм соғындар»* (Мәйда сүресі, 6-аят) аятындағы «Сағид» сөзін Ханафи мәзһабының ғалымдары адамдардың әдет-ғұрыптары негізінде жер құрамына жататын топырақ, құм, әк және сүрме сияқты барлық таза нәрсені жатқызады. Сөйтіп, топырақ жынысына жататын барлық таза нәрсеге тәяммүм соғуға болатынын айтады. Ал Шәфиғи мәзһабының ғалымдары «Сағид» сөзінің тілдік мағынасы негізінде тек өсіру күшіне ие болған топыраққа ғана тәяммүм соғылатынын айтады [47, 2/110 б.].

Пітір садақасының құнын беру: Ханафи бойынша, зекет, пітір, кәффарат, ұшыр (егіндіктің зекеті), хараж (салық) және нәзір еткен ісіне қатысты мал-мүліктің құнын беру дұрыс. Мәлики, Шафиғи және Ханбали мәзһабтарының көзқарасында шариғатта белгіленген қандайда бір мал-мүліктің өзі берілуі керек. Сол мал-мүліктің құнын беру дұрыс емес. Бұл мәзһабтар, *«Қырық қойдан бір қой зекет беріледі»* деген хадисте белгіленген малдың өзін бермей, құнын беру кедейдің ақысына қиянат жасау болып табылады деп біледі. Ханафи мәзһабы бойынша, Бұхари жеткізген Мұғаздың Ямандықтарға: *«Маған арпа, жүгеріден беретін зекеттеріңнің орнына өздеріңе ыңғайлы, Алла елшісінің (с.ғ.с) сахабалары үшін хайырлы киім-кешек алып келіңдер»*

деген хадисін дәлел қылады [34, 2/107 б.]. Яғни, Ханафи мәзһабы үкім беруде бір халықтың ұстанымы мен қажеттілігін ескере отырып, шариғат мәнісін сол негізде атқаруды жөн көрген.

Сауда-саттық: Ханафилер бойынша, сауда-саттық мәселесінде саудаласып жатқан заттың түр-түсі мен сипаты нақты білінуі тиіс. Әрі сатушы – «саттым», ал алушы – «алдым» деп айтуы шарт. Алайда, бір халықтың арасында сауда кезінде сатушы – «саттым», ал алушы – «алдым» сөздерін айтбай-ақ, заттың ақшасын беріп, затты алып кете беру әдетке айналған болса, сол сатылған зат арзан зат болсын немесе қымбат зат болсын саудалары дұрыс болады. Ислам шариғаты әдет-ғұрып негізінде түсіністікпен іске асқан сауданың бұл түрінеде рұхсат береді [34, 3/204 б.].

Ислам шариғаты саудагердің қолында болмаған тауарды біреуге сатуға рұхсат етпейді. Өйткені, қолда болмаған тауардың келешекте келісім шартқа сай сатушының қолында болатындығына кепілдік жоқ. Алайда, халық арасында әдетке айналған «сәләм» яғни, бір затқа тапсырыс беру арқылы сауда істеу әдет-ғұрпы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) заманында да кеңінен тараған еді. Ибн Аббастан жеткен риуаятта: Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Мәдинаға келген уақытта адамдар құрмаға бір жыл, екі жыл, тіпті, үш жыл бұрын тапсырыс беріп қоятын. Сонда ол (с.ғ.с): *«Кімде-кім құрмаға алдын-ала тапсырыс беретін болса, белгілі уақытқа дейін нақты салмақ, өлшеммен тапсырыс берсін»* [12, 1604 х.] – деген. Ислам сауданың бұл түріне де рұхсат беруі шариғаттың бір жеңілдігі деп ұғу керек.

Ханафи мәзһабы бойынша, сауданың бұл түріне қазіргі күнімізде халық арасында кеңінен тараған азық-түлікке, киім-кешектерге, әртүрлі техникалық жабдықтарға тапсырыс беру үрдістері де жатады [34, 3/283 б.]. Яғни, жоғарыда айтқанымыздай қолда болмаған тауардың ертеңгі күні қолда болуына кепілдік жоқ. Сондықтан, істестік жасасқан адамдар арасында түсініспеушілік немесе бір тараптың зиян тартпауы үшін сауда-саттық келісімдер сенімділігі бар органдардың араласуымен іске асырылуы қажет.

Бала-шағаның нәпақасы: Исламда отбасындағы балалар мен нәзік жанды әйелдің күнделікті қажеттілігі отағасының мойнындағы міндет. Алайда, қасиетті Құранда: «Бала емізетін аналарды ас-ауқат және киім-кешекпен шариғатқа һәм дәстүрге сай лайықты түрде қамтамасыз ету баланың әкесінің міндеті. Ешкімге шамасынан тыс міндет жүктелмейді» (Бақара сүресі, 233-аят), «Бай жағдайына қарай, кедей де шамасына қарай шариғат және дәстүрге сай лайықты дүниесін беріп асырасын. Бұл ізгі жандардың мойнындағы борыш» (Бақара сүресі, 236-аят) деп, бала-шағаның нәпақасының мөлшері нақты айтылмағандықтан, жергілікті мұсылман халықтың әдет-ғұрпы есепке алынады. Әбу Бәкір әл-Жассас «Ахкәм әл-Құран» атты еңбегінде: «Аяттағы «әл-Мәғруф» сөзі ас-ауқат және киім-кешекпен қамтамасыз етуде отағасының хәл-жағдайы негізге алынады. Шамасы жетпеген міндетті ер адамның мойнына артып қою дұрыс емес. Алла тағала: «Алла ешбір жанға шамасынан тыс міндет жүктемейді». Егер де әйелі өзі секілді әйелдерге берілетін нәпақадан көбірек талап етсе, оның сұрағаны берілмейді. Сол секілді отағасы да өзінің әйелі сияқты әйелдерге берілетін нәпақадан аз мөлшерде беруі дұрыс емес. Жергілікті әдет-ғұрыпқа сай оған тиесілі нәпақасын беруге міндетті» [19, 1/489 б.] деген. Яғни, Ислам шариғаты

отбасы нәпақасын ер азаматтың мойнына жүктегенімен, мөлшерін әр халықтың әдет-ғұрпына қалдырған.

Түнде тағамның бетін ашық қалдырмау: Халқымызда түнде тағамның бетін ашық қалдырмау дәстүрі кеңінен тараған. Аналарымыз ыдыстың бетін жабатын қақпағы болмай қалған жағдайда бетіне «Бисмиллә» деп жіңішке ағаш сикты нәрсені болса да көлденең қоятын еді.

Жәбир (р.а) жеткізген хадисте Алла елшісі (с.ғ.с): *«Ыдыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар, есіктеріңді (түнде) ашық қалдырмаңдар және шырақтарыңды сүндіріңдер. Ақиқатында, шайтанға сусын беру, оған есіктерді ашу және ыдыстарды ашық (алдына тамақ жәйіп қою) қалдыру халал емес. Біреулерің ыдыстың бетін жабатын нәрсе таба алмаса, «Бисмиллә» деп ыдыстың бетіне көлденең бір нәрсені қойсын...»* [12, 1277 б.] десе, тағы бір хадисте: *«Ыдыстарыңның бетін жабыңдар. Расында, бір жыл ішінде оба ауыруы жүретін бір түн бар. Бұл оба ауыруы тек ашық ыдыстағы тағамдарға түседі»* [12, 1279 б.] – деген.

Хадистерде түнде тағамның бетін ашық қалдырудың екі түрлі кесірі баяндалады. Әуелі: лағынеті шайтанды адал асқа араластырмау. Екіншісі: жылдың бір түнінде тарайтын оба ауыруынан сақтандыру. Демек, түнде беті ашық қалған тағамды «бисмиллә» деп жей беруге болады.

Білім беру дәстүрі: Мұсылмандық он қанша ғасырлық тарихы бар қазақ халқы Ханафи мәзһабын ұстанып келді. Халқымыздың көне дәуірден бері тамыры терең тартқан әдет-ғұрпының бірі – тілашар. Тілашар – баласын ұстазының алдына алғаш апарған ата-ананың ізгі ниетпен берген оқу ақысы деуге болады. Яғни, ғылымға, оқу-жазуға ерекше көңіл бөлген халқымыз баланың сауатын ашу, бала тәрбиесін бәрінен жоғары бағалай білген.

Ауқатты адамдардың көбі ақы төлеп ауылында бала оқытатын қожа-молдаларды ұстаса, бір бөлігі балаларын Бұхара, Самарқанд, Қазан, Түркістан секілді қалалардың медреселеріне білім алуға жіберіп отырды. Ал халықтың көпшілігі балаларын ауыл арасындағы молдалардан оқытатын еді. Міне, солардың арасынан халқымыздың біртуар ғалымдары, классик ақын-жазушылары шықты.

Тілашар немесе діни білімге ақы төлеу мәселесі туралы Ханафи мәзһабының алғашқы ғалымдары Құран немесе діни білім үйреткен кісінің ақы алуы дұрыс еместігін айтқанымен, көпшілік қауым Құран және діни ілімді мұғалімдер арқылы ғана үйрене алады. Таңнан кешке дейін әр күнін Құран немесе діни білім берумен өткізетін мұғалімдерге жалақы төленбесе, олар басқа тіршілік қамымен болып кетері анық. Мұғалімдердің азаюы қара халықтың Құран немесе діни білімнен сауатсыз қалуына себеп болады деген пікірді ұстанған Ханафи мәзһабының Мәрғинани, Ғәйни, Сарахси және Ибн Камал сынды ғалымдары истихсан (бір істі ұнамды білу) негізінде Құран немесе діни білімге ақы алудың дұрыстығын айтады. Әрі Құран Кәрім және діни білім үйрету барысында ақы алудың дұрыстығын айтқан фақиһ ғалымдар мұғалімдерге берілетін ақының үзілмеуі, адам баласының дүние және ақырет біліміне қатысты мәліметтерден бейхабар қалмауының бірден-бір жолы. Ал мұқтаждығы болмаған, басқалай кіріс көзі болған адамның жасаған дін қызметі үшін ақы талап етуі, истихсан негізіне сәйкес болмағандықтан дұрыс емес дейді [30, 9/340 б.].

Демек, Алла жолындағы ең мағыналы іс жас ұрпақтың дін білімімен рухани тәрбиені қатар алу жолындағы сіңірілген еңбек болмақ. Абай Құнанбайұлы: «Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбірі ғибадат орнына бармайды» [15, 99 б.] – деп ғылым ақырет пен дүниенің шам шырағы екенін шырқау шыңына жеткізіп айтқаны да баршаға аян.

Ант ішу мәселесі: Қазақта бір маңызды істерде сөзін дәлелдеу үшін «Құран ұстаймын» деп ант ету әдет-ғұрпы кездеседі. Бұлуәде деп аталыды. «Уәде - құдай сөзі» (мәтел). Құдай атынан берілетін уәде жәй айтыла салатын құрғақ сөз емес, ол адалдық пен адамдықтың айғағы болғағы.

Халқымыздың бұл әдет-ғұрыпы тұнып тұрған шарифат. Енді сол шарифат жәйлі сөз етер болсақ, әуелі Алла Тағаланың есім, сипаттарынан басқамен ант етудің дұрыс еместігін білуіміз керек. Әл-Финая еңбегінде: «Кім Алла Тағаладан басқа Пайғамбар, Құран, Кағба сияқты сөздермен ант етсе, ант еткен болмайды» [34, 3/160 б.] десе, «Фәтхулқадир» еңбегінің авторы Ибн Һумам: «Алланың кәләм сипаты болған Құранмен ант ету қазіргі күнімізде адамдар арасында әдет-ғұрып негізінде қалыптасты. Сондықтан, Құран кітабімен ант ету, ант болып есептеледі. Егер антын бұзса, кәффарат уәжіп болады деген [50, 5/64 б.]»

Кәффарат жәйлі Құранда: «Оның төлемі: Үй-іштеріңе жегізетін орта есеппен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу, үш күн ораза ұстау. Бұзған анттарыңның жазасы осы» («Майда» сүресі, 89-аят) деген. Әбу Ханифа ант сөзі қайталану себепті кәффарат жазасы да арта түсетіндігін айтады [51, 1/531 б.]»

Қайтыс болған кісіге Құран бағыштау: Қазақ әдет-ғұрпында өлім шыққан үйге көңіл айтушылар келгенде, Қайтыс болған кісіні жерлеу қарсаңында, қабір басында Құран оқылып, сауабы мәйітке бағышталады. Тіпті, жол бойындағымазарат тұсынан өткен әрбір қазақ баласы атынан түсіп немесе асығыс болса атын аяндатып, Құран оқып, дұға етіп, бетін сипап өтеді. Әрі марқұм болған ата-бабаларының аруағына, ісі мұсылман қауымның аруағына дұға етіп өтуді адамгершілік парыз деп ұққан.

Халқымыздың бұл әдет-ғұрпын шарифаттан іздер болсақ, Исламда мұсылман бауырының қайғысына ортақтасу сауабы мол іс. Алла елшісі (с.ғ.с):«*Кімде-кім мұсылман бауырының қайғысына ортақтасып, көңіл айтса Алла ол кісіні қиямет күні керемет жібек киімдермен киіндіреді*» [52, 2/532 б.] – деген.

Ал, Құран туралы Ханафи мәзһабының ғалымдары имам Мұхаммад ибн Хасан әш-Шайбанидің: «Қабір басында Құран оқу дұрыс» деген көзқарасын негізге алып, қайтыс болған кісіге жеңілдік болар деген үмітпен қабір басында фатиха, аятул курси, ықылас және т.б сүрелерді оқуды әдетке айналдырған [51, 1/162 б.]»

Бұл мәселе жәйлі әл-Қади Әбу Тайб: «Құранды оқыған Оны оқығаны үшін, ал мәйт Құранды тыңдаушылар қатарында сауап алады. Мәйтке Алла Тағаланың рахметі мен берекесі үміт етіледі. Міне, осы тұрғыдан қабір басында Құран оқу мұстахаб. Және де оқылған Құраннан кейінгі дұға қабыл болуға ең лайықты, дұғаның мәйтке пайдасы тиетініде рас» (Әр-Рауда, 2/139 б.) десе, Ибн Қудама: «Бағыштылып жасалған барлық жақсылықтың сауабы өліге тиеді. Өйткені, ол жәйлі хадистер бар. Барлық қалаларда мұсылмандар жиналып, Құран оқып, сауабын өлілерге бағыштауда әрі бұған ешкім

қарсы шықпауда. Міне, бұл дұрыстығына ижмағы барын көрсетеді» [53, 81 б.] – деген.

Әһлу сүннеттің құқықтық методологиясының негізін қалаған төрт үлкен мәзһабтың көзқарасы бойынша, барлық жақсылық амалдардың, бағышталып оқылған Құранның сауабы да өлілерге тиеді. Мағқал ибн Ясар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с): «Өлілеріңе «Йасин» сүресін оқыңдар» дегенін жеткізеді [53, 81-85 бб.]. Демек, Құран – көп оқылатын және үкімдеріне амал етілетін кітап болғандықтан, әркім Құранды тіршілігінде көп оқып, үкіміне лайық өмір сүруді де ұмытпауы керек.

Кек алу немесе құн төлету: Қазақ даласында кеңінен тараған бейуаз жанды өлтірген қанды қолды өлтіру немесе құн төлету мәселесін кейбір зерттеушілердің, бұл «кек алу» институтына тосырқай қарап, қарсы болып та келді. Әрине, бұл күштеу аппараты жоқ көшпелі қоғамда әлсіздерге әлімжеттілік көрсететін, жуан жұдырық қанды қолдардың адам өлтіріп, қылмыс істеулеріне тосқауыл болғаны анық. Себебі, ол қылмыс істеп, кісі өлтірсе, өлімнің айналып өз басына келерін немесе бүкіл туысқандары болып құн төлейтінін сезгенде мұндай қылмысқа бармауға тырысады. Сөйтіп, ешкім жөн-жосықсыз, нахақтан-нахақ кісі өлтірмейді. Бұл – қылмыстың алдын алу, оны болдырмаудың жолы. Алла Тағала: «Уа, ақыл иелері! Сендер үшін қысаста өмір бар. Ендеше, тақуалық аясында өмір сүріп, жеке тұлғалар һәм қоғам болып Алланы қорған тұта аласыңдар» (Бақара сүресі, 179-аят) деген.

Мұхаммед Әли әс-Сабуни: «Әбу Бәкір ибн әл-Арабидің «Әххамул Құран» тәпсірінен мына оқиғаны келтіреді: «Бізге Хижри 487-жылы әл-Ақса мешітінен Әбу Ханифаның көрнекті жолдастарының бірі әз-Заузани атымен танымал ғалым Пайғамбарымызды (с.ғ.с) зиярат ете келді. Бізде Алла елшісінің (с.ғ.с) зиратының басына келіп, онымен бірге болдық, осы елдің ғалымдары да болды. Ол кісіге: «Әдет-ғұрып бойынша, мұсылман кәпірді өлтіруі қалай шешіледі?» – деп сұрақ қойылды. Ол: «Кек алынады» – деді. Одан: «Дәлелің не?» – делініп еді, Ол: «Уа, иман еткендер! Нақақтан-нақақ кісі өлтіру мәселесінде сендерге қысас-кек парыз етілді» (Бақара сүресі, 178-аят) аяты кез-келген қанды қолға дәлел болады» - деді» [18, 1/126 б.] деген.

Ислам шариятында өлім түгіл, өкпеге қимайтын бауырмалдыққа қарамастан әділ үкімнің атқарылуы, қара ормандай халықтың қауіпсіздігіне кесір тигізбеудің жолы болды. Исламдағы доктриналық принциптер қай кезде де өзгермейді. Ал, құқықтық тармақ мәселелердің үкімінің заманға немесе мекенге байланысты өзгеруісөл халықтың әдет-ғұрыпымен де қатысты. Бұл адам баласының бұрын-соңды кездеспеген қажеттілігінің орындалуын білдіреді. Сондай-ақ, сан ғасырдан бері Исламмен біте-қайнап келе жатқан қазақ халқының әдет-ғұрпын Ислам дінінің дерек көздеріндегі нақты фактылерімен қатар түсіндіру жас ұрпақты түрліэкстремистік және террористік топтарға еріп, солардың сойылын соғып кетуден аман алып қалудың бірден-бір жолы деуге болады.

III. ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Бір тектен таралу және көбею» жайлы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَبَثَّ مِنْهُمَا رِجَالًا كَثِيرًا وَنِسَاءً }

Алла Тағала: «Уа, адамдар! Бәріңді бір жаннан (бір кісіден) жаратқан һәм одан жұбын жаратып, ол екеуінен көптеген ерлер мен әйелдерді өрбітіп, жер бетіне таратқан Раббыларыңа қарсы келуден сақтаныңдар» («Ниса» сүресі, 1-аят) – деген.

Даралық Аллаға тән!

Жалғыздық – құдіреті күшті Алла Тағалаға ғана тән қасиет. Сол себепті, Алла Тағала әу баста Адам атамды топырақтан жаратқан соң жалғызсырамасын, өмірдің ашы-тұшысын бірге көрсін, ұрпақ көріп өсіп-өнсін, жер бетінде халифалық міндетін толық атқарсын деп өз түрінен (Адам болмысының бір бөлшегі) Хауа анамызды жаратқан. Бұл турасында қасиетті Құранда: «Көңілі жылып, жаны жай тапсын деп жұбайын (Хауа ананы) жаратқан ол (Алла)» («Ағраф» сүресі, 189-аят) деп ерлі-зайыпты болу, жұп болып өмір сүру ата-бабамыз Адам ата мен Хауа анамыздан жалғасып келе жатқан дәстүрлі қағида екенін Құранға үңілген әркімнің аңғарары шындық. Адам ғана емес, бүкіл жаратылыстың аталық-аналық болып өмір сүретінін Құранның басқа бір аятынан да байқаймыз: «Жерден өніп-өсетін барлық өсімдіктерді, өздеріңді және сендердің білмейтін нәрселеріңді жұп-жұп қып жаратқан Алла қандай пәк» («Ясин» сүресі, 36-аят). Ал, Құран он төрт ғасыр бұрын айтып кеткен бұл шындық, бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан дәлелденіп жатыр.

Үйлену – атам заманнан бері жалғасып келе жатқан ата-баба жолы, жаратылыстың заңы. Әрбір ата-ана ер жеткен ұлы мен қызының тілеуін тілеп, ақ некелерін қиюға асығып жатады. Тіпті, кейбір ата-ана бесіктегі балаларын жақыннан білетін иманды, парасатты адамдардың балаларына атастырып қояды. Онысы балам текті жердің қызын алсын немесе текті жердің баласына барсын деген ізгі тілегі болар. Ал ес біліп, етек жиған қыз, жігіттердің де өздеріне лайық жар іздей бастауының өзіндік терең сыры бары анық. Ол да – жалғыздық Жаратушы Хаққа ғана тән қасиет екендігін, Алланың даралығын мойындауды ұқтырса керек.

Тегіміз Адам атадан тарап бірден-он, оннан-жүз, жүзден-мың, миллион, тіпті, әр ғасырда миллиардтаған адам дүниеге келіп, дүниеден өтуі кездейсоқ құбылыс емес. Мұнда ойланған адам үшін Алланың жалғыздығын, тумаған, туылмағандығын және құдіретінің шексіз екендігін растайтын тайға таңба басқандай дәлелдер бар. Қасиетті Құранда: «Оларға) айт: Ол Алла жалғыз! Алла – Самад (ешкімге және еш нәрсеге мұқтаж емес, керісінше, күллі жаратылыс Оған мұқтаж)! Ол тумаған да, туылмаған! Оның ешбір теңдесі де жоқ!» («Ықылас» сүресі, 1-4 аят) делінген.

Үйленудің үкімдік орны

Ислам шарифаты, адамдардың жаратылыс табиғаты әртүрлілігін, яғни, біреудің физикалық қуаты күшті болса, енді біреудікі әлсіздігін ескере отырып, әркімнің үйленуге болған мұқтаждығы негізінде үкім шығарады. Ханафи мәһабында жастардың бас құрау мәселесін мынандай бірнеше сатыға бөліп қарастыруға болады.

Парыз болған үйлену: Үйленбесе зина жасап қоятын адам. Бұл – үйленуге хал-жағдайы келетін, отбасын асырай алатын, нәпсісін ораза ұстап тежеуге шамасы келмейтін кісінің жағдайы. Мұндай адамға бас құрауы – парыз болады. Өйткені, үйленбеген жағдайда харам істерге барып, өзіне де, қоғамға да зиянын тигізу ықтималы басым.

Уәжіп болған үйлену: Зина жасап қою қаупі бар адам. Бұл – үйленуге хал-жағдайы келетін, отбасын асырай алатын, нәпсісін ораза ұстап тежей алатын кісінің жағдайы. Ондай адамға бас құрауы – уәжіп болады.

Сүннет болған үйлену: Зина жасап қою қаупі болмаған, бірақ үйленуге қызығатын кісіге бас құрауы – сүннет болады.

Харам немесе макруһ болған үйлену: Үйленген соң отбасын харам табыс көзімен асырау, әйеліне зұлымдық көрсету сынды күнәлі іске баратын болса, ондай адамға үйлену – харам немесе макруһ болады [32, 2/483-484 бб.]. Яғни, некеленудегі басты мақсат шәһуат қалауын қандыру емес, керісінше, екі жарты қосылып бір бүтін болу, имандылық аясында өмір сүріп кемел қоғам қалыптастыру. Міне, бұл үкімдердің аясына балиғат (кәмелет) жасына толған қыз-жігіттердің барлығы кіреді.

«Неке» ұғымын қалай түсініп жүрміз?

Ислам шарифатында некенің дұрыс болуының өзіндік шарттары бар. Соларға қысқаша тоқталар болсақ, әуелгісі, екі жастың өз еріктерімен келісімдерін берулері. Яғни, екі жастың бір-бірін ұнатуы, өз қалауларымен неке қидырып жатқандарын білулері әрі соған бірі «*Жар етіп алдым*» десе, екіншісі «*Жары болып тидім*» деген разылық лебіздерін көпшіліктің алдында ашық білдірулері. Әр екі жақ шарасыздықтан қосылуға мақұлдық беріп отырған болмауы керек. Бұл мәжбүрлі некеге жатады. Мысалы, «Сен негедін жолындағы азаматқа некеге шығуға қарсысың? Сені нәпсің жібермей тұр-ғой» деген сынды сөздермен бопсалап мәжбүрлеу; бай-ауқатты азаматтар жағдайытөмен отбасындағы жас қыздарға дүниесін бұлдау арқылы түрлі жолдармен өзіне көндіру, т.б. Міне, осы сияқты мәжбүрліктің әрқандай түрі болмауы керек. Яғни, зорлау, мәжбүрлеу болған неке дұрыс емес. Әрі баянсыз болуына әкеліп соғатын негізгі себептердің бірі болып табылады.

Екіншісі, ақ неке кезінде екі куәгердің болуы тиіс. Екі ер адам немесе бір ер, екі әйел адам. Олар екі әлемде де куәгер болатын жандар. Яғни, бұл дүниедеқыз бен жігіт арасында қандай да бір келіспеушілік болып қалған жағдайда, оларға «Кеше серт берісің, мәңгі бірге боламыз деген емес пе? едіңдер» деген сынды ақылия сөздерімен оларды

жарастыра алатын адамдар болғаны дұрыс. Бұл куәгерлер екі жақтың ата-аналары болса, тіпті жақсы. Олар бір-бірімен сөйлесіп, білісіп, балаларына ризалықтарын білдірсе, ажырасу ісі де көп бола бермейді. Ал, қияметте сол қыз бен жігіттің ақ некелі жұптардан болғанына да Алла алдында куәлік етеді.

Үшіншісі, мәһір – қыз бен жігіттің некелесу кезінде материалдық бір затқа келісуін білдіреді. Бұл өзара келісімге сай мәһірді неке кезінде де немесе кешіктіріп берсе де болады. Ханафи мәзһабы бойынша, мәһірдің ең аз мөлшері он дирһам болуы керек.

Төртіншісі, уәдидің рұқсаты болуы керек. Бұл жастар арасында ажырасу ісінің көп болуына байланысты, некенің шарттарының біріне айналып отыр. Әсілі, Әбу Ханифаның пікірі бойынша, балиғат жасына толған қыз өзінің қамқоршысының (әкесі немесе уәлилік өкілеті бар адам) рұқсатынсыз жігітін өзі таңдай алады. Ал Имам Мұхаммәдтің тұжырымы бойынша, қиылған неке қамқоршысының рұқсатына дейін өз күшіне енбейді. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Қамқоршысының рұқсатынсыз қиылған неке – неке емес»* деп, қамқоршының рұқсаты маңызды екенін өзінің хадистерінде айтқан [54].

Соңғы кездері үйленіп, ажырасу деген жастар арасында көбейіп кетті. Біріншісін қоя беріп, екіншісін алуда қиын емес. Әрине, мұның басты себебі некенің аталмыш шарттарын және мәнін түсінбеуден туындап отыр деуге болады. Өйткені, «ажырасу» деген ер мен әйелдің отбасылық өмірін одан ары жалғастыруы еш мүмкін болмаған жағдайда ғана қабылдайтын соңғы шешімі болып табылады. Яғни, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс, түсініспеушілік күн сайын үдеуі себепті имандарына нұқсан келтіретіндей болса, онда имандарын сақтап қалу мақсатында өзара түсіністікпен, бірін-бірі кешіре отырып ажырасуларына дінде рұқсат берілген. Ажырасудың екінші бір себебі, бүгінде түрлі ағымдар, өз мүдделері үшін *«азаматтық неке»*, *«жыныстық жиһад»* деген сынды жалған үкімдер шығарып, қасиетті неке ұғымын ойыншыққа айналдырып жүр. Мұндай некелер Ислам шарифатымен де, ата-баба дәстүрімізбен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ислам шарифатында некенің бір-ақ түрі бар. Ол – өмірлік неке, екі дүниелік жұп болу мақсатында көпке жәрия етіліп, қиылған неке. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): *«Шарифатқа қайшы үйлену мен шарифатқа сай үйленудің ара жігін айыратын нәрсе – дабыл қағып, жария ету»* (Тирмизи, Никах: 6.) деген. Балаларымыз да, «Ақ некесі» қиылды деп, дүркіретіп той жасап, қарттардың батасын алып жатады. Онысы сол жастардың шаңырағы шайқалмасын, қосағымен қоса қартайсын деген ізгі тілектері, көптің алғысын алу екені баршаға мәлім болса керек.

Сүннетке сай жұп болудың мәні

Ақ неке қиып, үй болу – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам) сүннеті, үйленуге шамасы жеткендер үшін дініміздің әмірі. Бір хадис шәрифте: *«Үйлену – менің сүннетім»* [52, 1/295], – десе, басқа бір хадисте: *«Үйленіңдер, көбейіңдер, мен сендердің көптіктеріңмен қиямет күні мақтанамын»* (Ибн Мәжжа,

Никах, 1) деп, бойдақтарды үй болуға шақырған. Бірде Пайғамбарымыз (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам) сахабаларын дүние-мүлікке беріліп кетуден сақтандырып отырған кезде, хазреті Омар (Алла ол кісіден разы болсын): «Сонда өмірде алуға не лайық?» – деп сұрайды. Алла елшісі (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам): *«Зікір айтатын тілі, шүкіршілік ететін ділі бар, ақырет үшін сендерге жәрдемші болатын салиқалы әйелге некеленіңдер»* (Ибн Мәжжа, Никах, 5) – деп үлкендерге құрмет көрсетіп, ерін сыйлайтын, кішілерге мейіріммен қарайтын иманды, ибалы әйелдердің өмірде орны ерекше екенін атап өткенін көреміз.

Сүннет – дініміздің негізгі тірегінің бірі. Біз кейде сүннет ұғымын кішкене баланың шөметайының ұшын кесумен шектеп жатамыз. Иә, баланы сүннетке отырғызу да – сүннет. Бірақ сүннеттің толық мағынасы бүкіл болмысымыз Құранның әміріне сай, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам) өнегесіне лайық өмір сүру мағынасында. Мысалы: Оң жағымызбен жату, тамақты оң қолымызбен жеу, үй болып шаңырақ көтеру т.б. Әрбір амалды сүннетке сай орындау Алланың мейіріміне бөлейтін, сауабы мол құлшылық болып табылады. Міне, осы тұрғыдан сүннетке сай отбасы болуды үш түрлі негізге бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі, имани тәрбие көрген, артынан дұға ететін салихалы ұрпақ қалдыру. Салихалы баласының қылған құлшылығы, істеген сауапты істерінің сауабы әкешесіне тірі кезіндегідей, өлгеннен кейін де үзілмей барып тұрады. Әбу Һурайра (Алла одан разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам): *«Адам баласы дүниеден өткен соң амал дәптері жабылады. Бірақ, үш ісінің сауабы үзілмейді. Олар: садақа жәрия (сауапты іс), басқаларға жеткізген пайдалы білім, артынан дұға ететін салихал ұрпақ»* (Мүслим, Уасия, 1631) деген. Ал ұрпағына имани тәрбие бермеген ата-ана, керісінше, күнә арқалап, қияметте ауыр сұрақ-жауапқа тартылады.

Екіншісі, балиғат жасына толмай, сәби кезінде қайтыс болған бала. Бұл дүниеде ата-анасының мейірім құшағына қана алмаған бала, ақыретте қатты жылайды екен. Сонда Алла Тағала: *«Періштелеріне бұл бала не үшін жылап жатыр?»* – дейді. Баланы уата алмаған періштелер: *«Әке-шешесі күнәкар еді. Ал бұл балалар болса, әке-шешесіне барғысы келеді»* – дейді. Әділетті де, мейірімді Алла бейкүнә балаларды ата-анасымен бірге азаптамайтыны анық. Балалар болса, әке-шешесінің алдынан шығып, етегіне жабысатыны, Алла оларды жәннәтқа кіргізбейінше жібермейтіні жайлы риуаяттар келген [55, 3/2364 б.]. Соның бірі Пайғамбарымыз (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам): *«Алла балиғат жасына жетпей үш баласы шетінеген әр мұсылманды, балаларға болған мейірім, рахымымен жәннатқа кіргізеді»* (Бухари, жаназа б.) десе, басқа бір риуаятта: *«Екі баласы шетінеген адам»* – деген. Яғни, баласының өліміне сабыр еткен адам үшін бір баласы шетінесе де, Алланың қалауымен шапағатшы болады екен. Риуаяттарда келген «Әулад» сөзі ұл немесе қыз балаға ортақ атау екендігін ескерер болсақ, кішкентай кезінде шетінеген қандайда бір баласына сабыр еткен ата-анасы үшін Алланың қалауымен шапағатшы болмақ.

Белгілі бір ауыру немесе қатты қимыл-әрекет жасау себепті, іштегі нәресте түсіп қалған жағдайда, түсікке ат қойса, қияметте Алланың қалауымен ол да шапағатшы болатыны туралы: *«Түсік балаларға ат қойыңыздар. Өйткені, Алла ат қойылған*

баламен таразының сауап жағын ауырлатады. Болмаса ол бала қиямет күні келіп, былай дейді: «Уа, Алла Тағалам! Бұлар маған ат қоймады. Мен арқылы алатын сауаптарынан құр алақан қалды – дейді» [55, 3/1075 б.] делінген. Ал кішкентай кезінде шетінеген баласы үшін Аллаға тіл тигізіп, сабырлық танытпаған ата-ана күнәкар болып, бұл кеңшілікке қауыша алмайтынын да білген жөн.

Үшіншісі, бұл дүниеде бала нәсіп болмаған, бірақ баланың аманат екенін біліп сабыр еткен тақуалар үшін Алланың мол сыйы барын ұмытпау керек. Алланың қалауымен ол дүниеде баласы болып, сол баланың шапағатшы болатындығы жайлы Алла елшісі (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам): «Бақшаның қасындағы ұзын адам Ибраһим (ғәлейс сәлам). Оның айналасында балалар болады. Бүкіл балалар мұсылман халде жан тапсырады», – дейді. Сонда сахабалар: «Уа, Алланың елшісі! Мүшіріктердің балалары ше?», – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам): «Мүшіріктердің балалары да.....» (Бухари, бабур-руья, 7047.) деген. Бұл хадисты кейбір ғұламалар, қиямет күні баласыздар баласыз, ата-анасыз балалар да ата-анасыз қалмайды деп жорамалдаған. Өмір бойы бір шаңырақтың астында сыйластықпен, өмірдің ыстығы мен суығын бірге көріп, адал кәсіп еткендердің ақыретте суапсыз, нәтижесіз қалуы мүмкін емес. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу ғәлейһи уәсәллам) сүннетіне сай үй болудың сыры да сол болса керек.

Дана халқымыз, ер жігіттің үш жұрты бар: «Өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты бар» деп, ел билейтін ер азаматтың өрісін кеңейтіп, халық бірлігін сақтауды мұрат етеді. Ал, қандайда бір екі ел арасында ұрыс-керіс, шешілмеген даулы мәселе бола қалса қыз берісіп, «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық»деу арқылы қыз бен жігіттің үй болуын береке-бірліктің ұйтқысы деп біледі. Яғни, діни талаптар мен ата-баба дәстүріне лайық шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасы болудың мәні терең, мағыналы іс екендігін көреміз.

**«Некелесуге тыйым салынған әйелдер»
туралы аяттың тәпсірі**

قال تعالى: {وَلَا تَنْكِحُوا مَا نَكَحَ آبَاؤُكُمْ مِنَ النِّسَاءِ إِلَّا مَا قَدْ سَلَفَ إِنَّهُ كَانَ فَاحِشَةً وَمَقْتًا وَسَاءَ سَبِيلًا
حُرِّمَتْ عَلَيْكُمْ أُمَّهَاتُكُمْ وَبَنَاتُكُمْ وَأَخَوَاتُكُمْ وَعَمَّاتُكُمْ وَخَالَاتُكُمْ وَبَنَاتُ الْأَخِ وَبَنَاتُ الْأُخْتِ وَأُمَّهَاتُكُمُ اللَّاتِي
أَرْضَعْنَكُمْ وَأَخَوَاتُكُمُ مِنَ الرَّضَاعَةِ وَأُمَّهَاتُ نِسَائِكُمْ وَرَبَائِبُكُمُ اللَّاتِي فِي حُجُورِكُمْ مِنْ نِسَائِكُمُ اللَّاتِي دَخَلْتُمْ بِهِنَّ
فَإِنْ لَمْ تَكُونُوا دَخَلْتُمْ بِهِنَّ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ وَحَلَائِلُ أَبْنَائِكُمُ الَّذِينَ مِنْ أَصْلَابِكُمْ وَأَنْ تَجْمَعُوا بَيْنَ الْأُخْتَيْنِ إِلَّا مَا
قَدْ سَلَفَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ غَفُورًا رَحِيمًا}

Алла Тағала: «Бұрынырақта (надандық дәуірінде) болған істің жөні бөлек, ал бұдан былай әкелеріңмен (және аталарыңмен) некелескен әйелдерді алушы болмаңдар. Расында, бұл – Алланың қаһарына ұшырататын арсыздық һәм өте жиренішті жоралғы! (Уа, мүміндер!): Сендерге өз аналарыңмен, туған қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сіңлілерімен, туған бауырларыңның қыздарымен, туған әпке-қарындастарыңның қыздарымен, сүт аналарыңмен, емшекте әпке-қарындастарыңмен, қайын енелеріңмен және қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жар төсегінде қосылмай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңнің қыздарына үйленсеңдер күнә арқаламайсыңдар. Сондай-ақ, сендер үшін бел балаларыңның жұбайларына үйлену һәм апалы-сіңлілі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді. Бұдан бұрын (надандық дәуірінде) болған іс еді. Өйткені Алла – Ғафур (өте кешірімді), Рахим (ерекше мейірімді)» («Ниса» сүресі, 22-23аят) деген.

Аяттың тәпсірі

Бұл аяттың алдындағы аяттарда «жаһилият» есімі берілген дәуірдің, яғни, Ислам діні келмей тұрған кездегі арсыздық пен әділетсіздіктен тұратын жетім қыздарға мәһірін бермей үйлену, жетімдердің малына қиянат жасау, әйел мен балаларды мұрагерлік ететін дүние-мүлкінен құр алақан қалдыру сынды кейбір мәселелерге тыйым салынғаны зікір етіледі. Ал, бұл аятта әкесі қайтыс болған бір адам әкесінің екінші, үшінші әйелін, яғни, өз анасынан басқа әйелдеріне мұрагерлік ету жолымен некесіне алатындығы, оған жесір қалған әйел де және басқа адамдар да қарсылық көрсете алмайтын болған. Бір риуаятта, Әбу Қайс ибн әл-Әслат қайтыс болған кезде, оның баласы әйеліне (өгей анасына) сөз салады. Сонда ол әйел: *«Мен сені өз балам деп білемін. Сен болсаң қауымыңның ізгілеріненсің. Мен әуелі Алла елшісінен (с.а.с.) сұрап білейін деп, Алла елшісіне (с.а.с.) келіп: «Мен оны балам деп есептеймін. Ал, ол маған сөз салып жатыр. Бұл туралы не дейсіз?»*, - дейді. Алла елшісі (с.а.с.) болса: *«Үйіңе қайта бер (сосын жауабын айтамын)»*, - дейді. Содан кейін: *«Әкелеріңмен (және аталарыңмен) некелескен әйелдерді алушы болмаңдар»* аяты түсті» делініп, аяттың түсу себебі осы мәселемен байланысады. Сөйтіп, бұл аятта әйелдерге жасалатын әділетсіздік істерге тыйым салынумен қатар, некелесу дұрыс болмайтын әйелдердің кім екендігі де баян етіледі.

Аятта өмірлік үйленуге және уақытша үйленуге болмайтын түрдегі туысқандықтың үш түрі білдірілген. Әуелгісі, тегі (қаны) бір болған туыстар. Екіншісі, сүт (бір ананы емген бөтен адамдардың туысқандығы) бауырластық. Үшіншісі, үйлену арқылы болған туысқандық. Енді, осы некелесу харам етілген үш түрдегі топтың әрбіріне жеке-жеке тоқталайық.

Бірінші: Нәсабтық туысқандық

Аятта: «(Уа, мүміндер!): Сендерге өз аналарыңмен, туған қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сіңлілерімен, туған бауырларыңның қыздарымен, туған әпке-қарындастарыңның қыздарымен... некелесу харам етілді» – делініп, әрбір балиғат жасына толған ер адам үшін нәсаб жағынан некелесе алмайтын жеті түрлі топ айтылады. Олар:

1) Аналары, яғни, анасы және өз жұрты мен нағашы жұрты жағындағы барлық әжелері осы ана категориясына жатады.

2) Қыздары, яғни, қыздары және ұлы мен қыздарынан тараған немере, шөбере барлық қыздары кіреді.

3) Әпке-қарындастары, яғни, әке-шешесі бір болған және әкелері бір шешелері бөлек немесе әкелері бөлек шешелері бір болған барлық әпке-қарындастары кіреді.

4) Әкесінің әпке-қарындастары, яғни, әкесінің және барлық аталарының әпке-қарындастары кіреді.

5) Анасының әпке-сіңілілері, яғни, нағашы әжелерінің әпке-сіңілілері де анасының әпке-сіңілілерімен бірдей үкімде.

6) Туған бауырларының қыздары, яғни, туған бауырларының немере, шөбере қыздары да ары қарай осы үкімге кіреді.

7) Туған әпке-қарындастарының қыздары, яғни, туған әпке-қарындастарының немере, шөбере қыздары ары қарай осы үкімге кіреді.

Неке жүрмейтін бұл жеті түрлі топты қыз жағынан қарайтын болсақ та үкім өзгермейді. Яғни, ер адам жоғарыдағы аталған туыстарына үйлене алмағаны сияқты әйел адам да аталмыш туыстарына некеге шыға алмайды.

Қазақ дәстүріндегі жеті ата мәселесі

Халқымыз қыз беріп, қыз алысуда жеті аталық алыстықты шарт қылады. Бұл дәстүрдің Ислам шарифатымен ара-қатынасы жайлы сөз етуден әуел, сөз етіліп отырған Ниса сүресінің 23-аятында бір-бірімен үйлене алмайтындар ашық білдірілген. Және Алла елшісінің (саллаллаһу ғәлейһи уәсаллам) қызы Фатиманы көкесінің ұлы Әлиге бергені де жалпыға мәлім.

Неке мәселесінде «Жеті аталық алыстықты шарт» еткен қазақ дәстүрінің Ислам дінімен қандайда бір байланысы бар ма? – дейтін болсақ, бір хадисте: «*Сендер хадраә димәннан сақтаньңдар*» - деді. Сонда сахабалар: «*Хадраә димән не?*» – деп сұрайды. Ол (с.а.с.): «Босануы жаман (баласынан ұрқындағы ауруыкөрінетін) көрікті әйел» [56,

1/473 б.] – деп, некеде алыс адамдарды таңдауға үгіттегенін көреміз.

Ислам тарихында екінші халифа болған Омар ибн Хаттаб (р.а) жақын туысқандарына үйленуді әдетке айналдырған Бәни Сәйбтерге: «Аурушаң (кем-кетік туылу) болып, ұсақтап кеттіңдер. Алысқа (қызды жат руға беріп, жат рудан алындар) некеленіңдер» [57, 1/473 б.] – деп әмір етуі, жат жұрттан қыз алу әр екі жақта болатын кейбір ұрық қуалайтын аурудың үзілуіне себеп екендігіне ишарат етеді. Әрі жақын туысқандық шәһуат қалауының азаюына, сол себепті әлсіз ұрпақтың дүниеге келуіне арқау болатындығы да өзге деректерде айтылады.

Медицина ғылымының докторы Ғиззуддин Фараж: «Жақын туысқандардың арасындағы некелесу – сол отбасындағы ұрық қуалайтын ауру және жаман қасиеттердің өмірге келген баланың бойында арта түсуіне себеп болады. Ал жат кісілер арасындағы некелесу – бұл тұқым қуалайтын ауру немесе жаман қасиеттерді азайтады деп айта аламыз» [58, 127 б.] – деген.

Демек, халқымыз жеті ата араға салып қыз беріп, қыз алысуында мына екі іс мақсат етілген деуге болады. Әуелгісі, ұрпақтың аурушаң болып, ұсақтап кетпеуі болса, екіншісі де, араға жеті ата салып, алыстап бара жақын туысқандармен қайта қыз берісіп құдаласу арқылы күшейту отыру көзделсе керек. Яғни, жақын адамдардың бір-бірімен бас құрамауы абзалдықты білдіреді. Харам мағынасын білдірмейді. Сол себепті, халқымыздың бұл дәстүрі шариғаттың негіздеріне қайшы емес.

Екінші: сүт бауырластық

Аятта: «Сүт аналарыңмен, емшектес әпке-қарындастарыңмен ...некелесу харам етілді» делінеді. Сүт ему жағынан некелесуге болмайтындар құтты нәсаб жағынан некелесу болытындар сияқты жеті түрлі. Аятта сүт аналармен сүт әпке-қарындастар ғана зікір етілу арқылы қалғандары ишарат етілсе, хадисте: «*Нәсаб жағынан некелесу харам болған әйелдер сүт бауырлық жағынан да сол адамдарға некелесу харам болады*» (Мүслим) делінген.

Хадисте сүт емген бала емізген әйелдің туған баласындай болып, әйелдің өз баласы сол отбасы мен туысқандарынан кімдерге үйлене алмайтын болса, сүт емген бала да соларға үйлене алмайды. Ал, баланы емізген әйел үшін емізген бала ғана туған баласындай болып, ол баланың туысқандары бұрынғысындай бөгде адам болып қала береді.

Сүт бауырластық қанша жастан басталады?

Алла елшісі (саллаллаһу ғәлейһи уә сәллам): «*Ему–сүйекті өсіріп, етті толтырғанда ғана болады*» (Әбу Дәуіт, *ридағатил кәбир*, 2060.) *десе, сахих Бұхари*де: «*Екі жастан кейінгі (бір әйелді) ему емген (сүт баласы) саналмайды*» (Бұхари, 5102.) деген.

Сүт ана – балалық жақындық қай жаста болатынын немесе қай жаста ему

некелесуді харам ететіндігі жайлы мәзһаб ғалымдарының мынандай тұжырымы бар. Имам Әбу Ханифа отыз ай (екі жарым жыл) десе, имам Мұхаммед пен Әбу Юсуф екі жыл деген. Имам әл-Кәсани мәзһаб имамдарының көзқарасын қуаттап: «Жалпы сахабалар мен бүкіл ғұламалардың көзқарасында кішкентай баланың омырауды емуімен емізген әйел оның сүт анасы болады. Ал, үлкейген кездегі омырауды ему некені харам етпейді. Себебі, харам етудегі әсер сүттің қорек болуы, еттің толуы, сүйектің өсуі» [32, 3/400 б.] – деген. Яғни, сүт еметін жастан асып, басқа тамақпен қоректене алатын жастағы адамның бір әйелді емуі некені харам етпейді. Мысалы: бір адам әйелін емсе, некелері бұзылмайды. Өйткені, күйеуі әйелінің баласы ретінде саналмайды.

Ескерту: Әбу Ханифа сүт еттен пайда болады. Ал адам етін жеу харам. Сондықтан, ересек адамның бір әйелді емуі де харам. Сәби бала басқа азықтық жей алмайтындықтан сүт емуге мұқтаж, зәрулік бар. Зәрулік болғандықтан сәби бала үшін сүт халал етілді деген [59, 1/184 б.].

Осы жерде бала асырап алу мәселесін де айта кеткен жөн. Баласы жоқ ерлі-зайыптылардың бала асырап алуларына болады. Бірақ, сол баланы екі жастан аспай тұрып әйел емізуі қажет. Екі жастан аспай тұрып емген бала сол әйелгеде оның күйеуіне де «сүт бала» болып қалады. Өз баласындай бір үйде тұруына болады. Алайда, сәби екі жас яки отыз айдан асып кететін болса онда қанша емгенмен сүтбала бола алмайды. Ол асырынды бала болып, балиғатқа жеткенде асырап алған ерлі-зайыптыларға туған яки сүт баласындай бола алмайды. Сол себепті, («Ахзап» сүресі, 37-аят) аятында айтылғандай әлгі бала үйде бөгде біреу яки қонақ секілді жағдайда болады. Ұл болса асырап алған әйелмен бірге, қыз болса асырап алған ермен бірге бір үйде тұра алмайды. Өйткені араларында бір-бірімен үйленуге мүмкіндігі бар жағдай болады. Әрі асырап алған бала сүт бала болса да, болмаса да есі кіргенде оған өздерінің туған ата-анасы еместігі айтылуы тиіс. Бұған осы аяттар дәлел [60, 204-205 бб.].

Адам сүті жиналған ыдыстан сүт ішкен балалардың үкімі

Адам сүтін бір ыдысқа жинап сату шамамен осыдан елу жыл бұрын Европада пайда болған. Ыдыста сатылып тұрған сүттің мынандай екі түрі болады. Сатылымдағы бір ананың сүтімен әр кезеңде бірін-бірі танымайтын көптеген балалар қоректенуі мүмкін немесе жиналған бірнеше ананың сүтімен бір бала қоректенуі мүмкін. Қай қырынан қарайтын болсақ та, бір-бірін танымайтын сүт бауырлар қоғамда көбейіп, сүт бауырлардың өзара некелесуіне апарып соғары анық.

Имам Әбу Ханифаның ана сүтін сату дұрыс емес деген сөзін Ибн Һүмам былай түсіндірген: «Ана сүті өз орнынан ажыраған соң сату дұрыс емес. Себебі, сүт қадахта тек ажыраған кезде ғана болады. Қадах сөзінен ыдыс меңзелген. Өз орнынан ажырау деу арқылы баланы жалға алған ананың емізуі дұрыс емес екен деген ой туындамау керек. Ал, Әбу Юсуф күннің сүтін сату дұрыс. Себебі, күн сатылатын (бас бостандығы жоқ) адам. Сондықтан, сүтін де сатуға болады» [50, 6/60 б.]. Яғни, Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, бір ананың сатылған сүтін әркім баласына алып беретіндіктен,

ол сүтті ішкен барлық бала сол ананың баласы болып есептеледі. Олар үлкейіп бір-бірімен үйленсе, сүт бауырлар өзара үйленген болып табылады. Сүт бауырлардың некелесулері шарифатта тыйым салынған іс. Сондықтан, ана сүтінің базарларда сатылуы да дұрыс емес деген қорытынды шығады. Алайда, белгілі бір ананы баласын емізуге жалға алып, баласын емізуге болады. Себебі, балаға ержеткен шағында, «сені кішкентай кезінде пәленше әйел емізген. Ол сенің мүт анаң болады» деу арқылы нәсілдің араласып кетуінен сақтануға болады.

Үшінші: неке жолымен болған бауырластық

Құдалық қатынас арқылы өмірлік некелесуге болмайтын адамдардың төрт түрі бар. Бұларға ажырасу немесе өлім жағдайлары әсер етіп, үкімді өзгерте алмайды. Олар аятта былай баяндалады: **«Әкелеріңмен некелескен әйелдерді алушы болмаңдар... қайын енелеріңмен және қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жар төсегінде қосылмай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңнің қыздарына үйленсеңдер күнә арқаламайсыңдар. Сондай-ақ, сендер үшін бел балаларыңның жұбайларына үйлену... харам етілді».**

1) Әкесінің әйелі. Бір адам әкесі және аталарының әйелдерімен үйлене алмайды.

2) Әйелінің анасы. Еркектің бір әйелмен некеде болу келісім шартына отыруы сол әйелдің анасын, яғни, қайын енесіне некелесуді харам етеді. Бұл жерде еркектің сол әйелімен төсек қатынаста болуы шарт емес. Некенің жалаң келісім шарты жеткілікті.

3) Әйеліне еріп келген өгей қыздар. Бір еркек әйелімен төсек қатынаста болған соң оның бұрынғы күйеуінен болған қызға үйлене алмайды.

4) Балаларының әйелі. Бір адам баласы немесе немерелерінің әйелімен үйлене алмайды. Алайда асыранды бала шарифат бойынша, өз тегімен шақырылатындықтан, оның ажырасқан әйелімен де, туыстарымен де үйлене беруге болады. Оған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) әуелде Зәйітті бала ретінде асырап алып, Зейнеп бинт Жаһшпен үйлендіреді. Зейнеп Зәйіттен ажырасқан соң оны Өзі әйелдікке алғанын білеміз. Қасиетті Құранда: «Сонда одан Зейіт ажырасқан кезде оны (Зейнепті) саған некелендірдік. Мұсылмандарға асыранды баласынан ажырасқан әйелдерді алуда бір қиындық болмасын» («Ахзаб» сүресі, 37-аят), – дейді.

5) Әпке-сіңілілі қыздарды бір уақытта некесіне алу дұрыс емес. Аятта: «Әпкелі-сіңілілі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді» десе, Бұхари және Мұслимде Әбу Нурайра жеткізген хадисте: *«Алла елшісі (с.а.с.) некеде болған әйелмен бірге сол әйелдің әкесінің әпке-қарындастарын және сол әйелдің анасының әпке-сіңілілерін қатар ұстауға тыйым салды»* деген. Яғни, әйелдің апайлары мен нағашы апайларын да қосып, бір некеде ұстаудың харам екендігі айтылады.

Бұл түрдегі әпкелі-сіңілі қыздардың бірімен некеде болып, ол кейін қайтыс болса немесе т.б. жағдайлармен ажырасып кеткен жағдайда сол әйелінің әпкесіне яки сіңілісіне (апайларына да) үйлене алады. Әпкелі-сіңілі қыздар бір некеде қатар бола алмағанымен, бірінен кейін бірі некеге шығуына шарифат тыйым салмайды. Екі

нұрдың иесі (Зүннурайын) атанған Осман (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) екі қызын бірінен кейін бірін некесіне алған. Яғни, тыйым салынған некенің бұл түрін белгілі шарттар аясында ғана болғанын көреміз.

Қортындылай келе, мына бір мәселеге де тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Қоғамда кейбір адамдардың, *«Не үшін адам қалаған адамдарына үйлене бермейді? Дінде белгілі бір адамдарға үйленуге тыйым салудың қажеті не?»* деген сияқты сұрақтар қойылып жатады. Тіпті, қазіргі таңда Еуропа елдерінде көрініс тауып отырған *«Ананың өз ұлына тұрмысқа шығуы»* сөзіміздің бір дәлелі деуге болады. Олар өздерінің бұл істерін *«Еркіндік (демократия)»* деген ұғымының аясына кіргізеді. Әрине, мұндай түсінік адамзаттың бақытты ғұмыр кешуі үшін заңдастырылған Иләһи үкімнің мәнін түсінбеуден туындайды.

Жоғарыдағы туысқандық қатынасы бар адамдардың өзара үйленуіне тыйым салудың көптеген хикметтері бары анық. Немесе бір отбасында өмір сүрген адамдардың еркін араласып, өзара көмек қолын созысуға мұқтаждық бар. Туысқандық түсінік осы қажеттілікті кетіреді. Неге десеңіз? Бөгделік түсінікпен ер-әйелдердің бір отбасында ет-жақын араласуы нәпсілік шәһуаттың өз билігін жүргізуіне, сол арқылы бір-бірінен сырт тебе бастауына әсер етеді. Сол себепті, отбасындағы ана мен ұл, әке мен қыз арасында жаман қылықтарға тосқауыл болатын әрі өзара жанашыр сезімін оятатын *«туысқандық»* атты бір байланыстың болуы керек. Туысқандар арасындағы өзара махаббат сезімді, көрмесе бірін-бірі сағынатын рухани байланысты Алланың адамзатқа тарту еткен сыйы деп білген дұрыс. Әйтпесе, ата-анаға деген құрмет жоғалып, тіпті, әкесі әйелін ұлынан қызғану сынды алауыздыққа жетелейтін әрекеттер көріністер жүз беріп, соңы қан төгіске, баянды тіршіліктің бұзылуына апаруы мүмкін. Сондықтан, ақыли тұрғыдан қарағанның өзінде діндегі *«туысқандық»* атты қасиетті ұғымның сақталуы керек.

«Қызға сөз салу» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: {وَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ فِيمَا عَرَّضْتُمْ بِهِ مِنْ خُطْبَةِ النِّسَاءِ أَوْ أَكْتَمْتُمْ فِي أَنْفُسِكُمْ عَلِيمَ اللَّهُ أَنَّكُمْ سَتَذْكُرُونَهُنَّ وَلَكِنْ لَا تُوَاعِدُوهُنَّ سِرًّا إِلَّا أَنْ تَقُولُوا قَوْلًا مَعْرُوفًا وَلَا تَعْرَمُوا عُقْدَةَ النِّكَاحِ حَتَّى يَبْلُغَ الْكِتَابَ أَجَلَهُ}

Алла Тағала: «Иддат мерзімін күтіп отырған әйелдерді алуды ойласандар, ойларыңды иддат мерзімі ішінде оларға тұспалдап қана білдірсеңдер немесе оларға сездірмей іштерінде сақтасандар күнә арқаламайсыңдар. Алла олар жайлы не ойлайтындарыңды біледі. Ендеше, ниеттеріңді күнәға жатпайтын, жақсы сөзбен тұспалдап қана білдіргеннен басқа (күту мерзімінде) олармен (үйлену жайында) жасырын түрде уәделеспендер және иддат мерзімі толмай тұрып некелесуші болмандар...» («Бақара» сүресі, 235-аят) деген.

Аятта зікір етілген «Хитба» сөзі қызға некелесу мақсатында сөз айтуды білдіреді. Ер азамат қалыңдық ретінде таңдаған қызға «*Маған тұрмысқа шығасың ба?*» деген сөзі «*Ижәб*» делініп, қыздың оған «*Иә, шығамын*» деген сөзі «*Қабул*» болады. Некенің рукуны саналатын екі жақты бұл келісім іске асқан жағдайда, «*Хитба*» (қазға сөз салу) ісі өз мәресіне жеткен болып табылады. Сондай-ақ, Ислам шарифатында бір әйелді некесіне алу мақсатында сөз салудың үш түрі бар. Олар:

Біріншісі: Некелесу үшін басы бос қызға немесе күйеуі жоқ әйелге «*ашық және тұспалдап*» сөз айтуға болады. Жігіт болашақ жары еткісі келген қызға көңілін білдіру үшін алдымен оны көргені дұрыс. Кездесуде жігіт қыздың жүзіне, қос алақанына және бойына қарауына болады. Бұл ағзалар жалпы әйелдің тұла бітімінің әдемі яки әдемі еместігін көрсете алатындықтан, осы ағзаларына қарау жеткілікті. Сондай-ақ, қыз бен жігіттің бір-бірлерін ұнатуы өте маңызды. Әл-Муғира деген сахаба бір әйелді айттырғысы келгенін айтқанда, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «*Оны көр! Көру – араларыңды нықтай түседі*» (Тирмизи, Никах 1087.) деген. Сонымен қатар, кездесу кезінде әр екеуі өмірлеріндегі ең маңызды деп білген ойларын, отбасы және жеке бастарына қатысты мақсаттарын ашық айтып, ортақ бір шешімге келіп алғандары жөн. Мысалы: жігіт «*Мен әке-шешемді бағуым керек*» десе, қыздың «*Мен оқуымды тағы жалғастырғым келеді*» деген сияқы немесе әр екеуінің бойында қандайда бір қайталанба аурулары болса жасырмай айтулары керек. Мұндай мәселелер үйленбей тұрып өз шешімін тауып, әр екеуі көңілден дайын болмаса кейін өзара түсініспеушілікке, тіпті, соңы ажырасып тынуға апаруы мүмкін. Сондықтан, қыз бен жігіт үйленбей тұрып кең ойланып, нақты бір шешімге келіп алулары бақытты ғұмыр кешулерінің бастауы болып табылады.

Көп жағдайда жастар үйленуден бұрын бір-бірін тануды, яғни, жігіт қыздың, қыз да жігіттің мінезін, ішкі сырын танып білу мақсатында бірнеше кездесулер өткізгісі келеді. Егер бұл кездесулерде шарифат тыйым салған қыз бен жігіттің қол ұстасулары, құшақтасулары және оңаша қалулары (яғни, жыныстық қатынас жасау мүмкіндігі болған оңаша қалу) сынды әрекеттер жасалмаса оқасы жоқ. Әрі қыз бала кездесуге әпке-жеңгейлері сияқты біреуді ертіп келгені дұрыс. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Ер кісі*

өзіне бөтен әйелмен оңаша қалмасын. Сөзсіз, үшіншісі шайтан болады. Бірақ (қыздың) туысын серік қылса, ол басқа» (Ахмад ибн Ханбал–15269.) деген. Сондай-ақ, қыз бен жігіттің жеке қалуы зинаға апаратын себептерге жатады. Зина – тектілікті жоғалтып, түрлі психологиялық ауруларға душар ететін фактор әрі ауыр күнә болып табылады. Сол себепті, қасиетті Құранда: «**Зинаға жақындамандар...**» («Исра» сүресі, 32-ая) деп, зина жол ашатын мұндай істерден тыйған.

Екіншісі: Шариғатта құда түсіп қойған қызға немесе біреудің некесінде болған әйелге сөз айту харам. Бұл туралы Алла елшісі (с.а.с.): «*Сендердің біреулерің бауырының (біреумен саудаласып жатқан) саудасын бұзбасын және бауыры (некеге алу үшін) сөз айтқан әйелге сөз салмасын. Ал, бауыры рұқсат етсе, оның жөні бөлек*» (Мүслим) деп, біреу уәделесіп қойған қызға сөз айтуға тыйым салған.

Үшіншісі: Аталмыш аятта күйеуі қайтыс болып, ғиддәт мерзімін күтіп отырған әйелге некелесу мақсатында бір еркектің тұспалдап «Әдемі болып кетіңсің, көрікті екенсің» деген сынды сөз айту арқылы ойын білдіруін дұрыс десе, ал, «*Саған ғашық болып қалдым, маған әйелдікке шықшы*» деген сынды сөздермен некелесу ойын ашық білдіруден тыйған. Себебі, әлі бұрынғы күйеуінің ғиддәт мерзімінен шықпай (бойында бала бар, жоғын анықталмаған) тұрып екінші бір еркекпен сөз байласауы, жақындық қатынасқа түсу сынды әрекетке апаруы мүмкін. Нәтижеде, әйелдің бойына біткен баланың әкесі нақты кім болғаны жайлы күмән туындайды. Яғни, әйел бірінші күйеуінің ғиддәтынан әлі тазармағандықтан, баланы сол күйеуінен көтерген болуы немесе екінші күйеуінен көтерген болуы мүмкін. Мұндай екі ұшты істің соңы берекенің бұзылып, ұрыс-керіске ұластырады. Әйелдің туған баласын екінші күйеуі өз баласы ретінде қабылдамауы немесе баласы есейген шағында жаңағы еркекті әкесі ретінде мойындамауы және т.б. түсініспеушілік істер келіп шығады. Міне, осындай түрлі келеңсіздіктің алдын алу мақсатында Ислам шариғаты ғиддәт мерзімінен шықпаған әйелге ашық түрде сөз салудан қайтарған. Күйеуі бәйін талақ берген (қайта жарасу мүмкін болмаған) әйелдің де үкімі тура осындай.

Жеңгетайлық жар табудың бір жолы!

Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Үйленіңдер, көбейіңдер, мен сендердің көптіктеріңмен қиямет күні басқа үмметтерге мақтанамын*» (Ибн Мәжжа, Никах, 1) – деген сөздерін жер бетінде Алла Тағалаға құлшылық жасайтын үмметінің көп болуын қалауы деп ұққан жөн. Яғни, отбасы болудағы мақсат – Хақ дінмен өмір сүру, пайғамбар (с.а.с) сүннетін өмірдің үрдісіне айналдыру және жер бетінде бейбіт қоғам қалыптастырып, жаратылысқа бақыт сыйлау.

Үй болудың кейбір себептерін өткенімізден іздер болсақ, Алла елшісінің (с.а.с) алғашқы жұбайы Хадижамен (р.а) үйлену ісі еске келеді. Үйлену жәйін алғашқы болып қозғаған Хадижа (р.) анамыз еді. Иә, жәһилия кезеңінің өзінде арлы әйел мағынасындағы “Таһира” лақабына ие болған Хадижаның ұсынысын араға жеңгетайлық жасаған досы Муниа қызы Нәфиса хазіреті Мұхаммедке (с.а.с) жеткізеді. Өзіне адал жар таңдауда

батылдык көрсеткен Хадижа (р.а) анамыз өмірдегі орнын мүміндердің анасы қатарынан алған еді [61, 97 б.].

Қазақ дәстүрінде ата-ананың балаларын кішкентай кезінен атастырып қоюы, жеңгейлердің балдыздарын иманды азаматтарға кездестіруі сынды жоралғылардың қазіргі күнде де берері мол екенін қыз баланың ата-анасы, аға-жеңгесі болған туыстары, тіпті, қыз баланың өзі де ескерген жөн. Яғни, әрбір істің себебін істеу мұсылмандық міндет болып табылады. Бүгінгі таңда отырып қалған қыз балалардың көбеюі де аталмыш дәстүрімізге тиісінше мән берілмей жатудан да болса керек. Алайда, біреудің маңдайына бойдақ өту жазылған болса, оған ешкімнің шарасы жоқ. Мұндай кездерде бойдақ ер азаматтар да, күйеуге шықпай қалған қарындастарымыз да өмірінен нылып, алға қойған ұлы мақсатынан қол үзіп қалмауы тиіс.

Кейбір жастар Хақ діннің жанашыры болу мақсатында бойындағы қажыр-қайратын ғылым жолында, имандылық бағытта тауысып жүріп үйлене алмай қалса, олардың бұл ерен еңбектерін отбасы құрып, иманды бала тәрбиелеп өсірген бір отбасының игілікті ісінен бөле қарауға келмейді. Өйткені, әр екі түрлі өмір сүрудегі мақсат Ұлы Жаратушының разылы жолында болғандықтан, ешкім ешнәрсе жоғалтқан жоқ. Бұл үйленудің қажеті жоқ дегеніміз емес. Яғни, бойдақтық өмір болсын, отбасылық өмір болсын адамның басты мұраты Алла разылығы болу керек демекпіз.

«Мәһір» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: {وَأَتُوا النِّسَاءَ صَدَقَاتِهِنَّ نِحْلَةً فَإِنْ طِبْنَ لَكُمْ عَنْ شَيْءٍ مِّنْهُ نَفْسًا فَكُلُوهُ هَنِينًا مَّرِينًا}

Алла Тағала: «Үйленетін әйелдеріңе мәһрлерін шын көңілден тарту етіндер. Егер олар өз ризашылығымен сол мәһрдің бір бөлігін өздеріңе қалдырса, сендер үшін таза һәм адал. Игіліктеріңе жаратып, қызығын көріңдер» («Ниса» сүресі, 4-аят) деген.

Мәһір – қыз бен жігіттің некелесу кезінде әйел кісі өзін еріне тәуелді еткені үшін ердің мойнына уәжіп болған құны бар материалдық сыйлық [62, 2/18 б.]. Мәһірді қыз бен жігіттің неке қидырған кездерінде немесе кейін өтеу шартымен өзара келісімдері негізінде беріледі. Келісілген мәһірді бермей кеткен жағдайда жігіттің мойнына қарыз болып қалады. Бірнеше әйел алған адам әрбірімен келісе отырып, жеке-жеке мәһір беруге міндетті. Сондай-ақ, қыздың өз ақысын (мәһірін) азайтуға немесе кешіруге мүмкіндігі бар. Ал, ерлі-зайыптылар өзара ешқандай мәһірдің мөлшеріне келіспей тұрып, некелесіп қойған болса, онда қалыңдыққа өз құрбыларына берілген мәһірдің ұқсасы беріледі. Сонымен қатар, мәһірге шарифатта тыйым салынған арақ-шарап, ұрланған зат сынды дүние-мүліктер берілмейді.

Ислам шарифаты ер-азамат өмірлік жары ретінде таңдаған қалыңдағын қуанту, адалдығын дәлелдеу мақсатында материалдық сыйлық беруді міндеттеген. Жомарт көңілді жандар қанша мәһір берем деседе бір шектеу жоқ. Бұған дәлел бір күні мұсылмандардың халифасы Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) мінберге шығып былай дегені риуаят етіледі: «Мәһір мәселесінде әсірешілдік жасамаңдар! Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дәуірінде сахабалар мәһірді 400 дирхамнан асырмайтын», - деді. Сол сәтте құрайштың бір әйелі: «Уа, халифа! Сіз мәһірдің 400 дирхамнан аспауын бұйырдыңыз ба?», - деп сұрайды. Сонда халифа: «Иә», - деп жауап береді. Әлгі әйел: «Сонда сіз Алла Тағаланың: «Мәһірге қинтар (көп, сансыз мал-дүние) берген болсаңдар да...» дегені жайында естімедіңіз бе?», - дейді. Омар (р.а.) қателескенін мойындап: «Уа, Тәңірім! Мені кешіре көр! Негізінде, адамдардың бәрі – дін мәселесінде Омарға қарағанда білімдірек», - деді. Осыдан кейін Омар (р.а.) қайта мінберге шығып: «Уа, халайық! Мен сендердге мәһірдің мөлшерін шектеген едім. Мені тыңдаңдар! Енді осыдан соң әркім мәһрге өз қалағанын берсін», - деп бұйырды».

Ханафи мәзһабы бойынша, мәһірдің ең аз мөлшері он дирхам. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) заманындағы бір күміс дирхам шамамен қазіргі таңда 3 граммға сәйкес келеді. Ал он дирхам –шамамен 30 грамм мөшерінде. Яғни, берілетін мәһірдің құны 30 грамм салмағындағы күмістен кем болмауы керек.

Ханафи мәзһабында Құрандағы «хас» – жалқылық мағынасын білдіретін сөздер қатғи (кескін) дәлел болып, сол сөзге толықтай амал ету міндет болады. Құранда: «Әйелдеріңе қатысты нені парыз (өлшам)еткенімізді білеміз» («Ахзаб» сүресі, 50-аят) деген аятындағы «нені» мағынасын білдіретін хас «ام» сөзінің үкімі былай түсіндіріледі. Алла Тағала: «Ол әйелдердің біріне көп мәһір (қинтар) берген болсаңдар...» («Ниса» сүресі, 20-аят) деп «қинтар» сөзімен мәһірдің көбінің шегі

жоқ екенін айтып, мәһірдің ең азы болған он дирһамды шарифатта жазаның жеңілі ұрлық мәселесіне қияс қылады. Яғни, он дирһам ұрлаған адамға жаза қолданылады. Сонымен, Құранда «**парыз еткенімізді білеміз**» аятындағы белгілі болған мәһірді «он дирһамды» беру үкімін қияс қылу жолымен міндеттесе, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с): «*Мәһір он дирһамнан аз болмайды*» деген хадисіне де амал етіледі [21, 11-12 бб.].

Ханафи мәзһабінің ғалымдары, Алла елшісінен (с.а.с.) жеткен: «*Сен ол әйелге жиырма аят үйретсең, ол сенің әйелің*» (Әбу Дәуіт, 2111.) немесе Әли (р.а) Фатимаға (р.а.) үйленер кезінде: «*Тоныңды бер*» (Әбу Дәуіт, 2126.) деген сынды хадистерді қолы қысқа кісілердің алдын-ала азырақ болса да мәһір беріп, некеге шыққан әйелдің көңілін аулауы керектігі көзделгенін айтады. Өйткені, Ислам тарихында Әлидің (р.а) Фатимаға (р.а) төрт жүз күміс дирһам бергені анық. Сол сияқты Құран үйрету, намаз, ораза және қажылық ғибадаттарын мәһір ретінде атауы материалдық мәһір беру міндетін мойнынан түсірмейді [34, 2/383-388 бб.]. Біреудің, «Мәһірің ретінде Құран үйретемін» деген келісіммен некелескен жағдайда күйеу жігіттің мойнына мәһір мисыл, яғни, қыздың өзі қатарлас құрбыларына берілген мәһір мөлшерінде мәһір беру уәжіп болады деген [62, 2/20 б.].

Имам Матуриди, Құрандағы: «**...Ал енді, (сендерге махрам болған) аталмыш әйелдердің тысындағы әйелдерге нәпсіге бой алдырып зина жасамау, ар тазалығын сақтау шартымен мал-пұлдарыңнан мәһір беріп үйлену адал етілді. Ендеше, аталмыш әйелдермен жұп болғыларың келсе мәһір ақыларын беріңдер. Бұл сендерге парыз...**» (Ниса сүресі, 24-аят) деген аяттың тәпсірінде «Мутға» некесі шарифатта харам екендігі ашық айтылады. Бұл мәселені түсіндіру барысында әуелі мәһірдің (неке шарттарының бірі) үкіміне тоқталып, мутға (қарымтасына ақы төленетін) некесінің харамдығын бірге дәлелдейді. Енді, Матуридидің көзқарасы бойынша, мәһір және мутға мәселелерін қатар түсіндіре кетелік.

Мәһір: имам Матуриди: «Алла Тағала некеде мәһірдің берілуін міндеттеді. Біздің асхабымыз, он дирһам құны бар зат болуын шарт қылады. Он дирһамға құны толмайтын дәннің (динәр) 6/1, азғантай бидәйдің дәні яки құрма және Құран аяттарын үйрету сияқты нәрселер мәһірге жарамайды. Оған Бақара сүресі, 237-аяты дәлел. Ал, Пайғамбарымыздың (с.а.с) бір кісіге: «*Құраннан білгеніңді үйреткенің сол әйелдің мәһірі болсын. Ол әйелге сені некеледім*» және «*Кімде-кім мәһірге алақан толы тамақ, ұн немесе арпа берсе некесі халал болады*» деген хадистерге келер болсақ, Алла елшісі (с.а.с) атамш сөздерді айту арқылы дәл сол сәттегі мезеттік қиындықты жеңілдетіп, жағдайы келгенде мәһірін толықтырып беруге мүмкіндік қалдырды. Міне осыған саятын біздің ғалымдарымыздың тағы бір дәлелі бар. Ол Жәбир ибн Абдулла жеткізген: «*Мәһір он дирһамнан аз болмайды*» деген хадисі [25, 3/144-146 бб.].

Мутға – Никәхул мутға – некесінде болмаған бөгде бір әйелмен шәһуатын қандыру мақсатында белгілі бір мөлшердегі материалдық (ақшаға) нәрсеге өзара келісіп, жыныстық қатынаста болу. Бұл ислам шарифатында харам. Имам Матуриди «Мутғаның» дінде харам екендігіне Құран аяттарын, көптеген хадистерді және ғалым сахабалар мен тәбиғиндердің көзқарастарын дәлел ретінде келтіреді.

Имам Матуриди, Құрандағы: «**...Ал енді, (сендерге махрам болған аталмыш әйелдердің тысындағы әйелдерге нәпсіге бой алдырып зина жасамау, ар тазалығын**

сақтау шартымен, мал-пұлдарыңнан мәһір беріп үйлену адал етілді. Ендеше, аталмыш әйелдермен жұп болғыларың келсе, мәһір ақыларын беріндер, бұл сендер үшін парыз...» (Ниса сүресі, 24-аят) деген аталмыш аятты тәпсірлеу барысында, аяттағы: «мұхсинин – ар тазалығын сақтау, ғайру мусафихин – зина жасамау» сөзінде Алла Тағала мәһірін беріп, некелесуді қалаған адамның ниеті «Ар тазалығын сақтайтын мәңгілік некеде болу, уақыттық шәһуатын қандыру (мутға) мақсатында болмау» керектігін әмір етті. Кейбіреулер аяттағы: «Ендеше, аталмыш әйелдермен жұп болғыларың келсе ақыларын беріндер» сөзінен «мутға» некесінің дұрыстығын шығарады. Олар аятта: «Истимтәғ» (шәһуәт әуестігін қандыру) жасаған соң ақысын беру айтылды. Яғни, «Никах» (неке) сөзі айтылмады. Олар Құрандағы: «әйелдермен жұп болғыларың келсе ақыларын беріндер» деген аятты «...балаларыңды сендер үшін емізетін болса, сүт ақыларын төлендер» (Талақ сүресі, 5-аят) деген аяттың мағынасына ұқсатып, өздерінің кереғар көзқарастарына қарай икемдеп дәлелдегісі келеді.

Біздің көзқарасымызда (Ханафи мәзһабында), Ниса сүресі, 24-аятындағы: «...Ал енді, (сендерге махрам болған) аталмыш әйелдердің тысындағы әйелдерге нәпсіге бой алдырып зина жасамау, ар тазалығын сақтау шартымен мал-пұлдарыңнан мәһір беріп үйлену адал етілді» сөзі адал некеге дәлел. Ал, «Ендеше, аталмыш әйелдермен жұп болғыларың келсе ақыларын беріндер» аятындағы «ақыларын беріндер» сөзі «мәһірлерін беріндер» мағынасын береді. Оған «Әйелдердің қожайындарының алдынан өтіп, мәһірлерін ғұрыпқа сай беру арқылы некелесіндер» (Ниса сүресі, 25-аят), «Біз саған мәһірін берген әйелдеріңді халал еттік» (Ахзаб сүресі, 50-аят) деген аяттар бұлтартпас дәлел болады. Және де мутға некесін дұрыс дейтіндер аятта: «Уәжіп болған мәһір әуелі келісіммен бекітіліп, соның негізінде неке іске асады» деген сөздеріне келер болсақ, бұл біреуі әуелі, екіншісі кейін орындалатын жәй реттілік ғана. Құрандағы: «Әйелдеріңді талақ ететін кезде, олардың иддат (ажырасқаннан кейінгі күту) мерзімін есепке ала отырып талақ етіндер» (Талақ сүресі, 1-аят) деген аятта әуелі иддат мерзімін күту айтылып тұр... Асылында, талақ айтылған соң иддәт мерізімі басталады. Яғни, бұндай аяттар көп кездеседі. Сондықтан, мутға некесін дұрыс деушілердің бұл пікірлері дәйекті көзқарас емес. Әли (р.а) жеткізген хадисте: «*Алла елшісі (с.а.с) Хайбар күні әйелдермен мутға жасауға және есектің етін жеуге тыйым салды*» [22, 17/328 б.] десе, тағы бір риуаятта: «*Алла елшісінің (с.а.с) Мекке азат етілген күні әйелдермен мутға жасауға тыйым салды*» [12, 864 б.] делінген. Алла елшісі (с.а.с) Мақаму Ибраһимде (а.с) тұрып: «*Расында, Мен сіздерге мутғаға рұқсат берген едім. Кімнің қасында бірге ұстаған әйел болса, босатып жіберсін. Берген нәрселеріңнен ешнәрсе тартып қалмаңдар. Әлбетте, Алла Тағала мутғаны қияметке дейін харам етті*» десе, Абдулла ибн Омар (р.а) Омар ибн Хаттабтың (р.а): «*Мутғаны дұрыс деп істеп жүргендерді жолықтырсам, тас боран атып өлтіремін*» дегенін естідім дейді. Абдулладан жеткен тағы бір риуаятта: «*Әйелдермен мутға некесінде болу талақ, мәһір, иддәт күту, мұрагерлік және некедегі құқықтық мәселелерге қатысты аяттармен үкімі насих (жойылды) етілді*» деді» [25, 3/146-149 бб.] – деген.

Имам Матуриди, мәһірге қатысты аятты тәпсірлеу барысында мәһірдің Ханафи мәзһабындағы үкімін, яғни, он дирһамнан аз болмауын айтумен қатар, мутға некесінің харам екендігін де дәлелдер келтіре отырып кеңінен тәпсірлейді. Әрі Ислам дінінің

кіршіксіз рухын ластайтын кереғар пікірлерден сақтандырады.

Қалың мал және мәһір мәселесі

Мәһір – тұрмысқа шыққан қызға берілуі тиісті болған ақысы болып саналады. Ал, қыздың әке-шешесіне берілген қалыңмал болса, ол күйеу жігіттің немесе құда жақтың қыздың ата-анасының көңілін жұбату, сыйластықты арттыру мақсатында дәстүр ретінде қалыптасқан ерікті (мүстахаб) амалға жатады. Қазақ дәстүрінде күйеу жігіт берген қалың малға көбінесе қыздың жасауы әзірленіп, кейінгі күйеуімен бірге болған отбасылық өмірінде ортақ қолданысқа түсіп кетеді. Осы жерде шарифаттағы қыздың ақысы болған мәһірді қыздың отбасына берілген қалың мал арқылы өтеледі деуге келмейтін үш түрлі себебін атауға болады.

Әуелгісі, қалың малды қыздың ата-анасы белгілеп, мынанша дүние-мүлік әкел деп әр өңірдің салтына қарай міндет қойып жатады. Қызымен ақылдасып та жатпайды. Ал, мәһір болса, қыз бен күйеу жігіт арасындағы келісім арқылы болатын іс. Екіншіден, қыз бала өзіне берілген мәһірге жасауын жасатуды қаламауы мүкін. Ал, қалың малға қыздың жасауын жасату көп жағдайда отбасының шешімімен іске асып жатады. Үшіншіден, шарифат талабы бойынша қыз жасауын жасап әкелуге міндетті емес. Яғни, мәһір қыздың жеке меншік мүлкі. Оны неге жұмсау қыздың еркіндегі іс. Ол қыздың тұратын жәйін, киім-кешегін және т.б. қажеттілігін күйеуі тауып беруге міндетті болып табылады. Міне, осын тұрғыдан екеуін толығымен бір нәрсе деуге келмейді.

Ислам шарифаты, қазақ дәстүріндегі қалың мал беруді жоққа шығармайтынын білгеніміз жөн. Әбу Ханифаның және өзге де ғалымдардың пікірінше, қыздың әкесі күйеу жігіттен мәһірдің тысында ақша талап етуге қақысы жоқ. Бірақ күйеу жігіттің өз көңіл қалауымен қыздың ата-анасына сый-сыяпат беруіне тыйым салынбаған [63].

Қорыта айтар болсақ, Исламда әйел кісінің өзін бүкілдей еріне тәуелді еткені үшін көңіліне жұбаныш етіп берілетін материалдық сыйлықтың бір хикметі де нәзік жанды әйел затының жарқын келешегін қалыптастыру болса керек. Яғни, әйел адам алған мәһірін жеке пайдасы үшін қаржылық кіріс көзіне айналдыруға әбден құқылы. Күйеуі қайтыс болған немесе күйеуі талақ беріп, ажырасқан жағдайда әлсіз, қорғансыз қалған әйелдің ары қарайғы өміріндегі материалдық қиындығын жеңілдету ісі осы мәһірде қарастырылды деуге де болады. Ханафи мәзһабында, қызға берілетін мәһірдің құны бар материалдық зат немесе он дирһамнан құны кем болмауын шарт қылуының сыры да осы болса керек!

«Ер мен әйелдің өзара міндеті» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { الرَّجَالُ قَوَّامُونَ عَلَى النِّسَاءِ بِمَا فَضَّلَ اللَّهُ بَعْضَهُمْ عَلَى بَعْضٍ وَبِمَا أَنْفَقُوا مِنْ أَمْوَالِهِمْ فَالصَّالِحَاتُ قَانِتَاتٌ حَافِظَاتٌ لِّلْغَيْبِ بِمَا حَفِظَ اللَّهُ وَاللَّاتِي تَخَافُونَ نُشُوزَهُنَّ فَعِظُوهُنَّ وَاهْجُرُوهُنَّ فِي الْمَضَاجِعِ وَاضْرِبُوهُنَّ فَإِنِ اطَّعْنَكُمْ فَلَا تَبْغُوا عَلَيْهِنَّ سَبِيلًا إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلِيمًا كَبِيرًا }

Алла Тағала: «**Нағыз ерлер(тәрбие беруде) әйелдерге басшы һәм (нәпақамен қамтамасыз етіп) қорған болғандары. Мұның себебі, Алланың кей адамдарды кейбіреуінен (басқару, қамқор болу сынды мәселелерде) артық (қабілетті етіп) жаратқандығы әрі ер адамдардың қаражат жауапкершілігін арқалағандығы. Ал ізгі әйелдер – Аллаға толық мойынсұнатын және ерлерінің алдындағы міндеттерін қалтқысыз орындайтын, сондай-ақ, Алла олардың құқығын қалай қорғаған болса, олар да дәл солай ерлері қастарында болмаған кезде де ерлерінің құқын аяқасты етпей (отбасына тән абырой мен ерлері тапқан мал-дүниені) лайықты түрде сақтай білетін жандар. Әйелдерінің қыңырлыққа басып, бағынбай кетуінен қорықсандар, оларға алдымен насихат айтындар, (насихат нәтиже бермесе,) олардан бөлек жатындар. (Сонда да қыңырлығын қоймаса, бір жеріне зақым келтіріп алмай ақырын) ұрындар. Егер түзеліп мойынсұнса, оларға жамандық жасаудың жолын іздемендер. Біліп қойындар, Алла – Али (бәрінен үстем), Кәбир (ұлы)» («Ниса» сүресі, 34-аят) деген.**

Аяттың тәпсірі: Бұл аятта Алла Тағала ерлі-зайыптылардың көтерген шаңырақтарын шәйқалтпай, жарасымды өмір сүрулері үшін бір-бірінің алдындағы кейбір міндеттері көрсетілген. Отбасы мүшелерінің өзара көптеген міндеттері бар. Солардың ең бастысы өзара сыйластық, жанашырлық. Сыйластық болған жерде иманмен өмір сүру, баланың дұрыс тәрбие алуы, өмір қиындықтарын оңай еңсеру сынды істер өз кезегімен нәтиже бермек. Ал ерлі-зайыптылар, бір-бірінен айып іздеп, берекесіздік белең ала бастаған жағдайда отбасындағы қиындықтар шешілудің орнына еселене түспек.

Аятта үш маңызды іс сөз етіліп тұр деуге болады. Әуелі, отағасы қармағындағы жас балалары мен әйелін асырауы басты міндеті ретінде айтылады. Ел қатарлы жақсы өмір сүрмеген жағдайда, бала-шаға арасында ұрыс-керістің туындауына, тіпті, қоғамда әртүрлі қылмыстардың жасалуына әкеліп соғары анық. Сол себепті, ер адамның міндеті тек отбасымен шектелмей, бір ұшы қоғаммен байланысып жатқанын көруге болады. Екіншісі, отбасындағы ішер асы, киер киімі болған әйелдің басты міндеттерінің бірі ерінің ар-намысын сақтап, отбасындағы құпиялықты сыртқа шашпау және ері тауып әкелген дүние-мүлікті ұқыппен жұмсау, ысырап етпеуі көрсетілген. Яғни, бірді екі ете отырып, отбасы мен қоғам бүтіндігін сақтау екінші кезекте әйел кісінің еншісіне қалдырылған. Үшіншісі, аталмыш міндеттерін дұрыс атқармаған әйелге насихат ету, бөлек төсек салып жату және уақытша бөлек қалу арқылы тәрбие беру жолдары көрсетілген. Енді, осылардың әрбіріне жеке-жеке бір тоқталып көрелік.

Отағасының міндеті

Адамның ғұмыры өзгелермен барыс-келістен тұратындықтан, әркімнің өмірде өз жауапкершілігін білуі маңызды. Жауапкершілік болмаған жерде баяшатты да, баянды ғұмыр кешу болмайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) бір хадисінде: *«Барлықтарың бақташысыңдар және әркім қарамағындағы іске жауапты. Имам (басшы) халқынан жауапты. Отағасы отбасы мүшелерінен жауапты. Әйелі де күйеуінің үйіне әкелген дүниесінен жауапты. Қызметші қожайынының ісінен жауапты»* (Бұхари, 7138) – деген.

Пайғамбарымыздың (с.а.с) ұлағатты бұл сөзі, қара құлдан ханға дейінгі әркім өз ісінен жауапты екенін, сол үшін Алланың құзырында сұралатынын ескертіп отыр. Әсіресе, отбасындағы ер мен әйелді атап айтуының да өзіндік мәні бары ақиқат. Ислам шарифатында, отағасының әйел, бала-шағасын адал жолмен асырауы басты міндеті болып табылады. Алла елшісі (с.а.с): *«Сендердің ішкен, жегендерің адалдан болмай тұрып қайдан дұға-тілектерің қабыл болсын»*, – деген. Адамның қорек еткен азығы сүйекке сіңіп, ет болып бітуімен қатар, адам бойындағы ізгі қасиеттері де сол жеген-ішкені негізінде қалыптасады. Ислам шарифаты, нәзік жанды әйел затын отбасындағы бар дүниені дұрыс пайдалануға ғана жауапты етіп, отағасы болған ер-азаматтың мойнына өмір бойы бала-шағасын адал жолмен асырау сынды ауыр жүкті артып қоюының өзі дініміздегі әділдіктің бір көрінісі деуге болады.

Қасиетті Құранда: **«Халал ризықтан жеңдер»** («Мүмін» сүресі, 51-аят) деп әмір етеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) бір хадисінде: *«Тозаққа жануға ең лайықты ет (адам) харам тамақты қорек еткен кісі»* (Сахихут тарғиб, 1729.) десе, тағы бір риуаятта: *«Адамға қорек еткен асы билік жүргізеді. Харам тамақ жеген адам күнә істеуді қаласын яки қаламасын мүшелері жамандыққа бұрып тұрады. Ал халал тамақ жеген адам, сауапты істі қаласын яки қаламасын мүшелері ізгілікке бастап тұрады»* [56, 531 б.] – деп жеп-ішкен азығымыз өмірімізге ықпал ететіндігін айтады.

Демек, адал кәсіп етіп, таза тамақ жеу Алла Тағаланың әмірі және мұсылмандық парыз саналғандықтан, әйел мен бала-шаға отағасыдан адал ризықпен асырауын талап ете алады. Сонымен қатар, нәпақаның өлшемі немесе отбасы мүшелерінің тамағы, киім-кешегі және баспанасы секілді күнделікті қажетті нәрселер ер адамның жағдайына қарай белгіленеді. Бұл жерде әйел ерінің шамасынан тыс нәрселерді талап етуге құқы жоқ. Әрі әйел кісі әлеуметтік ісінде күйеуіне бағынышты болғандықтан, ата-анасына көмектесе алмай жатса күнәкар болмайды. Ал ата-анасымен, туысқандарымен қарым-қатынас жасап тұруына әбден құқылы.

Әйелдің міндеті

Аятта зікір етілген әйел кісінің басты міндеттері ар-намысын сақтау, бөгде еркекпен көңіл қоспау және отбасындағы сырды сыртқа шашпау. Алла елшісі (с.а.с.):

«Әйел бес мезгіл намазын оқыса, оразасын тұтса, өзінің ар-намысын қорғаса және еріне бағынған жағдайда оған: «Жұмақтың қалаған есігінен кір» деп айтылады» (Ахмад, 1661.) – деген.

Отбасындағы әйел адам ерінің маңдай тер, адал еңбегімен тауып әкелген дүние-мүлікін ысырап етпей, жауапкершілікпен қарауы басты міндеті дедік. Бұл отбасылық өмірдегі күнделікті азық-түлік, электр жарығы, суды қолдану, тіпті, әр бөлмеге кіріп-шыққанда электр жарығын өшіріп жүру сынды істердің бәрін экономдап қолдануын білдіреді. Кейде көзге бір бөлменің жарығы бірер сағат жанып қалуы, суды ағызып қоймай, тоқтатып қолдану істері болмашы іс болып көрінуі мүмкін. Алайды, орынсыз жанған шырақ пен артық аққан судың минут, секундтына ақша есептелетіндіктен, бәрі ысырапқа жатады. Бұл шарифат талабына да, адамгершілік қасиетке де сай келмейді. Әсіресе, кейбір табыс көзі шектеулі отағасыларға ауыр тиері анық. Әйелі бір тапқанын екіншісіне жеткізбей отырса, оның жұмысқа деген қызығушылығын салқындатып, жұмыссыз қалуына себеп болуы мүмкін. Бұл ерлі-зайыпты арасында ұрыс-керістің туындауына, ажырасуға және әке-шешенің тәрбиесін көрмеген жетімдердің көбеюіне әкеліп соғады.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда дінге жаңа бет бұрған кейбір қарындастарымыз, шарифаттың **«Отағасы әйел, бала-шағасын бағуға міндетті»** деген тұсын жалаң түсініп жүрген тәрізді. Әрине, мұсылман әйелдердің барлығын айыптаудан аулақпыз. Әйтседе, хадистегі «Әйелі де күйеуінің үйіне әкелген дүниесінен жауапты» деген жеріне сүйене отырып, кейбір әйелдердің «Мені ерім бағуға міндетті. Мен ешнәрсе істеуге міндетті емеспін» деген сынды түсініктері дұрыс еместігін, отбасындағы әйел адамның да өзіндік міндеттері барын ескерту. Ғасырлар бойы Ислам дінін ұстанып келген қазақ халқының салт-дәстүрі мұсылмандық тәрбие негізінде қалыптасқаны анық. Әрбір қазақ отбасындағы әйелдің қыбланамасы әуелі Алла елшісінің (с.а.с) жұбайлары болса, қала берді ақ жаулықты аналарымыз еді. Алла елшісінің (с.а.с) жұбайлары мен ақ жаулықты аналарымыз өз міндеттерін қалай өтеді? Соған қысқаша бір тоқталып өтелік. Алла елшісінің (с.а.с) жұбайлары:

- Пайғамбарымыздың (с.а.с) алғашқы жұбайы Хадижа анамыз саудамен айналысатын, Меккедегі алдыңғы қатарлы байлардың бірі еді. Бүкіл дүние-мүлкін Ислам дінін насихаттау жолына жұмсаған.

- Айша анамыз болса, шарифат ілімдерін жетік меңгерген, хадис көп риуаят еткен ғалым әйел болған.

- Умму Сәләма анамыз әрі ғалым, әрі Ухуд шайқасында батырлығымен танылған парасатты әйел еді.

- Зейнеп бинт Жахш тері өңдеу ісінің қас шебері болған.

- Мәймуна және Жуайриә сынды жұбайлары, өзге дін өкілдерімен қарым-қатынасты күшейтуде өз үлестерін қосқан. Сондай-ақ, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с) әрбір жұбайы үйде қол қусырып қарап отырмай, отбасы қиыншылығын бірге көтерісіп, Ислам дінінің кең насихатталуы жолында еріне мол үлестерін қосқан асыл аналарымыз еді.

Ал қазақ әйелдері (әжелеріміз бен аналарымыз), үйде ешбір жұмыс істемей отырған ба? Жоқ, олар баққан малдары арқылы үйдегі түрлі қажеттіліктерін шешіп

отырды. Мысалы: балаларына малдың терілерін илеп, сырт киімдер мен аяқ киімдерін тігіп кигізген. Жүндерінен киіз басып, арқан-жіп есіп түрлі керекке жаратқан. Малдың сүтінен құрт, ірімшік және май сияқты қоректік күші бар азық жинап, отбасының қысы-жазы жейтін тамағын қамтамасыз етіп отырған. Яғни, отағасы сыртқы жұмыстармен айналысқанда, үйдегі әйелдер де қарап отырмай бірге қимылдап, өмірдің ауыртпалығы мен қызығын бірге көтеріскен. Соның арқасында өберелі-шөберелі болып өсіп, бүгінгі бейбіт өмірге қол жеткізген.

Өмірде қандай да бір келеңсіз жағдай жүз беріп жатса, оның туындау салдарының бір ұшы ерлі-зайыптылармен байланысты. Олардың өз жауапкершілігін толық сезінбеуі, бала тәрбиесіне кішкентай кезінен көңіл бөлмеуі салдарынан туындайды. Сондай-ақ, өмірлік рухани тәрбие ерлі-зайыптылардың жарасымымен, өзара селбестігі арқылы ғана беріледі. Адам бойындағы жауапты ісіне болған адалдық, еңбек сүйгіштік, сыйластық, үнемшілдік және қарапайымдылық сияқты адами қасиеттер отбасының Ұлы Ордаға айналуына ұйтқы болмақ. Сол себепті, отбасында әрбір ата-ана өз жауапкершілігін сезініп, мойынсал болмайынша береке-бірлікте, бақытты ғұмыр кешуде болмақ емес!

БАҚ-да сөйлесудің әдебі

Бүгінгі күнде БАҚ арқылы түрлі ақпараттар тарап жатады. Соның қатарында, отбасында отырған әйелдер отбасындағы кейбір сақтауға тиісті болған сырларын өзгелермен бөлісіп отырады. Мұның соңы көбінесе, отбасының ыдырауына, қоғамның бұзылуына алып келеді. Дінімізде, нәзік жанды әйелдердің «Internet, Facebook, WhatsApp» сияқты ақпарат желілері арқылы бөгде адамдармен сөйлесуі, хат жазысуылары дұрыс ба?» – деген сұрақ төңірегінде қысқаша тоқталып көрелік.

Жалпы, «Internet, Facebook, WhatsApp» сияқты әлеуметтік желілер арқылы бөгде (некелесу харам болмаған) ер-әйелдердің бір-бірімен пікір алмасып, сұхбаттасу барысында, шарифат шеңберінен шығып кетпеу шарт. Немесе халық арасына бүлік салатын, зинаға апаратын өрескел қалжың айту, жаман суреттер жариялау, бірін-бірі ғайбаттау сияқты күнәлі істерден сақтану тиіс. Сондай-ақ, бұл шарттарды сақтай отырып, Ислам дінін, адамгершілік қасиеттерді насихаттау немесе дін және ізгіліктен тұратын тарихты, салт-дәстүрді үйрену мақсатында ғана сөйлесуге болады. Фықһта: *«Рұхсат – қажеттілік көлемінде ғана болады»* деген қағида бар.

Демек, маңызды бір қажеттілік болмаған жағдайда әлеуметтік желілер арқылы бөгде ер-әйелдердің бір-бірімен сөйлесуі дұрыс емес. Себебі, бұл көп жағдай адамдардың өзіне тиісті маңызды істеріне селқос қарауына және отбасындағы бір адамның әлеуметтік желіде отырған жарына кіммен сүйлесіп отыр деп күмәнмен қарауына әкеп соғады. Нәтижеде, жұмысын тыңғылықты істемеген адам жұмысынан кетіп, ерлі-зайыптылар ажырасып тынуы мүмкін.

Әйелді тәрбиелеу жолы

«Ниса» сүресінің 34-аятында «Нушуз» яғни, әйел кісі еріне бағынбай шектен тыс іс-әрекеттерге барған жағдайда, әйелін күнәлі істен тыйып, райынан қайтару мақсатында тәрбие берудің үш түрлі жолы көрсетілген. Әуелі, үгіт-насихат айту арқылы істеп жүрген әрекеттерінің шарифатқа қайшы екендігін хикметпен жеткізу. Екіншісі, төсектен бас тарту. Яғни, әйелінің ісіне болған наразылығын бөлек жату немесе теріс қарап жату арқылы білдіру. Мүмкін бұл істен де әйел адам ерін шын сүйетін болса, тәубесіне келіп дұрыс жолға түсері хақ. Үшіншісі, аятта «Дараба» етістігі негізінде келіп, қазақ тілінде «ұру» мағынасы қолданылып жүр. Алайда, оның отызға жуық мағынасы бары айтылған.

Бұл туралы Ермек Есқожа, өзінің «Ислам әйелді «ұр» дей ме?» деген мақаласында былай келтіреді: «Сөздікте «дар ра ба» масдар ретінде «ұрып-соғу», «жасау», «тастау», «айрылысу», «көрсету», «беру», «қою» сынды бірнеше мағыналарды береді. «Дараба хисса» – квота тағайындау, «дараба хақнун» – укол салу, «дараба һәймә» – шатыр құру, «дараба дарибатун» – салық салу, «дараба мисәл» – мысал беру, «дарабал һәтифа» – телефон шалу сынды отызға жуық мағыналары бар» дей келе, аятқа «уақытша айрылысу» мағынасын беруді жөн көреді. Әрі көзқарасын дәлелдеу мақсатында ғұламалардың тұжырымдарына сүйене отырып, Алла елшісінің (с.а.с.) өміріндегі мына оқиғаны да келтіреді: «Айша анамызға (ол кісіден Алла разы болсын) зина жасады деген жала жабылған кезде (бұл істің анық-қанығы аят болып түспей тұрғанда) пайғамбарымыз алдымен насихат айтты, төсекте бөлек жатты һәм уақытша әкесінің үйіне жіберді. Бұл аятты жорамалдаушылар пайғамбар өмірінен өнеге алуды шетке ысырып қойып, өздеріне керекті «ұру» деген мағынаны таңдап алып, әйелді ер адамнан төмен санайтын түсінікке итермелегісі келеді. Аятты түсіну барсында «дараба» етістігі ұру емес, «бос қоя беру», «жөніне жіберу» екендігін осыдан-ақ ұғынуға болады» [64].

Аяттағы «Дараба» сөзіне «ұру» мағынасын бергендер, күйеуіне бағынбай шектес тыс кеткен әйелді ісінің ұнамсыз екендігін сезіндіріп, тәрбие беру мақсатында денесіне дақ түсірмей жәй ұру мағынасында дей отырып, әйелді батыра ұруды, оның ақысына қол сұққандық санап, ауыр күнәға жатқызады. Демек, Ислам шарифаты әйел шектен шықпаған жағдайда қол көтеруге тыйым салған. Әнас ибн Мәликтің (р.а.) жеткізген хадисінде: «*Алланың елшісі (с.а.с.) ешқашан қызметшісін де, әйелдерін де ұрған жоқ*» делінген. Алла елшісінің (с.а.с.) әрбір ісін өнеге тұтқан күллі мұсылман үшін аяттағы «дараба» сөзінің негізгі тәпсірі де осы десек болады. Тіпті, Ислам діні ерлі-зайыптылардың бірге өмір сүруі қиындап, жалғасты өмір сүре берген жағдайда күнәлі іске бару ықтималдығы арта түскен соңғы сәттерінің өзін де бір-бірінің ақысын кешіре отырып, өзара сыйластықпен ажырасуды ұсынады. Міне, бұл дініміздегі сара жол деуге болады.

Ал, статистикаға сүйенсек, әйелге қол көтеру саны мұсылман елдерінен гөрі батыста басымырақ көрінеді. Сондықтан батыс елдерінде әйел құқығын қорғау үшін көптеген ұйымдар құрылған. Америкалық атақты феминист проф. Темма Каплан бұл елде әйелдердің 50 пайызы күйеуінің соққысына жығылады деген дерек ұсынады. Оның мәлімдеуінше, әйеліне ең көп жұдырық сілтейтіндер дәрігерлер, адвокаттар, одан

кейінгі орында фирмаларда жұмыс істейтін жоғары лауазымды қызметкерлер екен. Көріп отырғанымыздай, әйелін тепкінің астына алатындар қара танымас біреулер емес, бәрі де жоғары білімді, мәдениетті кісілер. Демек, Құран үкімдерін және хадистерді дұрыс түсінбеген мұсылмандардың әрекетіне қарап, Ислам діні әйелге қол көтеруге жол ашқан деу ешқандай қисынға сай келмейді [65].

Қорыта айтар болсақ, ерлі-зайыптылар өз міндеттеріне жауапкершілік танытып, сыйластықты сақтаған жағдайда, әйел ұру мәселесі де сөз болмас еді. «Ниса» сүресінің бұл 34-аятынан ақ некені таза сақтап, бақытты отбасы болудың ең керемет үлгісін көре аламыз.

«Ер мен әйелдің арасын жарастыру» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: {وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيْنِهِمَا فَأَبْعَثُوا حَكَمًا مِنْ أَهْلِهِ وَحَكَمًا مِنْ أَهْلِهَا إِنْ يُرِيدَا إِصْلَاحًا يُوَفِّقِ اللَّهُ بَيْنَهُمَا
إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلِيمًا خَبِيرًا

Алла Тағала: «Егер ерлі-зайыптылардың ажырасып кетуінен қорықсандар, ер адамның өз жұртынан бір әділ төреші, әйелдің төркінінен де бір әділ төреші тағайындандар. Бұл екеуінің ниеті оларды жарастыру болса, сөзсіз, Алла Тағала оларды қайта табыстырады. Шүбәсіз, Алла – Алим (бәрін біледі), Хабир (барлық нәрседен хабардар)» («Ниса» сүресі, 35-аят) деген.

Ислам діні, отбасын бүтін сақтап қалуды адамзаттың екі әлемдік бақытының ұйытқысы ретінде қарастырады. Ал ажырасу – қорғансыз жесір мен жетімнің, мейірім мен рухани тәрбиеден мақұрум қатыгез ұрпақтардың көбеюіне жол ашады. Бұдан келіп шығатын күнәлі істер үшін қиямет күні ажырасқан ата-аналар сұралатындығы өзге аят, хадистерде білдірілген. Аталмыш аят дау-жанжалға арқау болатын өзара түсініспеушілік істерінде ер мен әйел тарапынан екі әділ төрешіге жүгінуге шақырып, ауызы дуалы қариялардың берген тәрбиесі ер-әйелдердің қателігін мойындап, өзара адал ғұмыр кешулеріне мұрындық болар бірден-бір жол ретінде көрсетілген.

Дана халқымыз, «*Бідис-аяқ сылдырламай тұрмайды*» деп, отбасындағы ерлі-зайыптылар арасында азды-көпті ұрыстың, ренжісудің болып тұратындығын, алайда, мұндай болмашы ұрыс-керісті ұлғайтып, дүрліктірудің қажеті жоқтығын айтады. Бұл тағылымды дәстүріміздің тамыры, болмысы жарасым пен бірліктен тұратын Ислам дінімен астасып жатқаны сөзсіз. Қасиетті Құрандағы: «**(бір-біріне шапағатшы етіп) иман еткендерді ұрпақтарына қосамыз. Істеген амалдарынан (имани достықтан болған) ешнәрсені кемітпейміз**» («Тур» сүресі, 21-аят) деген аятта қиямет күні бір шаңырақтың адамдары бір-біріне шапағатшы болып қосылатыны сияқты имани бауырлардың да бір-біріне шапағатшы болатыны, дүниедегі достықтары мәңгілік өмірде жалғасын табатыны айтылып тұр [56, 1/606 б.]. Яғни, ерлі-зайыптылар арасындағы «Ақ неке» Алла алдында да, адамзат алдында да жақындықтың, бірліктің ең ұлы символы болып табылады. Ол бүтін сақталған жерде қоғам бүтіндігі сақталмақ.

Ислам – туралық діні. Туралық – адамның сөзі мен ісінің, ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбетінің сай болуы. Жасанды қылықтар мен негізі болмаған сөздерден тазарып, тәбиғилық шеңберінде өмір сүруін білдіреді. Ал жалған сөйлеу Алла тағаланың әміріне қарсы келу болып табылады. Себебі, Алла тағала: «**Және өтірік сөзден сақтанындар**» («Хаж» сүресі, 30-аят) деген.

Фақиһ ғалымдар: «Зәрулік жағдайда жалған сөйлеуге рұқсат бар» деп бүлікке бастайтын ұрыс-керісті тоқтату мәселесінде рұқсат берген. Алайда зәрулік шегінен шықпау керектігіне баса мән берсе, кейбір ғалымдар зәрулік себепті айтылған жалған сөздің өтірікке жатпайтынын да айтқан.

Исламда өтірік айтуға болатын зәрулік жағдайлар:

- Ренжіскен адамдарды татуластыру.

- Ұрыс-керістің алдын алу немесе тоқтату үшін ерлі-зайыпты адамдардың бірі екіншісіне өтірік араластырып сөйлеуі.

- Соғыс майданында дұшпанды айласына түсіру [22, 13/383 б.].

Ибн Шихаб: *«Адамдарға үш жағдайдан басқа кезде өтірік айтуына рұқсат берілгенін естімедім. Ол үшеуі: соғыс, адамдардың арасын татуластыру және ер-әйел арасында айтылатын сөз»* [12, 101 х.] деген.

Кейде береке-бірлікке ұйытқы ретінде зәрулік шартымен рұқсат етілген өтірік айту ісін, Исламның таза рухына жат қылықты (өтірікті) әдетке айналдырған кейбіреулер, содан құтылудың орнына көп жағдайда кінәсін Ислам дініне аударып, яғни, «Исламда өтірік айтуға рұқсат етілген» деп ақталып жатады. Алайда, адам бұл дүниеде айтқан өтірігі үшін ақталғанымен, Алланың құзырында ақтала алмасы ақиқат. Ал, отбасын сақтау зәрулік істердің қатарына жатқызылып, ерлі-зайыптыларды жарастыру мақсатында сөзге өтірік араластыруға рұқсат берілуі отбасы бүтіндігінің қаншалықты маңызды екендігін көрсетсе керек.

«Талақ» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: {الطَّلَاقُ مَرَّتَانٍ فَإِمْسَاكٌ بِمَعْرُوفٍ أَوْ تَسْرِيحٌ بِإِحْسَانٍ وَلَا يَحِلُّ لَكُمَّ أَنْ تَأْخُذُوا
أِمًّا آتَيْتُمُوهُنَّ شَيْئًا إِلَّا أَنْ يَخَافَا أَلَّا يُقِيمَا حُدُودَ اللَّهِ فَإِنْ خِفْتُمْ أَلَّا يُقِيمَا حُدُودَ اللَّهِ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا فِيمَا افْتَدَتْ
بِهِ تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ فَلَا تَعْتَدُوهَا وَمَنْ يَتَعَدَّ حُدُودَ اللَّهِ فَأُولَئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ
فَإِنْ طَلَّقَهَا فَلَا تَحِلُّ لَهُ مِنْ بَعْدِ حَتَّى تَنْكِحَ زَوْجًا غَيْرَهُ فَإِنْ طَلَّقَهَا فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا أَنْ يَتَرَاجَعَا إِنْ ظَنَّا
أَنْ يُقِيمَا حُدُودَ اللَّهِ وَتِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ يُبَيِّنُهَا لِقَوْمٍ
يَعْلَمُونَ}

Алла Тағала: «Талақ кезегі екіге дейін (яғни әйеліне бір немесе екі мәрте талақ айтқан адам әйелімен татуласып жатса, екеуі қайта қосыла алады) оны жақсылықпен өзіне жар етіп алып қалаалады, не болмаса көңілін тауып, жақсылықпен қоя береді. (Уа, ер адамдар!) Ажырасқан жағдайда әйелдеріңе бұрынырақта тарту еткен мәһір немесе басқа да дүние-мүліктен мысқалдай нәрсе болса да қайтарып алсаңдар, ол сендерге адал болмайды. Алайда, ерлі-зайыптылар Алла белгілеген шектен асып кетуден қорықса, онда үкім басқаша болады. Егер ерлі-зайыптылардың (тату-тәтті өмір сүре алмағандықтан) Алла белгілеген шектен асудан қорықсаңдар, ондай жағдайда әйел күйеуінен құтылу үшін (алған мәһірін қайтарса немесе күйеуіне басқа да) дүние-мүлік берсе, онда ерлі-зайыптылардың екеуі де күнә арқаламайды. Міне, бұл – Алланың белгілеп қойған шекарасы, одан ары аспандар. Кімде-кім Алланың белгілеп қойған шекарасынан ары асатын болса, міне, солар –нағыз залымдар.

Егер ер адам әйелін (екі мәрте талақ етіп қайтарып алғаннан кейін үшінші рет тағы да) талақ етсе, ол әйел (өз қалауымен) өзге еркекпен тұрмыс құрмайынша және (онымен де ажыраспайынша) оған адал болмайды. Егер екінші күйеуі оны талақ етсе, онда ол әйел мен бірінші күйеуі өз қалауларымен некелерін қидырып қайта қосылса, екеуі де күнә арқаламайды. Міне, бұл – Алланың белгілеген шекарасы. Алла оларды (хикметін) білгісі келетін қауым үшін ашық баяндайды» («Бақара» сүресі, 229-230 аят) деген.

Ақ неке қиылып, отбасылық өмір болған жерде ажырасудың болатындығы тәбиғи іс. Жұлдызы жараспаған ерлі-зайыптылардың жалғасты өмір сүре беруі имани өмірлеріне кері ықпалын тигізетіндей күрделеніп бара жатқан жағдайда, Ислам діні жарасыммен ажырасуға рұқсат етеді. Алла елшісі (с.а.с.): «Алла Тағалаға адал еткен істің ішіндегі ең жағымсызы – ажырасу» (Әбу Дәуіт, Талақ, 3.) – деген. Жоғарыдағы әуелгі аятта ер адамның екі талаққа (ажырасу сөзіне) дейін отбасымен қайта жарасу мүмкіндігі барынайтса, екінші аятта үшінші талақты берген соң некенің түбегейлі бұзылатындығы білдірілген. Яғни, отағасы үш пәктік (үш ай) уақыты аяқтағанға дейін үшінші талақты кешіктіру сүннет амалға жатады. Себебі, осы мезгіл ішінде отағасы үшін де, әйел адам үшін де істеген істеріне өкініп, тәубеге келу, қайта жарасу мүмкіндіктері бар. Немесе бір-бірлеріне болған ыстық сезімдерін, қимастықтарын суытуға дағдыланудың жолы қарастырылған деуге болады.

Шариғатта некені бұзатын «талақ» сөздері екі түрлі болады. Әуелгісі, «талақ» (ажырасу) мағынасын беретін нақты сөздер. Бұл түрдегі сөздерді айтқан адам талақты

ниет етсін, етпесін талақ түседі. Екіншісі, «үйіңе кет», «затыңды жина» деген сияқты ауыспалы мағынадағы сөздер. Бұл түрдегі сөздерді айту барысында талақты ниет етсе, талақ түседі. Талақты ниет етпеген болса, талақ түспейді.

Талақ берудің жолы

Әйелдің хайызы (етеккірі) келмеген, таза кезінде бір рет «Сен талақсың» (ажырастым) десе, бір талақ түседі. Екінші рет тағы да сол сөзді айтса, екінші талақ түседі. Бұл «Ражғи» (қайтарып алу мүмкіндігі бар) талақ болып, ғиддат мерзімі аяқтағанға дейін мәһір беріп, қайта неке оқытпастан әйелімен жараса алады. Ал, ғиддат мерзімі бітіп кеткен жағдайда, әйелімен қайта жарасу үшін оның разылығын алып қайта неке оқытады, мәһір береді [38, 9/6955 б.].

Ал енді, ер адам үш талақ айтатын болса, некесі түбегейлі бұзылады. Үш талақты бөлек-бөлек айтсын яки бір жерде үш талақ берсін айырмашылығы жоқ. Қайта жарасып, қосылу мүмкіндігінен айырылады. Қайтадан қосылу үшін әйел басқа ер кісінің мәңгі әйелі болу ниетімен тұрмысқа шығады. Одан белгілі бір себептермен ажырасып кетіп, бұрынғы ерімен табысып жатса ғана қайта некелесе алады.

Ескерту: бір жолда үш талақ беру – ауыр күнә. Абдулла ибн Омар (р.а) бір кісінің үш талақты бірден айтқанын естігенде: *«Әйелімен қайта некелесу құқы жойылды. Бұл әрекеті – Ұлы Раббысына қарсы келу болып табылады. Ол сүннетке теріс әрекет етіп отыр»* (Мүслим, Талақ, 1471) деп, мұсылман адамның бірден үш талақ айтуға асықпауы керектігін ескертеді.

Ханафи мәзһабы бойынша Құранның хас сөзінің мәніне қайшы келетін ахад хадиске амал етілмейді. Мысалы, қасиетті Құранда: **«...ол (әйел) басқа ерге тимейінше (тәнкиха) халал болмайды»** («Бақара» сүресі, 230-аят). Бұл аяттағы хас болып саналатын «тәнкиха» сөзі кескін дәлел болғандықтан, оған амал ету керек. Сол себепті, Ханафилер тәнкиха сөзі бәлиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әйел уәлидің (әкесі сынды жауапты адамның) рұхсатынсыз-ақ өзіне ер таңдай алатынын айтады.

Ал, басқа мәзһаб ғалымдары: *«Қайсы бір әйел уәлиінің рұхсатынсыз күйеуге тисе, некесі батыл (дұрыс емес), батыл, батыл»* [66, 3/139 б.] – деген ахад хадиске сүйеніп, бәлиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әйелде уәлиінің рұхсатынсыз ерге тие алмайды деген көзқарасты ұстанады.

Мәзһаб ғалымдарының бұл екі түрлі көзқарасынан немесе уәлиінің рұхсатынсыз ерге тиген әйелге қатысты мынандай үкім айырмашылығы ортаға шығады.

Ханафи мәзһабы бойынша:

1. Бәлиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әйел уәлидің рұхсатынсыз күйеуге тисе, ол әйел ерімен жақындасуы халал.
2. Әйелді асырау, тұратын жерін қамтамасыз ету және мәһір (қызға берілетін силық) беру еріне міндет.
3. Тиген ері талақ берсе, талақ түседі

Ал, Шафиғи мәзһабында болса аталмыш мәселелердің үкімі Ханафи мәзһабының үкімінен басқаша болады [21, 17 б.].

Ескерту: ҚМДБ қазіргі зайырлы қоғам жастар арасындағы ата-аналарының хабарынсыз, өз араларында неке қидырып, көп ұзамай ажырасу істерінің жиі кездесуіне байланысты уәлидің рұқсатын шарт еткен.

Арақ ішкен, ашу кернеген адамның және SMS арқылы берілген талақ түсе ме?

Арақ ішіп, мас болған адам мен қатты ашуға берілген адамның әйеліне айтқан талағына қатысты үкім оның талақ сөзін айтқан кездегі ақыл-есін жоғалтып, жоғалтпағанымен байланысты деуге болады. Яғни, ақыл-есін жоғалтып, әйеліне талақ айтқанын өзі де білмейтін болса, онда талақ түспейді. Мұндай ашуға тап болған кісі жындының үкіміне кіретіндіктен айтылған «талақ» сөзі талақ боп есептелмейді. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз да (с.а.с.) бір хадисінде былай деген: *«Бойын қатты ашу билеген кісінің талағы да, құлға берген азаттығы да есептелмейді»* [67].

Бүгінгі таңда кейбіреулер сыртта жүріп SMS арқылы үйіндегі әйеліне талақ беріп жатады. Мұның үкімін фықһ кітаптарындағы хат арқылы талақ беру үкімімен сәйкестіруге болады. Ханафилер бойынша, ері әйеліне хат жазып сол хаттың сыртына әйелінің аты-жөнін анық жазылып, хатта «Сені талақ еттім» деген сияқты сөздермен талақ берілген болса, талағы түседі. Ал, хаттағы жазылған сөздер *«Киіміңді жинай бер»*, *«Үйіңе қайт»* деген сияқты астарлы мағынадағы сөздермен жазылған болса, үкім ер адамның ниетіне қарай іске асады. Ниеті талақ ету болса, талақ түседі. Ниеті талақ ету болмаса, талақ түспейді [38, 9/6902 б.]. SMS арқылы хат жолдап, талақ берудің үкімі де міне осыған ұқсас болады.

Діни білімі болмаған адамның айтқан талағына кешірім бар ма?

Қазақ халқының арасында Ислам қағидаларын, әсіресе, талақ мәселесін жете түсіне бермейтін отбасылар көп деуге болады. Олардың кейбірі белгілі деңгейде ауыл молдаларынан естіп-білгендері бар болғанымен, соған лайықты өмір сүру ісінде немқұрайлылық танытып жататындары да жоқ емес. Соның бір мысалын Бейімбет Майлиннің «Талақ» атты әңгімесінен көруге болады. Әңгімеден үзінді: *«...Бірақ, Зейнепте ой екінші түрлі еді. Бұрынғы қалыппен таяқты елемей ісін істеп, алдағы қызғылықты тұрмысқа әзірлену бүгін Зейнепте жоқ еді. Өйткені, желкеге тиген жұдырықтан гөрі бір ауыр, салмақты нәрсе бар, Зейнептің соншама жылауына, бүкшіп жатып алуына сол себеп болды. Қанша ойласа да ұшына шығу қиын.*

Ол – талақ еді.

Зейнеп елде жүргенде шешелерінің айтқанынан есітетін: «неке ерлі-байлы адамның тұрмысын бір-біріне байлайтын жіп. Бірін-бірі көрмеген, бірін-бірі сүймеген екі адамды неке сүйдіреді. Неке махаббат жібі, ерлі-байлы адам қаншама бірін-бірі көрместік болып, араздасса да, неке тұрған жерде махаббат үзілмейді. Ал, ерлі-

байлы адамның жиренішті тұрмысына дәнекер болып тұрған жіпті үзетін бір нәрсе бар, ол - талақ!..». Әңгіменің соңын ала, «...Бұл, әсіресе, Айдарбекке тура келеді. Шарифаттың бұйрығын істеймін десе, Айдарбек қатынын екінші біреуге қосып, ол адам талақ қылғанның артынан үш айдан кейін барып неке қиып алу керек! Олай қылмаса, некесіз қатын ұстаған болады. «Некесіз қатынның үйінің асы арам» деп Шолақ молда екі күннің бірінде қақсайды.

Бірақ, жастан қосылған әйелін Айдарбек неғып басқа біреуге қоспақшы?...» [68].

Бұл әңгімеде өздерін мұсылман санайтын отбасылар арасында ұрыс-керіс бола қалған сәттерінде, ажырасу мағынасын беретін «Кет», «талақ еттім» деген сынды некені бұзатын сөздердің айтылып тұратындығын әрі шарифат үкімдеріне көз жұма қарап, араларына талақ түссе де жалғасты бірге өмір сүре беретіндіктері айтылады. Бұл қоғамда бар, ашы да болса шындық. Сонда осындай отбасылардың некелері бұзылып, некесіз өмір сүріп жатқан болып табыла ма? Әлде, олардың діни білімдерінің таяздығы, талақ мәселесінің үкімін, шарттарын білмеулері кешіріммен қаралатын, некелерінің бұзылмауына себеп болатын үзірлікке жата ма? – деген сұрақтар туындайды. Дана халқымыз: «*Білмеген у ішеді*», - дейді. Яғни, шарифат үкімдерін білмей отбасылық өмірлерінің бір бөлімін өткізіп қойған арамыздағы алдыңғы буын адамдар үшін айтқан талақтарын зәрулік ретінде қарай отырып, мүмкін Ислам шарифатындағы «**Зәрулік себепті тыйым салынған істерге кешірім бар**» деген қағида негізінде некелері бұзылмады деуге болар. Алайда, егемендік алып еңсемізді тіктеген бүгінгі кең заманда күнделікті өмірімізге қатысты діни мәселелердің үкімін үйрену әрбіріміз үшін кезек күттірмейтін парызымыз екендігін естен шығармауымыз керек.

Қорыта айтар болсақ, талақ беру құқығы негізінен ер адамға берілгенімен, әйел адам да белгілі шарт-жағдайлар аясында, яғни, күйеуінің белсіз болуы, әйелінің күнделікті қажетін тауып бере алмауы, аяусыз жәбір көрсетуі сынды жағдайларда ерініңүстінен қазыға немесе сотқа шағымдану арқылы ажыраса алады. Бұл да Исламдағы әділдіктің бір көрінісі. Бүгінде өкінішке орай, нәзік жанды қыз балалар сенім артып, сүйеніші ретінде таңдаған білдей бір азаматтар болмашы бір іске бола «Сені талақ еттім» деген бір ауыз сөзбен әйелінің тағдырын тәлкекке айналдырып жүргені де жоқ емес.Әрине, мұның басты себебі, діни сауатсыздық, діндегі жауапкершілікті түсінбеуден туындап отыр деуге болады. Сондықтан, Хақ діннің шарғи үкімдерін дұрыс түсініп, соған лайық өмір сүру басты мұратымыз болуы керек.

Өзара түсініспеушілік – ажырасудың бір себебі

Исламда адам құрметті жаратылыс саналып, өміріне де ерекше мән беріледі. Біреудің көз жасына қалып, өмірін ойрандау былай тұрсын орынсыз сөз айтудың өзіне рұхсат жоқ. Ислам шарифатында бұл «Құл ақысы» статусына жатады. Құл ақысы қияметте қарымтысы қайтарылмайынша кешірілмейтін, салмағы ауыр күнә болып табылады. Халқымыз, «Жесірді қаңғытып, жетімді жылатпау» деген өмір қағидатын берік ұстанғаны көпшілікке мәлім. Бұл қазақ халқының дініне қаншалықты берік

болғанын көрсетеді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда шаңырақ көтерген жастар арасында түсініспеушілік, ажырасу жиі жүз беріп жатады. Әрине, оның әртүрлі себептері бар. Соның бірі әрі қазіргі жастар арасындағы көп кездесетіні бір-біріне деген сенімсіздік, өзге біреумен қол ұстасып жүр ме? – деген күмәнді ойдың шырмауынан шыға алмау болып табылады.

Әркім өзінің айтқан сөзі мен ойлаған жаман ойынан сұралатынын білу керек. Яғни, ерлі-зайыпты адамдар бір-бірін «көзіме шөп салып жүр» деген сөзінің немесе күмәнінің айғағы болмаса ауыр күнә. Қасиетті Құранда: «Ей, мүміндер! Көп күмәннан аулақ болыңдар (үй іштеріңе және басқа адамдарға күмәншіл болмаңдар), расында күмәннің кейбірі күнә» («Хұжурат» сүресі, 12-аят) деп ескертеді.

Ханафи мәзһабы бойынша, бір әйелді немесе бір еркекті «зина жасады» деп шарғи жазаға тартудың шарттары бар. Олар, төрт әділ куәгер, екі адамның жақындық қатынаста болып жатқанын қылыштың қынан суырылғаны тәрізді көруі керек. Қазы бұл куәгерлерді жеке-жеке сұраққа тарту барысында біреуінің сөзі басқалардың айтқанына сәйкес келмесе немесе сол адамның пасық екені білінсе, онда барлық куәгердің куәлігі жүрмейді. Әрі төрт куәгер бірдей жала жабушының қатарына жатқызылып, соларға қазы тарапынан жаза беріледі [69, 2/129 б.].

Ислам – отбасын бүтін сақтап қалуды адамзаттың екі әлемдік бақытының ұйытқысы ретінде қарастырады. Ал ажырасу – қорғансыз жесір мен жетімнің, мейірім мен рухани тәрбиеден мақұрум қатыгез ұрпақтардың көбеюіне жол ашады. Бұдан келіп шығатын зардапқа ажырасқан ата-аналар екі әлемде де жауапқа тартылатындарын білген жөн.

«Ғиддәт мерзімі» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { وَالَّذِينَ يُتَوَفَّوْنَ مِنْكُمْ وَيَذُرُونَ أَزْوَاجًا لَا يَنْرَبِّصْنَ أَنْفُسَهُنَّ أَرْبَعَةَ أَشْهُرٍ وَعَشْرًا فَإِذَا بَلَغْنَ أَجَلَهُنَّ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ فِي مَا فَعَلْنَ فِي أَنْفُسِهِنَّ بِالْمَعْرُوفِ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ }

Алла Тағала: «Араларыңнан қайтыс болған ер адамдардың артында тұл қалған жұбайлары аза тұтып (яғни, күйеуге шықпай) төрт ай он күн күтеді. Олар күту мерзімін тәмәмдаған соң шариғат шеңберінен шықпай жеке бастарына қатысты қабылдаған істері үшін сендер күнә арқаламайсыңдар. Алла сендердің не істеп, не қойып жүргендеріңнен толық хабардар» («Бақара» сүресі, 234-аят) деген.

Ғиддәт – талақ берілген әйел мен екінші рет тиетін болашақ ері арасында әйелдің бойына біткен бала жайлы түсініспеушіліктің, ұрыс-керістің алдын алып, бақытты ғұмыр кешулері үшін күмәнді айықтыру мерзімі деуге болады. Төрт ай он күнде әйелдің бойында бұрынғы күйеуінен бала бар, жоғы анықталып, көңілдегі күдіктер сейіледі. Осы межелі уақыттан кейін, әйел кісі өзге ерге тию үшін бойын түзеуіне, бақыт жолын таңдауына рұхсат.

Қасиетті Құранда әйел адамдардың жағдайына байланысты ғиддәт күту уақыттары бірнеше түрге бөлінеді. Олар:

√ Неке қидырған соң әйелімен жақындық қатынасқа түспей тұрып талақ берсе, ғиддәт мерзімін күту шарт емес. Қасиетті Құранда: «Уа, иман еткендер! Қашан мүмин әйелдерді некелеп алсаңыздар, кейін оларға қол тигізбей (яғни, жақындаспай) тұрып талақ берсеңдер, сендердің пайдаларыңа олар күтіп отыратын ғидда мерзімі болмайды» («Әхзаб» сүресі, 49-аят).

√ Жүкті әйелдің ғиддәті босануымен болады. Қасиетті Құранда: «Ал аяғы ауыр әйелдердің иддәт мерзімі (күйеулерімен ажырасқан жағдайда да, жесір қалған жағдайда да) босанған соң аяқталады» («Талақ» сүресі, 4-аят) делінеді.

√ Жүкті емес әйелдің ғиддәті талақ етілгеннен кейін, толық үш (үш ай) тазару. Қасиетті Құранда: «Талақ етілген әйелдер үш хайыз өткенше күтеді» («Бақара» сүресі, 228-аят) делінеді.

√ Жасының қартаюы немесе белгілі бір себепті хайызы келмейтін әйелдердің ғиддәт мерзімі үш ай: «(Талақ айтқан) әйелдеріңнің арасындағы (жасы жетіп) етеккірден біржолата үмітін үзгендердің ғиддәт (күту) мерзіміне қатысты күмәндансаңдар, олардың иддәті мерзімі – үш ай. (Қандай да бір себеппен) әлі етеккір көрмегендердің де күту мерзімі сондай.» («Талақ» сүресі, 4-аят) делінеді.

√ Күйеуі қайтыс болған әйелдің ғиддәт мерзімі төрт ай он күн. Қасиетті Құранда: «Араларыңнан қайтыс болған ер адамдардың артында тұл қалған жұбайлары аза тұтып (яғни, күйеуге шықпай) төрт ай он күн күтеді» («Бақара» сүресі, 234-аят) делінеді.

Сонымен қатар, талақ берілген әйелдің ғиддәт мерзімі кезіндегі негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету күйеуінің мойнында. Талақ берумен бұл міндеттен бірден құтыла алмайды. Ханафи мәзһабы бойынша, ері қайтыс болған әйел ерінің

үйінде дүние-мүлкін пайдаланып төрт ай, он күн отыруы міндет [51, 1/503 б.].

Имам Матуриди, Құрандағы: «(Талақ етіліп, иддат мерзімін күтіп отырған) әйелдерінді шамаларың келгенше өз үйлерінде тұрғызыңдар және нәпақаларын беріңдер» (Талақ сүресі, 6-аят) деген аяттың тәпсірінде: «Абдулла ибн Мәсғудтың (р.а) қирағатында: талақ етіліп, иддат мерзімін күтіп отырған әйелдерінді өздерін тұрған үйлерінде тұрғызуларың керек және шамаларың келгенше нәпақаларын тауып беріңдер», - дейді. Омар ибн Хаттаб (р.а) Фатима бинт Қайыс деген әйелдің: *«Маған күйеуім үш талақ бергенін Алла елшісіне (с.а.с) айтқан едім. Алла елшісі (с.а.с): «Күйеуің сенің тұратын үйіңе де, нәпақаңа да жауапты емес», - деді»* деген ахад хадисін қабыл етпей: *«Сөзі өтірік яки шын екені белгісіз бір әйелдің сөзіне бола Раббымыздың Кітабы мен сүннетте нақты болғанды тастай алмаймыз»* деп, Ибн Мәсғудтың қирағатына сай үкім шығарады. Әрі Омардың (р.а) *«Раббымыздың Кітабын тастай алмаймыз»* деуі қирағаттың оқылуы болмағанымен үкімі қалғанын білдіреді. Сондай-ақ, Құрандағы: «Күйеуінен ажырасқан әйелдер үш етеккір мерзімін күтуі керек» (Бақара сүресі, 228-аят) деді. Яғни, ажырасқан әйелге, оған бір талақ берілсін яки үш талақ берілсін үкімі бірдей. Ол әйелдің тұратын үйі мен нәпақасын қамтамасыз ету ердің міндеті. Бұған Шафиғилер келіспейді» [25, 15/232-233 бб.] деп, Фатима бинт Қайыс жеткізген ахад хадис Құран аятына сәйкес келмегендіктен ахад хадиске амал етуден бас тартады.

Ғиддатқа қатысты нәсих уә мәнсух

Құран аяттарының кейбірі үкіміне қарай «Нәсих» және «Мәнсух» болып бөлінеді. «Насх» сөзі түбірінен шыққан. Тілдікте: Кетіру, жою, ауыстыру – деген мағынаны білдіреді. Шарғи мағынасы туралы имам Байдауи: «Шариғат талабына сай бір үкімнің күші жойылуы» деген [18, 1/89-90 бб.].

Бір мәселе төңірегінде бірнеше аяттың түсуіне байланысты яһудилер: Сендер Мұхаммедтің (с.ғ.с) ісіне таңданасыңдар ма? Ол сахабаларын бір іске біресе бұйырып, біресе тыяды. Бүгін айтқан сөзінен ертесі танып алады. Сонда бұл Құран дегендерін Мұхаммедтің (с.а.с) сөзі емей-немене? – дейді. Сол кезде: «Бір аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын, не сол сияқты келтіреміз. Әрине Алла тағаланың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?» («Бақара» сүресі, 106-аят) деп, бір аяттың ауысуында адам баласы үшін көпдеген хикмет пен жеңілдік бар екенін ескертеді [23, 1/131 б.].

Үкімі насих болып, оқылуы қалған аяттардың бір мысалы ғиддат туралы деуге болады. Яғни, ері қайтыс болған әйелдің ғиддәті (санайтын күні) әуелде: «Қайтыс болып, әйелдерін қалдырғандар; әйелдерінің бір жылға дейін (үйлерінен) шығарылмай қамдалуларын өсиет етсін» («Бақара» сүресі, 240-аят) деген аятының үкімін: «Сендерден біреу қайтыс болып, артында қалдырған әйелдері; төрт ай он күн (ғиддат) күтеді. Әрқашан олардың ғиддаты бітсе, олардың өздеріне байланысты істеген істерінің (үйлену үшін киініп, түзелуінің) сендерге жауапкершілігі жоқ. Алла не істегендеріңнен толық хабардар» («Бақара» сүресі, 234-аят) деген аяты насих етеді.

Ханафи ғалымдарының көзқарасы бойынша, аяттағы «жақсырақ» сөзінің бір сыры да Алла Тағала пенделеріне дүние-ақыретінің игілігін қалағандықтан бір амалдың үкімін жойып, екінші бір жеңіл амалды орындауын міндет еткен. Болмаса бір аяттың, екінші бір аяттан абзалдығын білдірмейді. Себебі, Исламда Құранның қайсы бір аяты оқылсада, сауап беріледі – деген [18, 1/75 б.].

Демек, Құрандағы, «Қайтыс болып, әйелдер қалдыратындар; әйелдерінің бір жылға дейін (үйлерінен) шығарылмай қамдалуларын өсиет етсін» - деген аятқа үңілер болсақ, отағасы болған адам қашан дүниеден қайтатынын білмегендіктен, кездейсоқ қайтыс болған жағдайда, әйелдерінің бір жылға дейінгі үйінен шықпай, негізгі қажеттіліктерімен қамдалуы үшін өмір бойы алдын-ала материалдық дайындықта жүруі тиіс. Міне, бұл кейбір бала-шағасын әрең асырап жүрген отағасы үшін ауыр болары анық. Ал, әйел кісінің де бір жыл бойы ғиддәт күтіп, сөз салған басқа еркектерге жауап бермей отыра беруі оңайға соқпайды. Сондықтан, Алла Тағала құлдарының жауапкершілігін жеңілдетіп, ғиддәт күнін азайтып, төрт ай он күнін қалдырады. Әрі төрт ай он күнде әйелдің бойында бұрынғы күйеуінен бала бар, жоғы анықталып, көңілдегі күдіктер сейіледі. Осы межелі уақыттан кейін, әйел кісі өзге еркекпен некелесе беруіне болады.

Балаға тегі ретінде нағашы атасының атын беруге бола ма?

Қоғамда, «Күйеуінен ажырасқан бір әйел, жаңа туылған баласына ат қоярда, баланың әкесі балаға тегі ретінде өз атын беруге де, әкесінің атын беруге да бас тартады. Осындай жағдайда балаға әйелдің (анасының) әкесінің немесе, нағашы атасының атын беруге бола ма?» деген сұрақтар да қойлып жатады. Осы мәселе төңірегінде бір ізденіп көрелік.

Әуелі бала қыз болсын, ұл болсын атын өз тегімен қою шарт. Қасиетті Құранда: «Алланың құзырында ең дұрыс болғаны оларды әкелерінің атымен шақыру. Егер әкелерін білмесеңдер, онда олар сендердің дін бауырларың әрі достарың. Ол жөнінде (әкесін білмей) ағаттық өткізсеңдер, сендерге ешқандай айып жоқ. Бірақ (әкесін) біле тұра әдейі істеген болсаңдар (күнә болады). Алла аса жарқағыш, өте мейірімді» делінсе, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): *«Кімде-кім біреуді біле тұра әкесі болмаған адамның баласы деп шақырса, оған жәннәт харам»* деген. Демек, баланың әкесі анық болған жағдайда, анасының тегін беру Құран және сүннет үкіміне қайшы. Дінде тиым салынған іс.

Ислам тарихында Иса ибн Мәриям, Юнус ибн Мәта, Абдулла ибн Үбәй ибн Сәлул (Сәлул анасы) және Мұхаммад ибн әл-Ханафия қатарлы адамдар аналарының атымен танылғандығы кездеседі. Сондықтан, баланың әкесі түбегейлі қарсы болып тұрған болса, арадағы дау-жаңжалдың үдемеуін ескере отырып, балаға анасының тегін беруге болады. Бірақ, жалпы халық арасында баланы өз әкесінің атымен шақырып,

ержеткен шағында білдіру керек. Баланың өз тегін білуі болашақта некелесу харам болған жақындарымен үйленбеуіне т.б шәрғи амалдарды толық орындауына әсері болады.

Ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда балалар кімге беріледі?

Бірде бір әйел Алла елшісіне (с.а.с) келіп: *«Уа, Алла елшісі (с.а.с)! Бұл менің балам екені ақиқат. Оған құрсағымды жәйлі мекен еттім, омырауыммен сусындаттым және ыстық құшағымға бастым. Маған әкесі талақ беріп жіберді. Және баламды менен бөліп алғысы келеді»* деп, бір бөлігі болған баласын қимай, ажырасып кеткен ерінен шағымдана келеді. Сонда Алла елшісі (с.а.с): *«Сен басқа біреуге тиіп кетпейінше, оған (балаға) ең лайық жан сенсің»* (Әбу Дәуіт, 2276.) деген.

Ханафи мәзһабы бойынша, ажырасқан ерлі-зайыпты кісілердің арасындағы бала анасына беріліп, әкесі қаржылай көмек жасап тұрады. Егер анасы мұсылман емес немесе жеңіл жүріс сынды жаман қылықтарға бой алдырған, балаға дұрыс тәрбие бере алмайтын біреу болса, онда оған бала берілмейді. Бала нағашы әжесі, нағашы әпкелеріне немесе өз апаларына табысталады (Ибн Абидин, 5/255 б.). Яғни, балаға иедершілік етуде әйел затының балаға болған мейірімділігі мен тәрбие берудегі жалықпайтын сабырлығына көбірек мән берілген деуге болады.

«Хиджаб» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى : (وَقُلْ لِلْمُؤْمِنَاتِ يَغْضُضْنَ مِنْ أَبْصَارِهِنَّ وَيَحْفَظْنَ فُرُوجَهُنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا مَا ظَهَرَ)

Алла Тағала: «Мүмін әйелдер зинатын (ұятты жерін) ашпасын! Сондай-ақ еріксіз көрінетін жерлерінен тыс...» (Нұр сүресі, 31-аят) деген.

Ханафи мәзһабы бойынша, «Әйел адамның денесі түгелдей – әурет (жабылуы тиіс жерлер). Тек қана жүзі, қолы мен аяғы (табаны) әурет болып саналмайды. Алла Тағала: «Мүмін әйелдер зинатын (ұятты жерін) ашпасын! Сондай-ақ еріксіз көрінетін жерлерінен тыс...» (Нұр сүресі, 31-аят) деген. Яғни, әдетте әйел адам жүзін, қолы мен аяғын бөгде адамдардың алдында ашып жүреді. Бұл мүшелердегі зинатты көрсетпей жүрудің жолы жоқ. Сүрме – жүздің зинаты. Жүзік тағу – қолдың зинаты. Сондай-ақ, әйел бір заттарды қолымен беріп, алады. Жүзді ашып жүруде де қажеттілік бар. Әсіресе, куәлік ету және сот кездерінде. Ал, жүрген кезде екі қадамның (табанның) ашылуы да тәбиғи іс. Бұл жағдай кембағал әйелдерде көп кездеседі» [34, 1/208 б.] – деген.

Демек, әйел адамның жүзі, қолы мен аяғы әуретке жатпайтындықтан, әйел адамның бетін жабуы шарғи бір міндет емес. Бүгінгі таңда діндегі хиджаб кию (әйелдің басына орамал тағу) мәселесі мен никаб кию ісін көп адамдар шатастырып жатады. Негізі екеуі екі бөлек нәрсе. Араб тіліндегі «никаб» сөзі – бетті бүркемелеу, бетті жауып тұратын перде деген мағынаны білдіреді. Яғни, никаб киіп, бет-аузын тұшалап алған әйелдің кім екендігін анықтау қиын. Ал, хиджабтағы әйел адамның бет-бейнесін көруге, оның кім екенін анықтауға болады. Немесе араб тіліндегі «Хиджаб» сөзі қазақ қоғамында «Шариғат шәлісі», «Сәукеле» және «Кимешек» деген сынды әртүрлі атаулармен таныс.

Никаб кию үрдісі кең таралған мұсылман елдерінің бірі Сауд Арабиясы да бүгінде бұл мәселеге объекті баға беріп отыр. Сауд Арабиясы үшін осындай ерекше ойды көпшілік алдында белгілі Құба мешітінің имамы, шейх Салих әл-Магасами: «Кейбір ғалымдар әйел адам бетін жабуы керек дейді, енді бір ғалымдар бұлай деуге негіз жоқ екенін айтады. Сондықтан, өз ойларыңызға салып, бет-жүзі ашық болу азғындыққа алып келеді деп тыйым салудың жөні жоқ. Әйтпесе, өздеріңіз Жаратқанға қарсы келесіз» [70] десе, *Әл-Азһар университеті пәтуалар жөніндегі Кеңесінің бас хатшысы Халед Омран, әйелдердің паранже және никаб киюі туралы: «Никаб – көз тұсынан басқа, жүзді түгел жауып, жасырып тұратын бас киімді атайды. Бұл никаб туралы айтар болсақ, Құранда да, Сүннетте де оны киюге қатысты ешқандай нұсқау жоқ, мұсылман қыз-келіншектер никабпен жүруге міндетті емес. Сондықтан, біздің ұстанымымыз мынадай: никаб — кейбір елдердің әдет-ғұрпынан туындаған, сол халықтар үшін міндетті шартқа айналған дәстүрлі киім түрі, ал мұсылмандық құқықтың негізгі ережелерінде никаб туралы ештеңе айтылмаған»* [71] – деген.

Ислам діні – адамзат өмірін жан-жақты қарастырған бірден-бір кемел дін. Әйел адамның жүзін, қолы мен қадамын ашық ұстауға рұқсат беруі соның бір дәлелі. Күнделікті тіршілік өмірде адам қарсысындағы адамның кім екендігін тану арқылы

онымен қарым-қатынас жасайды. Оған сеніммен қарайды. Қарапайым бір мысал келтірер болсақ, бет-аузын бүркемелеп алған бір ана мектептегі баласын алып кетуге келді делік. Баланың мұғалімі беті-аузын бүркемелеп алған адамның түрін көре алмағандықтан, ол адам қасындағы баланың шынайы анасы ма, әлде басқа біреу ме қайдан біледі? Мүмкін басқа біреу шығар. Сондықтан, Ислам діні мұндай әсірешілдік әрекеттерге ешуақыт жол бермейді.

Әлемдегі Бельгия, Франция, Латвия, Австрия және Болгария сынды кейбір елдердің ниқабқа тыйым салуға тырысып жатуы адамзат қауіпсіздігін сақтаудан туындап отырғаны анық. Әрине, ниқабқа тыйым салынады дегендік хижабқа тыйым салынады дегенді білдірмейді. Екеуінің екі бөлек нәрсе екендігіне жоғарыда тоқталып өттік. Сондай-ақ, қоғамда ниқаб мәселесін Ислам дінінің негізгі міндеттері ретінде көрсету, тықпалау Ислам дініне жасалған қиянат болып табылады. Яғни, мұсылман еместердің кейбір мәселелердің мәніне жетпестен Ислам дінін кінәлап, айыптаулары зорлық-зомбылық, қиянатқа жатса, ал мұсылмандардың исламның негіздерінен алшақтап, кейбір істерде әсірешілдікке бой алдырулары, діннің рухына үңілместен кесіп-пішіп үкім шығарулары да дінге жасалған қиянат деуге болады. Ниқаб киюді парыздық деңгейге көтеру де соның бір айғағы болып табылады.

ҚМДБ-ның хижаб туралы ұстанымы: «Хижаб – орамал, мұсылман әйелінің ар-намысын қорғайтын жаулығы. Ислам діні мұсылман ер мен әйелдерге әуретін жауып, шарифат әдебі бойынша киінуді бұйырған. Үйден тыс, қоғамдық орындарда ұзын етек-жеңді киім кию – мұсылман әйелдің ары мен абыройын сақтайды. Құран және Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) хадисі мен мұсылман ғұламаларының бірегей пікірі бойынша, мұсылман әйеліне орамал тағу – парыз. Сонымен қатар, еліміздегі мұсылман қыз-келіншектер мен әйелдерді киім кию үлгісінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтай отырып, жинақы киінуге кеңес береді» дей келе, мектеп құшағындағы қыз балаларға қатысты мынандай тұжырым айтады: «мектеп табалдырығын енді ғана аттаған қыз балаға, яғни балиғат жасына толмаған қызға жаулық жабу немесе орамал тағу – міндетті емес. Мұндай әрекетке бармас бұрын ата-аналардың байсалды, ұстамды болуларын, ыждаһаттылық танытуларын сұраймыз. Мүмкіндігінше мектеп басшыларымен ортақ мәмілеге келулеріне, қыз баланың толыққанды зайырлы білім алуына назар аударуға кеңес береміз. Білімсіздік – бүлікке бастайтынын ұмытпайық. Алла Тағала қалаған құлына кез-келген тығырықтан шығу жолын үйретеді» [72].

Сонымен қатар, белгілі дінтанушы Мұхан Исахан, өзінің Facebook (фесбук) парақшасында: «Мектеп формаларының ішінен бір үлгідегі орамалы мен ұзын етегі бар киім үлгісін бекітуіміз керек. Қазір Қазақстан Білім министрлігінде 15 түрлі мектеп формасы бекітілген. Осыларға қосып бір пішін, бір үлгідегі балама киім үлгісін жасасақ, азаматтардың Конституцияда көрсетілген ар-ождан және діни сенім бостандығы құқығына нұқсан келтірмеуге болады. Еуропа мектептерінің өзінде гигиеналық киім үлгісі ретінде «вандамка» кию дресс-коды қабылданған», – деген көзқарасын да ескерген жөн болады.

Қорыта айтар болсақ, Ислам діні әу баста күллі адамзатты «Оқы...» әмірімен білім алуға шақырды. Білім адамзаттың мәртебесін көтеріп, Аллаға жақындататын негізгі жол. Әсіресе, бүгінгі ғылым мен технология қатар шарықтап дамыған дәуірде

әрбір мұсылман баласын, мейлі ол ұл бала болсын, мейлі қыз бала болсын білімсіз қалдыруға құқығы жоқ. Бүгінгі мектеп табалдырығындағы ұл-қыздарымыз ертеңгі ұрпақты имандылыққа баулып, білім үйрететін ұлағатты ұстаздар. Сол себепті, әркім діні мен халқына болған сүйіспеншілігін, жанашырлығын бүгінгі қоғамның үдесінен шыға отырып, келелі келешекті қалыптастыратын саналы ұрпақ өсіру арқылы көрсетуі тиіс.

«Көп әйел алу» туралы аяттың тәпсірі

قال تعالى: { وَإِنْ خِفْتُمْ أَلَّا تُقْسِطُوا فِي الْيَتَامَىٰ فَانكِحُوا مَا طَابَ لَكُمْ مِنَ النِّسَاءِ مَثْنَىٰ وَثُلَاثَ وَرُبَاعَ فَإِنْ خِفْتُمْ أَلَّا تَعْدِلُوا فَوَاحِدَةً أَوْ مَا مَلَكَتْ أَيْمَانُكُمْ ذَلِكَ أَدْنَىٰ أَلَّا تَعُولُوا }

Алла Тағала: «Қамқорлықтарыңа алған жетім қыздармен үйленген жағдайда оларға әділ бола алмаудан қорықсаңдар, өздеріңе ұнаған әрі адал болған өзге әйелдердің екеуімен, үшеуімен немесе төртеуімен үйленуге болады. Егер оларға әділ бола алмаудан қорықсаңдар, біреуін ғана немесе қолдарыңдағы күндерді қанағат тұтыңдар. Әділдіктен ауытқып кетпеулеріңнің ең тиімді жолы, міне, осы» («Ниса» сүресі, 3-аят) – деген.

Аяттың түсу себебі

Ғұруа ибн Зүбайр (р.а.) Айшадан (р.а.) Құрандағы: «Әйелдердің екеуімен, үшеуімен немесе төртеуімен үйленуге болады» деген аят туралы сұрағанда, Айша (р.а.): «Уа, әпкем баласы! Бұл жетім қыз уәлиінің (жауапты болған адам) қарауында болған еді. Ол қыздың дүние-мүлкі мен көркіне қызыққан уәлиі қызға құрбыларына берілген мәһірдің ұқсасын бермей, әділетсіздікпен үйленуді қалады. Сөйтіп, жетім қыздарға тек әділетті жолмен некелесуге немесе өздеріне таза болған екі, үш яки төрт әйел алуға рұқсат етілді», - дейді» [2, 1/450 б.].

Үкімдік орны

Имам Матуриди, Құрандағы: «Әйелдердің екеуімен, үшеуімен немесе төртеуімен үйленуге болады» деген аяттың тәпсірінде: «...Кейбіреулер, «әйелдердің екеуімен, үшеуімен немесе төртеуімен үйленуге болады» деген аят тоғыз әйел алудың дұрыстығын білдіреді», - дейді. Бұл көзқарас дұрыс емес. Ал, біздің көзқарасымызда бұл аят төрт әйелге дейін ғана алуға рұқсат еткен. Оларға аятты екі мағынада түсіндіру арқылы жауап беруге болады. Әуелгісі, аятта алған екі әйеліне яки үш әйеліне немесе төрт әйеліне әділдік жасай алмасаң, бір әйелмен шектел деп тұр. Ал, шииттік ағымдардың көзқарасы бойынша, сегіз, жеті немесе тоғыз әйеліне әділдік көрсете алмасаң, бір әйел ғана ал деп тұр дейді. Екіншісі, бір риуаятта, бір адам мұсылман болып, оның сегіз әйелі де мұсылман болады. Сонда Алла елшісі (с.а.с.) әлгі адамға: «Әйелдеріңнің төртеуін ғана таңда (өзіңмен алып қал). Қалғандарын босатып жібер», (Әбу Дәуіт, 2241) – дейді. Бұл риуаят та төрттен артық әйел алудың дінімізде харам екендігін білдіреді» [25, 3/12-13 бб.] – деген.

Ислам дінінде төрт әйел алудың үкімі – парыз немесе уәжіп дәрежедегі міндетті іс емес. Бәлки, әркімнің өз еркіне қалдырылған ерікті іс. Сондай-ақ, көп әйел алғысы келетін адам әуелі, аятта зікір етілгендей оларға әділ болу шартын сақтау керектігін және өзге аяттарда білдірілгендей дұрыс бағып-қағуы міндеті екендігін білуі керек. Екі

немесе үш әйел алып, бұл шарғи талаптарды толық орындамаған жағдайда, қияметте сол ісі үшін сұралатындығын ұмытпау керек.

Бүгінде «*Ислам дінінде әйел адамның құқығы тапталған, бір еркек төрт әйелге дейін алады*» деген пікірлер Ислам дініне күйе жағу мақсатында айтылып жатады. Мұны, Ислам дінінің терең рухына ой жүгіртіп, терең ізденіс жасамастан шындық ретінде қабылдап жататындар да бар. Алайда, көп әйел алу ісінің Ислам діні келмей тұрып болғаны айтылып да, жазылып да жүрген ақиқат.

Ислам келгенге дейінгі, әлемдегі әйел затының жағдайы баршаға мәлім. Ол кезде әйел затша саудаланатын, қанша әйелмен үйленем десе де еркектерге шек қойылмайтын. Әйелді қалаған уақытында қалаған адамына сатып немесе айырбастай салатын. Тіпті, көне Грек және Рим мәдениеттерінде әйелді адам деп те есептемеген. Ефлатонның пікірінше, әйел бір қолдан екінші бір қолға өтіп жүре беретін ортақ мүлікке жатады. Ескі қытай мәдениетінде әйел заты адам саналмағандықтан, оған айдар тағып, ат та қойылмайтын болған. Тіпті, батыс философтары «Әйел заты жалпы адам ба, жоқ па? Адам болса, оның жаны бар ма, жоқ па? Бар болса, оның жаны ер адамдардың жанындай ма, жоқ әлде жануарлардың жандарына ұқсас па?» деген тәрізді адам шошитын ой-пікір таластарын да тудырған. Міне, әйел баласының жағдайы осындай жан түршігерлік қорлыққа толы бір заматта Ислам діні әйелдердің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Тіпті, «Жұмақ – аналардың табанының астында» деген сыры терең, сыны биік ұстанымға бас иідірді» (Имани гүл, 345 б.).

Ер мен әйелдің құқықтарын тең қарастырған Ислам діні не үшін бір еркектің төрт әйел алуына рұқсат етті? – деген сұрақ кейде қойылып жатады. Бұдан Ислам діні әйел затына әділетсіздік жасады деген ой туындамау керек. Өйткені, адамзат қоғамында бұл мәселеге рұқсат берілуге қандайда бір қажеттілік бар екендігін көруге болады. Яғни, кез-келген нәзік жанды әйел затының үйленіп, ер азаматтардың қамқорлығында болуды қалайтыны сөзсіз. Мүмкін белгілі бір мамандықты бітіріп, жақсы жұмысы бар қыздардың отбасы құруды қатты ойлап кетпейтін де шығар. Алайда, оның өмір бойы ата-анасымен бірге жүре бермейтіні белгілі. Жасы егде тартқан сайын аңыраған үйде жападан-жалғыз өмір сүруі, қиын сәттерде жанында бір жанашырдың болмауы оңайға соқпайды. Міне, бұл қоғамдағы әртүрлі қажеттіліктердің бір ғана мысалы деуге болады. Яғни, екінші әйел алуға болған қажеттілік ер адам тарапынан болуы да мүмкін немесе біреуге екінші әйелдікке тию қажеттілігі әйел адам тарапынан да болуы мүмкін. Сол себепті, Ислам дінінде көп әйел алуға рұқсат беру – қоғамдағы кейбір қажеттіліктерді адал жолмен әділ шешудің жолы деп білген жөн.

Қазақ дәстүріндегі әмеңгерлік

Қазақ дәстүріндегі әмеңгерлік жоралғысы – жесір қалған әйелді жақын туысқандар арасында ақсақалдар алқасының шешімімен қайын ағасына немесе қайын інісіне қаратумен (екінші әйел етіп некелестірумен) іске асатын неке мүрәсіміне.

Ондағы мақсат жесір қалған әйелге және оның балаларына жанашыр туысқандарының бас-көз болып, тәрбиесіне алуы және қайтыс болған туысқан ағасының артында қалған дүние-мүлікі бар болса, оған иелік етіп бала-шағасының қажетіне жарату сынды жауапкершілік істі туысқан бауырының мойнына алуы болып табылады.

Ислам шарифаты бойынша, қайтыс болған адамның әйелі ғиддәт (тазару кезеңі) мерзімін аяқтаған соң, ол әйелге қайтыс болған адамның ағасы немесе інісі үйлене алады. Бұл жерде шарғи бір шарт бар, ол – үйленетін жесір қалған әйел мен қайтыс болған күйеуінің ағасы немесе інісі үй болып, неке қиюлары үшін өз еріктерімен разылықтарын білдірулері керек. Сонда ғана шарифат бойынша рұқсат етіледі. Яғни, неке үлкендер тарапынан зорлықпен іске аспауы тиіс. Сондай-ақ, халқымыз арасындағы бұл дәстүр шарифат талаптарына да қайшы келмейді. Сонымен қатар, жесір қалған әйел бөгде бір еркекке некеге шыққан жағдайда, онымен еріп келген балалары сол екінші бір бөгде жұртқа сіңісіп кетуі де екіталай. Ержете келе ел арасында балаға «*Сен кеше қаңғып келгенсің*», «*Келімсексің*» деген сынды әртүрлі сөздер айтылуы да мүмкін. Мұндай келеңсіз жәйттардың алдын алу мақсатында, жесір қалған әйелді күйеуінің туысқанына қаратып, балаларын да бөтен жұртқа жіберіп жәутендетпейтін әменгерлік жолы қалыптасқан деуге болады. Әрі туыстарының арасынан алысқа кетпеу, әуелі балаларға әкесінің жоқтығын азда болса ұмыттырса, екіншіден, бұрыннан бірге ойнап жүрген ағайынды кісілердің балалары ержете келе бір-біріне демеу болып, аяққа тез тұрып кетуіне септігін тигізеді. Міне, осы тұрғыдан екінші әйел алғысы келген адам, егер туысқандары арасында жесір әйел, жетім балалар болып жатса, әуелі солардан бастағаны дұрыс. Бұл ісі дінге де, дәстүрімізге де саятын сауапты іс болмақ.

Алла елшісі (с.а.с.) неге көп әйел алған?

Алла елшісі Мұхаммедтің (с.а.с.) көп әйел алуын екі негізге бөліп айтуға болады. Әуелгісі, жиырма бес жасында бұрын екі рет тұрмысқа шыққан, жасы қырыққа келген Хадижа (р.а.) анамызбен некелесіп, онымен жиырма үш жылдық бақытты ғұмырын өткізген ел қатарлы некелесу деуге болады. Бұл анамыздан бірнеше балалары да болды. Пайғамбарлықтың сегізінші жылы Хадижа (р.а.) анамыз қайтыс болғанда, қиын сәттерде қасынан табылып, «Пайғамбарлық» ісіне қолдау көрсеткен алғашқы жұбайын қимастықпен қатты қайғырды. Тарихта бұл жыл «қайғылы жыл» деп аталды. Осыдан кейін төрт-бес жылдай салт басты, бойдақ өмір сүрді. Екіншісі, жасы елу үшке толып, егде тартқан шағында өзге аналарымызбен некелесу ісі орын ала бастады. Бұны «Пайғамбарлық» міндетті орындау мақсатында іске асқан некелесу деп айтуға болады. Неге десеңіз, Алла елшісінің (с.а.с.) әрбір әйелдерімен үйленуі нәпсіқұмарлықтан болмағанын, бәлкі, дін насихатын кемелдендіру тұрғысынан болғанын қысқаша былай айтуға болады. Олар:

√ Пайғамбарлық (с.а.с.) дінге қатысты үкімдерді, әсіресе, отбасыға қатысты ішкі мәселелердің қалай атқаратындығы жайлы көпшілік халықтың хабардар бола бермейтін мәселелер төңірегінде діннің үкімдерін жеткізуде Айша (р.а.) және Сәуда

(р.а.) сынды аналарымыздың қосқан үлестерін ерекше атауға болады.

√ Алла елшісі соғыста шәһид болып, артына жесір әйелдері мен жетім балаларын қалдырған ардақты сахабаларының жұбайларын кейде өзі некесіне алып қамқорлық көрсетсе, кейде сахабаларына некелестіретін. Мысалы, Үмму Сәләма (р.а.), Мәймуна (р.а.), Хафса (р.а.) және Зәйнәп (р.а.) сынды аналарымыз осындай қорғансыз қалған жандар еді. Бұл әйелдер Алла елшісінің (с.а.с.) некесіне шыққан кездерінде жастары егде тартып қалған болатын. Олардың кейбіреуі көп ұзамай екі, үш айдан кейін қайтыс болса, енді біреулері жеті, сегіз айдан кейін қайтыс болғаны айтылады. Мұндай деректердің өзі сол аналарымыздың қамқорлыққа қаншалықты мұқтаж болғандарын көрсетсе керек.

√ Алла елшісінің (с.а.с.) әйелдері әртүрлі тайпалардың қызы еді. Ал, Жуайра бинт Харис (р.а.) Мұсталақ соғысында күйеуінен айырылып тұтқын болған мүшрік басшысының әйелі болса, тағы бір соғыста тұтқын болған Сафия бинт Хуайа (р.а.) яһуди басшысының қызы болатын. Бұл екеуі де өз еріктерімен Ислам дінін қабыл еткеннен кейін оларды некесіне алған. Яғни, Алла елшісі (с.а.с.) оларды өз некесіне алу арқылы туысқандық қатынасты тереңдетіп, өзара сыйластықты күшейте түсті. Туысқандық қатынас мүшріктердің де, яһуди, христиандардың да пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) және өзге мұсылмандарға жылы шырай тынытып, Хақ дінмен жақын танысуларына өз септігін тигізді.

√ Зәйнәп бинт Жахш (р.а.) әуелі Алла елшісінің (с.а.с.) асыранды баласы Зайд ибн Харисаның (р.а.) әйелі болған. Шарифат бойынша, адам өз баласының әйеліне үйлене алмайды. Алайда, аяттың түсуі себепті асыранды баланың өз баласы саналмайтындығын, әрі ажырасқан әйеліне де үйленудің дұрыстығын ұқтырған Алланың әмірі арқылы Зәйнәп анамызды өз некесіне алған.

Бүгінде пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) көп әйел алуын нәпсіқұмарлыққа жатқызып жүргендер, оның салихалы өмірінен бейхабар, сөздерінде дәйек жоқ жандар деуге болады. Яки бұл тақырыпта Оны (с.а.с.) қасақана қаралауға тырысқандар Исламға жаны қас еврей және христиан дінін ұстанатын кейбір адамдар. Ал, бұл дінге сенетін адамдардың да бұл әрекеттері ақылға да, өздері сенген Тәурәт, Інжіл секілді кітап ұстанымдарына да қайшы. Себебі, олардың өздері қастерлейтін бұл кітаптарда көптеген пайғамбарлардың көп әйелмен некелі екендіктері баяндалған. Мысалы, Тәуратта Ибраһим, Дәуіт, Сүлеймен сияқты пайғамбарлардың көп әйелмен шаңырақ құрғандығы айтылған. Ендеше, өздері сенетін пайғамбарлардың көп әйел алуына ешбір кінә тақпаған еврейлер мен христиандардың сонғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) келгенде жалғаннан жала жауып, күйе жағуға тырысулары дұшпандықтан басқа ештеңе де емес (Имани гүл, 287 б.) .

Қорыта айтар болсақ, аталмыш аяттағы бір еркектің некесіне төрт әйелге дейін алуы шарғи бір міндет емес, бәлкі, қажеттілігі болған адамдар үшін ерікті амал болып табылады. Әрі барлық әйелдеріне тең қарау және оларды ел қатарлы асырап-бағудың да еркектің мойнындағы міндеті екендігін ескерттік. Шарифат талаптарына сай бір немесе бірнеше отбасын қамқорлығына ала алатын азаматтар үшін Ислам діні бір шектеу қоймайды.

IV. ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

«Білім» туралы аяттың тәпсірі

قوله تعالى: {إِنَّ الَّذِينَ يَكْتُمُونَ مَا أَنْزَلْنَا مِنَ الْبَيِّنَاتِ وَالْهُدَىٰ مِنْ بَعْدِ مَا بَيَّنَّاهُ لِلنَّاسِ فِي الْكِتَابِ أُولَٰئِكَ يَلْعَنُهُمُ اللَّهُ وَيَلْعَنُهُمُ اللَّاعِنُونَ * إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا وَأَصْلَحُوا وَبَيَّنَّوْا}

Алла Тағала: «Негізінен біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарға Алла және барлық ләғнет етушілер ләғнет етеді. Алайда, тәубеге келіп, түзеліп ақиқаттарды жасырмай ашып айтқандардың жөні бөлек...» («Бақара» сүресі, 159-160 аят) деген.

Аяттан адам баласының өркениетті өмірінің мәні ғылым-білімді игеруде жатқанын көруге болады. Ислам діні о баста: «Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол, адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол, адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен» («Ғәләк» сүресі, 1-5 аят) деп білім алуға шақырды. Сол сәтте Мұхаммед (с.а.с.) өзінің оқу, жазу білмейтінін алға тартқанымен, «Оқы» әмірі қайталану себепті білмеймін деп тартына бермей, «Не оқимын» деп ұмтылыс танытты. Сөйтіп, тұтас өмірін білмегенін үйреніп, білгенін басқаларға жеткізумен өткізді.

Пайғамбарлардың соңғысы әрі сұлтаны болған Мұхаммедтің (с.а.с.) ұлы мұғжизасы білім немесе білім бұлағы саналатын Құран болды. Бір хадисте: «**Әрбір мұсылман ер, мұсылман әйелдің білім алуы парыз**» – деп, әрбір мұсылман ер-әйелге білім іздеудің парыздығын тағы қайталады. Аталмыш хадисті имам Әбу Ханифа: «...кез-келген мұсылманның жағдай мен уақыт талабына сай өміріне аса қажетті болған иман шарттарын, құлшылық пен қарым-қатынас үкімдерін, тұрмыс қағидалары сынды қарапайым ережелерді біліп жүруі керек. Мұсылман болу үшін дін негіздерінен иманға жеткізетіндей білім алу керек. Ал Алла Тағала парыз еткен амалдарды тану және оның шегін білу үшін фикһ іліміне ден қою қажет. Ислам дінінің мақсаты адам баласын бұл дүние және ақыретте бақытқа жеткізу» [73, 8 б.] – деп түсіндіреді.

Ислам ғұламалары ғылым-білімсіз адамзат өмірі тұл деп, адамзатты өзге тіршілік иелерінен ерекшелендіретін білім екеніне бір ауыздан келіскен. Сондықтан, Ислам ғұламалары бүкіл қажыр-қайратын Құран немесе дін білімдерін үйрету жолында тауысқан кісінің, өзгелерге жасаған қызметі үшін ақы алу мәселесі жайлы өз көзқарастарын білдірген. Мәселен, Ханафи мәзһабының алғашқы ғасырларда өмір сүрген ғалымдары: «Адамдарға Құран кәрімді, фикһты, парыздарды үйрететін және имамдық қылатын, азан шақыратын білімді адамдарды ақы төлеп ұстау дұрыс емес» деген [30, 9/338-340 бб.]. Олардың дәлелі жоғарыдағы: «Негізінен біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарға Алла және барлық ләғнет етушілер ләғнет етеді» («Бақара» сүресі, 159-160 аят) деген аятта Құран немесе діни білімдерді үйрету әмір етіліп, жасыруға тыйым салынған. Сондықтан, бұл адам баласының намаз сияқты орындауға міндетті ісі деп қарайды.

Имам Мәлік, имам Шафиғи, имам Ахмад ибн Ханбал және Ханафи мәзһабының

кейінгі ғалымдары болса, қасиетті Құран және діни білім үйрету жолында ақы алуды дұрыс деп есептейді. Себебі, оларға қасиетті Құран немесе діни білімді үйреткені үшін ақы төленбесе, білім адамдары күн көріс үшін дүние тіршілігімен болып кетеді. Аталмыш аятта білімді жаюға, ақиқатты жеткізу керектігі әмір етіліп тұр. Міне, бұл іс білім адамдардың тиісті нәфәқасын ала отырып, Иләһи білімнің адамзатқа жетуіне себепкер болуын білдіреді деп түсіндірелі. Олар, өздеріне дәлел ретінде Әбу Сағид әл-Хұдри (р.а.) жеткізген хадисті келтіреді: «Алла елшісі (с.а.с.) сахабаларымен болған бір сапарында, сахабаларының бір тобы жол-жөнекей бір Араб қабиласынан сол елді мекенде қонақ болуын өтінеді. Бірақ олар қабыл етпейді. Осы кезде Араб тайпасының басшысын шаян шағып алады. Олар ешқандай бір ем таба алмаған соң, олардың кейбірі, осы өңірде қонақтап жатқан жолаушылардан бір сұрап көріндер. Мүмкін солардың арасында ауырудың емін білетін біреуі шығар дейді. Сонымен олардың бір тобы сахабаларға келіп: *«Уа, жамағат! Басшымызды шаян шағып алды. Ешбір емін таба алмадық, біреулеріңіз емдей аласыздар ма?»*, – дейді. Әбу Сағид әл-Хұдри: *«Иә, (мен бармын), Алла атымен айтайын, мен дұға етемін. Бірақ, сіздерден қонақ болуды өтінген едік қабыл етпедіңіздер. Енді ақысын төлемесеңіздер мен де емдей алмаймын»*, – дейді. Әлгі тайпа халқы сахабаларға бір топ қой беруге келіседі. Содан кейін сахаба (Әбу Сағид әл-Хұдри) басшыға барып, *«Әлхамдү лилләһи раббил ғәләминді (фатиха сүресін) соңына дейін оқып, ауыруға дем (сүпілеп үрлеп) салады. Қатты ауырудан сейілген патшаның бойында ешбір дерт қалмайды. Әбу Сағид әл-Хұдри сөзін жалған: «Сол тайпа халқы (сүремен дем салғанның) ақысына берілетін қойларды жеткізіп бергенде, сахабалардың бір тобы: «Бұл қойларды бөлісейік», - деді. Ал, дем салған сахаба (Әбу Сағид әл-Хұдри): «Жоқ, бұл болған жағдайды Алла елшісіне айтайық, Оның рұқсатынсыз бөле алмаймыз», - дейді. Сонымен Алла елшісіне бұл болған іс айтылғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) асхабына: «Фатиханың соншалықты қасиеттілігін саған кім үйретті» деп сұрап, сосын «дұрыс істедіңіздер» деп бөлісуге рұқсат етеді және маған да бір бөлігін беріңдер» деп жымияды»* [12, 1374 б.]. Тағы бір риуаятта, сахабалардың кейбіреулері *«Алла Тағаланың аятына ақы алдың ба?»*, – деп наразылық білдіреді. Сахабалар Мәдинаға келген кезде, бұл істерінің жөнін сұрағанда, Алла елшісі (с.а.с.): *«Расында ақы алуларыңа ең лайықты болғаны Алла тағаланың кітабы»* деген [22, 21/392 б.].

Имам Нәуауи, сахих Мүслимге жазған шархында: *«Құран және зікірлер оқып, дем салған адамның ақы алуы дұрыс»* деген бір бөлім жазып, *«Фатиха және зікір оқу арқылы ақы алудың дұрыстығына ашық дәлел бар. Ол халал, мәкруһ емес. Құран үйреткен үшін же ақы алу мәселесі де тура осындай (халал)»*, – деген [12, 1375 б.].

Ханафи мәзһабының қасиетті Құран немесе діни білім үйрету жолында ақы алуды құп көрмейтін бір бөлім ғалымдары, Әбу Сағид әл-Хұдриден жеткен хадиске мынандай жолдармен жауап берген.

1. Әбу Сағид әл-Хұдри Құран оқыған қауым мұсылман болмағандықтан ақы алған.

2. Құранмен ем-дом жасау бір міндетті ғибадат болмағандықтан ақы алу дұрыс. Имам Құртуби: *«Құранмен дем салғаны үшін ақы алу, Құранды ақшаға саудалағанға жатпайды»*, – деген [74, 3/341 б.]. Себебі, дем салудың ғибадаттық жағынан емдік жағы

басым. Ал, Әбу Сағидтің әл-Хұдридің ақы алуы Құран оқығаны үшін емес, емдегені үшін болған. Сондықтан, ем-дом қолдану мәселесін міндетті болған Құран немесе діни білім үйрету мәселесіне қияс қылу дұрыс емес деп тұжырымдайды.

Ал, Ханафи мәзһабының Мәрғинани, Ғәйни, Сарахси және Ибн Камал сияқты ғалымдары истихсан (бір істі ұнамды білу) негізінде Құран немесе діни білімге ақы алудың дұрыстығын айтқан. Әрі мұғалімдерге берілетін ақының үзілмеуі, адам баласының дүние және ақырет біліміне қатысты мәліметтерден бейхабар қалмауының бірден-бір жолы деп біледі. Ал мұқтаждығы болмаған, басқалай кіріс көзі болған адамның жасаған дін қызметі үшін ақы талап етуі, истихсан негізіне сәйкес болмағандықтан дұрыс емес деген [30, 9/342 б.]. Яғни, таңнан кешке дейінгі уақытын, өмірін Құран ілімін үйренуге арнап, соны өзгелерге жеткізумен жүрген адамдарға толық жалақы төленбесе, олар басқа тіршілік қамымен болып кетеді. Нәтижеде, ғылым адамдарының азаюы қара халықтың Құран немесе діни білімнен сауатсыз қалуына әкеліп соғары анық.

Иләһи ілімнің қайнар көзі болған Құран оқылуы, үйретілуі және Оның талабына сай адам баласының өмір сүруі үшін түсірілді. Әуелі, қасиетті Құранды Пайғамбарымызға (с.а.с.) Жибрайл (а.с.) үйретті. Тәлімгер Алла елшісі (с.а.с.) Оны үмметіне айна-қатесіз үйретіп әрі бір-біріне ұстаздық етуді міндеттеді. Сонымен қатар, көпшілік адамдар Құранды мұғалімдер арқылы ғана үйрене алады. Міне, осы тұрғыдан ертеңіне үмітпен қарайтын ел, бар күш-қайратын имани құндылықтарын бойына сіңірген, ғылым мен технологияны тең меңгерген қазақ халқының тәрбиелі жас буынын қалыптастыруға арнауы тиіс. Жас жеткіншектерге рухани тәлім-тәрбиені отбасынан бастап, мектеп сабақтарымен сабақтастыра берілуі және БАҚ-да өз жауапкершілігін сезінуі керек. Сонда ғана кешегі материалистік түсініктің кері әсерінен құтылып, руханият бұлағынан сусындаған әлемнің ең мықты стратегтерін, арыдан ойлайтын ойшыл ғалымдарын бүгінгі ұрпағымыздан көптеп шығара алмақпыз.

Мұсылман әлемі ғылымда неге артта қалды?

Ислам – адамзат өмірінің материалдық және рухани жағын толыққанды қамтитын, қоғамдық өмірдің барлық саласына бағытталған дін. Ислам діні адамзатқа әуелі, Алланың «Оқы...» бұйрығымен жетті. Аяттағы «үйрен, ізден, ақиқатты тап, жаратылыс сырын үк» деген үкімдік мағыналар мұсылмандық міндет болып табылды. Мұсылмандық орта ғасыр философия, медицина, астрономия, архитектура, география, алгебра және физика сынды ғылымдардың шарықтаған кезеңімен есте қалды. Мұсылман әлемі үшін қарыздар екендерін бүгінде Батыс ғалымдары да ауық-ауық сөз етіп жүргені рас. Немесе сол мұсылман ғалымдарының ашқан ғылымдағы жаңалығын Батыс әлемі тереңінен зерттеп, ХІХ-ХХ ғғ. ғылым-технологияның Батыстық үлгіде шарықтап дамуына себепкер болды. Батыс әлемі ғылым-технологияны тәжірибелік қолданысқа кіргізіп, дамытуда ерен еңбегін қоса білді. Күн санап қарыштап дамыған ғылым-технологияны меңгеру салихалы өмір сүрудің бір шартына айналды деуге болады. Осы

жерде мынандай сұрақ ойға оралады. Ғылымды тапқырлаған мұсылмандар өздерінің қол жеткізген жетістігін ары дамытуға, өзгелердің игілігіне ұсынуға неге дәрменсіздік танытты?! Әрине, мұның өзіндік себептері бар ақиқат. Соның бір қырына қысқаша тоқталып көрелік.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с): *«Даналық мұміннің жоғалтқан қазынасы, қай жерден тапса, оны алсын»*, – деген. Яғни, мұсылмандық даналық кітабы «Құранды мұсылмандардың қолынан алу керек», яғни, мұсылманды Құранның мәніне үңілуден айырып, тіл ұшында қалдыруды көздеген саяси идеология өз мақсаттарына мұсылман әлемін зерттеу аясында немесе «Шығыстану» мамандығын дамыту негізінде қол жеткізді деуге болады. Олар бұл жолда атақ құмар, дүние-қоңыз мұсылман шейхсымақтардың (ғалымсымақтардың) тілімен, *«Біз балаларымызға ақырет білімін (Құран, хадисті) ғана оқытамыз, дүниелік білімді (қазіргі жаратылыс ғылымдарын) оқытудың қажеті жоқ»* деген сыңар жақтылы фәтуасын бергізді. Сөйтіп, мұсылман халықтары «Батыстану» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, ғылым мен технологияны тең игеруге ұмтылу былай тұрсын, балаларына пән ілімдерін оқытудан ат тонын ала қашты. Аталмыш шейхсымақтардың фәтуасына қарапайым халық құлай сенді. Сонымен мұсылман елдерінде де, ғылым ошағы саналатын Орта Азияда да «Хұжырлар» (тек діни білім ғана берілетін медреселер) кеңінен тарай бастады. Ғылым мен технологияны игеруден бас тартқан мұсылман әлемі адамзат игілігі үшін жаратылған жаратылыс әлемін өз қажетіне жаратуға дәрменсіздік танытты, сауатсыздық кең етек алып, кедейліктің кебін киген төменгі тап халыққа айналды. Сол жіберген қателіктердің нәтижесі бүгінде орны толмас өкінішке айналып отырғаны ащы да болса шындық.

Соңғы ғылыми зерттеулердің қорытынды бойынша, «Ғылыми мақалалар: 2005 жылы Ислам Конференциясы ұйымына мүше 57 елде (1,5 миллиард адам!) барлығы 45,425 ғылыми мақала жарияланса, АҚШ-тың бір Нью-Йорк штатының (19 миллион адам!) өзінде 52,560 ғылыми мақала жарияланған екен. Бір ғана Гарвард университетінде (6,650 студенті бар) 2005 жылы 15,455 ғылыми мақала жарияланғаны көп нәрсені байқатады. Осы уақытта Қытайда – 80,282, Ресейде - 28,073, Үндістанда - 29,047 мақала жарияланған.

Зерттеу және дамыту (R&D): 1996-2003 жылғы деректер бойынша, мұсылман елдері жалпы ішкі өнімдерінің (ЖІӨ) тек 0,38 пайызын зерттеу және дамытуға жұмсап, АҚШ 2,67%, Қытай 1,31%, Оңтүстік Корея 2,64% және Израиль 4,72 пайызын зерттеу және дамыту саласына жұмсайды (WorldBank, World DevelopmentIndicators).

Жоғары технология (Hi-Tech): 2004 жылы барлық мұсылман елдерінің әлемдегі жоғары технологиялық өнімдер (ЖТӨ) экспортындағы үлесі не бары 4,1% болған. Осы көрсеткіштің, яғни 4,1 пайыздың 97 пайызын мына үш мұсылман елі құрайды: Малайзия, Индонезия және Түркия. Қалған 54 мемлекет 3-ақ пайызға ие. Осы санаттан әлемдегі ЖТӨ экспортының АҚШ 15% және Қытай 11% өндіріп отыр» [75].

Қасиетті Құранда: «Бір қауым өз жағдайын өзі өзгертпейінше, олардың жағдайын Алла өзгертпейді» («Рағд» сүресі, 11-аят) делінсе, дана Абай, «Күллі мақұлық өзгерер, Алла өзгермес» дейді. Яғни, Шығыс халқының рухани мұрасын бойына сіңіріп, Батыс әлемінің ғылым-технологиясын меңгерген еңселі елге айналуға неге болмасқа?! Жазушы М.Әуезовтың: «Егер Абай Шаһабуддин Маржанидің жәдидтік бағдарламасы

мен есепті ақылға құрылған пікірін ұстанбаса, Абай Еуропалық ғылым мұхитының жағасына жете алмас еді» деген тұжырымды ойы ды рухани білімнің жәдидтік үлгіде берілу керектігін білдірсе керек. Сонда еңсесі биік, алынбас қамалды бағындырған елге айналмақпыз!

«Сиқырлық» жайлы аяттың тәпсірі

قال تعالى: ﴿وَاتَّبَعُوا مَا تَتْلُو الشَّيَاطِينُ عَلَىٰ مُلْكٍ سُلَيْمَانَ وَمَا كَفَرَ سُلَيْمَانُ وَلَٰكِنَّ الشَّيَاطِينَ كَفَرُوا يُعَلِّمُونَ النَّاسَ السِّحْرَ وَمَا أُنزِلَ عَلَىٰ الْمَلَائِكَةِ بِبَابِلَ هَارُوتَ وَمَارُوتَ وَمَا يُعَلِّمَانِ مِنْ أَحَدٍ حَتَّىٰ يَقُولَا إِنَّمَا نَحْنُ فِتْنَةٌ فَلَا تَكْفُرْ فَيَتَعَلَّمُونَ مِنْهُمَا مَا يُفَرِّقُونَ بِهِ بَيْنَ الْمَرْءِ وَزَوْجِهِ وَمَا هُمْ بِضَارِّينَ بِهِ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ وَيَتَعَلَّمُونَ مَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَلَقَدْ عَلَّمُوا لَمَنِ اشْتَرَاهُ مَا لَهُ فِي الْآخِرَةِ مِنْ خَلَقٍ وَلَبِئْسَ مَا شَرَوْا بِهِ أَنفُسَهُمْ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ﴾

Алла Тағала: «Олар Сүлейменнің патшалығына қарсы шыққан шайтандардың (Сүлеймен пайғамбардың жын-шайтандарды, құстарды көптеген істерде қолдануын сиқырға балаған) сөзіне ерді. Ақиқатында, Сүлеймен (сиқырмен айналысып) күпірлік еткен жоқ, керісінше, шайтандар күпірлік қылды. Өйткені, олар адамдарға сиқыршылықты және Бабылдағы Һарут пен Мәрут атты екі періштеге түсірілгендерді (яғни, тылсым ілімді) үйрететін еді. Ол екеуі: «Біз тек сынақ ретінде жіберілдік, ендеше (бұл тылсым ілімді теріс ниғылмен қолданып) кәпір болып кетпе», – деп ескертпейінше, ешкімге (тылсым ілімді) үйретпейтін. Алайда шайтандарға ергендер екі періштеден ерлі-зайыптыларды бір-бірінен айырып, ажырататын нәрселерді үйренетін еді. Сондай-ақ, олар Алланың қалауынсыз (сиқыр арқылы) бірде-бір жанға зиян келтіре алмайды. Сөйтіп, олар өздеріне пайда бермейтін, керісінше, зиян келтіретін нәрселерді үйренумен болды. Олар сиқырды (Алланың кітабына) айырбастап алғандардың ақиретте (Алланың мейірімінен) нәсіпсіз болатынын жақсы білетін. Олар өздерін қандай жаман нәрсеге сатып жібергенін білсе ғой!» («Бақара» сүресі, 102-аят).

Аяттың тәпсірі

Құран Кәрімде Сүлейменнің (а.с.) пайғамбарлығы айтылған уақытта, Мәдиналық яһудилер мұсылмандарға: «Сендер Мұхаммедтің (с.а.с.) «Дәуіттің баласы» пайғамбар болды дегеніне таңданасыңдар ма? Алланың атымен ант етйін, Ол Сүлеймен сиқыршы болған», - деді. Сонда: «Ақиқатында, Сүлеймен (сиқырмен айналысып) күпірлік еткен жоқ, керісінше, шайтандар күпірлік қылды» деген аят түседі.

Аятта Сүлеймен патшаның заманындағы бір бөлім яһуди ғалымдарының Тәуратты бұрмалап, шайтанға еріп, сиқырлықпен айналысқаны айтылады. Бабыл елінде Алла Тағала «Һарут, Марут» атты екі періштені сиқырлық пен мұғжизаның арасын ажыратып көрсетуге әрі адамдарды сынау мақсатында сиқырлықты үйретуге жібереді. Бұл екі періште, адамдарға «біз сынақ үшін келдік, күпірлікке бармаңдар» деп сиқырлықты теріс жолда пайдалану күнә екендігін ескерткен еді. Сондай-ақ, сол кезде бір бөлім адамдар сиқырлықты түрлі зиянды істерден сақтану үшін жақсы ниетпен үйренген болса, екінші бір бөлім адамдар ерлі-зайыптылардың арасын ажырату және т.б. күнәлі істерге пайдаланып, жеке пайдалары үшін үйренген.

Ислам дінінде сиқырлықпен айналысу, біреуді дуалау, дуалату арқылы өзіне бағынышты ету, ерлі-зайыптылардың арасын ажырастыру сынды істердің барлығының үкімі – харам. Мұндай істермен айналысу күпірлікке апарады. Халық арасында

«сиқырлапты», «дуалап тастапты» деген сияқты сөздерді естіп жүреміз. Бұл шындық па, әлде көзбояшылық па? деген сұрақтарға келер болсақ, бұған қатысты ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар.

Әуелгісі, ғұламалардың көпшілігі: Сиқырлықты шындық, сонымен қатар көзбояушылық деген. Олардың дәлелі, Құрандағы: «Адамдардың көздерін көлегейлеп, сиқырлықпен қорқытты. Сондай-ақ, үлкен бір сиқыр көрсетті» («Ағраф» сүресі, 116-аят) делінсе, басқа бір аятта: «Түйіншектерге дем салушылардың кесірінен» («Фалак» сүресі, 4-аят) деген аяттар. Және пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) қастандық жасалып, дуалауының салдарынан біраз күн ауырып жатады. Сонда оған Жибрайл (а.с.) періште келіп: *«Расында, сені бір яһуди сиқыршысы дуалады. Оның сиқыры түйіншекке түйіліп, құдыққа жасырылған»*, - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сол түйіншекті шығартып шештірген кезде, бойын билеген деріттен айыққаны айтылады (Жәмғұл фәуайд: 2/327 б.). Міне, бұл аят, хадистерден сиқырлық жасалатыны шындық әрі көзбояушылық қыры да бары білдірілген.

Екіншісі, кейбір ғалымдар сиқырлықты шындық емес, алдау ғана дейді. Оған Құрандағы: «Адамдардың көздерін көлегейлеп, сиқырлықпен қорқытты» («Ағраф» сүресі, 116-аят) деген аятты дәлел қылады. Әрі бақсы-балгер мен көріпкелдер жындардан болған достары арқылы адамдардың істерінен ақпарат алып, мәлімет беретіндігі жайлы риуаятты да келтіреді: *«Расында шайтандар аспан әлемінен ұрланып сөз тыңдайды. Олардың бірі, бір сөзді естіп қалса, оған мың өтірік қосып жеткізеді. Естігендерін негіз ете отырып, адамдардың көңілдерін өздеріне бұрып, сендіреді. Алла Тағала Дәуіттің баласы Сүлеймен жайлы хабар бергенде, шайтандар Аршы әлеміне жақындап барып, ұрланып тыңдағандарын Сүлеймен пайғамбарға жала етіп жапты. Сонымен, Сүлеймен қайтыс болған кезде, шайтан тұрып былай деді:*

- *Мен сендерді ешкімде ұқсасы болмаған Сүлейменнің елде жоқ мол қазынасына бастап барайынба?, – деді.*

- *Жиналған жұрт: Қанеки, көрсет! – дегенде, сиқырлықпен адамдардың (көздерін) көлегейлейді. Сонда адамдар оған ілесіп кетеді. Содан кейін Алла Тағала, олардың Сүлеймен туралы айтқаны сиқырлық екеніне аят түсіреді»* [23, 1/338 б.].

Енді, дінімізде сиқырлықты өнер ретінде үйренудің үкіміне келер болсақ, Имам Фахри сияқты кейбір ғалымдар періштелердің адамдарға сиқырлықты үйреткенін негізге ала отырып, сиқырлықты жамандықтан қорғану мақсатында ғана үйренуге болады деген. Алайда, ғұламалардың көпшілігі сиқырлық үйренуді харам деген. Себебі, Алла Тағала сиқырлықты даттап, оның күпірлік сипаттағы амал екенін айтты. Және Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Құрдымға жіберетін жеті нәрседен сақтаныңдар»*, – деді. Сонда сахабалар: *«Уа, Алла елшісі! Ол жеті нәрсе не?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаға ортақ қосу, сиқырлық, жазықсыз адам өлтіру, өсімқорлық, жетімнің малын жеу, соғыс майданынан қашу және ары таза мүмін әйелге жала жабу»* (Бұхари) – деген. Бұл хадисте де Пайғамбарымыз (с.а.с.) сиқырлықты құрдымға жіберетін жеті ауыр күнәнің қатарына жатқызып отыр дейді.

Алайда, біреу шынымен дуаланған болса немесе қатты қиналып ауырған адамға аяттар арқылы дем салып, кеселден айығуына көмектесу сауапты іс. Ауф ибн Мәлік Әшжәғи (р.а.): *«Біз Исламнан бұрын оқумен дем салатын едік. Алла елшісінен (с.а.с.)*

осы хақында не дейтінін сұрағанымызда, Ол (с.а.с): *«Оқып, дем салған дұғаларыңды маған айтыңдар. Аллаға ширк қосылмаса, ешқандай қауіп жоқ», - деді»* (Мұслим, Сәлам, 64) деген. Бірақ, дінімізде Құран аяттары арқылы адамдарға дем салып, кәсіпке айналдыру туралы нақты ештеңе айтылмағандықтан, тұрақты кәсіпке айналдырмаған абзал.

Ескерту: Құрандағы ең соңғы екі «Фалақ» және «Нас» сүрелері «Әл-Мұғаууазэтәйн», яғни, түрлі бәле-жалалардан сақтайтын екі сүре деп аталады. Кімдекім бұл сүрелерді тәңертең және кешке оқып, алақанына сүпілеген соң денесіндегі қолы жеткен жерін сипалап қоятын болса, Алла ол адамды тіл-көзден, жын-шайтанның жамандығынан және біреудің дуалауы сынды кесірлерден сақтайтындығы жайлы риуаяттар келген. Алла елшісі (с.а.с.) Абдулла ибн Хубейбке (р.а.): *«Қул һуаллаһу ахад» пен екі сақтану сүресін (Фалақ, Нас сүрелерін) кешке және таңертең үш рет оқуың барлық қажетіңе жеткілікті»* деген (Әбу Дәуіт және Термизиде келген).

Бақсы-балгердің айтқандарына сену дұрыс па?

Қасиетті Құранда: «Расында қиямет күнінің болатын уақыты, жаңбырдың қашан жауатыны, жатырдағы баланың қай кезде туылатыны және бір нәфсінің (адамның) ертең не істейтіні, қай жерде өлетіні Аллаға ғана аян. Оны ешкім білмейді. Күдіксіз Алла толық хабардар, бәрін білуші» («Лұқман» сүресі, 34-аят) делінсе, Айша анамыз (р.а.) жеткізген бір риуаятта: *«Бірде бір топ адам Алла елшісінен (с.а.с.) сәуегейлер жайлы сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олардың айтатыны шындық емес», - деді. Сонда әлгі кісілер: «Уа, Алла елшісі! кейде олардың бізге айтқандары рас болып жатады», - деді. Сонда Алла елшісі (с.а.с.) оларға: «Ондай ақиқат сөздерді жындардың бірі алдымен (періштелерден) ұрлап алып, кейін оны досының (яғни, балгердің) құлағына сыбырлайды. Ал, балгерлер сол сөзге өз ойынан жүз өтірік қосып (болашақты білетіндей бал ашады)», - деп айтты»*(Бұхари, тәухид, 57), – деген.

Демек, аят, хадистерде алда болатын әрқандай бір істің ақиқатын бір Алладан басқа ешкім білмейтіні нақты айтылған. Бақсы-балгерлерге сенудің ауыр күнә екендігіне ғұламар бір ауыздан келіскен [19, 1/59 б.]. Сондықтан, білместікпен көріпкелділік, сәуегейлік, бал ашу және бақсылық сияқты дінімізде тиым салынған істі кәсіп етіп немесе солардың айтқанына айрандай ұйып, сеніп жүрген болсақ, тәубеге келіп бір жолата тиылуымыз керек. Алланың рахымы шексіз екенін ұмытпайық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманның індетіне айналған зорлық-зомбылық, фанатизм, діндегі әсірешілдік, экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың басты жолы ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстанып келген құқықтық Ханафи мәзһабы мен доктриналық Матуриди мәзһабын дамыту кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып табылады. Сондай-ақ, аяттарға Ханафилік мәзһаб бойынша тәпсір жасауды негізге ала отырып, қоғам бірлігін сақтауды басты мұрад еттік. Өйткені, Құран аяттарында диалог, плюрализм, толеранттылық сынды терминдердің ашық айтылмауы қарапайым халықтың санасына бұл ұғымдар Батыстың зайырлы дүниетанымынан келді деген ойды туғызуы мүмкін. Тіпті, радикалды кейбір топтар бүгінде Құран аяттарын бұрмалап түсіндіріп, дінді қолға қару алып көрсу етіп көрсетіп жүргені де белгілі. Осы тұрғыдан ғылыми жұмыс адамдардың бейбіт өмірге бейім плюралистік қоғам қалыптастыруға өз септігін тигізеді дегуге болады.

Өздеріңізге ұсынып отырған бұл ғылыми жұмысымыз уақыттың шектеулігіне байланысты әлі де толықтыратын тұстары көп екендігін ескерте отырып, қазақ халқының діни-танымын теологиялық мәтіндермен салыстырмалы зерттеу арқылы діни-тарихи бағытымызды анықтау негізінде исламтану мектебі қалыптастырылу керек. Бұл жолда төмендегідей жұмыстардың атқарылуы керек деген ойымызды да ұсына кетуді жөн көрдік. Әуелі, Құран аяттарына қазақи түсінік негізінде кең көлемде тәпсір жасау, әсіресе, жиһад және соғыс мәселелеріне қатысты аяттарды өзара салыстырмалы зерттеу арқылы ахуалдық аяттар мен мәні өміршең аяттардың ара-жігін бұлтартпас дәлелдермен ажыратып, соқырға таяқ ұстатқандай бұқара халыққа да ұғынықты тілмен көлемді тәпсір дайындау. Екіншіден, Ханафи мәзһабы фықһтық мәселелерге үкім шығаруда Құран аяттарына басымдық беретіні анық. яғни, Құрандағы «Хас, ғәм, мутлақ және муқайяд» сынды жеке сөздердің ішіндегі бір сөздің өзі фықһи бірнеше мәселенің негізгі дәлелі болып табылады. Сол себепті, фықһи мәселелердің басын ашатын «Ұсулул-фықһ» негізіндегі кітаптарді үкімдік мәселелермен салыстырмалы зерттеу негізінде жазу – қоғамдағы талас-тартыс тудырып, «Анаған хадистен дәлелің қәне, мынаған дәлелің қәне» делініп жүрген көп мәселенің оң шешімін табуға септігін тигізері анық. Үшіншіден, Құран аяттарына тәпсір жасау барысында ата-бабамыз ғасырлар бойы ұстанып келген Матуриди ақидасын балаларымыздың «Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп және т.б.) діни-танымдық мұраларымен салыстырмалы зерттеудің маңызы ерекше болып табылады. Бұл өз кезегінде, Матуриди сенімін ұстанатын көпшілік халықты адастыға шығаратын радикалды топтардың қате көзқарастарына тосқауыл тұшымды дәлел болады. Төртіншіден, исламдағы толеранттылық, өзге дін өкілдеріне болған төзімділік ұстанымдарын ашып көрсететін бағытта да зерттеу жасалу керек. Мысалы, «Ислам және толеранттылық», «Ислам тарихындағы діндераралық диалог» және т.б. Мұндай еңбектердің жазылуы діндарлар тобының өзгелерге төзімділікпен қарау, кінә іздеуден алыс тұруға ықпал етеді деген үміттеміз. Құран мәтіндеріне сүйене отырып, осындай төрт бағытта кең көлемде зерттеу жасалуы исламтану мектебінің бір жүйеге түсуіне оң ықпалын етеді деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхаммад ибн Ахмад әл-Құртуби, Әл-Жамиғу ли әхкамил Құран, «Мәктабату сафа» баспасы, 20 томдық тәфсір кітабы.
2. Мұхтасару тәфсирү Ибн Касир, «Дәрул мағрифа» баспасы, Бәйрут – 2002. 774 бет.
3. Эт-Тәфсирүл кәбир әу мәфәтихул ғайби, лил имам Фахрүддин әр-Рази. Қаһира – 1970.
4. http://proza.kz/ru/prose/out-of-genre/40484.bakitbai_seitov.101-osiet--bata
5. <http://kazgazeta.kz/?p=326>
6. Бабалар сөзі діни дастандар, ...
7. <http://abai.kz/post/44148>
8. Тәфсирүл Мүнир, лил Уаһбатүз Зүхайли, 1-том, 630 бет.
9. Ибн Атия әл-Әндулуси, Әл-Мухаррарул уажиз фи тәфсирил китабил ғазиз, «Дәрул кутубил ғилмия» баспасы, Байрут. – 2001.
10. Мұхиддин Исаұлы, Мәңгі мұғжиза, «Алтын қалам» баспасы, Алматы. – 2004.
11. Ибн Хажар әл-Әсқалани. Фәтхул-Бәри би Сахихил Бухари. Египет, 1978.
12. Мұхиддин ән-Нәуәуй, Шәрхун Нәуауй ғәлә Мүслим, Бәйт әл-әфкар әд-дәулия, 2067 бет.
13. Жыр маржандары, «Мереке» баспасы, Алматы. – 2014. 525 бет.
14. Ай, Заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды), Алматы. – 1991. 495 бет.
15. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, Абай шағармаларының екі томдық толық жинағы, «Жазушы» баспасы, Алматы. – 2005., 335 бет.
16. Құл-Керім Елемес, Жарық: жыр кітабы. «Сөздік – Словарь» ЖШС, 2014. – 304 бет.
17. Ғазез Ақытұлы, Құран кәрімдегі ғылыми негіздер, таңдамалы хадистер (Мұхаммед с.ғ.с Пайғамбардың «сахихи» хадистері), «Тоғанай Т» баспасы, Алматы. – 2007. 220 бет.
18. Мұхаммед Әли Әс-Сабуни. Тәпсиру аятүл әхкам. – Қаһира: «Дәрус Сабуни» баспасы, 2007.
19. Имам Хужжатул-Ислам Әбу Бәкір әл-Жассас, Әхкамул-Құран, «Дәрул кутубил ғилмия» баспасы, Бәйрут. – 2007.
20. Док. Килани Мұхаммад Халифа, Мәнһәжүл Ханафия фи нақдил хадис, «Дәрус Сәләм» баспасы. – 2010., 621 бет.
21. Мұхаммад ибн Исхақ әш-Шаши, Ұсулү әш-Шаши, «Дәрул-күтүбул ғилмия» баспасы, Бәйрут. – 2003., 256 бет.
22. Махмуд ибн Ахмад әл-Ғәйни, Ғүмдәтү әл-Қари шәрхү сахих әл-Бұхари, «Дәрул күтүбүл ғилмия» баспасы, Байрут., – 2001., 25 томдық хадис кітабы.
23. Рухүл мағани лил-Әлуси, 1-том, 540 бет.
24. Мұхаммад Абдуррахман ибн Абдуррахимәл-Мұбаркафури, Түхфатул әхзауй шархү жамиғит әт-Термизи, Бәйтул әфкар дәулия, Омман.
25. Бәкір Топалұғлы, Тәуилатул Құран ли Әби Мансур әл-Матуриди, «Дәрул мизан» баспасы, Стамбул. – 2005-2010. 17 томдық тәпсір кітабы.


26. Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Бабурти әл-Ханафи, Шарху уасияти Әби Ханифа, «Дәрул фикр» баспасы. – 2009. 155 бет.
27. Насбур Рай: 1-том, 366-бет.
28. Әс-Сарахси, Әл-Мәбсуд, 30 томдық ғықһ кітабы.
29. Әли Жұмғә, Фәтәуа ғасрия, Дәрүс салам, Қәһира. – 2007., 2-том. 422 бет.
30. Махмуд ибн Ахмад әл-Ғәйни, Әл-Биная шәрхү дил Һидәя, Дәрүл фикр, Байрут. – 1990.
31. Зәйнүддин әш-Шаһир би ибн Нәжим. Әл-әшбәһә уан назайр ғәлә мәзһаби Әби Ханифа. – Бәйрут: «Дәрүл күтүбүл ғилмия» баспасы, 1999.
32. Имам әл-Касани, Бәдайғус санайғ фи тартибиш шарайғ, «Дәрүл ғилм» баспасы, Бәйрут. – 1990.
33. Әл-Байһақи, 1-том, 283-хадис.
34. Молла Әли Қари. Фәтхү бабил ғинәя фи шархи китәбин ниқая. – Бәйрут: «Дәрү ихияид турасил араби» баспасы, 2005.
35. Мұхадарат фи қауағидил ғықһил күллия, Д/ Хамид Ғабдүһ әл-Ғықһи. 67 бет.
36. Профессор, Д. Әли Токсары, Дін және Ұждан өзгүрлігі бағламында Кітап және сүннете гөре мүртеде йапылмасы герекен муамеле. Ержийес универ. Иләһият фак. Білімнаме ХІХ, 2010/2, 47-74.
37. Нұрлан Анарбаев, Еркебұлан Қарақұлов, Ислам ғылымхалы (Әбу Ханифа мәзһабы бойынша), Алматы: 2011. – 704 бет.
38. Доктор, Уахбатуз-Зухайли, Ғықһул ислами уә әдилләтуһу, «Дәрүл фикр» баспасы, Димашық. – 2007.
39. М. Хикмет Шентүрк, Сұру ве жауапларла Зекат, «Рехбер» баспасы, Измир. – 2008.
40. <http://www.fetvakurulu.com/Detay/Haber/623/buyuk-sirketlerin-demirbas-mallarina-zekat-duser-mi.aspx>; Қосымша қараңыз: Юсуф Қардауй, Фәтәуа мұғасара, 1-том, 476-479 бб.
41. Әбу Бәкір Ахмад ибн әл-Хусайын, Сунанул Кубра лил Байһақи, «Дәиратул мағариф» баспасы, Һиндия. – 1970.
42. Мұхаммед ибн Ахмад әс-Сарахси, Ұсулус Сарахси, «Дәрүл-күтүбүл ғилмия» баспасы, Байрут. – 1993.
43. Махмуд бин Маудуд Әл-Маусули, әл-Ихтияр ли тәғлилил-Мұхтар, «Дәрүл-күтүбүл ғилмия» баспасы, Байрут.
44. Проф. Д. Талип Өздеш, Бүйік Түрік білгіні имам Матуриди ве Матуридилік, конференция, 22-24 май 2012 Ыстанбул., Матуридинин дін ве шериат анлайышы, 123-137 бб.
45. Әл-Фәтәуа Исламия мин дәрул-Ифтә әл-Мысрия, Қәһира. – 2010.
46. Мажди Баслум, Тәуилатү әһлис сүннати тәфсирул Матуриди, 1-том, 236-бет.
47. Уәһбатүз Зухайли. Ұсулүл ғықһ әл-ислами. – Қәһира: «Фикр» баспасы, 2005.
48. Әділбаев А.Ш. Бейбітшілік пен ізгіліктің кепілі//Ғылыми-тәжірибелік конференция, 2 шілде 2014.
49. Абдулазиз Мұхаммад Ғұззам. Қауағидүл Ғықһия. – Қәһира: «Дәрүл хадис» баспасы, 2005.

50. Кәмалуддин Ибннул Һумам әл-Ханафи. Шарху Фәтхул қадир. – Бейрут: «Дәру күтубул ғилмия» баспасы, 2000.
51. Фәтәуа Қадихан фи мәзһаби Әби Ханифа ән-Нұғман. 1-том, 531-бет.
52. Сүнәнү Ибн Мәжжа әл-Қазуайни. – Димашық: «Дәру рисәлатил ғәламия» баспасы, 2009.
53. Қайрат Жолдыбайұлы. Дін мен Діл. – Астана: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011.
54. <http://muslim.kz/kk/question/269-nekenin-nendei-sharttary-bar.html>
55. Жамиғус-сағир, 3/2364.
56. Әбу Хамид Мұхаммад әл-Ғәззали. Ихияү ғұлумуд-дин, «Дәру ибн Һәйсам» баспасы, 2004.
57. әл-Мүғни ғән хамлил әсфар фи тәхрижи мә фил ихяи минәл әхбар лил Хафиз әл-Ғирақи әл-мадбуғ ғәлә һамиши ғұлумуддин лил Ғаззали, Дәур ибн Һәйсам, 1-том, 473-бет.
58. Махмуд Абдулхамид әл-Ахмад, Дирасатүн фис сақафатил исламия уәл фикрил мүғасир, Дәрүл фикр, Димашық. – 2004., 384 бет.
59. Қадая мүғасара, жәмиғатүл Азхар күллиятүл шарифа, 1-том, 184-бет.
60. Ата әс-Сынбати, Мұхайтдин Исаұлы, Отбасы ғылымхалы (Ханафи мәзһабының негізі бойынша), «Нұр-Мүбарак» баспасы, Алматы. – 2011. 360 бет.
61. Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өмірі. «Алтын қалам», - 2007, 597 бет.
62. Эт-Тәшилуд дарури ли мәсаилел Құдури (фи фықһи имам Ағзам Әбу Ханифа), «Баһад Әбад» баспасы, Каратши. – 1412 һ.
63. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-otbasy/nekedegi-mahir-maselesi-1069/#gsc.tab=0>
64. <https://aikyn.kz/2018/01/07/38158.html>
65. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-otbasy/aigelge-qol-jumsauga-bola-ma-1516/#gsc.tab=0>
66. Әли ибн Мұхаммад әш-Шәукани, Нилүл аутар, «Мәктәбәтү әймән» баспасы. – 1999.
67. <http://islam.kz/kk/questions/januya/talaq/ashu-ustinde-aitylgan-talaq-esepke-alyna-ma-798/#gsc.tab=0>
68. <https://abai.kz/post/7684>
69. Мұхаммед Ашық әл-Барани, Тәшилуд дарури ли мәсайлил Құдури, 2-том, 129-бет.
70. <http://kazislam.kz/songy-janalyktar/item/13937-saud-imamy-nikab-kiyuge-mazhb-rlemeuge-shakyrdy>
71. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=46076>
72. <http://www.muftyat.kz/kz/article/1568>
73. Бурһануддин Зарнужи, Тәлімгер тағылымы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, Астана. – 2011., 112 бет.
74. Әли ибн Әби Бәкір әл-Марғинани, Әл-Һидая шархү бидәятүл мүбтади, «Дәрүс сәлам» баспасы, Мысыр. – 2006.
75. http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/4097/musylman_alemi.pdf

Самет Окан

ҮКІМ АЯТТАРДЫҢ ТӘПСІРІ

Заказ № 23/9 Басылым 300 дана

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты
 ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021
Шымкент қаласы, Қонаев д-лы, 60
E-mail: reklama@idealgroup.kz

